- Әрине, витаминнің пайдалылығына ешкім күмән келтірмейді. Оның сіздің денсаулығыңызды сауықтырып қана қоймай, сонымен бірге әрдайым әсем, жас қалпыңызды сақтап қалуыңызға тигізер ықпал мол. Бірақ ең басты мәселе қала дәрәханаларының сөрелерінде қаптап тұрған, құрамында витаминдер мен минералдары бар кешенді препараттардың қайсысын сатып алған жөн? Міне, ең басты әңгіме осы. Сондықтан да витаминді жүйелі түрде пайдалану үшін сауаттылық керек, анығырақ айтқанда, дәрігердің аннайы кеңесі мен нұсқауына құлақ түру аса маңызды. Өйткені витаминдер иммундық жүйені нығайту мен бірге организмдегі зат алмасуды жақсартады.

Құрылғанына биыл сегіз жыл толған « Vita-Food» медициналық орталығына келіп емделушілер қатары уақыт өткен сайын молая түсуде. Орталық мамандар сырқаттанушыларды жан-жақты дәрігерлік бақылаудан өткізгеннен кейін, организмді зиянды заттардан тазартып, қажетті витаминдердің маңыздылығы өте жоғары. Оны жүйелі түрде пайдаланудың нытижесінде адамның психикалық, эмоционалдық жағдайы, жұмыс істеу қабілетімен бірге иммундық жүйесі де жақсарады. Және де қазіргідей экалогиялық ауыр жағдай, ауа мен судың ластануы адам денсаулығына едәуір зиян келтіреді. Мәселен, жыл сайын атмосферадағы 200 миллион тонна қатерлі шаң-тозаң, өзге де зиянды заттар таралады. Сонда мұндай қауіп-қатерден қалай қорғануға және оның қалай алдын алуға болады?

Көңіл-күйдің көтеріңкі, сыртқы келбетінің көрікті болуы жүйке жүйесінің жұмысына, денсаулыққа тікелей байланысты. Бұл орайда сізге ағылшынның атақты Джин-джи фирмасының өнімдерін Ұлыбританияның фармацевтикалық фабрикасы мен біздің медициналық орталықтың арасында тығыз байланыс орналасқанына сегіз жылға жуықтады. Осы уақыт ішінде Лондоннан тікелей алынған жоғары сапалы витаминдерді пайдаланып, денсаулығын түзегендер қатары аз емес, дейді « Vita-Food» медициналық орталығының директоры, дәрігер-терапевт Бақыт Оспанова бізбен әңгімесінде.

Бақыт Ахметқалиқызының 1990-шы жылдардың басында Мәскеуде, Ұлыбританияның корольдік фармацевтикалық қоғамы сарапшыларымен кездесуі, оның үлкен істі қолға алуына мұрындық болды. Шетелдік мамандардың бай тәжірибесіне сүйене отырып, ол витаминмен емдеудің ең тиімді әрі ықпалды жолын іздестіре білді. Әбір адамның өзіне ғана тән болып келетінтабиғи ережелерін егжей тегжейлі ескеріп, ең қажетті витаминдерді іріктеп алуға баса көңіл бөді. Артық салмақтан арылғысы, сондай-ақ керісінше салмақ қосқысы, келетіндердің зат алмасу процесі бұзылған, басқа да әртүрлі дертке шалдыққандардың әрқайсысына қолданар емдомныңең әуелі тиімді әрі шипалы жағы молынан қарастырылуы тиісті нәтижесін көрсетуде. « Vita-Food» орталығына келген әр адам өз денсаулығын компютерлік экспресс диагностикадан өткізе алады. Олар сонымен қатар « Эффилиз» фнацуз бағдарламасы негізінде емделушілерге қажетті жеке диеталық тағам құрамын ұсыну мен бірге, салмақты қалпына келтіру жөнінде дәрігерлік кеңес те береді.

Бұл салада мол тәжірибе жинақтаған маман Бақыт Оспанованың айтуынша, сапалылығы мен құндылығы аса жоғары витаминдерді сауатты және жүйелі түрде пайданану организмнің әрқилы ауруларға қарсы тұра білу қабілетін қалыптастырады. «Шын мәнінде кез келген аурудың асқынуы, ең алдымен адамның иммундық жүйесінің әлсізденуінен бастау алады. Ауыр сырқатқа шалдығып, көп мөлшерде дәрі дәрмек қабылдау организмдегі зат алмасу процесінің сөзсіз бұзылуына әкеліп соқтырады. Сондықтан да сонымен бір мезгілде С,Д және В тобындағы витаминдерді, калий, кальцийді пайдаланған жөн» деп ескертеді Бақыт Ахметқалиқызы. Аяғы ауыр әйелдер: А, В6, В12, С, Е какльций, магний, мырышты міндетті түрде алуы керек болса, компьютермен жұмыс істейтін, сондай-ақ орта жастағы адамдарға, құрамында мырыш, антитоксиданты бар витаминдер жиынтығы аса қажет екен.

« Vita-Food» медициналық орталығының мамандары ем қабылдаушылардың ең алдымен жас ерекшеліктеріне басты назар аударады. Витаминдерді мөлшерден тыс көп пайдаланудың да зияндылығы мол. Мәселен, Д витаминінің көп мөлшерде қанда кальцийдің ұзақ сақталуына соқтырса, тиаминді, яғни В1 ді ұзақ уақыт пайдалану қалқанша безіне кері әсер етуі мүмкін және осы топтағы өзге витаминдер жетіспеушілігін тудырады. Тағамды мүлдем аз ішіп, өзіне қатаң түрде шектеу қою арқылы ысылғысы келетін әйелдердің арасында кедейсоқ ауруға шалдыққан,

сырқаттардың аз емес екендігін дәрігер жасырмайды. Алдын ала дайындықсыз, дәрігер көмегінсіз күрт салмақ жоғалту мамндардың айтуынша, организмде иодтың, мырыштың, кальцийдің және В тобындағы витаминдердің жетіспеушілігіне, яғни ауыр науқасқа әкеліп соқтырады. Есте болатын жайт витаминдер мен минералдық заттар ешқашан денеге артық салмақ қоспайды. Сондықтан тағамды шектеген жағдайда организмге қажетті минералды витаминдер жиынтығын міндетті түрде пайдаланған жөн. Сонымен жалпылай алғанда, С витамині ( аскорбин қышқылы ) организмнің инфекцияға қарсы тұру қабілетін жақсартса, В витамині бар тобындағылар күш қуатты молайтады, ал Е витамині организмнің қорғаныс қабілетін күшейтіп, клеткалардың қартаю процесін реттейді. Демек, бұған шығатын қорытынды: дұрыс таңдап алынған витаминдер мен минералдық заттар ғана тіршілік көзін ашып, адам өмірінің ұзаруына көмектеседі. Бірақ қандай жағдайда да дәрігердің ақыл кеңесіне құлақ түру қажеттілігін орталық мамандары жиі еске салып отырады.

* * * * *

**Қарасай ауданы, Алматы обл, Тұрар ауылы "Ә. Байсалбаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен" КММ**
**бастауыш сынып мұғалімі Джумекеева Молдир Адилхановна**

Сабақтың тақырыбы: Зат есімнің жекеше және көпше түрлері.
Сабақтың мақсаты: Зат есімнің жекеше және көпше түрлері туралы түсінік беру, сөйлем ішінен таба білуге үйрету.
Сабақтың міндеттері:
А) білімділік: оқушыларды зат есімнің жекеше және көпше түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып сөйлем ішінен тауып сұрақ қоя білуге, сауатты жазуға дағдыландыру.
Ә) дамытушылық: ойын түрлері арқылы ізденімпаздық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту түрлі тапсырмалар орындау барысында танымдық іскерлік есте сақтау қабілеттерін арттыру.
Б) тәрбиелік: оқушыларды ұйымшылдыққа, ауызбіршілікке бірін-бірі сыйлай білуге тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: жаңа сабақ
Сабақтың әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап.
Сабақтың көрнекілігі: кестелер, слайд
Пәнаралық байланыс:әдебиеттік оқу
Сабақтың барысы:
I) Қызығушылықтарын ояту
1.Психологиялық дайындық (слайд-2)
Айналаға алақанмен,
Жылулықты шашайық.
Сәттілік тілеп, күлімсіреп,
Біз сабақты бастайық.
2) Үй тапсырмасын тексеру А)4-жаттығу, 152 бет
«Күннің көзін» бұлттан арылту» ойын - жаттығуы арқылы тексеру
Күннің көзін бұлттар жауып тұрады.Әр бұлттың артында «Өтініш» мәтіні бойынша сұрақтар жазылып тұрады.Оқушылар сұрақтарға жауап береді.
1. Нұрдәулет қандай оқушы?
2. Нұрдәулеттің қандай жаман әдеті бар?Мысалмен дәлелде.
3. Нұрдәулеттің үндемей қалуының себебі неде?
4. Нұрдәулет неге өкінді?
5. Нұрдәулеттің қылығына қандай баға бересің?
1) Дәптерге күнді жазу
2)Көркем жазу (кК қҚ)
3)Оқулықпен жұмыс
3-жаттығу, 154 бет
1.Мұғалімнің оқуы
2.Іштей оқу
3.Дауыстап оқу
4.Сөздік жұмыс (слайд-7)
ЖОТА – 1. Тау қырқасы, жал, үстірт. 2. Адамның, малдың арқасы, жоны.
ҚИЯ – Бір жағына қарай қисайған, құлама, тік. ~ жартас, ~ бет, ~ жол.
5.Көптік жалғаулары бар сөздерді көшіріп жазу
Бұлттар, боталар, жоталар (тақтада орындалады)
6.Сөз құрамына талдау
4) Сәйкестендіру тесті
Іні..............................лар
Қарындаш.................лер
Терезе........................дар
Ағаш...........................дер
Жіп..............................тар
Жүзім..........................тер
(жұмыс әдісі:жеке - жұп, жария ету)
5).Сергіту сәті
6) Семантикалық карта (слайд-8) и/б тақтамен тексеру
7) «Алдар Көсе мен ұры» ертегісінен үзінді көрсету

Ертегідегі зат есімдерді «ішіне - сыртына» кестесіне толтыру

Ішіне (з.е. жекеше түрі)
Кітап
Қой
Ат
Домбыра
Ұры
Сыртына (з.е. көпше түрі)
Шыршалар
Сыйлықтар
Гүлдер
IV. Үйге тапсырма беру.
V.Бағалау.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы Ынталы ауылы**
**Әбіш Байтанаев атындағы негізгі орта мектеп КММ**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қияс Сәуле Әбдікәрімқызы**

**Сабақтың тақырыбы:** «Алтын сақа» ертегісі
**Сабақтың білімділік мақсаты:** «Алтын сақа» ертегісі бойынша алған білімдерін пысықтау.
**Сабақтың дамытушылық мақсаты:** ертегіні мазмұндау және талдай отыра ойларын тиянақты жеткізе білуде ойлау шеберліктерін дамыту.
**Сабақтың тәрбиелік мақсаты**: ертегіні оқи отыра қазақ әдебиетінің бай мұрасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.
**Сабақтың типі:** қорытынды сабақ
**Сабақтың әдісі:** мұғалім сөзі, сұрақ - жауап, салыстыру
**Жұмыс түрлері:** топпен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар.
**Сабақтың көрнекілігі: суреттер**, кестелер
**Пәнаралық байланыс:** орыс әдебиеті
**Сабақтың барысы:**
**I. Ұйымдастыру:**
1) Сәлемдесу;
2) Оқушыларды түгелдеу
**II. Қайталау**
Сұрақтар:
1) Халық ауыз әдебиетінің түрлері қандай?
2) Ертегілердің жанрларын атаңдар
3) Ертегі дегеніміз не?
4) Ертегілер бізге қалай жеткен?
5) Ертегілердің түрлерін атаңдар.
Өткен сабақта қандай ертегімен таныстық?
- Осы шығарма ертегінің қандай түріне жатады?
- Қиял - ғажайып, себебі, бұл ертегіде ғажайыптар, өмірде болмайтын оқиғалар кездеседі.
Оқушылар мысалдармен дәлелдейді.
1) «... Өкпе суға батып кетіп, жалмауыз кемпір болып шығады...»
2) «... Батыр қотыр тайды жүгендегенде қотыр тайдың ауруы жазылады...»
3) «... Кемпір бір тісін жұлып алғанда, аттың бір аяғы жұлынып түседі...» - Осының бәрі қандай көркемдегіш құралға жатады?
- Әсірелеу (гипербола)
Екі түлкі адамдардың мінезін, іс - әрекетін көрсетіп тұр.
- Пернелеу (аллегория)
«... Ат басындай алтын, көзі алақандай болу»
- Теңеу (сравнение)
**III. Жаңа сабақ**
1) Үйде алдын ала оқыған ертегінің мазмұнын орысша айтып беру.
2) «Алтын сақа» ертегісінің ішкі мазмұнына назар аудару.
Суреттер арқылы мазмұнын еске түсіру.
А) Жоғалған алтын сақа (қара сөзбен айтып беру)
Ә) Жалмауыз кемпір мен баланың кездесуі (рольдік оқу)
Б) Жалмауыз кемпір және екі түлкі (қара сөзбенайтып беру)
В) Жалмауыздан құтылу(оқу)
Енді ертегінің мазмұнын деңгейлік тапсырмалар арқылы қорытындылаймыз.
Негізгі деңгей «Алтын сақа» ертегісі бойынша кестені толтыру(6 - флипчарт)
Ертегінің түрі Кейіпкерлер Ертегі қалай басталады Ертегі қалай аяқталады
жағымды жағымсыз
Орта деңгей
1.«Алтын сақа» ертегісі қалай басталып, қалай аяқталады? Орыс ертегілерімен салыстыр
2. Ертегілер неге жақсылықпен аяқталады? Ойыңды дәлелде.
Ортадан жоғары деңгей
«Алтын сақа» ертегісін неге қиял - ғажайып ертегісіне жатқызамыз? Ойыңды ертегі мазмұны бойынша дәлелде.
Жоғары деңгей

Ертегінің негізгі идеясы қандай? Дәлелдеп беріңіз.
Мұғалім сөзі: Қазақ халқының «Адам досымен, ағаш тамырымен мықты» деген мақалы бекер айтылмаса керек. Достарының көмегі арқасында бала өз мақсатына жетті. Ендеше, сендер де бір - бірлеріңнен достық көмектеріңді аямауларың керек.
**Үйге тапсырма:** 1. Ертегіні мазмұндау 2. Ертегі бойынша сурет салу
**Қорытынды:** Оқушылардың білімін бағалау.

* * * * *

## ҮШ ТІЛДІ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Ақтөбе қаласы № 17 мектеп-гимназиянын**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**Сугралинова Светлана Сансызбайқызы**

Қай кезеңде болмасын, көп тілді меңгерген халықтар мен ұлттар алдыңғы қатарлы елдің қатарына кіріп, өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейтіп отырғаны тарихтан белгілі. Мәселен, ежелгі Мысырдың өзінде бірнеше тілді білетін мамандар иерархиялық сатымен жоғарылап, көбіне салық төлеуден босатылған көрінеді.

Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен кенже қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз. Осы ретте, президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазір біз балаларымыз қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеру үшін жағдай жасауға шаралар қабылдап жатырмыз. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек», – деген болатын 2012 жылы 14 желтоқсандағы Жолдауында.

Үш тұғырлы тіл саясатын дұрыс түсінбей, тек қана қазақ тілін қолданайық деп даурыға берудің қажеті жоқ. Одан да біз мемлекеттік тілді дамытып, орыс тілі мен ағылшын тілін қажетіне қарай үйренеміз керек. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жастайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазақ мектебінде оқыған жас қалада тұрғаннан кейін орыс тілін де білетіні айдан анық. Сонымен қатар, ағылшын тілі тереңдетіліп оқытылғаны құптарлық дүние. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шет елдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек»,– деген болатын. Мейлінше, көп тілді меңгеру қажет, дегенмен өз ана тілімізді ешқашан ұмытпағанымыз жөн.

Бүгінде егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болып әлемге жар салып жатқан дүбірлі кезеңде қазақ ұлтының жанына сүйеу, рухына тіреу болатын басты мәселенің бірі осы – тіл. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілі – ұлттық руханиятымыздың өзегі. Қазіргі кезде қазақ тілін дамыту, оқытудың деңгейін арттыру мәселесі көтеріліп, осы орайда түрлі шара атқарылып жатқаны баршамызға аян. Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оның мүмкіншіліктерін барынша пайдалану – еліміздің әрбір азаматының абыройлы міндеті. Адамзат мәдениетінің негізі – тілде. Кез келген ұлттың басты ерекшелігі – оның ана тілінде. Ұлттың жаны мен жүрегі ары мен ұяты, қазына-байлығы мен атақ абыройы тілге байланысты. Жер бетіндегі сан мыңдаған ұлттардың ішінде тек қазақ халқы өз тілін ана тілі деп ардақ тұтып, қастерлейді. Қазақ үшін тілден құдіретті ештеңе болмаған.

Тіл – қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдиімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан-балаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуатты қайнар бұлағы. Ана тілі – халықтың өткен ұрпағы, қазірге және келешек ұрпағы арасындағы тарихи жалғастықты жүзеге асыратын бірден-бір сенімді құрал. Тіліміз арқылы халқымыздың жан дүниесін танып білеміз, себебі, халықтың рухани байлығының сарқылмас бұлағы сонда жатыр. Туған жеріміз бен ел-жұртымызды да сол арқылы айтып жеткіземіз.

Тіл адам баласының басты қазынасы болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасынынң, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін танытатын дәлелді көрсеткіші. Әр халықтың ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атақты жазушысы Шыңғыс Айтматов айтқандай, тіл – ұлттың тірегі. Ол жан-дүниеңді ашып көрсететін мөлдір айнаң. Тіл жоғалса, ұлт та жоғалатыны белгілі. Барлық қазақстандықты біріктіретін – қазақ тілі сондықтан, егемен елімізді сақтап қалу үшін ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік тілге ерекше ықылас қажет.

P.S. Қазақ тілі Қазақстан халқының ортақ тіліне айналып қоғамдық қатынаста мемлекеттік тіл мәртебесімен өз тұғырында нық орныққан тіл болып қалыптасуы үшін атсалысу әрбір қазақстандықтың мемлекет алдындағы жауапкершілігінің басты шарты деп айтсақ, артық айтқандық емес. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, Елбасымыз атап көрсеткендей: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез кезген орайында әрі қарау, әрі қалқан, әрі байырғы, мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тіліміз» мәңгі жасасын демекпін.

«Ұлым тіліңді жаман сөзден, көзіңді жамандық бағудан сақта. Ұлым, сөзіңді жүрегіңмен тербеп, содан соң айт, бұлай етсең баршаға сүйкімді боларсың. Ұлым, біреуден жаман сөз естісең, оны жүрегіңнің жеті қарыс түкпіріне тұт, оған жаман болар, саған жақсылыққа қайтар», - деп дана Хикар ұрпағына осы бір даналық сөзді жадымызда мәңгі ұстап өзге тілдерді еркін меңгере отырып, өз ана тілімізді сақтап, айтар сөзімізді өз орнымен пайдалана білейік, ағайын!

**Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ембі қаласы №1 орта мектебі**
**Сызу пәнінің мұғалімі Кайралапина Орынгуль Жетписбаевна**

Сыныбы: 9 Сабақ: №2
Сабақтың тақырыбы: «Сызба сызықтарының түрлері».
Сабақтың мақсаты:
а) Білімділік: Оқушыларға сызу құралдарын қолдану амал тәсілін үйрету, жаңа мағлұмат беру және т.б.
ә) Дамытушылық: Сабақ оқытудың негізгі үрдісін есте қалдыру, оқушы санасына терең сіңіру.
б) Тәрбиелілік Сызу арқылы оларды тазалыққа, ұқыптылыққа үйрету.
Сабақтың көрнекілігі: А4 пішіміндегі қағаз, қарындаштар, сызғыш, өшіргіш, шеңберсызар және тағы басқа.
Сабақтың өту барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Үйге берілген тапсырманы тексеру.
3. Жаңа тақырыпты түсіндіру.
4. Тапсырмаларды орындау.
5. Сабақты бекіту.
6. Үйге тапсырма.

Сабақтың барысы: Оқушыларға сызба сызықтарының түрлері жайлы тереңірек мағлұмат беремін және әр сызықты тақтаға сызып түсіндіремін. Сызба сызуда 9 түрлі сызық қолданылады. Олардың төртеуі тұтас, ал қалған бесеуі тұтас емес сызықтар.
1. Тұтас жуан негізгі сызық. Егер бұл сызықтың жуандығын s (латын әрпі) деп белгілесек, онда s кескіннің үлкен-кішілігі мен күрделілігіне және сызбаның пішіміне байланысты 0,5мм-ден 1,4мм-ге дейінгі аралықта болады. Бір сызбадағы сызықтардың жуандықтары бірдей болуы тиіс. Тұтас жуан негізгі сызық сызбада көрінетін сызықтарды бастыра жүргізу үшін қолданылады.
2. Тұтас жіңішке сызық. Оның жуандығы негізгі сызықтың жуандығынан екі-үш есе жіңішке болады. Бұл сызықтың сызбада қолданылатын орны көп, соның бастыларын ғана атап өтейік. Шығару және өлшем сызықтары, проекция және координата осьтері, көмекші тұрғызу сызықтары, қима және тілікті сызықтау (штрихтау) тұтас жіңішке сызықпен жүргізіледі.
3. Тұтас жіңішке кесінді сызық. Жуандығы тұтас жіңішке сызықтың жуандығындай болады. Ұзын үзу сызықтарын көрсету үшін қолданылады.
4. Тұтас ирек сызық. Жуандығы тұтас жіңішке сызықтың жуандығымен бірдей. Үзу сызықтары үшін және тілікті көріністен бөлу үшін қолданылады. Ирек сызық сызу аспаптарының көмегінсіз, қолдан салынады.
5. Үзілме сызық. Сызық бөліктерінің ұзындығы 2мм-ден 8мм-ге дейінгі аралықта, ал олардың арақашықтықтары 1мм-ден 2мм-ге дейінгі аралықта алынады. Үзілме сызық сызбадағы көрінбейтін сызықтарды кескіндеу үшін қолданылады.
6. Жіңішке нүктелі үзілме сызық. Сызық бөліктерінің ұзындығы 5мм-ден 30мм-ге дейінгі, ал аралықтары 3мм-ден 5мм-ге дейінгі аралықта алынады. Нүкте (сызықша) бөлік аралықтарының дәл ортасына қойылады. Жіңішке нүктелі үзілме сызық, үзілме сызық сияқты бөліктерінен басталып, бөліктерімен аяқталады және бөліктерімен қиылысады. Сызбаның осьтік және центрлік сызықтары осы сызықтың көмегімен көрсетіледі.
7. Жуандатылған нүктелі үзілме сызық. Жуандығы тұтас негізгі сызықтың жуандығынан 1,5-2 есе жіңішке болады. Бөліктерінің ұзындықтары 3...8мм, ал олардың аралықтары 3...4мм болады. Шынықтырылатын және қапталатын беттерді жуандатылған нүктелі үзілме сызықпен көрсетеді. Бұл сызықты қиюшы жазықтықтың алдындағы нәрсе бөлігін кескіндеу үшін де пайдаланады.
8. Жуандығы тұтас жіңішке сызықтың жуандығымен бірдей болады,. Бөліктерінің ұзындығы 5...30мм, олардың аралығы 4...6мм болады.
9. Сызбада қиюшы жазықтықтардың орындарын көрсеткенде пайдаланылады, сондықтан оны қима сызығы деп те атайды. Жуандығы (1 ... 1,5) s-ке тең болады. Бұл сызық екі бөліктен тұрады, бөліктерінің аралығы қимасы немесе тілігі берілетін нәрсенің сәйкес өлшеміне байланысты. Бір бөлігінің ұзындығы 8... 20мм-ге тең.
Үйге тапсырма беру: Сызба сызықтарын А4 пішіміндегі қағазға сызып келу.

* * * * *

## СОВМЕСТНАЯ РАБОТА С СОЦИАЛЬНЫМИ ПАРТНЕРАМИ

**Актюбинский технический колледж, г.Актобе**
**Елеусізова Сандуғаш Нұрғалиқызы, преподаватель спецдисциплин**

Социальное партнерство в профессиональном образовании – реальность нашего времени и качественный скачок в современном обществе. Учитывая, что наш колледж совсем недавно – 12 лет на рынке образовательных услуг, еще рано говорить о создании конкретной модели социального диалога между колледжем и субъектами рынка труда, но определенные шаги в этом направлении нами активно предпринимаются.

Для профессионального образования социальное партнерство является естественной формой существования в условиях рыночной экономики. Только в тесном контакте с работодателями возможно реализация его основной функции – обеспечения рынка труда необходимыми специалистами, востребованными определенными секторами экономики. Построение системы социального партнерства в настоящее время находится еще на стадии становления, хотя нужно отметить позитивную сторону её развития.

Реализация технологии сотрудничества между Актюбинским техническим колледжем и социальными партнерами осуществляется посредством:

1.Взаимодействия с социальными партнерами по организации производственной практики: взаимосвязь производственной практики с последующим трудоустройством тех учащихся, которые обладают хорошими умениями

навыками по данной профессии; проведение практик на получение рабочей профессии на предприятии с присвоением разряда и группы допуска; формирование профессиональной мотивации по наиболее востребованным профессиям.
2.Трудоустройство выпускников и взаимодействие с социальными партнерами: увеличение свободы выбора выпускника в профессиональной деятельности (например, выпускники колледжа имеют возможность дополнительно получить рабочую профессию, которая наиболее востребована на рынке труда); повышение уровня образования (например, стажировка мастеров производственного обучения и преподавателей спецдисциплин на предприятиях города); сотрудничество с государственной службой занятости (так, около 1000 безработных нашей области прошли курсы обучения на базе колледжа по востребованным на рынке труда профессиям); формирование заинтересованности работодателей в приеме наших выпускников, которые создают им молодую прослойку трудовых кадров; приглашение представителей предприятий на защиту дипломных проектов, на государственные экзамены, на заседания «круглых столов», что дает возможность учебному заведению рекламировать свой «продукт», а предприятиям – проводить для себя отбор потенциальных трудовых кадров.
3. Сопровождение в профессиональной карьере: колледж всегда поддерживал и поддерживает деловые отношения с бывшими выпускниками, которые уже являются нашими профессиональными партнерами, то есть имеет место обратная связь.
***Основной целью социального партнерства*,** на мой взгляд, является содействие процессу подготовки и переподготовки конкурентоспособных квалифицированных работников, адаптирующихся к быстрым изменениям современного рынка труда. Учебное заведение, в котором осуществляется качественная профессиональная подготовка на основе социального партнерства, способствует снижению уровня социальных проблем, конфликтов с работодателями, социальной напряженности и позволит таким образом увеличить прибыль предприятия.
Колледж имеет стабильные договорные отношения с предприятиями и организациями города, что позволяет организовать практику по всем специальностям.
В настоящее время по специальности 1226000 «Технология и организация производства продукции предприятия питания» и по специальности 1219000 «Хлебопекарное, макаронное и кондитерское производство» заключены договора о социальном партнерстве с ведущими предприятиями города: ТОО «Анвар»,ТОО «Кабиев и К», и т.д. Налажены стабильные связи с ТОО «Анвар», ТОО «Кабиев и К», ТОО «Атамекен-нан»,ТОО «Актобе-нан», ТОО «Рамазан» которые предоставляют возможность организовать учебную и производственную практику с учетом современных требований. Руководство ТОО «Анвар», ТОО «Кабиев и К», ТОО «Рамазан» осуществляют большую работу по формированию практических навыков, подбору материалов, предоставляют возможность для трудоустройства тем учащимся, которые хорошо зарекомендовали себя на практике.
Например: выпускники 2013-2014 учебного года Пампушина Оля, Суюнбаева Гулбаршын, Петрова Татьяна, Садуова Асемгуль, Султангалиева Гулнур, Иманова Бибинур работают в ТОО «Анвар», а также выпускники 2014-2015 учебного года трудоустроились в ТОО «Рамазан»:Қыдырбай Баян, Сагинбаева Назымгул, Тастанова Айгерим, в ТОО «Анвар»:Жумаш Алтынзер, Касенова Асемгуль, в ТОО «Кабиев и К» Ершораева Гульмира, Аяпова Асем, Сагиндыкова Айнур.
Важным фактором в практическом обучении является установление долгосрочных партнерских отношений.
Взаимодействие производства и колледжа проявляется также в форме экскурсий на предприятия, помощи с их стороны в оборудовании и оснащении лабораторий. Например, по станочной практике и по предмету материаловедение для наших студентов были организованы экскурсии в завод АО «Актюбинский завод нефтяных оборудовании», а также согласно подписанного меморандума о сотрудничестве между партнерскими колледжами для изучения новых технологий и обмена опытом в рамках реализации ПИР, рассмотрены возможности о проведениях лабораторно-практических занятий по специальности 0902000–«Электроснабжение (по отраслям)» на базе Актюбинского политехнического колледжа.
Цель установления взаимодействия по передаче передового опыта мастерами производственного обучения и преподавателями специальных дисциплин совершенствования специальных знаний и навыков для дальнейшего профессионального развития.
В 2014-2015 учебном году были подписаны договора о социальном партнерстве по специальности 1226000 «Технология и организация производства продукции предприятия питания» следующими организациями ТОО «ФудСервис Актобе», Кафе «Тайказан», Ресторан «Акниет» и по специальностям 1201000 «Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта», 1202000 «Организация перевозок движенияи и управления транспортом»ТОО «Автопарк» и ТОО «Троллейбусный парк» предоставили учащимся колледжа места для прохождения производственной и преддипломной практики по специальности 1202000 «Организация перевозок и управление движением на транспорте» были подписаны договора о соцпартнерстве следующими предприятиями: ТОО «Кол-Авто-Актобе», ТОО «Акпан», СТО «Ходовка». ТОО «Оскар - М», по специальности 0902000 «Электроснабжение (по отраслям)» ТОО «Южпромснаб», ТОО «Жарык».
В мировой практике для подготовки профессионально-технических кадров одним из самых эффективных методов обучения является дуальная система обучения. 10 февраля 2015 года ЧУ «Актюбинский технический колледж», Палата предпринимателей Актюбинской области и ТОО «Анвар» с целью подготовки и формирования конкурентоспособных, высококвалифицированных кадров и выполнения Общенационального плана основных направлений по реализации ежегодных посланий Главы государства народу Казахстана, заключили Соглашение на основе практического внедрения принципов социального партнерства для необходимых условий для подготовки и переподготовки высококвалифицированных кадров технического и обслуживающего труда.
В рамках дуальной системы обучения на нашем колледже обучаются студенты 2-3 курсов по следующим специальностям: 1201000-«Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта» и 1226000-«Технология и организация производства продукции предприятия питания»
В целях переподготовки и повышении квалификации и стажировки преподавателей и мастеров производственного обучения между СТО «Альтаир», ТОО «Рахат», ТОО «Рамазан» и колледжем было подписано соглашение на стажировку ПСД и МПО.
С 2014 года по 2016 учебные годы прошли стажировку на предприятиях города Актобе 5 мастеров производственного обучения.

Организации и проведения стажировки на предприятии является изучение и применение нового оборудования, технологий в технологическом процессе, а также установления взаимодействия по передаче передового опыта при подготовке конкурентоспособных кадров, получить, совершенствовать специальные знания и навыки для дальнейшего профессионального развития.
В связи с этим учебное заведение получает возможность постоянного доступа к информации о рынке труда, что позволяет вносить коррективы в структуру профессий и объем подготовки кадров, учитываются требования работодателей по содержанию подготовки путем совместного обновления и коллективной разработки учебных планов и программ.
При подобной постановке партнерских взаимоотношений с производственными предприятиями основная часть выпускников выходит на рынок труда нацеленной на будущее. Другая часть осознанно продолжает обучение в ВУЗах по родственным специальностям.
Совершенствование форм и методов взаимоотношений с производством в настоящее время является одним из основных направлений работы педагогического коллектива колледжа.

* * * * *

**Жуанышева Гульмира Қуанышбайқызы,**
**Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, пос. Ойтал,**
**№20 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Кіріспе**

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің болашағы жас ұрпақтың қолында, ал жастардың болашығы мен білімі-мұғалімдердің мінсіз қызметіне байланысты болмақ» - деген. Осыған орай Қазақстан Республикасы Кіші ғылым Академиясы ұйымдастыруымен өткізілген Педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Сатылай кешенді талдау» технологиясының авторы Н.А.Оразақынованың I,II,III- меңгеруші деңгейінен білім алдым. Осы алған білімімді сабаққа тиімді пайдалана отырып, оқушыларға қазақ тілі ғылымының мазмұны мен жүйесін, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысын, сөйлеу тілінің байлығын және әдеби тіл нормасын үйретіп, дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастырады. Бұл сабақ баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету, танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы дамуына бірден-бір ықпалы зор.

Сатылай кешенді талдау- негізгі фонемалардың жалпы табиғатын, ішкі сапалық қасиеттерін, жасалу орнын жете тексеріп, оларды бір-бірінен ажырата білуге, сөз ішінде, сөз аралығында кездесіп отыратын алуан түрлі дыбыс алмасуларының сырын ашуға, сөз бөліктерінің таңбалауындағы ала-құлалықты бір ізге салуға мүмкіндік береді.

Ұлылардың бүгінгі күнге жеткен шешендік сөздер, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің мағынасын аша білуге, поэзия тілін ұғынуға, сонымен қатар белгілі ақын-жазушылардың еңбектерін саралай алуға дағдыландырады. Берілген көркем мәтіндер, өлеңдер оқушылардың тілдік қорын молайтып, қабілетін арттырады. Шығармашылықпен жұмыс істеуге машықтандырады.

**7-сынып**
**Сабақтың тақырыбы**: М. О. Әуезов «Көксерек» әңгімесіндегі «Табиғат пен адам арасындағы байланыс»
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік**: М.Әуезовтің шығармашылығына тоқталу, ізгілікті сақтау үшін автордың жан күйзелісі, әдеби-теориялық, танымдық ұғымдарын қалыптастыру.
**Дамытушылық**: Әңгіме желісі бойынша білім-білігін, дағдысын қалыптастыру, ой-өрістерін дамыту, өз ойларын жүйелі түрде баяндай білуге және болжам жасай алуға баулу, өздеріне сенім арттыру.
**Тәрбиелік**: Ізгілік қатынасқа үйрету, қоршаған ортаны аялау, адам мен табиғат бірлігін сақтау, рухани кемелденген азамат тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру.
**Сабақтың түрі**: аралас, сот сабақ
**Пәнаралық байланыс:** тіл, тарих, құқық, валеология, өмірмен байланыс.
**Сабақтың көрнекілігі**: суреттер, интерактивті тақта, М.О. Әуезовтің шығармалар жинағы, тірек-сызба.
**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, сатылай кешенді талдау.
**Сабақтың барысы:**
***I.Ұйымдастыру кезеңі.***
а) Сәлемдесу
ә) Сыныптың тазалығына көңіл бөлу
б) Оқушыларды түгелдеу.
***II. Үй тапсырмасын сұрау..***
- М. О. Әуезов «Көксерек» әңгімесіндегі «Көксерек - түз тағысы» мазмұнын сұрау.

2. «Дыбыстар сөйлейді» әдісі бойынша Құрмаш пен Көксерекке мінездеме беру.

| | |
|---|---|
| Қ - қайырымды, қайсар | К - күшік |
| Ұ - ұқыпты | Ө - өте ашқарақ |
| Р - рахымшыл | К - көк шолақ қасқыр |
| М - мейірімді, мейірбан | С - сүйкімсіз, сұғанақ |
| А - адамгершілігі мол, арам ойы жоқ, аңқау. | Е - екі көзі жап - жасыл |
| Ш – шыншыл, шымыр. | Р - рахымсыз |
| | Е – ебі келсе екі асайды |
| | К - кекшіл |

***III. Білімін жан-жақты тексеру.***
3 М.Әуезов-ұлы суреткер.
4 «Көксерек» әңгімесіндегі кейіпкерлер
5 Құрмаш қатал табиғаттың құрбаны
***IV. Жаңа сабаққа дайындық.***

***V. Жаңа сабақты түсіндіру.*** «Осыншама ұлылықпен, осыншама махаббатпен, оның үстіне М.Әуезовтің даусындай дауыспен жырлаған қазақ көсегесі шын көгерген халық қой». (Бержерон)

Көркем сөздің зергері, заманымыздың кемеңгер жазушысы, аса ойшыл ғалым, Лениндік сыйлықтың лауреаты М.Әуезовтің шығармашылығы туралы сөз қозғау, осынау, «Бұландай жүйрік, Бұланайдай биік, зерен де ерен» талант иесінің асыл мұрасы бізге баға жетпес асыл қазына.

М. Әуезовтің суреткерлік шеберлігін танытатын тағы бір нәрсе- оның шығармаларындағы – табиғат көріністерінің берілуі, пейзаждық көріністерді суреттеуді, жазушы шығарманың композициялық шешіміне қатыссыз өз алдына дара мәселе деп қарамайды, қайта оны кейіпкерлердің көңіл-күйін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын – тереңдетіп айқындау үшін пайдаланады.

М.Әуезов шығармаларының құндылығын арттыратын тағы бір қасиет- тілі. Ол- тілге мейлінше бай жазушы. Оның қай шығармасын оқысаң да, философиялық мәні терең, еріксіз еліктіріп, баурап әкететін поэтикалық тілге таңқалмай қоймайсың. Және оның тіл шеберлігі тіпті ең алғашқы шығармаларының өзінде-ап-айқын көрініс берген еді.

Жаңа сабағымды Тайыр Жароковтың «Зерен де зерен» өлеңімен бастағым келеді.

«Зерен де зерен» -бір тума,
Маңдайлы, маңғаз марқасқа.
Қалды ізің өшпес жұртыңда,
Өзіңнің орның бір басқа.
Не суретші, ақынның,
Бояу сұлу, сөзі де
Жетер ме талант , ақылдың
Шегіне біткен өзіне.
Сирек бір көрер жер бетін,
Өзіңдей отты, нәрлі адам.
Қайта тумас келбетің
Құйса да аппақ мәрмәрдан
Тапсырдың жерге денеңді.
Ұзақ жылдар, ұзақ күн
Еске алып өшпес бейнеңді,
Туындар жыры қазақтың!

Бұл әңгімені 1929 жылы жазды. «Көксерек» қазақ әдебиетіндегі кіші проза жанрында «Сегіз қызым бір төбе, Кенжекейім бір төбе» дегенге саяды. «Көксерек» -уыз иісі кетпеген ерен туынды. Жат пиғылдардың әлі салқыны тимеген , бірақ батуға таяу көшпенділер мәдениетінің ерен бұла, сүт иісі аңқыған уыз иісі болатын. «Көксерек» әңгімесінің көк тәңіріне қарап ұлитын символикасы да, оның тілмен айтып жеткізгісіз трагедиясы да осында жатыр. «Көксерек» жазушының ұнатып жазған сөзі- «көк». Көк күшіктер өмірге деген құлшыныстың ауқымына айналды.

Балалар, М.Әуезов ауыл өмірінен алынған, оның ішінде түз тағысы қасқыр мен адам арасындағы тартысты суреттейді. Олай болса, заман кейіпкері ауыл адамдарын айыптай отырып, сот жұмысын ашық деп жариялаймыз. Залға сот құрамын шақыру.

**Хатшы**: Отырыңыздар! Ауыл адамдарының ісін қарауға төмендегі адамдар қатысқалы отыр:
**Сот төрағасы:** Қондыбайұлы Бекболат.
**Сот кеңесшісі:** Мырзахметов Абылай.
**Прокурор:** Салмаханбет Айдана.
**Ақтаушы:** Райымбеков Шерхан
**Куә есебінде-** 7 «А» сынып оқушылары
**Сот төрағасы** : М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі басты кейіпкер ауыл адамдарының ісін талқыға саламыз. Сот жұмысын ашық деп жариялаймын.
**Прокурор**: М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі басты кейіпкер ауыл адамдарына мынадай айып тағылды.

2 Қасқырдың апанын бұзуы.
3 Күшіктерге қиянат.
4 Адамдар арасындағы тағылық.
5 Ауыл иттеріне талату.

Ауыл адамдарына тағылған айып бойынша куәлер не айтар екен?

**Сөз куәларда:**

1. Апанініндегі 7 күшіктің бесеуін өлтіріп, біреуінің тірсегін қиып, біреуін ауылға алып келеді.
2. Табиғат ананың құшағындағы тіршілік иелеріне деген озбырлық.
3. Ауыл иттеріне талатты.

**Сөз кезегі ақтаушыда:**

«Қасқырды қанша қолға үйретсең де, орманға қарап ұлиды» деген сөз тектен тек айтылмаса керек. Табиғаттағы барлық тіршілік иесінің өзінің өсіп , дамып, өркендеу жолдары бар. Адамның өз қолымен жасалған қиянат. Аң да тіршілік иесі. Олар да өз ұрпағын аман-есен өсіруді ойлайды.

**Сот үкімін тыңдап көрейік:** М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі ауыл адамдарының жылы ұясын бұзып, соқтыққан адамдардың әрекетіне қасқырдың қарсылық білдіруі заңды құбылыс. Қылмысқа қарсы күрес туралы бізде заң бар. Қазақстанның «Қызыл кітабы» 1978 жылы жарық көрді. Республика ғалымдары бұл кітавпқп кең байтақ жерімізде мекендейтін саны сиреп кеткен және жойылып кету қаупі бар жануарлардың 17 түрін енгізді. Қазақстан Республикасы Ата Заңының 38-бабында «Қазақстан Республикасының азаматы табиғатты қорғауға және оның байлығын сақтауға міндетті» делінген.

**Сабақты бекіту. «Көксерек» әңгімесіне сатылай кешенді талдау жасайық.**

- ***Авторы*** -М.О.Әуезов ***Тақырыбы*:** М.О.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі ауыл адамдарынң жылы ұясын бұзып, соқтыққан адамдардың әрекетіне қасқырдың қарсылық білдіруі.

- *Эпикалық жанр түрі-* әңгіме
- *Идеясы-* Құрмаш пен Көксеректің арасындағы достық. Табиғатты қорғауға арналған.
- *Шығарманың композициялық құрылысы:*

o **Әңгіменің басталуы**. Қараадырдың қарағанды сайы елсіз. Айналада қабат-қабат шұбар адырлар. Жақын төбелердің барлығын аласа бос қараған, тобылғы басқан.

o **Әңгіменің дамуы**. Көзін ауылға келгесін екі күннен соң ашты. Жұрт асырауға көнеді десті. қасқырға тән мінез-құлқы. Кішкене Құрмаш «Көксерек» деп ат қойып алды.

o **Әңгіменің байланысы**. Көксеректің өз тұқымын тануы, апталап жоғалуы, үйіріне қосылуы, ақ қасқырмен жұп құруы.

o **Әңгіменің шиеленісуі**. Көксеректің Аққасқырмен қосылып төңіректегі ауылдарды шулатуы. Қорадағы қойларды жаралауы. Ауылға шабуыл жасауы.

o **Шарықтау шегі.** Көксеректің Құрмашты өлтіруі.

- **Әңгіменің шешімі.** Аққасқаның Көксерекпен айқасы. Көксеректің ажалы.
- **Шығармадағы кейіпкерлер.**

7.1.Жағымды кейіпкерлер: Құрмаш, Қасен, Бейсенбай, Аққасқа.
7.2. Жағымсыз кейіпкерлер: Көксерек.

- **Әдеби теориялық ұғымдар:**

**8.1. Дисфемизм-** Құраған-ай, неңді алып ем?! Не жазып ем? .. –Кәпір, қырыс, тағы емес пе!? Кеудесін бермейді, жасымайды!-деп ауыл аңыз қылады.
-Түу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл болып кетіпті- ау, тұқымын сезген екен мына жүзіқара.
-Ойпыр-ай! Ойпыр-ай!.. Аузын !-деп келіп...
**Эпитет –** барлық жүні қара көк, жотасы құдірейіп, ауыз-омыртқа мен құйрығына шейін түп-тұтас болып, құлдіреуіштей бүгіледі. Атылып келе жатқан садақ оғындай үңілген, сүйірленген бір бітімі бар. **Жоқтау –** құраған-ай, неңді алып ем?! Не жазып ем?.. бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді, менің құлыным?-деп елді тегіс еңіретіп, Көксеректі басқа тепті.

- **Түсіндірме сөздік**
- **Тәрбиелік мәні.** Қазақ халқының өмірі табиғатпен тығыз байланыста өткен. Сондықтан да табиғатты қастерлеп, киелі деп санаған, оған сүйіспеншілікпен қарап, қамқорлық жасап, аялаған. Қасқырдың өзі де санитар қызметін атқарған. Түз тағысы қасқырдың да табиғат пен адамға берер пайдасы мол. Сол табиғатты қорғайтын азаматтар сендерсіңдер, балалар.

М.Әуезов бір кездесуде былай депті: «Егер менің бойымда белгілі бір күш болса, ол үшін мен ел мен жерге қарыздармын., егер зерделей бойымда жақсылығым болса, ол үшін мына сіздерге қарыздармын» депті. Ендеше:
Табиғаттың тарылтпайық мөлдір кәусар тынысын.
Пәк табиғат, жүрегімнің тамылжыған жырысың.
Ей, адам, қалай ғана қатыгездік жасайсың
Ол анаң ғой, ал сен кенже ұлысың!

**VII. Оқушылардың білімін бағалау.**
**VIII. Үйге тапсырма. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесіндегі Құрмаш бейнесіне эссе жазып келу.**

* * * * *

**ОҚО Шымкент қаласы № 103 жалпы орта мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі Толқынбаева Салтанат**

1 –сынып Пәні: Әдебиеттік оқу
Сабақтың тақырыбы: Ата насихаты. Буын. 76-78-жаттығулар
Сабақтың мақсаты:
6 Мәтін мазмұнымен таныстыру. Оқушылардың буын туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік жасау;
1,2,3 буынды сөздерді ажыратуға жаттықтыру.
2.Оқу-жазу дағдыларын арттыра отырып, сөздік қоры мен сөйлеу тілін дамыту.
3.Ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:
Мәтін мазмұнымен танысады. Оқушылар буын туралы білімдерін кеңейтеді. 1,2,3 буынды сөздерді ажырата біледі. Оқу-жазу дағдыларын арттырып, сөздік қоры мен сөйлеу тілін дамытады.
Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, ой шақыру, шығармашылық жұмыс
«мақалдың жалғасын тап»
Тапсырмалар: Топтық және жұптық жұмыс
Түрі: жаңа сабақ.
Көрнекілігі: жеке сюжетті суреттер, Қазақстан рәміздері, карточка,сандар.
Кіріспе. Сыныпты ұйымдастыру «Шаттық шеңбері»
Балалар, бізде бүгін жәй сабақ емес, ашық сабақ. Біздің сыныбымызға қонақтар келіп отыр. Қонақтарымызға достық шеңберімізді құрып, амандасайық, біз бір-бірімізді өте жақсы көреміз, тату достармыз, қане қол ұстасып, бір-бірімізге жылу сыйлайық.
Біз қандаймыз, қандаймыз
Шұғылылы таңдаймыз
Күлімдеген күндейміз
Еш уайымды білмейміз
Балалар, біз бір-бірімізге жылылық сыйлап, сәттілік тіледік, осы алған күш-куатпен оқу іс әректімізді бастайық.
Менің қойған сұрақтарыма қолдарыңды көтеріп жауап беріңдер.
-Біз қай республикада тұрамыз? -Елбасымыз кім? -Бас қаламыз қай қала? -Біз нешінші мектепте оқимыз?

-Қай сыныпта оқимыз? -Қазір қай мезгіл? -Қыста неше ай бар?
-Атап беріңдерші?
-Балалар, мен жаңа осы сынып бөлмесіне кіріп келе жатқанда кітапханашы мына хатты берді. Сыртында « Астана қаласынан Елбасымыздың атынан 1-ші сынып оқушыларына» деп жазылған.
Бүгінгі сабаққа жақсы қатысып отырайық. Сабақ соңында оқып беремін.
Үй тапсырмасы «Сиқырлы сұрақ» кәрзеңкеден билеттерді алып, бір-біріне өткен сабақтар бойынша сұрақ қояды
Негізгі бөлім Ой қозғау «Мақалдың жалғасын тап»
Жаңа сабақ Кіріспе
-Ахмет Байтұрсыновтың «Ата насихаты» деген мәтінімен танысамыз.А.Байтұрсынов 1837 жылы қазіргі Торғай өңірінде дүниеге келген. А. Байтұрсынов ғұлама, ғалымы, қоғам қайраткері, дарынды ақын және аудармашы болған.
* мұғалімнің оқуы
* оқушылардың дауыстап ,кезекпен оқуы



2. Сөздік жұмыс Сабау- қатты шыбық. Араздасу- ұрысу, керісу.
Мәтінді талдау. 3- ші тапсырма
-Әкесі балаларына не айтыпты? -Балалар әкесін тыңдапты ма?
- Әкесі не әкеліпті?
-Әкесі балаларына қандай ақыл айтты? / тауып, оқып беріңдер/
-«Тірліктің күші -бірлікте» деп неліктен айтады?
-Балалар, сендерде апаларымен, ағаларымен тату болыңдар.
Дәптермен жұмыс 77- жаттығу Сөздерді буынға бөліп жаз
Ә-ке, ба-ла-лар, са-бау, ұ-йым-шыл, бір-лік.
Сергіту сәті:
Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды
Ойлы-қырлы жерлерден
Ытқып-ытқып секірді.
Шығармашылық тапсырма
Кім жылдам? «Бір-біріңе насихат –ақыл жазыңдар»
78-жаттығу Әуелі бір буынды, содан кейін екі буынды және үш буынды сөздерді ата
- Ай, күн.
- Бо-та, қар-быз.
- Ша-ға-ла, қар-лы-ғаш.

Қорытынды
Бүгін біз не үйрендік?
Үйге тапсырма 76 жаттығу, мәтінді түсініп оқу, мазмұндау 53 бет
Бағалау
-Ақ сандығым ашылды
Ішінен баға шашылды./ сандық ашылады/
Елбасының хатын оқу. Сыйлықтар тарату.
Формативті бағалау. Бір-бірін бағалайды, смайликтерді бояйды.
Жиынтық бағалау Рефлексия «Пікірлер ағашы»
Бүгінгі сабақ туралы өз ойын жазады

* * * * *

**ОҚО Шымкент қаласы №103 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі: Байдуллаева Кулаш**

1 –сынып Пәні: Математика Сабақтың тақырыбы: 7 санының құрамы.
Сабақтың мақсаты: Тақырыпты түсіндіру, меңгерту. Логикалық ой-өрісін, зейінін, ынтасын арттыру.
Таза, ұқыпты жазуға тәрбиелеу.
Білімділік: 7 санының құрамымен таныстыру. Мәні 7-ге тең қосындылар және 7 санынан басқа сандарды қосу мен азайтуға машықтандыру
Тәрбиелік: Оқушыларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, ортада өз бетімен жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.
Сабақтың әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап
Сабақтың түрі: Аралас сабақ
Сабақтың көрнекілігі: Сандар қатары, кестелер, қима карточка, суреттер Пәнаралық байланыс: Сауат ашу, дүниетану.
Сабақ кезеңдері: 1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Үй тапсырмасын сұрау
3. Өткенге шолу. Сұрақ-жауап
4. Жаңа сабақ
5. Оқулықпен жұмыс
6. Сергіту сәті
7. Дәптермен жұмыс
8. Қорытынды
9. Үйге тапсырма
10. Оқушыларды бағалау
Сабақ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі
Оқушылармен сәлемдесу. Оларды түгендеу. Талапқа сай отырғызу. 2. Үй тапсырмасын сұрау
Дәптерлерін тексеру, бағалау, мадақтау
3. Өткен тақырыпты қайталау.

Сұрақ-жауап: Өткен сабақтарда қандай сандармен танысып өттік?

- Санды немен белгілейміз? (цифрмен)
- Цифрды біз не істейміз? (көреміз)
- Бір таңбалы сандарды ата. ( 1,2,3,4,5,6,7,8,9)
- Кесіндіні немен өлшейміз? (см, дм)
- Қандай фигураларды білеміз? ( сәуле, бұрыш, үшбұрыш, төртбұрыш, көпбұрыш, дөңгелек, сопақ)
- Заттарды бір-біріне біріктіргенде қандай амал қолданады? (қосу)
- Заттарды бір-біріне айырғанда қандай амал қолданады? (азайту)

4. Жаңа сабақ

Балалар, бүгінгі өтетін жаңа сабағымыз 7 санының құрамы.
-Балалар біздің бүгінгі өтетін жаңа сабағымыз «7 санының құрамы»
-Балалар 7 саны туралы не білесіңдер?
Ерте замандардан бері Жер бетін мекендеп келе жатқан халықтардың көпшілігі жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Оны кие тұтып, қастерлеген небір ұлттар да болды. Соның бірі – қазақ халқы. Біздің ата-бабаларымыз да жеті санын қастерлеп, бірқатар таным-түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелерін жеті санымен атап, ата заңдарына, салт-дәстүріне арқау етіп келеді.
*Жеті ата.*Бұл – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында адамның ата жағынан тегін таратудың нақты жүйесі. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Мұны әке-шешесі, ата-әжесі үйретіп, жаттатуға тиіс. "Жеті атасын білмеген жетесіз"деген аталы сөз бар.
Өйткені қазақта жеті атаға дейін қыз алыспайды, оған дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1. Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата.5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата.
Жеті жұт.1. Құрғақшылық. 2. Жұт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру).5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну). *Жеті жоқ.*1. Жерде өлшеу жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллаһта бауыр жоқ.6. Аққуда сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.
*Жеті қазына.* Ол жөнінде пікір талас көп. Алайда қазақтар ертеде жеті қазынаға мыналарды жатқызған: 1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ілім-білім. 4. Жүйрік ат. 5. Құмай тазы. 6. Қыран бүркіт. 7. Берен мылтық.
Жеті жетім.
Тыңдамаған сөз жетім.
Киюсіз тозған бөз жетім.
Иесіз қалған жер жетім.
Басшысы жоқ ел жетім.
Аққу, қазсыз көл жетім.
Жерінен айырылған ер жетім.
Замандасы қалмаса –
Бәрінен де сол жетім.
5. Оқулықпен жұмыс Оқушыларға оқулықтағы тізбектелген моншақтар жайлы айтып өту. Мәні 7 болатындай өрнектерді құрастыруды түсіндіру.

6. Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар
Алдымнан жел еседі
Кіп-кішкентай ағаштар
Үп-үлкен болып өседі

7. Дәптермен жұмыс

-Ал балалар дәптерлерімізді ашып, бүгінгі күнді жазып алайық.
№1-есеп Суретпен жұмыс. «Моншақ тізу»

6+1=7 3+4=7
5+2=7 2+5=7
1+6=7 7+0=7
№2-есеп «Теңсіздік құрастыр» 3*4 4*2 6*3 5*1
№3-есеп «Теңдік құрастыру» Карточкаларды пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттыру
5+2=7 7-2=5 Кәрзеңкелерге алмаларды салады және азайтады.
№4-есеп 7 санының құрамын анықтау Сандарды үйшіктерге орналастыра отырып, балалар 7 санын анықтайды.

| | |
|---|---|
| 5 | |
| | 1 |
| 3 | |

«Кім жүйрік» (ауызша)

| | | | |
|---|---|---|---|
| **3** | **4** | **5** | **?** |
| **1** | **3** | **5** | **?** |
| 7 | **6** | **5** | **?** |

Оқушы сырттан керек санды табу керек. 7 саны қандай сандардың қосындысынан тұрады?

8. Қорытынды -Бүгін біз жеті саны туралы не білдік?

- Үйге тапсырма №5-есеп
- Оқушыларды бағалау

Өте жақсы жауап берген оқушыны қызыл фишкамен
Жақсы жауап берген оқушыны көк фишкамен
Орта жауап берген оқушыны сары фишкамен бағалау

* * * * *

**Алматы облысы, Қарасай ауданы Тұрар ауылы**
**«Ә.Байсалбаев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ**
**Мусаханова Газиза Турегельдиевна Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі**

Өзін-өзі тану сабағының жоспары

**Мектеп: Сабақ:№ Күні_________**
**Тақырып:** «Жақсылықпен жаным дос»
**Құндылық:** дұрыс әрекет
**Қасиеттер:** кішіпейілділік, жанашырлық, қайырымдылық.
**Мұғалімі**: Мусаханова Г.Т **Оқушы саны:** 18 **Сынып:** 10

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаты**: Жақсылық жасаудың адам өміріндегі маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейте отырып, дұрыс әрекеттің мәнін ашу.<br>**Міндеттері:**<br>1.Жақсылық жасау арқылы кішіпейіл болуды үйрету;<br>2.Оқушылардың бойында жанашырлықты дамыту;<br>3. Қайырымдылықты тәрбиелеу. | <br>***Ресурстар:****(құралдар, мәліметтер)* |
| **Сабақтың барысы:**<br>Ұйымдастыру кезеңі.<br>**Сабақтағы жағымды күйге келу, тыныштық сәті**<br>**«Нұрға бөлену»** -ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізелеріңіздің немесе партаның үстіне қойсаңыз болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарап бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйінегі орналасқан. Гүлдің түйінегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек қалауыңызды шайып жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз.Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолыңыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды. Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздерғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз жақсы сөзбен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз де жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келді. Нұр бірте-бірте қаркын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан –жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан – жануарларға, өсімдіктерге барлық тірі жанға таралсын...Ғаламның барлық түпкір – түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрмын...Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын.» Осындай Нұр, Махаббат, Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жаймен көзіңізді ашуға болады.<br>• балалар қандай әсер алдыңдар? | ***Әдістемелік нұсқаулық Үнтаспа «Сиқырлы композициясы Хрустальная грусть»*** |
| **Үй тапсырмасын тексеру.**<br>Оқушыларға жеке-жеке тапсырма берілді. Өздерінің жасаған жақсылықтары туралы айту.<br>Сұрақтарға жауап беру.<br>-Өздеріңнің риясыз жақсылық жасаған кезің болды ма?<br>-Жасаған жақсылығыңды міндетсінген кезің болды ма?<br>Не үшін жақсылық жасадың? | Жеке тапсырма |
| **Дәйексөз.**<br>**«Біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды міндет етпе!»**<br>**Ыбырай Алтынсарин**<br>Дәйексөз тақтаға жазылады.Мұғалім дәйексөзді өзі оқып береді. Сыныптағы оқушылар хормен оқиды. Әр қатардан бір оқушы дауыстап оқиды. Дәйексөзді дәптерге жазғызу.<br>- Адамдар бір - біріне риясыз жақсылық жасаудан жалықпаса өмірде не орнайды?<br>- Жақсылықтың өтеуін сұрау қажет пе?<br>- Өмірде жақсылық жасаудың маңызы қандай? | **Ыбырай Алтынсарин**(шын аты—Ибраһим, 1841—1889)—қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері |

| | |
|---|---|
| **Оқиға айту (әңгіме) Мұғалімнің сыйлығы**<br>***Жақсылық пен Жамандық***<br>*Ертеде Данышпан ата өз ұрпағын сынау үшін адамның оң иығына жақсылықты, сол иығына жамандықты отырғызып қойыпты. Адам бір іс жасарда жақсылық "істе" десе, жамандық "істеме" деп сыбырлайды екен. Сөйтіп адамның бойында қай қасиет басым екенін байқамаққа оны сапарға аттандырыпты. Адам біраз жол жүріп, өзен жағасымен шаршап келе жатса, судың жағасына шығып қалған балықты көреді. Балық секіріп суға жете алмай жатыр екен. Жақсылық жаны ашып:*<br>*- Адам, ана балыққа көмектесіп жібер, - десе, Жамандық:*<br>*- Қой, жөніңе жүре бер, уақытыңды алма, - дейді.*<br>*Адам балықтан әрірек асып барып, мойнын бұрып қарайды. Балық шарасыздан көзі жәутеңдеп, көмек сұрағандай болады. Адам шыдай алмай кері бұрылып барып, балықты суға салып жібереді. Балық ризашылығын білдіріп суда ойнақшып, секіріп, құйрығын бұлғақтатып суға сүңгіп кетеді.*<br>*Адам одан әрі жүре береді. Бір теректің қасынан өтіп бара жатып, шыр – шыр еткен дауысты естіп тұра қалады. Қараса, кішкене ғана торғайдың балапаны ұясынан құлап қалған екен. Еңкейіп енді көтерейін деп жатса Жамандық:*<br>*- Осы торғайдың балапанына бола жолдан қалмақпысың? Оны көтеріп ұясына салу үшін теректің басына шығу керек. Мерт болсаң қайтесің? Өзің далада ит – құсқа жем боласың ғой, - дейді.*<br>*Адам ойланып тұрып қалады. Осы сәтте Жақсылық:*<br>*- Ей, адамзаттың баласы, сен әлсіздерге қорған болып, қол ұшыңды беру үшін жаратылғансың. Мына бейшара балапанды ұясына сала кет. Шарапаты тиеді - дейді.*<br>*Адам тағы да шыдай алмай балапанды алып, теректің басына өрмелеп шығып, ұясына салып кетеді. Балапан шиқ – шиқ етіп, қанатын қағып, разы болады.*<br>*Адам демалып алмақшы болып отыра бергенде, аяғының астында бидайдың дәнін әрең сүйреп бара жатқан құмырсқаны көзі шалады. Құмырсқа дәннің о жақ, бұ жағына шығып, қозғауға ыңғайлы ретін таба алмай, ісі өнбей келеді екен. Адам әуелі жамандықтың айтуымен құмырсқаны дәнінен айырып тастағысы келіп оқталады да, шыр – пыр болған Жақсылықтың сөзіне құлақ түрді. Ол:*<br>*- Әй, адам – ау, қалай ғана адамдығыңнан айнып кетуге әзір тұрасың. Бұл құмырсқа өзінен үлкен дәнді сүйреп, машақаттанып келе жатқанда, қол ұшыңды көрсетіп жолына салып жіберудің орнына, оны қызықтап, ермек қылғың келгені қалай? Одан да еңбек етуді осы кіп – кішкене тіршілік иесінен үйренбейсің бе? – деп налыған екен.*<br>*Адам өз ойынан ұялып, райынан қайтады. Сөйтіп Данышпан ата ұрпағын алдына шақырып алып:*<br>*- Міне, балам, жамандыққа ерсең жаман боласың, жақсылыққа ерсең жақсы боласың. Мен саған үш сын бердім, үшеуінен де өттің, разымын. Енді осылай* ***адамдығыңнанайнымай, айналаңа қамқор болып, жамандыққа жоламай, жақсылыққа жолдас бол*** *- деп батасын береді.*<br>*Содан бері адам баласы жақсылықпен мұратына жетіп келеді екен.*<br>***Сұрақтар:***<br>*·Осы әңгімеден не түйдіңдер?*<br>*·Жақсылық жасау деген не?*<br>*·Жақсы адамның бойында қандай қасиеттер болады?*<br>*·Жақсылық жасау адамның міндеті ме?* | Ғаламтор желісінен. |
| «Бумеранг» бейнеролик ұсыну.<br>• Балалар бұл бейнеролик неге «бумеранг» деп аталады?<br>• Бейнероликтен не түйдіңдер?<br>• Сіздерде осындай жақсылық жасаған кездеріңіз болдыма? | Ғаламтор желісінен.<br>Бейнеролик ұсыну. |
| **Шығармашылық іс-әрекет, топтық жұмыс**<br><br>Топта бөлінеді, әр топқа әртүрлі жағдаяттар беріледі. Олар топ болып бірлесе отырып, ойланып әңгімені өз ойларымен жалғастыру қажет. | Дәптер, қалам, оқулық. |
| **Топпен ән айту**.<br>**Жан-досым**__________(Т.Молдағалиев)<br>7 Іздегенде табылатын қасыңнан,<br>Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.<br>Көріспесек қағыныштанжүдейтін,<br>Кімбарекенбалакүнгідосыңнан!<br>***Қайырмасы:***<br>***Жан досым, үстем болсын мерейің,***<br>***Әрқашан жеңісіңді көрейін,***<br>***Сырымызда бітпесін,***<br>***Жырымызда бітпесін, жырымызда бітпесін!***<br><br>8 Қос бұтағы секілденіп ағаштың, | Үнтаспа, бейнеролик. |

| | |
|---|---|
| Қатар жүріп сырымызды санаштық.<br>Жолтапсақтабіргежүріпжолтаптық,<br>Адассақта бірге жүріп адастық.<br>***Қайырмасы:***<br>***Жан досым, үстем болсын мерейің,***<br>***Әрқашан жеңісіңді көрейін,***<br>***Сырымыз да бітпесін,***<br>***Жырымыз да бітпесін, жырымыз да бітпесін!***<br>6 Өмір өзі арқамызға жүк салып,<br>Бәрімізді қияларға жұмсады.<br>Қатар ұшқан құска ұқсадык әлде біз,<br>Қатар жанған қос жұлдызға ұқсадық.<br>***Қайырмасы:***<br>***Жан досым, үстем болсын мерейің,***<br>***Әрқашан жеңісіңді көрейін,***<br>***Сырымыз да бітпесін,***<br>***Жырымыз да бітпесін, жырымыз да бітпесін!*** | |
| **Үй тапсырмасы**.<br>«Менің өмірімдегі шынайы көшбасшы»,- тақырыбына шығарма жазу. | Жеке тапсырма |
| **Сабақтың соңғы тыныштық сәті**.<br>сабақтан қандай әсер алдық?<br>Тыныштықта бүгінгі сабағымызды есімізге түсірейік. Бүгінгі сабағымыздан алған әсерімізді жүрегімізге орнатайық. Әрдайым жақсыны көруге, жақсыны естуге, жақсыны айтуға үйренейік. | Баяу музыка қосылады<br>Хрустальная грусть. |





**Есбаева Флория Алмасовна. Учитель русского языка и литературы**
**СШ им. К.Сатпаев. Карасайского района. Алматинской области**

**Краткосрочное планирование по русскому языку в 9 классе учителя Есбаевой Ф.А.**

| | |
|---|---|
| **Дата** | 18.05.2015 |
| **Тема** | Повторение «Сложноподчиненное предложение» |
| **Цель урока:** | -повторить и закрепить знания о структуре СПП, видах придаточных и средствах связи простых частей ,научиться находить в тексте СПП, определять тип и изображать их графически; продолжить развитие навыка работы в сотрудничестве |
| **Ожидаемый результат:** | Работая в сотрудничестве, учащиеся актуализируют знания, умения и навыки при работе с СПП |
| **Идея** | Ученики научатся находить и правильно употреблять в речи СПП |

| Этап | Время | Действия учителя | Действия ученика |
|---|---|---|---|
| Орг. этап | 3 мин | Психологический тренинг<br>- учащиеся пишут на стикерах пожелания, начинающиеся с предложений:<br>Я люблю людей, которые…<br>Мне очень хочется, чтобы…<br>Если бы у меня была возможность,… | Приветствие.<br>Зачитываются некоторые записи на стикерах |
| | 2 мин | Деление на группы: Какие виды сложных предложений вам известны? | Дети делятся группы: ССП, СПП, БСП, СП с разными видами связи и несколькими придаточными |
| Проверка д/з | 5 мин | Проверка домашнего задания<br>Выписать из упр. 385 ССП, определить вид союзов | Учащиеся проверяют друг у друга под комментирование и разъяснения учителя |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Опрос теоретического материала | 6 мин | Актуализация знаний.<br><br>Тесты, состоящие из 10 вопросов. | Учащиеся отвечают.<br>Проверяют свою работу по ключу.<br>Самооценивание. |
| Целеполагание. Работа с новым материалом. | 18 мин | II. Основная часть<br>**Целеполагание:** Как вы думаете, ребята, какую работу нам необходимо сегодня проделать?<br>1.Работа с текстом<br>-глоссарий<br>-чтение учителем с остановками<br>-определение стиля речи и типа текста<br>Работа в группах:<br>Задание №1.<br>Составить Море вопросов к тексту<br>Задание №2:<br>Каждая группа работает по алгоритму. | Обсуждают в группах, высказывают мнения, выполняют задание. Презентация работы. |
| Разминка | 3 мин | **Физминутка** | Учащиеся выполняют танцевальные движения флеш-моба на знакомую мелодию |
| Обобщение материала | 3 мин. | **Обобщение ЗУН.**<br>-Составить кластер по типу предложения своей группы | |
| Подведение итогов урока | 3 мин | -Вспомните, ребята, какие цели вы ставили перед собой в начале урока? Достигли ли вы этих целей? Почему?На сколько вы оцениваете свою деятельность? Почему? | Учащиеся пишут рефлексию на стикерах. |
| Д/з | 2 мин | **Домашнее задание :** составить тестовые задания по изученному материалу на соответствие. | Ученики записывают домашнее задание |

Приложение №1 Тест по теме «СПП»

1. Укажите верное утверждение.
A) Придаточное предложение может стоять после главного, в середине его или перед ним.
B) Придаточное предложение всегда стоит после главного предложения.
C) Придаточное предложение не может стоять в середине главного предложения.
D) Придаточное находится только в середине главного предложения
2. Укажите сложноподчиненное предложение с придаточным времени.
A) Мы узнали, когда был создан роман А.С. Пушкина «Евгений Онегин».
B) Я вернусь, когда раскинет ветви по-весеннему наш белый сад.
C) Я помню тот день, когда впервые побывал в театре.
D) А бывают случаи, когда книга, мирно лежащая у вас на полке, постепенно теряет свое обаяние.
3. Укажите сложноподчинённое предложение с придаточным места.
A) Куда конь с копытом, туда и рак с клешнёй.
B) Капитан их не принял, хотя бойцы желали его видеть.
C) Он такие обиды чинит, что описать невозможно.
D) Они назвали залив, где мы стояли, именем известного полководца.
4. Укажите сложноподчинённое предложение с придаточным уступки.
A) Расскажу тебе сказку, которую в ребячестве мне рассказывала старая калмычка.
B) Он ветреный человек, на которого нельзя надеяться.
C) Где роскошь, там нет торговли.
D) Хотя я отопру темницу, мне всё равно не расковать твоих цепей.
5. Укажите сложноподчинённое предложение с придаточным изъяснительным.
A) В ту минуту, когда готовился я пуститься в дорогу, вошёл Зурин.
B) Вечером гости уехали, потому что в доме негде было поместиться.
C) Я сяду заниматься, чтобы не терять времени. D) Я знаю, что он шутит.
6. Укажите сложноподчинённое предложение с придаточным условия.
A) Когда бричка была уже на краю деревни, Чичиков подозвал к себе первого мужика.
B) Он тоже был несколько смущён, хотя старался не показывать этого.
C) Враг был вчетверо сильнее, если считать скопление его резервов.
D) Вы поймёте это, когда поживёте здесь ещё какое-то время.
7. Укажите сложноподчинённое предложение с придаточным определительным.
A) Я почувствовал, что состояние моего здоровья улучшилось.
B) Если хочешь быть счастливым, будь им.
C) Около деревни протекает река, исток которой находится в лесных предгорьях.
D) Даша забыла, зачем пришла.
8. Найдите лишнее предложение.

A) И через силу скачет конь туда, где светится огонь.
B) Мой дом везде, где есть небесный свод, где только слышны звуки песен.
C) В приемной комиссии меня спросили, где я теперь работаю.
D) Мы стояли там, где жила наша бабушка.

9. Схема предложения
Когда Калша батыр очнулся однажды на рассвете, рядом с ним стояла белоликая девушка, которая раньше была лебедем.

A) [ ], ( ).
B) ( ), [ ], ( ).
C) [ ], ( ), ( )
D) [ ], ( ), ( ), ( ).
E) ( ), [ ].

10.Придаточное предложение стоит перед главным в предложении (знаки препинания не расставлены)
A)Лишь темно-зеленые почти черные водоросли начнут заполнять мелкий берег извиваясь как змея появляются небольшие косяки угря рыбы похожей на отрезки каната.
B)Спасенный мальчик оказался в Кабуле где правил его родственник основатель государства Великих Монголов Бабур.
C)А есть ещё быстрины где река течёт сильнее с напором и видно глубокое дно. D)Я слышал что стихами Авиценна писал рецепты для больных людей. (Р. Гамзатов)

Приложение №2

Зри в корень!

Много веков тому назад один из правителей Египта установил себе памятник, который представлял собой скульптуру, стоящую на постаменте и указывающую перстом вниз. Там, где находилось основание, была установлена табличка с надписью: «Ударь здесь! И ты найдёшь клад». Это памятник стал местом паломничества. Многие века приходили люди и били в то место, на которое указывал перст правителя. Несмотря на то что в камне уже появилась вмятина, клада никто так и не нашёл. Но люди продолжали приходить на это место и верили, что клад существует.
Всё это продолжалось бы ещё долго, если бы не пришёл туда Дзун-Нун, великий мудрец. Он постоял, посмотрел, подумал …и ушёл.*(Почему он ушёл?)* На следующий день рано утром он пришёл туда в окружении своих учеников.
Солнце поднималось, и мудрец внимательно наблюдал за тем, *(Как вы думаете, за чем он наблюдал?)* как перемещается тень, падающая от памятника. И вдруг он обратил внимание на то, что тень от перста указывает в середину одной из плит, расположенных в стороне. Дзун-Нун велел своим ученикам поднять эту каменную плиту.
Под ней обнаружился подземный ход, ведущий в кладовую. Когда ученики проникли туда, то вынесли на поверхность настоящий клад. Среди ювелирных украшений, усыпанных драгоценными камнями, были обнаружены *(Что там обнаружилось?)* папирусы с секретами древних знаний, что считались утерянными.

**Глоссарий:** *Постамент* – основание памятника, статуи; ескерткіш астындағы тас
*Паломничество* – путешествие в качестве паломника; қажылық
*Перст* – палец руки; саусақ
*Вмятина* – вмятое, вдавленное место; қатты ұрғанның орны

Приложение №3

Алгоритм работы с текстом

Группа №1
1.Прочитать текст
2.Найти и выписать СПП с придаточными обстоятельственными
3.Изобразить схемы выписанных предложений

---

Алгоритм работы с текстом

Группа №2
1.Прочитать текст
2.Найти и выписать СПП с придаточными определительными
3.Изобразить схемы выписанных предложений

---

Алгоритм работы с текстом

Группа №3
1.Прочитать текст
2.Найти и выписать СПП с придаточными изъяснительными
3.Изобразить схемы выписанных предложений

---

Алгоритм работы с текстом

Группа №4
1.Прочитать текст
2.Найти и выписать СП с разными видами связи
3.Изобразить схемы выписанных предложений

**Алматы обл, Қарасай ауданы Тұрар ауылы «Ә.Байсалбаев атындағы орта мектеп. Мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ**
**Кабдрахманова Гульмара Советовна. Орыс тілі және орыс әдебиеті пән мұғалімі**

**Тема: П.Трэвэрс «Мэри Поппинс»**
Цели урока:
1. познакомить учащихся со сказочной повестью П. Трэверс;
2.развивать аналитические умения и самостоятельную деятельность учащихся, развивать устную и письменную речь, выразительное чтение, логическое мышление;
3.воспитывать у учащихся желание делать только добрые дела, уметь сочувствовать и верить в чудеса.
**Тип урока:**изучение нового материала
**Дидактическое обеспечение урока**: интерактивная доска, учебное пособие , иллюстрации к сказочной повести, портрет П. Трэверс
**Работа со словами:** препятствие, статуя, пьедестал, джентльмен, экземпляр, трезубец

**Ход урока:**
**1.Организационный момент.**

**2.Опрос домашнего задания.**
Пересказ сказки Г.Х Андерсена «Гадкийутёнок» (по частям)

**3.Изучение нового материала**
1)**Слово учителя :**
Почему она так нравится взрослым и детям? Ну во-первых,Мэривоплощение идеальной няни — добропорядочной и надежной, ответственной и доброй. Да-да, именно доброй, это только кажется, чтоМэрислишком строгая и суровая. А остальные ее достоинства просто невозможно перечислить. Она читает обо всём, что должна знать настоящая леди, её ботинки всегда начищены, полосатый передник накрахмален, от неё исходит аромат поджаренных тостов и мыла «Солнечный свет», но главное – с появлением няни всемье Бэнкс происходят чудесные и необыкновенные события, приключения и истории. Это и притягивает к ней детей, каждая встреча сМэритаит в себе волшебные тайны.
Само появлениеМэри Поппинсв домеБэнкс- это уже необыкновенное событие. К большому удивлению детей няня не приходит, а прилетает, и в этом ей помогает восточный ветер и простой зонт.*«Да, было похоже на то, что ветер сперва донёс её до калитки, а потом принёс её прямо к парадной двери»*.
Волшебные превращения происходят в самых заурядных условиях с самыми обыкновенными предметами и людьми. С помощью любимой няни можно узнать, что происходит в зоопарке ночью; где находится дом, в котором живут мальчики, нарисованные на старинном фарфоровом блюде; и даже увидеть, как появляются на небе новые звезды: их приклеивает на небесный свод самаМэри, взяв уДжейниМайкла пряничные звёздочки из фольги.
ЧудесаМэри Поппинсрождаются за чайным столом или на прогулке в парке, в кондитерской или в мясной лавке — повсюду!Мэри, безусловно, по праву заслуживает титула Леди совершенство не только потому, что поведение няни безукоризненно с точки зрения взрослых, но и потому, что она удивительным образом обладает способностью видеть чудеса в обычных явлениях. Именно это свойство позволяет волшебнице подобрать нарисованную на асфальте сливу и как ни в чём не бывало откусить её. Вот она какова, этаМэри Поппинс– не королева из сказки, а почти что явь, только не простая явь, а волшебная.
Вот об одном волшебстве, которое произошло в парке мы сегодня поговорим. Ребята, вы должны были дома прочитать главу «Мраморный мальчик» из повести «Мэри Поппинс, до свидания!».
2) Чтение главы из сказочной повести «Мраморный мальчик».
3)просмотр фрагментов из фильма

**4. Закрепление нового материала**
*Вопросы:
- Куда собрались дети с Мэри Поппинс?
- Опишите это место.
- Что увидели дети на том берегу пруда ? Найдите описание статуи.
Кого увидели дети увидели в парке возле статуи? Прочитайте.
-Найдите в учебнике эпизод , где Нелей рассказывает про родителей.
-Найдите диалог Мэри Поппинс и Нелея.
-Найдите эпизод прощания Майкла и Джейн с мраморным Мальчиком.
-Докажите, что вы прочитали орывки из сказочной повести.
-Расскажите, как Нелей попал в парк
-Каково ваше отношение к Мраморному мальчику?
-Как вы думаете, что хотела сказать английская писательница П. Трэверс своей сказочной повестью?
-Дайте характеристику М. Поппинс. Как вы думаете, какая она: строгая или добрая? Почему?
-Какие чудеса совершили бы вы, если бы у вы были волшебниками?

**5.Физминутка** /под песню в фильме «Леди Совершенство»/

**6. Домашнее задание:**

**Алматы обл, Қарасай ауданы Тұрар ауылы «Ә.Байсалбаев атындағы орта мектеп**
**Мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ**
**Абильбаширова Рахат Мукановна. Бастауыш сынып мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы: Санды және әріпті өрнектер**
**Сабақтың мақсаты: Оқушыларға санды және әріпті өрнектерді ұғындыру.**
**Ойлау қабілеттерін дамыту. Шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. Ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.**
**Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ - жауап.**
**Сабақтың пәнаралық байланысы: ана тілі, бейнелеу**
**Сабақтың көрнекілігі: Ертегі сабақтың суреттері (орман, ағаш, үй, алма ағашы өзен, ақ әже)**
**Сабақтың түрі: Саяхат сабақ**
**Сабақтың жүріс: І Ұйымдастыру.**
**ІІ Өткен материалды тексеру. Сұрақ - жауап арқылы пысықтау.**
**ІІІ Жаңа сабақ**
1. Ертегіні баяндау.
Аулада балалар ойнап жүр еді. Бір кезде Раушан інісі Асанды жоғалтып алды.
- Оқушылар біз мына Раушанға көмектесеміз бе?
- Олай болса, оқушылар, Раушанға көмектесу үшін бүгін біз сабағымызды ерекше етіп өткізбекпіз. Бүгін сабақта әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында Раушанға көмектесеміз.
- Дайынбыз ба?
- Раушан алдымен алма ағашына кездеседі. Алма ағашының тапсырмасы:
Қызықты есептер орындау.
а) 5 алманың үшеуін,
Досың сұрап алды.
Айтшы, сонда нешеуі,
Өз қолыңда қалады? (2 - еуі)
ә) Табақта 5 алма,
Қолымда 4 алма,
Қосқанда барлығын
Болады неше алма? (9)
- Міне, оқушылар, біз алма ағашының тапсырмасын орындап, Раушанға алғашқы көмегімізді көрсеттік.
- Раушан өзенге кездесті. Өзеннің тапсырмасын орындау барысында, балықтарды өзенге жүздіріп жіберу керек.
- Олай болса, оқушылар, Раушанға көмектесеміз бе?
- Біз бүгінгі жаңа сабағымызбен танысып аламыз.
Дәптермен жұмыс.
15. 03.
Санды және әріпті өрнектер.
1 2 3 4 5 6 7 8 9
- Тақтаға бірнеше өрнектер көрсетіліп, 1, 2 - тапсырмалар талданады.
4+2;
2+а;
3 - 2;
9 - 5;
3 - а;
а+5;
- Санды өрнек пен әріпті өрнекті ажыратып көрсету. (түсіндіру)
Оқулықпен жұмыс
1 - балық. Оқулықтағы 3 - тапсырма.
Өрнектердің ішінен санды өрнектерді теріп жазып, өрнектердің мәнін табамыз.
5+4=9
9 - 4=5
3+7=10
2 - 2=0
9 - 6=3
2 - балық. әріпті өрнектерді теріп жазамыз.
4 - а
а - 4
7 - а
8 - а
а+4

3 - балық. 3, 4, 7 сандарын пайдаланып тура теңдік құру
3+4=7
4+3=7
7 - 3=4
7 - 4=3
Сергіту.
Раушан гүлдерге кездеседі. Гүлдерге жақындағанда қатты жел тұрып, гүлдер қозғалды. Жел басылып, гүл орнына келді.
- Өте жақсы, оқушылар, Раушанға жақсы көмектесіп, берілген тапсырмаларда орындап, інісін табамыз.

Раушан егістік алқабына кездесті.
Егістік алқаптың тапсырмасы: Мына төрт түліктің төлдерін менен аулақ айдап жіберуге көмектес. (қозы, құлын, бота)
1 - тапсырма:
4 жұмыртқа 4 минутта піседі, 1 жұмыртқа пісу үшін неше минут керек. (4 минут)
**IY Сабақты қорыту.**
**Y Мадақтау, бағалау.**

* * * * *

**Алматы обл, Қарасай ауданы Тұрар ауылы «Ә.Байсалбаев атындағы орта мектеп Мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ**
**Омарбеков Бағдат Сериккалиевич. Дене шынықтыру пән мұғалімі**

**Сабақ тақырыбы: Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы**
Өткізетін орны: спорт зал
Сабақтың мақсаты мен міндеттері:
- Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- Оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке, икемділікке, ептілікке тәрбиелеу;
- Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.
Құрал - жабдықтары: Ысқырғыш, секундомер, т. б.
Мазмұны Мөлшері Әдістемелік нұсқау
I. Дайындық бөлімі
Сапқа тұрғызу
- Түзел!
- Тік тұр!
- Саламатсыздар ма?!
Жүру жаттығулары:
- қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру,
- қол белде, өкшемен жүру;
- қол алда, жартылай отырып жүру;
- қол желкеде, толық отырып жүру.
Жүгіру жаттығулары:
- Қолды алға айналдырып, оң жағымен жылжу;
- Қолды артқа айналдырып, сол жағымен жылжу;
- Сол қол алда, артпен жүгіру;
- Қол белде, аяқты алға сермеп жүгіру;
- Қол желкеде, аяқты артқа сермеп жүгіру.
- Екі қолды алға созып, тізені жоғары көтеріп жүгіру.
- Екі қол артта, аяқты артқа лақтырып, қолға тигізе жүгіру.
- Екі қол жанда, аяқты жанға сермеп жүгіру.
- Сап бойынша жүру
- Тыныс алу жаттығулары.
Жалпы дамыту жаттығулары:
- Б. қ. қол белде, аяқ иық көлемінде, басымызды солға 4 рет, оңға 4 рет айналдырамыз;
- Б. қ. аяқ иық көлемінде, қол иықта, қолымызды алға 4 рет, артқа 4 рет айналдырамыз;
- Б. қ. аяқ иық көлемінде, сол қол белде, оң қол жоғарыда, 4 рет сол жаққа, 4 рет оң жаққа қисаямыз;
- Б. қ. аяқ иық көлемінде, қол тізеде, тіземізді ішке 4 рет, сыртқа 4 рет айналдырамыз; 15 мин.
Оқушыларды тексеру, дене киімін қарау.
Қолды бүкпей, толық айналдыру
Аяқты бүкпей орындау
Денені тік ұстау
Қолды бүкпей, толық қисаю
Көзді ашып, басымызды толық айналдыру.
Аяқты бүкпей толық қисаю.
**II. Негізгі бөлім Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы:**
**- Оқушыларды екіге бөліп спорт алаңын айналдыра жүгірту;**
**- «Сөреге!», «Дайындалыңдар!», «Жүгір!» командаларын түсіндіру және орындау;**
**- Кеудені дұрыс ұстап, қолдың дұрыс сілтеу және дұрыс тыныс алу жаттығуларын жасау;**
**- Қол мен аяқты айқастыра кең адымдап және қысқа адымдап жүгірту;**
**- Оқушыларды бір орыннан жүгірту**
**25 мин. Оқушылардың сөре сызығында дұрыс отыруын және сөреден шығуын қадағалау.**
**III. Қорытынды бөлім Сапқа тұрғызу**
**- Түзел! - Тік тұр! - Еркін тұрыңдар!**
**Үйге тапсырма беру;**
**Жүйелі түрде бағалау;**
**Оқушылармен қоштасу.**
**5 мин.**
**Оқушылардың сабақ барысында жіберген қателіктерін айтып, ескерту.**
**Үйге берілген жаттығулардың орындалуын қадағалау**

**Алматы обл, Қарасай ауданы Тұрар ауылы «Ә.Байсалбаев атындағы орта мектеп Мектепке дейінгі шағын орталықпен» КММ**
**Жексенова Райхан Дарибаевна. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы**: Ә.Тәжібаев «Толағай»
**Мақсаты:** Білімділік- әдеби ертегі туралы түсінік беру, «Толағай» әдеби ертегісінің мазмұны, негізгі идеясымен таныстыру.
Дамытушылық –оқушылардың тіл байлығын арттыру,сөздік қорын молайту, әдеби ертегіні халық ертегісінен ажырата білуге, өзіндік ойын дәлелдеуге, тұжырымдама жасауға үйрету.
Тәрбиелік- туған жерге, отанға деген патриоттық сезімдеріне әсер ету, сүйіспеншіліктерін арттыру, қайырымдылыққа, жанашырлыққа, рақымшылдыққа тәрбиелеу.
**Түрі.** Жаңа білімді меңгерту
**Әдіс-тәсілдер**: топтастыру, салыстыру, талдау, ойқорыту, т.б.
**Көрнекілігі**: интербелсенді тақта, слайд материалдары
**Пәнаралық байланыс**: география, қазақ тілі
Сабақтың өту барысы:
**І. Ұйымдастыру жұмыстары.**
**ІІ. Өткенді қайталау.**
**Әбділда Тәжібаевтың өміріне шолу.**
1. 1909 жылы 4 ақпанда Қызылорда қаласында дүниеге келген.
- 1998 жылы 23қыркүйекте 89 жасында дүниеден өткен.
- Ә.Тәжібаев – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші, Қазақстанның халық жазушысы, филология ғылымдарының докторы,, профессор.
- Республикалық «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде қызмет атқарған.
- «Толағай» әдеби ертегісін1978 жылы жазған.

**Әдеби ертегі туралы түсінік беру**.
Ертегі дегеніміз не? Ауыз әдебиетінде ертегінің неше түрі бар еді?
(сызбамен көрсету)
Қиял-ғажайып ертегі «Ер Төстік»
Шыншыл ертегі «Қырық өтірік»
Хайуанаттар туралы ертегі «Жеті лақ»
Әдеби ертегі Ә.Тәжібаев «Толағай»
Ертегілердің бір саласы – әдеби ертегілер. Әдеби ертегінің жазған авторы белгілі болғандықтан оны *әдеби ертегі* деп атайды. Мысалы Ә.Тәжібаевтың «Толағай» әдеби ертегісіне Толағай атты батыр бала туралы және оның атымен аталатын Толағай тауы туралы халық аңызы арқау болған.
**«Толағай» ертегісін сюжеттік суреттермен бірге интербелсенді тақтадан оқу.**
**Картадан көрсету**. «Толағай» әдеби ертегісіне арқау болған Толағай тауының орналасқан жерін картадан көрсету, «Толағай» тауы туралы аңызға тоқталу.
«Толағай» тауы – Көкпекті ауылынан солтүстікке қарай 12 шақырым жерде орналасқан жеке шоқы. Қалба тауының бір бөлігі, биіктігі шамамен 700 метрдей. Толағай тауынан бастау алған бұлақтар Шегелек өзеніне қосылады. Сыртқы келбетіне қарағанда табиғат ескерткіші тәрізді.Киіз үйге ұқсас. Аңызға сүйенетін болсақ, Тарбағатай тауының бір шатқалын көтеріп келе жатқан Толағай дәл осы тұсқа келіп, сол тауға бастырылып қалған екен. Сондықтан «Толағай» тау деп аталыпты. Бүгінде Көкпекті ауданында «Толағай сазы» халық аспаптар ансамблі, «Толағай тентектері» көңілді тапқырлар клубы республикамызға танымал екен.
-Балалар, «Толағай» есіміне қатысты қандай бағдарламаларды білесіңдер? («Толағай» отбасылық сайысы)
**«Толағай» әдеби ертегісінің сюжеттік жоспарын құру**.
1.Дүниеге «алып болар» баланың келуі.
2.Толағайдың ер жетуі.
3.Алғашқы ерлік.
4.Алыптың жан күйзелісі.
5.Тау көтерген Толағай
6. Ер есімі ел есінде
**Ертегінің тақырыбы**: Ерлік туралы
**Идеясы:** Елі үшін, Отаны үшін сондай ерлер туса екен деген тілек
**Ертегінің композициялық құрылымы: Басталуы**. Саржан мергеннің ұл балалы болуы.
**Дамуы.** Толағайдың ержетуі. **Шиеленісуі.** Халықтың күйзелуі, Толағайдың жан күйзелісі.
**Шарықтау шегі**. Толағайдың тауды көтеріп әкеліп жаңбыр жауғызуы.
**Шешімі.** Отаны үшін өлді бала.
**Толағайға мінездеме беру.** Топтастыру
**Венн диаграммасы**. Бұрынғы оқыған ертегінің кейіпкері Кендебай мен Толағайды салыстыру

| Кендебай | ортақ | Толағай |
|---|---|---|
| 1.Ай сайын емес, күн сайын, 6 күнде күліп, 60 күнде 6 жастағы бала болады.<br>2.Шыңыраудан атанды жалғыз өзі тартып шығады, көкжалды өлтіреді, айдаһарды, арыстанды жеңеді.<br>3.Таз, кедей балаға ат а-анасын тауып әкеледі. | Батыр,<br>ел қорғаны,<br>жанашыр,<br>мейірімді,<br>қайырымды,<br>алып бала. | 1.Толағай алып денелі, он баланы көтерсе қабырғасы қайыспайтын мықты болды.<br>2.Жолбарысты мысықтай көріп, ұршықтай иіреді, тауды жалғыз өзі көтереді.<br>3.Толағай еліне жаңбыр алып келіп, халқын аман алып қалады. |

**Қорытынды**. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деп жас ұрпаққа сенім артады.

1. Ендеше бүгінгі жастар қандай болуымыз керек?
2. Ел басына күн туса, халық күйзелсе, сен не істер едің?
3. Бүгінгі бейбіт замандағы Толағайларымыздың қатарын кімдермен толықтырар едіңдер?
4. Толағай сияқты елінің халықтың таудай үмітін арқалап, таудай іс атқарып жүрген, қазақстан атын әлемге паш ететін азамттар бар ма?

«Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.
Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді» деген мақал бүгінгі сабағымызға қорытынды болмақ. Еліміздің үміт артып отырған бүгінгі Толағайлары – сендерсіңдер, ендеше осы атымызға лайық болайық.

**Оқушыларды бағалау.**

**Үйге тапсырма.** 1.Мәтінде кездесетін салт-дәстүрлерді теріп жазу. *(Отыз күндік мереке, бата беру, ат қою)*

2. **Өлеңнен өздеріңе ұнаған сюжеттен үзінді жаттап, суретін салу.**

* * * * *

**Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы,**
**Ақшұқыр мектеп-лицейі, дене шынықтыпу пәні мұғалімі:**
**Урбисинов Нурлан Икласович**

**Сабақтын тақырыбы: Кіші ағашаттан секіру**

**Сабақтың мақсаты**

1. Білімділік : Алаңда ауысу тәсілдері: жүру, жүгіру, секірулер, Жаттығу ойыны.
2. Денсаулық сақтау : Шапшандық және жылдамдық,ептілік сапаларын дамыту.
3. Тәрбиелік: Сабақтағы барлық жүктемені дұрыс орындау. Бір-біріне көмек жасау. Тәртіпке тарту.

Спорт құралдары: Кішіағашат,секіртпе,ысқырық.

Өткізілетін күні: 18.12.2015 Сынып: 8 «а» сыныбы

Өткізілетін орны: Спорт алаңы Уақыты: 45 мин

| № | Жаттығулар | Уақыты | Әдістемелік нұсқаулар |
|---|---|---|---|
| 1 | **Кіріспе бөлімі** | **12-15** | |
| | Сапқа тұрғызу | **мин** | Спорт.киіміне назар аудару |
| | Рапорт тапсырткызу | 30 сек | |
| | Сабақтың мақсатын түсіндіру | 30 сек | |
| | Саптағы жаттығулар: | 30 сек | |
| | Оңға,солға, айналып бұрылу | 30 сек | Бір адамдай істеу |
| | Секіріп бұрылу | | |
| | Жүру: аяқтың ұшымен,өкшемен,аяқтың ішкі жағымен, | | Арқаны түзу ұстау |
| | сыртқы жағымен | 1 мин | |
| | Спорт.жүрісі | | Саптан шықпай бір қалпы жүгіру |
| | Жүгіру: | 30 сек | Спорт.залдың бір бұрышынан екінші |
| | | 30 сек | бұрышына дейін. |
| | Арнайы жүгіріс жаттығулар жасау. | | Қол жүгіргендей қимылдайды |
| | | 5 мин | Қол жүгіргендей қимылдайды |
| | Тізені көтеріп жүгіру | | Қол жүгіргендей қимылдайды |
| | Аяқты артқа лақтырып жүгіру | 2 рет | Ойыншының тұрысы |
| | Түзу аяқты алға көтеріп жүгіру | 2 рет | |
| | Оң жағымен жүгіру | 2 рет | Қол жүгіргендей қимылдайды |
| | Сол жағымен жүгіру | 2 рет | |
| | Бұғы жүгіріс | 2 рет | Сол иықтан алға қарау |
| | Сол, оң аяқпен биікке секіріп алға қозғалу | 2 рет | Қол жүгіргендей қимылдайды |
| | Теріс қарап жүгіру | 2 рет | |
| | Жылдам жүгіру | 2 рет | |
| | | 2 рет | |
| 2 | **Негізгі бөлім**<br>Сыныпты кубок арқылы екі топқа бөлінеді. 1 ші топты домалау әдістерін уйренеді. 2 ші топ ұзын үстел үстінен қос аяқпен секіру жаттығуларын жасайды. Жаттығуларын жасап болғаннан кейін 2 топ орындарын ауыстырады.<br>Жаттығуларды жасап болғаннан кейін сабағымызға кірісеміз. Кішіағашаттан секіру әдістерін көрсетіледі. 1 әдісі ат үстіне тіземен шығу. 2 әдіс ат үстіне қос аяқпен шығу. 3 ат үстінен секіру. Жаттығулардың соңында екі қолды екі жаққа созып иегін жоғары көтеріп 2 секунд тұрады да жаттығуларын аяқтайды. Барлық жаттығуларды аяқтағаннан кейін спорт залды айналып тыныс алу жаттығуларын жасайды. | **25 мин** | Қимылдармен көрсету.<br>Дұрыс көрсету , қателіктерін түзету. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Көшбасшыны оқушылардың өздері таңдап алады. |
| 3 | **Қорытынды бөлімі**<br>1. Сапқа тұрғызу<br>2. Қорытынды жасау, доптың көлемі арқылы бағалау.<br>3.Кері байланыс. Ет тартқыш,чемодан,Қоқыс шелегі әдісі.<br>4. Үйге тапсырма | **5 мин** | Үйге тапсырма беру. |

**Сабақ кезінде**




* * * * *

**Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы,**
**Ақшұқыр мектеп-лицейі, дене шынықтыру пәні мұғалімі:**
**Саубетова Лайла Оракжанова**

**Тақырыбы:** Мен және жетекшім
**Мақсаты:** Мұғалімдер мен оқушылардың бойындағы спортқа деген қызығушылығы мен білімін арттыру. Ойыншылардың денсаулығын нығайту, қимыл қозғалысын мәдениетін қалыптастыру.
**Түрі:** Топтық жарыс **Өтетін орны:** Спорт залы
**Өткізілген уақыты:**
**Керекті құралдар:** доптар, кедергілер, сөз жұмбақтар, сұрақтар, орамал, орындықтар, түрлі-түсті шариктер, стакандар т.б.

Қуаныш кеудемізді керней берсей берсін,
Құлашын болашаққа сермей берсін.
Тек алға, жаса,жаса Қазақстан
Тұғыры Тәуелсіздік өрлей берсін.

Армысыздар қадірлі ұстаздар, оқушылар және жарысқа қатысушы топтар! Бүгінгі Тәуелсіздік күніне орай өткізілгелі отырған, 7 сынып оқушыларымен сынып жетекшілер аралығында «Мен және жетекшім» атты спорттық жарысқа қош келдіңіздер!
Халқымыз байырғы заманнан бала тәрбиесіне баса назар аударған. Ұрпақтарын болашағына балаған, салауатты өмір салтын ұстану осы іс-шараның алғашқы баспалдағы. Сондықтан еңкейген кәріден, еңбектеген балаға дейін салауатты өмір сүруге талпынып, соған қоғам да, мекемелермен мектептер де жағдай жасап, денсаулықты нығайтуға ат салысу керек.

Жарыс заңы ежелден,
Жеңімпазды анықтау.
Жеңімпаз болу шарты сол
Еңбектену жалықпау.
Біреу озса жарыста,
Біреуі артта қалады

Жеңілгендер ренжіме
Тараса бізге жарады.
Сабырлы да салмақты,
Білімді де өнерлі,
Білекті де жүректі
Топтарды шақырып

Оларға жеңіс тілейік, - дей отырып ортаға топтарымызды шақырамыз. Қарсы алыңыздар!
I топ – 7 «А» сыныбы
II топ – 7 «Ә» сыныбы
III топ – 7 «Б» сыныбы
IY топ – 7 «В» сыныбы

Ойынды бастамас бұрын әділ баға беріп, жарыстың жеңімпазын анықтайтын әділ қазылар алқасымен таныс болайық.
Ал, құрметті халайық!
Жарысты енді көріңдер.
Әділ қазы алқасы
Әділ баға беріңдер.

Олай болса жарыстың шарттарымен таныс болайық.
- Таныстыру
- Мергендер
- Соқыр теке
- Тенис
- Түрлі-түсті шариктер
- Сөз жұмбақ

- Нысана
- Пирамида құру

**«Таныстыру»** Әр топ жеке-жеке өздерінің топ аттарымен, ұрандарымен, төсбелгісімен таныстыру.
**«Мергендер»** Кедергілер арқылы баскетбол добын жерге соғып, белгілі жерге дейін барып, себетке допты лақтыру.
**«Соқыр теке»** Ойыншыдың көздері байланып, белгілі жерге қойылған допты тауып алып, орындыққа барып отыру керек. Қай топ допты бірінші тауып, орындыққа бірінші отырса – 5 ұпай,екінші отырса – 4 ұпай, үшінші отырса – 3 ұпай, төртінші отырса – 2 ұпай.
**«Тенис»** Кедергілер арқылы ракеткамен тенис шаригін секіртіп алып жүру.
**«Түрлі-түсті шариктер»** Жерде жаткан түрлі-түсті шариктерді өз түстеріне байланысты 1 минут ішінде теріп үлгеруі керек. Терген шариктеріне байланысты ұпай саны қойылады.
**«Сөз жұмбақ»** Әрбір топ «Салауатты өмір салтына» байланысты сөз жұмбақтар шешу.
**«Нысана»** Әрбір топтың алдына үш шардан іліп, оны бір-бірден ойыншыларға дротик арқылы жарғызу.
**«Байтерек құрастыру»** Әр топтан топ басшысын шығарып, стакандардан байтерек тұрғызу.
**Қорытындылау.**

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула , желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріңдей ер намысты жас өркені бар елдің.
Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы.

– дей отырып, жарысымызды осымен аяқтап, сөз кезегін әділ қазылар алқасына береміз.
( Жеңімпаздарды анықтап, марапаттау)

**Жарыс кезіндегі суреттер**





* * * * *

**Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы Ақшұқыр мектеп-лицейі**
**Бастауыш сынып мұғалімі Шуренова Гульмира Дандибаевна**

**Сабақтың тақырыбы:** «Маңғыстау-татулық пен бірліктің отаны»
**Сабақтың мақсаты**: Алғашқы білім күні сабағының әрбір оқушы үшін маңыздылығын меңгерту. Қазақ елінің болашағы үшін білімді азамат болуына үндеу тастау. Маңғыстау өлкесі туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін арттыру; Барлық Қазақстандықтар үшін Маңғыстау байлығын бағалай білуге баулу.
**Көрнекілігі:** карта, сызба, суреттер.
**Әдісі**: түсіндіру, сұрақ-жауап, шығармашылық, іздену.
**Түрі:** аралас сабақ
**Сабақ барысы**: І. Ұйымдастыру кезеңі
Әрбір адам-туысым, досым, жұрағат,
Әрбір сабақ-үйрену, ұғу, ұлағат.
Әрбір ісім-тірлік, тірек, адамдық,
Әрбір сөзім-шындық, бірлік, адалдық.
**ІІ. Алтын ұям мектебім**
**Келдім сені сағына**
**Құй нұрыңды жаныма**
(сурет бойынша жұмыс)
Тірек білім. «Кім тапқыр?» ойыны. Жұмбақ шешу:
Қалмайды бір-бірінен тағы озбайды,
Аяғын көз ілеспес ол қозғайды.
Үстіне не салсаңда тиеп алып,
Қара інген ботасы жоқ құр боздайды. (паравоз)
Ақ сұңқар құсым ағып келеді,
Дауысы жерді жарып келеді
Жолына бояу жағып келеді. (ұшақ)

**Ой тастау. Ситуациялық сұрақтар:**

- Балалар қалай ойлайсыңдар паравоз, ұшақ немен жүреді?
- Бензин неден пайда болатынын, кім біледі?
- Отынның қандай түрлерін білесіңдер? (Оқушылардың ойын тыңдау)

**III. Жаңа сабақ.** Олай болса балалар біз бүгінгі сабағымызды мұнайдың мол қорын беріп отырған өзіміздің Маңғыстау түбегі туралы айтамыз. Ол үшін Маңғыстаудағы атаулы орындарға саяхат жасаймыз. Әр мекеннің сендерге берер қызығы бар. Оларды айтып біз өз туған жеріміздің құндылығы туралы толығырақ білетін боламыз.

9 **Ақтау қаласы.** Ақтау-Маңғыстау облысының әкімшілік орталығы. Облыстың солтүстік батыс мен батысын Каспий теңізі жиектеп жатыр. Каспий –қазақ елінің кең дүниеге ашылған қақпасы. Ол арқылы Иран, Әзірбайжан, Түркменстан және ресеймен байланыс жасалады. Жылына Ақтау порты арқылы 1 млн. Тоннадан астам мұнай тасымалданады.

10 **Бекет Ата.** Маңғыстау- әулиелі мекен, киелі дала, ғажайыптар өлкесі, 360 әулие мекені. Оның ерекшелігі табиғат тылсымдарының құпиялылығында, қайталанбастығында. Тарыққанға дем, қысылғанға жар болған қасиетті Бекет Ата рухы Оғыланды тауында.

11 **Үстірт қорығы.** Үстірт қорығы (1984ж) Маңғыстау өңіріндегі Үстірттің шөлді табиғатын қорғау мақсатында құрылған. Үстірт қорығы көлемі жағынан үлкен шөлді аймақты қамтиды. Бұл қорықта «Қызыл кітапқа» енген жануарлардың 8 түрі бар.

12 **Каспий теңізі.** Каспий теңізінің жалпы ауданы 390 мың км. Оның беті мұхит деңгейінен 27 м төмен жатыр. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 км-ге созыла орналасқан. Теңіздің ендірек жері-435 км, ал енсіз жері-193 км. Теңізінің жағалау сызығының ұзындығы-7000 км. Оның су 5 мемлекеттің жағалауын шайып жатыр. Қазақстан үлесіне -29%/2340км/, Ресейге-16%, Әзірбайджанға -20%, Түркменстанға-21%, Иран Ислам Республикасына-14% тиеді. Теңіз жағалауындағы біздің Ақтау қаламызда көптеген көптеген ұлт өкілдері тұрады. Жыл сайын қаламызда көптеген ұлт өкілдері тұрады. Жыл сайын қаламызда «Каспий –достық теңізі» фестивалі өткізіледі. Татулығы жарасқан қаламыз әлі де көркейе түсуде.

13 **Сергіту.** «Кім көп біледі?» ойыны. Мақалдардың жалғасын табу.

Ер елімен жақсы,.....

(Жер кенімен жақсы)

Ұлтарақтай болса да,...

(Кіндік кескен жер артық)

Тау бұлағымен сәнді,...

(Жер құрағымен сәнді)

**IV. Сыр сандық...........**

7 Маңғыстау облысындағы қалалар. (Ақтау, Жаңаөзен, Форт-Шевченко)

8 Облыс қай жылы құрылды? (1973 жылы 20 наурыз, 1988 жылы 2 маусымда қайта құрылды)

9 Облысымыздағы терең ойпат. (ТМД-дағы ең терең ойпат-132м Қарақия ойпаты)

**V. Қорытынды кезеңі.** Сонымен балалар, біз бүгінгі сабақта саяхатқа шығып өз қаламызға қайтыпоралдық. Сабағымыз сендерге ұнады ма?Не туралы білдік?

**VI. Хор. «Ұшады Маңғыстаудан шағалалар» əні.**

* * * * *

**Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр ауылы,**
**Ақшұқыр мектеп-лицейі, бастауыш сынып мұғалімі:**
**Шәміл Ақерке Саясиқызы**




| Пәннің аты<br>дүниетану | Уақыты:<br>17.02.15 | Кабинет:<br>№207 | Мұғалім<br>Шәмбіл Ақерке |
|---|---|---|---|
| Сабақтың атауы | Өсімдікке ауа жылу және топырақ керек | | |
| Мақсаты | 1. Білімділігі: Өсімдіктердің сыртқы орта жағдайларына бейімділігі туралы ұғымдарын пысықтау, тіршілік етуі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>2. Тәрбиелілігі: Өсімдіктер әлеміне деген оқушылардың сүйіспеншіліктерін ояту. Өсімдіктерді қорғай білуге баулу.<br>3. Дамытушылығы: Оқушылардың ойлау дағдысын қалыптастыру, жүйелі сөйлеуге үйрету.<br>Түрі: Жарыс сабағы<br>Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, топтау әдісі, топпен жұмыс.<br>Көрнекілігі: суреттер, тірек-схемалар, бүктеме, сызбалар. | | |
| Күтілетін нәтиже | | | |
| Психологиялық ахуал | Психологиялық дайындық<br>Біз балдырған баламыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Дүниені аралап,<br>Оқып білім аламыз. | | Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. |
| Қызығушылықты ояту | Мұғалім түсіндірмесі:<br>Өсімдік-тірі ағза.<br>Өсімдіктер<br><br>Ағаш<br>Шөп<br>Бұта | | Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары ояныпы,ерекше ынтамен кіріседі. |

| | | |
|---|---|---|
| | - Олар кез келген тіршілік иесі сияқты белгілі бір уақыт мөлшерінде тіршілік етеді. Кейбір өсімдіктер бірнеше ай, енді біреулері ұзақ уақыт тіршілік етеді.<br><br>Өсімдіктер<br>Бір жылдық<br>Көп жылдық<br>Екі жылдық<br>Көкөністер<br>ағаштар<br>сәбіз<br>орамжапырақ | |
| Мағынаны тану | Оқулықпен жұмыс<br>Өсімдікке ауа,жарық,жылу керек екенін дәлелдеу.<br>Сұрақтарға жауап беру | |
| Сергіту сәті | Орманда кірпі келеді,<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>Кездесті, міне, керегі:<br>Екеуі қайың астынан.<br>Біреуі терек қасынан.<br>Қанша олар болмақ есепте,<br>Тоқылған салса себетке? | Ой сергітеді,шашағандары басылады |
| Ой толғаныс | Шығармашылық тапсырма<br>Үнтаспадан пияз туралы соңғы жаңалықтарды тыңдау.<br>Пияз-көп жылдық, шөптекті өсімдік. Ол тікелей тамырынан өсіп шығады. Гүл сабағының іші қуыс, гүлдері майда, ақшыл, шар тәрізденіп сабақтың ұшында шоғырланып тұрады. Иісі өткір, дәмі ащы. Шілде - тамыз айларында гүлдейді. Бұл өте кең тараған бақша өсімдігі. Құрамында азотты заттар, қант, минералды тұздар, С, В дәрумендері бар.<br>Халық медицинасында пиязды тамаққа тәбет ашатын, ішек құрттарын түсіретін, құрқұлаққа қарсы әсер ететін, қақырық түсіретін дәрі ретінде қолданады. Пияз асқазан бездерінің жұмысын жақсартады. Жас пияздың сығып алынған сөлін ауыз уылғанда пайдаланады. Сонымен қатар тұмау ауруының бірден-бір емі болып табылады.<br><br>Х. Жаңа сабақты бекіту Постер<br>Тақтадағы суреттерді сәйкестендіреді.<br>Күнбағыс, бұрыш, бидай - бір жылдық өсімдіктер.<br>Бақбақ, итмұрын, үйеңкі - көп жылдық өсімдіктер.<br>- Шырша көп жылдық өсімдіктердің қатарына жатады екен. Іле Алатауының теріскей беткейінде 1, 5-2, 5 мың метр биіктікте қалың болып өседі.<br>Басқа жерлерде сирек кездеседі. Орынсыз пайдаланғаннан жойылып кету қаупі бар. | |
| Үйге тапсырма | Мазмұндау | Күнделіктеріне жазып беремін |
| Бағалау | <u>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</u> | Бағалау парақшасын толтырады. |

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы Д. Нұрпейісова атындағы жалпы орта мектебінің бейнелеу және сызу пәнінің мұғалімі**
**Адаева Лаззат Танирбергеновна**

Сабақтың тақырыбы: Су астындағы тамаша әлем.
Сабақтың мақсаты:
а)білімділігі: Сурет салудың әдіс-тәсілдерін меңгеру, нәтижелі жұмыс жасауын ұйымдастыру, өнерге деген қызығушылығын арттыру.
ә)дамытушылық: Эстетикалық көзқараспен қалыптастыру, есте сақтау, көру, ойлау қабілеттерін арттыру. Ой өрісін дамыту.
б)тәрбиелік: Мақсатына жетуге ұмтылдыру, ұқыптылыққа, іздемпаздыққа, өздігінен жұмыс істеуге, табиғатты аялауға, суды қорғауға тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: аралас сабақ.
Көрнекілігі: Көрнекілік суреттер, бейнабаян.
Құрал-жабдықтар: сурет дәптері, жай қалам, өшіргіш, әр түрлі бояу түрлері, тсо.
Сабақтың барысы:
І.Ұйымдастыру кезеңі.
Психологиялық дайындық.
Біздер жақсы баламыз,
Өсті ақыл санамыз.
Қонақтармен ең алғащ,
Амандасып аламыз,
Жарқырасын күніміз
Жайнап тұрсын гүліміз
Жақсы ниет тілекпен

Бастайық сабақ бүгін біз.
- Түгелдеу.

II Үй тапсырмасы.
Өткен сабағымызды еске түсіріп қайталап шығамыз.
«Шығыс ертегілері» Өздері жақсы көретін ертегі мазмұнына иллюстрациялық сурет салу еді.Өздерінің жұмыстарын қорғау.
III Өтілгенді бекіту:
Сұрақ-жауап арқылы бекітемін.Портрет, натюрморт салдық осылардан ертегіні иллюстрациялардың қандай айырмашылығы бар екен?
IV Жаңа сабақ
«Су асты тамаша әлем» тақырыбында балықтар суретін салу.
Жұмбақ:
1.Сулы жерді мекендейді
Құрлықта да секеңдеп,
Шыбын-шіркей аңдиды,
Жемге қашан жетем деп. (бақа)
2.Жаны қара тақтайды,
Бауыры аппақ мақтады.
Мекендейді мұзқарды,
Сүйеді тек ызғарды.
Бұлғаңдайды,қашпайды,
Асықпайды,саспайды.
Мұз үстінде билейді,
Бірақ белін имейді. (пингвин)
3.Жылға қуып ағады,
Ағып көлге барады.
Ішсең шөлің қанады,
Шешуін кім табады?(бұлақ)
4.Құйрығы жерге тимейді
Жотасы күнге күймейді.(балық)
Су асты әлемі сондай тамаша және өзгеше! Алуан түрлі балықтар, әдемі маржан тастар, ерекше ұлу қабыршақтары қандай! Теңіз астында тағы қандай ғажайып нәрселер бар екен?! Теңізді мекендейтін жәндіктердің, балықтардың суреттерін қарап шығайық. (Бейнебаян тамашалау)
«Балық аулау» ойыны.
14 Сендер қандай балық түрлерін білесіңдер?
15 Теңізде балықтардан басқа тағы қандай жәндіктер мекендейді?
16 Аквариумдағы балықтарға немесе қызыл кітапқа енген балықтарға қандай қамқорлық көрсетеміз?
17 Балықтардың қандай дене мүшелері бар?
18 Ал түстері қандай болады?
Ал балалар, барлығын анықтадық, көрдік енді сурет салуға кірісейік.
Сергіту.
V. Өтілгенді пысықтау.
«Ойлан тап» ойыны
Ребус шешейік.

” ” ” ”’







| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Б | А | Л | Ы | Қ |

VI.Сабақты қорыту. Салған суреттерінен көрме ұйымдастырамыз
VII.Бағалау
VIII.Үйге тапсырма:
Суретті аяқтау, әсемдеу.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Дина Нұрпейісова атындағы**
**№116 жалпы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ботабекова Еркинай Исрайловна**

**Сабақтың тақырыбы: look at me. Маған қараңыз!**
Сабақтың мақсаты: Оқушылардың монологтік және диалогтік сөйленімін қалыптастыру, тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді енгізу, үйренген сөздерді жағдаятта қолдану, тыңдау дағдыларын дамыту, тақырыптық сөздік бойынша орфографиялық дағдысын қалыптастыру. Ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын ояту.
Көрнекілік: суреттер, таратпа материалдар, оқулық, жұмыс дәптері, ноутбук.
**Пән аралық байланыс:** дүниетану
**Сабақтың барысы:**
I. Ұйымдастыру кезеңі. Warming up.
- Good morning/afternoon, children!
- Good morning/afternoon, teacher!
- How are you, Nargiz?
- I'm fine, thank you.
- Who is on duty today?
- Who is absent?
II. Сабақтың мақсаты мен тақырыбын хабарлау.
- Балалар, бүгінгі сабақта біз адамның сыртқы келбеті туралы әңгімені жалғастырамыз және өзіміз бен достарымыздың келбетін сипаттауға үйренеміз.
III. Тірек білімді белсендіру
"Flash words" дидактикалық ойыны
Мақсаты: бұрын үйренген лексиканы бекіту
**Фонетикалық жаттығу** Егер оқушылар мұғалімнің айтқан сөздерінде ai дыбысын естісе, 2 рет алақандарымен шапалақ соғуы тиіс, ал егер бұл дыбыс болмаса, онда оқушылар мұғалімнің сөздерін елемейді
My, hit, bye, sell, eye, sky, hi, fine.
IV. Жаңа сабақ. Pupils, look at the board. Our new theme is "Look at me".
Ex. 1 Listen and learn the new words. Blonde. Red. black. long. Short. Red hair - жирен шаш.
Оқулықпен жұмыс 2 – жаттығу Describe yourself and your classmate. Have/ has
3 – жаттығу Listen. Read. Guess. Track 21.
4 – жаттығу Describe the characters.
Жұптық жұмыс. 5 – жаттығу Сипаттама бойынша өз сыныптасыңды тап.
Сергіту сәті.
- Let's relax.
Stand up, hands up,
Turn around, close your eyes,
Touch your nose,
Hands down and sit down.
Жұмыс дәптермен жұмыс. Ex. 1 read and match Track 20
Ex. 2 read and draw
Ex. 3 read and colour
Ex. 4 write have or has
IV. Сабақты қорытындылау
V. Үй тапсырма беру
VI. Бағалау

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының**
**қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Юнусметова Севара Назарбековн**а

**Сабақтың тақырыбы:** Эпостық батырлар және оның ғашықтары
**Сабақтың мақсаты:** Өнердегі көркемдік бейнелерді айқындау.
**Білімділік:** Жыр, күй, сурет өнеріндегі батырлардың көркемдік образдары жайлы әңгімелеу.
**Дамытушылық:** Электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін **дамыту;** ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру; ой - өрісін кеңейту. Дәулеткерейдің «Көрұғлы» және халық күйі «Қарасай» күйлерін тыңдата отырып, ерекшелігін табу. Ән айту дағдысын қалыптастыру.
**Тәрбиелік:** Қазақ батырларының ерлігін жырлау арқылы, ерліктерін қастерлеуге баулу. Қазақтың тарихи тұлғаларын біліп, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Сабақ түрі:** Жаңа сабақ
**Әдісі:** Ой қозғау, баяндау, психологиялық тренинг, тірек - сызба, сұрақ - жауап, сергіту сәті жалғасын тап, ойлан тап.
Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты слайдтар, суретшілердің туындылары,
**Пәнаралық байланыс:** Әдебиет, бейнелеу.
**Сабақ барысы:**
I. Қызығушылығын ояту.
1. Әндетіп амандасу.
2. Психологиялық тренинг.
- Әрбір адам? Досым, сыныптасым
- Әрбір сабақ? Үйрену, оқу, іздену.
- Әрбір ісің? Тірлік, тірек, адамдық
- Әрбір сөзің? Шындық, бірлік, адалдық

3. Ой қозғау стратегиясы.
- Балалар, қазақ халқының даңқын қандай батырлар шығарды?
- Қандай ерлік, Отан туралы мақал – мәтелдер білесіңдер?
Сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстыру
2. Ой шақыру. «Қазақ батырлары» тірек - сызба арқылы жұмыс
II. Мағынаны тану. Баяндау әдісі.
1. Өнердегі қазақ батырларының көркемдік бейнесі. (Қазақ батырлары туралы видеофильмнен үзінді көрсету)
Қазақ батырлары Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Көрұғлы, Қарасай сынды қазақ батырларының есімдері ғасырлар бойы ұлттың мақтанышы болып ел есінде сақталуда. Неліктен дейсің ғой?! Қазақ батырлары мыңдаған жылдар бойы ұлан - байтақ туған ата мекенімізді жаудан қорғап, халықтың жауынгерлік рухын асқақтатты Батырлардың ерлігін мадақтап жырлаған қазақ жыраулары болды. Қазақ жыраулары батырлармен бірге жауға аттанып олардың рухын көтеріп жыр айтты. Батырлардың ерлігін баяндау қазақ өнерінің барлық саласынан көрініс тапты. Дегенмен, музыка және сурет өнерінде батырлар бейнесін сомдауда өзіндік ерекшелігімен дараланды.
Күйші өзінің күйіне батырдың бүкіл болмыс - бітімін 2 - 3 минуттан тұратын шығармасына сыйғыза білді. Ал, суретшілер болса өзінің бір ғана суретінде батырдың ер жүрек келбетін бейнелей алды. Бұл өнер түрлері бір ғана көркемдік бейнені сомдай отыра, әр түрлі қырынан аша түсті.
2. Музыка тыңдау.
Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін «Мұрагер» фольклорлық ансамбілінің орындауында тыңдап көрелік!
Дәулеткерей «Көрұғлы» атты күйінде батырдың өжет әрі қайсар мінезін бейнелегендей әсер қалдырады. Күйді тыңдай отыра ер жүрек батырдың рухын, намысы мен жігерін көруге болады.
3. Музыка тыңдау.
Енді халық күйі «Қарасай» күйін тыңдайық.
Ал, «Қарасай» күйін тыңдағанда қан майдандағы ұлы шайқас көз алдыңа келгендей әсерде боласың. Күйде батырдың өзі емес, оның жаумен күресі көбірек бейнеленген. Бұл шығарма шайқас үстіндегі талас - тартыс, біріне – бірі беріспей жатқан күрес, аттың дүбірі мен қиян - кескі қырғын жанталас сияқты көңіл - күйді білдіреді.
4. Біліп ал!.
Евгений Сидоркин (1930 - 1982) — график - суретші. Қазақстанның халық суретшісі атағына ие болған. Суретшінің басты бағыты литография және линогравюра. Е. Сидоркиннің көптеген жұмыстары кітаптарды суретпен безендіруге арналған. Суреттерінің тақырыбы: «Қазақ халық ертегілері», «Көңілді алдампаздар», «Қазақ эпосы», «Қазақ халық ойындары», «Сәкен Сейфуллинді оқығанда», «Абай жолы» т. б.
Е. Сидоркиннің жұмысы қазақ халқының арасында кеңінен танымал болды. Себебі, Сидоркин еңбектері ұлттық нақышқа толы. Е. Сидоркиннің гравюралары техника жағынан қазақ текеметтері мен сырмақтарында пайдаланатын ақ және қара түстерді қолдануымен ерекшеленеді. Е. Сидоркиннің көптеген суреттері Мәскеу, Лейпциг, Краков, Венеция, Будапешт сынды қалалардағы халықаралық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болған.
5. Түсініп ал!
- Графика – тушьпен немесе қарындашпен салған сурет өнерінің түрі. Суретті салуда 1 немесе 2 ғана түсті қолданады.
- Гравюра – графиканың бір түрі. Сурет кескінін ағаш, линолиум, тас немесе металдан ойып оны қағазға басып салу арқылы жасалатын сурет түрі.
- Литография – үгітілмелі жұмсаз тасқа сурет кескінін қашап салып, қағазға басып шығаратын сурет түрі.
- Линогравюра – линолиумде сурет кескінін ойып, қағазға басып шығаратын сурет түрі.
6. Галереяға саяхат.
Суретші Сидоркиннің «Батыр» «Жекпе - жек» т. б. шығармаларымен таныстыру.
Батырлар бейнесі Евгений Сидоркиннің шығармашылығында кеңінен орын алған. Суретші эпостық жырлардағы батырлардың бейнесін сомдайды. Е. Сидоркин өзінің суреттерінде батырлардың жаумен щайқасып, аттың шабысы, үркіп ұшқан құстарды бейнелей келе, асқан жауынгерлік рухты көрсете білді. Барлық образдар қимыл үстінде болғанымен, бір сәтке тына қалғандай әсер қалдырады. Суретшінің мұндай нәтижеге жетуі оның гравюра техникасын шеберлікпен қолдана білуінде. Ең басты гравюрада батырдың образы сомдалады. Суретші батырлар мен жауынгерлердің шайқас алдындағы көңіл - күйі мен ішкі жан тебіренісін, оның қимыл - қозғалысын бейнелеуге талпынады.
Күйді тыңдасаң да, суретті көріп тамашаласаң да нақты бір көркемдік бейнені көресің. Күйде аттың шабысын көбірек тыңдасаң, суретте жауға қарсы құстай ұшуға даяр тұрған сақадай сай сәйгүлік аттарды көресің. Иә, қазақ батырларының бейнесін сомдаған музыка және суреттегі қимыл - қозғалыс бір сәтке тына қалып, өткен мен бүгінді жалғастырар мәңгілік ескерткіш іспетті болмақ!
**IV. Сергіту сәті. Жалғасын тап!**
Мақал - мәтелдің жалғасын табу.
Батыр бір рет өледі.....
Қорқақ мың рет өледі.
Батыр туса – ел ырысы....
Жаңбыр жауса – жер ырысы.
Шешен сөз бастар....
Батыр қол бастар.
Батыр майданда шынығады.....
Болат қайнауда шынығады.
Ойлан тап!
- Аттардың иесін табу
7. Дауыс жаттығулары
8. Ән айту. С. Сейфуллин «Тау ішінде» әнін үйренуді әрі қарай жалғастыру.
- Әнді хормен үйрету.
- Әнді топқа бөліп айтқызу.
- Кейін жеке оқушыларға орындату.

- Әнді аспаппен үйреніп болған соң минусовкамен орындатамын.
**ІІІ Ой толғаныс. Сабақты бекіту**
**Сұрақтар:**
1. Таңбалы тастардағы суреттерді графика түріне жатқызуға бола ма?
2. Күйші батырлар бейнесін өз шығармаларында қалай бейнелейді?
3. Бауыржан, Әлия, Мәншүк сынды ұлдарымыз бен қыздарымызды батырлар деп айта аламыз ба?. Ия, оларға Кеңес Одағының батыры деген атақ берілген.
4. Қазіргі заманда осындай батырлар бар ма?
**IY Бағалау.** Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығына, белсенділігіне қарай мадақтай отырып аттың тағасымен бағалау. Алтын таға - 5, күміс таға - 4
Үйге тапсырма:

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының инфарматика пәні мұғалімі Анаров Бахтиёр Абдилакимович**

**Сабақтың тақырыбы**: Практикум. Аралас құжаттар құру.
**Мақсаттары:**
- оқушылардың мәтіндік және графикалық ақпРЯЧсаратты өңдеу тақырыбы бойынша алған білімдерін пысықтай отырып, «Алтын сақа» ойынын ұйымдастыру және пәнге деген қызығушылықтарынарттыру;
- білімдерін, ой-өрістерін дамыту және халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге баулу;
- білімді, қоғамшыл, арманшыл ұрпақ тәрбиелеу.
**Сабақта қолданылатын материалдар**: асықтар, түрлі-түсті конвертер, қоржын, презентация.
**Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру кезеңі.**
- Құрметті оқушылар. Бүгінгі сабақта «Алтын сақа» ойынын ойнап, практикумның тапсырмаларын орындаймыз. Қазақстанның болашағы сіздерсіз – жауапты да жігерлі, білімді, ата-бабамыздың салт-дәстүрін сақтайтын ұрпақ.Еліміздің патриоты болу үшін білімдеріңді кеңейту мақсатында «Алтын сақа» ойынын ойнайық.
Ойыншыларды анықтау үшін 10 сұрақ беріледі. Кім толық және көп ұпай жинайды сол оқушылар ойынға қатысады. (Немесе сыныпты төрт топқа бөлуге болады).
**І кезең. «Табалдырық» .**
1. Суретті мәтінге қосу тәсілдерін атаңдар.
2. Абзацты пішімдеу негізгі параметрлері қандай?
3. Сызғыш не үшін керек?
4. Палитра дегеніміз не?
5. Суреттің фрагментін қалай бұрамыз?
6. Пиксель дегеніміз не?
7. Қандай графикалық редакторларды білесіңдер?
8. Мәтіндермен жұмыс істеуге арналған қандай программаларды білесіңдер?
9.Мәтін элементтерін атаңдар.
10. Мәтін бойынша жылжу пернелерін атап беріңдер.
**ІІ кезең. «Әудемжер» .** 4 конвертте бір-бір сұрақ жасырылған. Ойыншылар асық иіріп, өз кезектерін анықтайды: алшы -1,тәйке-2, шік -3,бүк -4.
- Ойынға қатысушылары анықталды. Олар асық түрлерін таңдайды. (қызыл,көк,жасыл,ақ)
- Осы түстер туралы не білесіңдер?
- Асық ойындарын атаңдар. (Қосымша мәлімет мұғалім береді, презентация слайдтарын көрсету).
Сұрақтар:
1.Мәтіндік редакторында түзеудің қандай түрлерін білесіңдер?
2. Табуляция не үшін керек?
3. Тізімнің қандай түрлерін білесіңдер?
4. Мәтіндік және графикалық редакторлар өзара ақпаратпен қалай алмаса алады?
**ІІІ кезең. «Беласар».**
-Бұл кезеңде сіздер 22-наурыз мерекесіне ашықхат әзірлейсіздер. Мәтіндік редакторда құттықтау немесе өлең жолдарын теру және оған Painta салынған графикалық бейне қою керек.
1. Анаға арналған ашықхат.
2. Мұғалімге ашықхат.
3. Әжеге ашықхат.
4. Құрбы қызға арналған ашықхат.
Қосымша сұрақтар: Наурыз мейрамында қандай асық ойындары ойнатылады?
Асық ойынын бір түрін оқушыларға көрсетіңдер.
**IV кезең. «Жерұйық».**
- Оқушылар үйде дайындап әкелген жұмыстарын қорғайды. Ребус, кроссворд.
**V кезең. «Алтын көмбе»**.
- Бұл кезеңде оқушылардың білімдерін тексеру үшін тест өткіземіз.
**ІІ. Сабақты қорытындылау**. Жеңімпаздарды анықтау. Бағалау. Марапаттау.
**ІІІ. Үй тапсырмасы**

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының физика пәні мұғалімі Артиков Зафаржан Махаммаджанович**

**Күш және масса**
**11 нұсқасының «А» деңгейі**

64. Көлемі 2 л өсімдік майының массасы m=1840 г.Майдың тығыздығы қандай?
65. 3 Н күш әсер еткен кезде 6 см ұзарған серіппенің қатаңдығын табыңдар.
66. Массасы 2 кг ыдысқа көлемі 6 л бензин құйылған.Ыдысты көтеру үшін қандай күш жұмсау керек?

**«В» деңгейі**

67. Көлемі $15\cdot10$ м³ заттың массасы 110-ға тең болса, осы заттың 1 м³-нің массасы қандай?
68. Гипстен жасалған плитаның іші қуыс болады, массасы 5 кг, көлемі 0,0042 м³ плитаның ішіндегі қуыстың көлемі қандай?
69. Мензуркадағы көлемі $V_1$=110 мл суға шыны тығын салғаннан кейін судың көлемі $V_2$=180 мл болған.Тығынның массасы қандай? $\rho ш=2,5\cdot10^3$ кг/м³.

**«С» деңгейі**

70.Массасы 3кг ағаш білеушені қатаңдығы 100 Н/м серіппенің көмегімен ағаш тақтайдың бетімен бір қалыпты сүйрегендегі үйкеліс коэффициенті 0,3 ке тең болса, серіппе қаншаға ұзарады?
71.Темірден және алюминийден жасалған заттардың көлемдері бірдей. Егер темірдің массасы алюминийдің массасынан 12,75 г артық болса, осы заттардың массалары қандай?
$\rho_1$=7,8 г/см ³; $\rho_2$=2,7 г/см³;
72.Қабырғаға сүйеулі тұрған сүймеге әсер
ететін күштерді атаңдар және оны салып көрсетіңдер.

**Күш және масса**
**ІІІ нұсқасының «А» деңгейі**

73.Бальза- ең жеңіл ағаш. Оның 100 см³ көлемінің массасы 12 г. Бальза ағашының тығыздығын есептеңдер.
74.Машина 3 т жүк тасымалдауға арналған.Әрқайсысының ұзындығы 2 м, ені 80см және қалыңдығы 2мм болыпкелген темір текшелерінің қаншасын тиеуге болады?
75.Салмағы 800 Н адамның массасы қандай?

**«В» деңгейі**

76.Көлемі 1м³ және тығыздығы 240кг/м³ тығыннан жасалған пластинаны көтере алар ма едіңдер.
77.Өзара әсерлесу кезінде арбашалардың жылдамдықтары $\Delta\upsilon_1$=20м/с, $\Delta\upsilon_2$=60м/с болып өзгерді.
Үлкен арбашаның массасы 0,6 кг. Кіші арбашаның массасы неге тең?
78.Динамометр серіппесі 4 Н күштің әсерінен 5мм ұзарды. Серіппені 16мм ұзартатын жүктің салмағын анықтаңдар.

**«С» деңгейі**

79.Қозғалмай тұрған массасы 30кг үрлемелі қайықтан массасы 45кг бала жағаға секірді.Қайық 1,5м/с жылдамдыққа ие болды.Баланың жылдамдығы қандай?
80.Динамометр көмегімен ағаш кесегі стол үстімен жылжиды. Динамометрдің көрсетуі 4Н болса,стол беті мен кесек арасындағы үйкеліс күші неге тең?
81.320 Н күштің әсерінен серіппе амортизаторы 9 мм жиырылды. 1,60 Н күштің әсерінен серіппе амортизаторы 9мм жиырылды. 1,60 Н күштің әсерінен серіппе қанша мм-ге қысқарады?

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі Шеримов Дилшод Махсутжонович**

Тақырыбы:Игерілген әдіспен баскетбол ойыны
Мақсаты:
Білімділігі: Оқушыларға баскетбол ойынының ережесін үйретіп,техникаларын меңгерту. Тәрбиелігі: Шапшаңдылыққа,ептілікке, икемділікке тәрбиелеу.
Дамытушылығы: Спортқа деген ынтасын арттырып,күш-жігерлерін дамыту.
Сабақтың түрі: Жаңа сабақ Сабақтың өтетін орны: Спорт зал Сабақта пайдаланылатын құрал: Себет, баскетбол добы, ысқырық және көрнекі құралдар
. І.Ұйымдастыру бөлімі
1.Бірқатарға сапқа тұрғызу. Мәлімдеме қабылдау.
2.Жүгіру жаттығулары.
3.Сапта орындалатын жаттығулар.Сапта тұрып,аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту жаттығуларын орындау. Жалпы дамыту жаттығулары.
ІІ. Негізгі бөлім Жаңа сабақтың тақырыбы:"Игерілген әдіспен баскетбол ойыны" 1.Баскетбол ойынының ережесін түсіндіру.
2.Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
3.Ойын техникаларын үйрету.
4.Екі жақты ойын баскетбол.
1-жаттығу Баскетбол добын ұстау әдісі, допты бір қалыппен алып жүру
2 –жаттығу Допты екі қолмен иықтан лақтыру және допты жоғарыдан лақтыру әдісі 3-жаттығу Допты екі қолмен кезек-кезек алып жүру
ІІІ. Қорытынды бөлім Сыныпты сапқа тұрғызу.
1.Оқушылардың кемшіліктері мен жетістіктерін айтып өту.
2. Бағалау.
**3.Үйге тапсырма беру. Баскетбол добымен жаттығулар орындау**

* * * * *

**Атырау облысы Мақат ауданы №2 бастауыш мектебінің**
**Каирлиева Эльмира Серікқалиқызы II санатты бастауыш сынып мұғалімі**

**Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулары арқылы дамыту**

**Жоспар:**
**І. Кіріспе бөлім:**
Педагогикалық - инновациялық негізде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру үдерісінің негізгі бағыттары мен міндеттері.
**ІІ. Негізі бөлім:**
Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту.
**ІІІ. Тәжірибелік бөлім**
Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетін дамытудағы ойын-жаттығулар.
Арт – терапиялық әдістерді қолданудағы ойын-жаттығулар
М.Монтессори әдістерімен жұмыс.
Тілге арналған ойын-жаттығулар әдістері.
Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетіне диагностика.
**ІҮ.Қорытынды:**

**І.Кіріспе бөлім.**

Қазіргі уақытта қоғам кәсіби еңбек ету барысында болашақ маман иесінен қажетті психологиялық-педагогикалық тәсілдерді меңгеруді талап етіп отыр. Қазіргі таңда педагогтың инновациялық үдерісіндегі әдіс-тәсілдерінің негізгі бағыттарын басшылыққа ала отырып, жеке тұлғаның даму ерекшеліктерін қазіргі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп,білім мен тәрбиені қатар меңгертудеміз. Осыған орай, баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау.

Белгілі ұлы педагог Ушинский: «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек» деген. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі нұрлырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға тартатын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Ал сол білім діңгегі сапалы болу үшін жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу,үйретуді одан әрі қарай инновациялық негізде жалғастырып келеміз.

**Менің қызметімдегі педагогикалық - инновациялық негізде балаға инклюзивті білім беру үдерісінің негізгі бағыттары мен міндеттері:**

- Мүмкіндігі шектеулі балалардың тәрбие мен білім алуы және дамуына әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;
- Баланың жас ерекшелігін ескере отырып,танымдық қабілеттерін дамыту;
- Ата-аналарға консультациялық кеңестер ұсыну;
- Баланың дамуындағы ауытқушылықтарға жағдай жасау;
- Баланың интеллектуалдық және жеке тұлға болып қалыптасуын дамыту;

- Балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында ата-аналарға жан-жақты кеңестер беру;

Балалардың ақыл – ой дамуындағы жеңіл ауытқулары.

– баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бірқалыпты болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің құрдастарынан жас ерекшеліктеріне қарағанда, олардың ойлары тұрақсыз болып келеді. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейбір балаларда іс — әрекеттің басында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды.

Балалардың танымдық белсенділіктері жеткіліксіз болып келеді. Ол баланың тез шаршауымен, тежелуімен сипатталады. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс — әрекеттерімен ерекшеленеді.

**ІІ. Негізгі бөлім.**
**Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту.**

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оның кемшіліктерді түзету, орнына келтіру, дамыту – педагогика жүйесіндегі маңызды бөлігі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі балалар – оқыту бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Бұндай балалар қалыпты дамушы құрбыларынан шаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді, және де балалардың қоршаған орта туралы түсініктері зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-қызғалыс координацияларының жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады. Сондықтан бұл балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылы қиындықтарды құрайды.

Ойын баланың танымдық белсенділіктерін арттыратын әдіс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ішкі жан дүниесін ашуда, олардың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына, танымдық белсенділіктерін дамытуға ойын элемементтерінің маңызы зор. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

- Олар ойланады;
- Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады.
- Ұжымдық сезімі қалыптасады.

- Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдереді.

Ойын- оқушының оқуға деген ынтасын арттыратын құрал деп қабылдаймын. Сондықтан да мүмкіндігі шектеулі бала сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оны жалықтырмай әр түрлі ойын-жаттығулар түрлері мен сабақты қызықты өткізуге тырысып келемін. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

- Мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, мектеп, сынып, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;

- Қимыл қозғалыс ойын-жаттығулары: «ұшты-ұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», мысық пен тышқан,

- Дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, орнынды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, сен жалғастыр, дәл тауып айт, т.б.
- Құрылыс ойындары: лото және басқа констукторларды пайдалану.
- Моторикалық ойын-жаттығулар: мозайка, құм терапиясы, су терапиясы, ұсақ моторикалық ойындар элементтері.

Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырлықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, көп білуді және де баланың ойын ашық айтуға ішкі сезімін шығаруға көмектесетін әдіс. В.А.Сухомолинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Сондықтан В.А.Сухомолинскийдің осы сөзіне сүйене отырып мүмкіндігі шектеулі балалардың ынтасын оқуға деген қабілетін ойын –жаттығулар арқылы дамытуға болатынын білдім.

Ойын арқылы бала бойынан барлық тапсырмаларды орындау нәтижелерін көру үшін, ойын-тапсырмаларды,танымдық ойын-жаттығулар, ойын терапияларын және де қолдарының ұсақ моторикасы қалыптасады. Моториканың дамымай қалуы жазу қабілетінің баяулауына және бұзылуына алып келеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бұл дамымай қалушылық өздігінен қалыпқа келмейді, яғни арнайы жағдайларда оқытудың арнайы әдістері мен тәсілдерін қолданамыз.

**ІІІ.Тәжірибелік бөлім.** Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетін дамытудағы ойын-жаттығулар.
Арт – терапиялық әдістерді қолданудағы ойын-жаттығулар
М.Монтессори әдістерімен жұмыс.
Тілге арналған ойын-жаттығулар әдістері.
Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс-әрекетіне диагностика.

**«Суретті есіңе сақта» ойыны** Мақсатым: көру есін және зейінін дамыту. Ойынның жүру барысы**:** Әр балаға ойынға арналған үлестірмелерді таратады және зейін қойып назарларын аударуын сұрайды. Балалар кезекпен жауап беріп отырады. Кейін үлестірмелерді ауыстырады. Үлестірмелі парақшада зейін қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар. Ойын осылай жалғаса береді. Оқушыма пішіндерді көрсетіп, көргенін салуды ұсындым. Ол көрген суретін бар ынтасымен салды.

**«Бұл жерде не артық?» ойыны**. Бұл әдістеменің мақсаты – баланың бейнелі –логикалық ойлауымен ой операцияларының, талдау және жалпылау процестерін зерттеуге арналған. Әдістемеде балаларға әр түрлі заттар бейнеленген суреттер жинағы мен келесі нұсқаулар қоса ұсынылды.
«Әрбір суреттегі бейнеленген 4 заттың біреу артық зат болып табылады. Суреттерге зейін қойып қарап, қай заттың артық және неге артық екенін анықта». Міндетті шешу үшін 3 минут уақыт беріледі. Осы ойын арқылы оқушыма көкеністер суреттерінің арасынан қаламның артық зат екенін ажырата білді.

**Арт – терапиялық әдістерді қолданудағы ойын-жаттығулар:**

**Су терапиясы «Балықтар» жаттығуы.** Судың ішінде жүзіп жүрген балықты қармақпен бір балықты ұстап алып шығу. Сиқырлы балықтың қояр сұрағына балалар жауап беру.

**Құм терапиясы. «Құммен ойын»** Құм ойыны арқылы бала қиындықты жене білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жан дүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады.

**М. Монтессори әдістерімен жұмыс.** Қол қимылының мидың дамуына әсері қол мен саусақ жаттығулары дене мен ми жұмысын реттейді.

**«Моншақтарды пинцетпен ауыстыру»** Мақсатым: ұсақ қимыл қозғалыстарын дамыту. Қол саусақтарының қимылдарын жетілдіру. Қажетті құралдар**:** кішкене ыдыста ұяшықтары бар тұғырнама, пинцет және моншақтар салынған ыдыс. Ыдыстағы моншақ саны ұяшықтағы моншақ санына тең болуы керек. Барлық бұйымдар түстері бойынша бір-біріне сәйкес

**«Түрлі-түсті макорондар» ойыны.** Сиқырлы макарондардың түстерін ажырату. Тарелкедегі макарондарды ажыратып (түсі, көлемі, пішіні бойынша), ыдыстарға салу.

**Сурет терапиясы.** «Жанұя суреті» Мақсаты: Балалардың ішкі сезімін ашу, қиялын дамыту.

**«Тілге арналған жаттығулар» әдісі.** Тілім серуенге жиналды (ауызды ашып,тілді көрсету)
Таранды (бірнеше рет тілімізді көрсетіп,үстіңгі және астыңғы тістерді жалаймыз)
Өткен-кеткенге мойын бұрды (тілімізбен ернімізді айналдыра жалаймыз)
Төменге құлады(тілімізді төменге түсіреміз)
Жоғары шықты (тілімізді жоғары шығарамыз).
Мүмкіндігі шектеулі балаларда сөйлеу тілінің артта қалушылығы басым келеді. Осының негізінде, балалар пассивті, ашуланғыш, шыдамсыз күйінде болатыны белгілі. Сөйлеу тілі қабілеттерінің бұзылу салдарынан, бұл балалардың түсініктері де аз болады. Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда, тілдік жаттығу-ойындарын қолданып келемін.

Ұсынылып отырған ойын-жаттығулар баланың зейінін, есте сақтау
қаілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін,ұсақ моторикасын дамытуға арналған, адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым – қатынас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйретеді. Ойын-жаттығалар арқылы қиял әлеміне ену бала үшін қандай маңызды екенін түсіндім. Мүмкіндігі шектеулі балалардың даму деңгейінің сапасын,нәтижесін білу мақсатында әр тоқсан сайын бір рет диагностикалық жұмыстар жүргізіп отырамын. Диагностикалық зерттеулер оқушылар үшін танымдық қабілеттерін дамыту, қалыптастыру және тиімді жолдарын іздестіру, жаңа нәтижеге келуі болып табылады.

**Мүмкіндігі шектеулі балалардың жас шамасына, қабылдау деңгейіне қарай танымдық іс-әрекетіне диагностика жүргізілді.**

Мақсатым: баланың тоқсан сайын зерттеулер әдістерін негізге ала отырып, балалардың танымдық, жеке даралық дамуын диагностикалау.
І. Балалардың қабылдау қабілетін диагностикалау. Анықтаушы эксперимент барысында балалардың танымдық қабілеттерін диагностикалау мақсатында мынадай танымдық зерттеу әдістері қолданылды.
Өзін- өзі бағалауы Қорқақтық, жасқаншақтық Баланың көңіл- күйі Дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы.
Бұл экспериментті тоқсан барысында жүргізгенде, М.Ерназдың өзін-өзі бағалауы-12%, қорқақтық, жасқаншақтық-56%, баланың көңіл- күйі-18%, дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы-18% І-тоқсандағы көрсеткен деңгейі. Екінші тоқсанды сараптай келе, өзін-өзі бағалауы-32%, қорқақтық, жасқаншақтық-38%, баланың көңіл- күйі-20%, дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы-20% көрсетіп, Т.Амандық бірінші тоқсанда өзін-өзі бағалауы-6%, қорқақтық, жасқаншақтық-43%, баланың көңіл- күйі-8%, дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы-7%, екінші тоқсанда өзін-өзі бағалауы-12%, қорқақтық, жасқаншақтық-38%, баланың көңіл- күйі-16%, дұрыс қарым- қатынас жасай алмауы-16% деңгейде көрсетті.
**ІY. Қорытынды.** Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізу барысында жоғарыда аталған танымдық ойын түрлерін өз жұмысымда қолданып, ойын арқылы бала сенім-сезімдерін, танымдық іс-әрекеттерін дамытудағы нәтижелерім бала бойынан көрініп, оң нәтиже танытып келеді.
Жай сабақтан гөрі оқушыларды жалықтырмай әр түрлі ойын-жаттығулар түрлері мен сабақты қызықты түрлендіріп өткізгеннің нәтижесінде балаларда алға қарай ілгерілеушілік бар, олардың ой-өрісі жан-жақты дамып, сөздік қоры, сөйлеу мәнері қалыптасып келеді, ең бастысы оларда өз-өзіне деген сенімділік артты.
Ойымды қорытындылай келе қоғамда тек дені сау балалар, дүниеге келуі керек. Мүмкіндігі шектеулі балалаларды әлеуметтік психологиялық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғам өміріне өз пайдасын тигізуге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру.
Қорыта келе, мына түйінділерді айтар едім:
19 Мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту барысында оқуға және өз еркімен жазу икемділіктерін қалыптастыру.
20 Балалардың ой-өрісін кеңейту.
21 Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, орынды қолдана білуге және тіл моторикаларын дамыту.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**
1. Н.Ә.Назарбаев. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. Астана – 11 шілде. -2002.
2.Төребаева К.Ж, Есенғұлова М.Н «Психологиялық –педагогикалық диагностика» Оқу құралы. Алматы, 2012.
3. Игенбаева Б.Қ. Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаның рухани Психикалық дамудың кешеуілдеуіне байланысты өз пікірлерін ұсынушы М.С.Певзнер, Т.А.Власова адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. Алматы. 2005 жыл.
4.Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. Астана – 11 шілде. -2002.
5. 33.Щевченко С.Г. Коррекционна развивающее обучения. Москва. 1999.-255С.
6. 34.Слепович Е.С. Психологияческая структура задержки психического развития в дошкольного возрасте. Москва. 1994.-415С.
7. С.Нұржанова «Жалпы және балалар психологиясы» Астана-2010ж.
8. «Мектептегі психология» № 5. 2011 жыл
9. «Мектептегі психология» № 1. 2012 жыл
10. «Мектептегі психология» № 4. 2012 жыл

* * * * *

**Атырау облысы Мақат ауданы №2 бастауыш мектебінің**
**Аюпова Нұргүл Жанжігітқызы, бастауыш сынып мұғалімі**

### Жаңа инновациялық технология - бастауыш сыныпта ана тілі пәнінен сыни тұрғыдан ойлау негіздерін қолданудың тиімділігі

Жоспары:
І. Кіріспе бөлім
ІІ. Негізгі бөлім
1- Сыни тұрғыдан ойлау әдісінің маңызын педагогикалық тұрғыдан сипаттау
2- Сабақтарда әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі
ІІІ. Қорытынды бөлім.

**«Біліп қана қою –аз, сол білгенді өмірде қолдана білуің керек» Гете**

І. Кіріспе
Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой - өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Осы орайда ХХ ғасырдың басындағы ұлттық ойшылдарымыздың бірі Жүсіпбек Аймауытов айтқандай *«Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңаны табатын өнер»* - деген екен. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, жан-жақты тарихи таным, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Заманына сай білім беру жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары тұлға ретінде саналады.
Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілетін көру,оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту мұғалімнің сабақ берудегі ізденушілік, шеберлік қабілеттеріне байланысты. Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Бұл жаңа технологиялар-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін бастауыш сыныптағы оқушылардың қабілетін байқап, ары қарай дамытуға көп көмегін тигізу қажет. Бүгінде оқыту процесінде соның ішінде бастауыш сыныптарда жиі қолданып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғыдан ойлау» технологиясы. Бастауыш

мектепте оқытылып жатқан жаңа буын оқулықтарында сыни төрғыдан ойлану мәселесі кеңінен орын алып келеді. Әсіресе, оқушылар барлық пәндерде сыни тұрғыдан ойлануды үйренеді.Әрине, бұл оқушыларды еңбекке, қоғамға, өмірге белсенді араласуға бағыттайды.

II. Негізгі бөлім

***"Сын тұрғысынан ойлау"*** ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Бұл технологияны жарыққа шығарған американдық педагогтар Дж. Стил, К. Мередит, Ч. Темпл, С. Уолтер.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі, ал бағдарламаның негізі Ж. Пиаже мен Л. С. Выготскийдің теорияларын басшылыққа алады. Осы бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 жылы қазан айынан бастап жүргізіліп келеді. Сыни ойлау технологиясыныңдәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы - білімнің дайын күйінде берілмеуі. Ендеше,дәстүрлі сабақтаоқушы мұғалімнің көмегімен білім алса, сыни тұрғыданойлаусабағындаоқушы білімге өзі жетеді, мұғалім тек бағыт беруші. Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Қай саланы алсақта айқын мақсатта ойлану қажеттігі керек. Ойлау үдерісі нақты мақсат пен міндеттер анықталғанда жүреді. Кіші жас мектеп оқушыларының ойлау қабілеттерінің сын тұрғысынан дамуы - бұл қазіргі таңда өзекті мәселе, оны шешу біздің міндетіміз. Сол себепті сын тұрғыдан ойлау технологиясы таңдадым.Оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру жолында алуан түрлі әдістерді қолданады.Сондай-ақ оқушылар алдында тиімді шешімді іздестіру міндетін түрлі әдістер жолымен қою арқылы да ойлау қабілетін дамытуға жол ашуға болады.

| **Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінен табуды қажет ететін ерекшеліктер** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ұтқырлық** | **Сыңаржақты-лықтың болмауы** | **Пайым** | **Тәртіп** | **Өзіндік сана-сезім** |
| Ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу, үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою, дәлел-дерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру, эмо-цияға емес, себепке негіздеу | Барлық қорытындылар ды бағалау, болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктер-дің барлығын қарастыру, баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу | Дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау, баламалы болжамдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау | Тиянақты, нақты және жан-жақты болу | Өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну |

Бұл сыни тұрғыдан ойлауды үшінші сыныбымнан бері қолданып келемін. Сын тұрғысынан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді[1,46].

Стронг "Мектеп пен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім [1,4] дегендей қазіргі дамыған заман талабына сай мұғалім өзгеріп, ізденіп, алдында отырған оқушыларын түрлі әдіс - тәсілдермен қызықтырып, сабаққа деген жаңаша көзқарас қалыптастыра білуі керек деп ойлаймын. Қазіргі таңдағы өзекті мәселелеріміздің бірі алдымызда тәрбиеленіп, білім алып отырған оқушыларымыздың білім деңгейін жоғарылату үшін оқушының ойлау дағдыларын қалыптастыра білуіміз керек және сыни ойлай білуге үйретуіміз қажет. Оқушыларды сыни тұрғыдан үйрету үшін сабағымда жеті модулді кіріктірдім, олар әр сабағымда өз орындарын табуы үшін өзімнің курстан алған теориялық білімім мен тәжірибемді пайдаландым. Сыни тұрғыдан ойлау модулін сабағымда көбірек қолданамын. Себебі, сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді [1,46] дегендей, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету-оқушылардың да, мұғалімдердің де білім алу және білім беру процесінде кез-келген мәселені талқылауды, басқалардың идеяларын ой елегінен өткізіп, сыни тұрғыдан қарауға жол ашатынын ұқтым.

**Бұл модульден күтілетін нәтиже:**

**Сын тұрғысынан ойлау** – өте күрделі, маңызды құбылыс. Мұғалім осы әрекетті ұйымдастырушы, бағыттаушы. Оқушы әр түрлі ақпарат көздерінен сусындап, өз түйінін айта білуі керек. Кез келген мазмұнды талдау барысында өз тобымен ұйымдасып пікірлесіп, ең ұтымды жауапты іздеуі керек. Сын тұрғысынан ойлау жобасының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы.



# Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының  тиімділігі




**Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынадай үш құрылымнан тұрады.**




**Топтастыру, венн диаграммасы, ЖИГСО І, ІІ, Инсерт, Кубизм, Бес жолды өлең,   Блум токсономиясы, өзара оқыту, авторға сұрақ қою, ББҮ (білемін, білгім келеді, үйрендім), РАФТ, Семантикалық карта, т.б.**

**«Қызығушылықты ояту».** Үйрену процесі - бұрынғы және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Оқушы оқытылатын жаңа тақырыпты ашу үшін ойында қалған білімдерін пайдалана отырып болжамдар жасайды. Сабақ қарастырғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Ойындағы сұрақтарға жауап іздейді.
Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау»,  тағы басқа деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған.Бұл бөлімде мынадай іс-әрекеттер оқушы бойынан табылады:

**1-** өздерінде бар білімдеріне сүйену
**2-** жаңа білім алуға деген қызығушылық
**3-** оқыту үшін оқушымен бірлесе отырып сабаққа мақсат құру.

**«Мағынаны тану».** Оқушы жаңадан алған білімін алдынғы білімімен ұштастыра отырып ойын одан ары қарай дамытады. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділігі артады. Бұл кезеңді жүзеге асыру үшін мұғалім мынадай әдіс- тәсілдерді: ой болжау, ойлан, жұптас, ортаға сал, сұрақ қоя білу, өзара оқытуды пайдаланады. Осы кезеңде оқушының өздігінен білім алу, танымдық қабілеттерінің дамуы, шығармашылық іс-әрекетінің дамуы яғни еңбекқорлыққа жетелейді. Мағынаны ашу кезеңінің мазмұнында оқушы:

1. Жаңа ақпаратпен танысады.
2. Жаңа ақпаратты өзінде бұрыннан бар біліммен, тәжірибемен байланыстырады.
3. Пайда болған сұрақтар мен қиындықтарға жауап іздейді.
4. Түсінбеген жерлерге көңіл бөледі, жаңа сұрақтар қояды, мақсатқа түзету ендіреді.
5. Жаңа ақпаратпен танысу прпоцесін бақылайды, өздерінің көңілдерін не аударып тұрғанын аңғарады, қандай аспект қызық жәнеғ неге екенін түсінеді.

Осы кезеңге қызмет ететін **«Жұпта талқылау»** стратегиясын   практикалық жұмыс барысында  жиі пайдаланып отырамын. «Топтау», Түртіп алу», «Болжау», «Суретті жандандыр» т.б.

**«Ой толғаныс».** Қорытындылау бөлімі. Оқушылар сабақ бойы алған білімдерін, түсініктерін өз сөздерімен баяндап бере алатын, жаңа білімдерін көрсете алатын кезең. Бұл кезең саналы талдаумен, білімді тәжірибеде қолданумен, жаңа идеялар мен түсініктермен жинақталады, бұл әр оқушының алған жеке білімін көрсететін кезең.

**«Шын ба, жалған ба?»** Мақсаты: оқушы ойларын жинақтау, ізденуге, өз ойларын жеткізе білуге үйрету. Әдебиеттік оқу пәнінен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тақырыбын өткен кезде шын ба, жалған ба? әдісін пайдаландым. Балалар өздерінің ой пікірі, жұмыстары бағаланатының сезді және ынталана түсті. Жұптық, топтық жұмыстарда өз ісіне сенімі аз балалардың да сабақ барысына қатысуына көмегі көп болды.

Сабағымның жүру барысында бағдарламаның жеті модулін қолданып сабақ өткізу оқушының сабаққа қызығушылығын арттырып, сабақтың сәтті шығуына көмектесетіні даусыз екеніне көзім жетті. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлануға ұмтылдырғанда топпен, жұппен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ең ұтымды жауапты тауып айтуға үйренетіндерін, топқа берілген сұраққа тынымсыз іздене отырып, әр оқушы өз ойын еркін айтуға, оны дәлелдеп, қорғай білуге мүмкіндік алатынын түсіндім. Тәжірибемде Сын тұрғысынан ойлау технологиясын барлық пәндерімде пайдаланамын. Соның ішінде әдебиеттік оқу пәнін алған болатынмын. Өткізген сабағымда сыни тұрғыдан ойлаудың төмендегідей әдіс тәсілдерін пайдаландым. Бұл әдіс – тәсілдер:

- Миға шабуыл
- Ой салу
- Алтын тақ
- Сұрақ-жауап айдары
- Екі жақты күнделік
- Серпілген сауал
- Ротация
- Үш тілді білейік .

Бұл тәсілдер біріншіден баланың сабаққа деген қызығушылығын арттырса, екіншіден өзінде бар ақпараттарды пайдаланып, жаңа ұғыммен байланыстыра отырып, білім алуына мүмкіндік береді. Осындай әдіс - тәсілдері пайдалана отырып, күтетін нәтижем оқушының деңейі көтеріледі, бір - бірінің пікірінің құнды екенін ескереді, жауаптарын үнемі толықтырып отырады және көшбасшылыққа ұмтылады.

**3. Сабақтарда әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі.**

"Ұстаз-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы маңызды тәлім-тәрбие өнегенің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұмтылдырушы тұлға" деген екен М.Жұмабаев. Оқушылар тапсырманы әр қырынан зерттеп, өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істей отырып, идеялармен пікір алмасатынын, бір-бірінің идеяларын талқылайтынын және бір-біріне түсіндіру арқылы ақпарат алмасатындарына және әңгімелесудің маңыздылығын, оның білім алуда ажырамас бөлігі екенін зерттеу барысында көзім жетті. Өзгеріс-қысқа мерзімді оқиға емес, ол уақытты талап етеді. Негізгі терең ойлар бірден өзгермейді, сол сияқты жаңа тәсілдер де тез орындалмайды. Дегенмен де, мектептерге жаңа идеяларды енгізу аз уақытты талап етеді. Жаңа әдіс-тәсілдердің орны ерекше. Оқушы сабақты жақсы көңіл күймен өткізу үшін "Егер мен күн болсам" әдісінде оқушылар сыни ойлап бір-біріне сәтті күн тілейді. Бұрын сабақтарда оқушылар бірден ашыла алмады, дегенмен "Ой қозғау", "Серпілген сауал", "Бірге ойлаймыз" әдістерінен кейін оқушыларым өз ойларын еркін айта алатын жағдайға жетті. Соның нәтижесінде оқушыда өзін-өзі сыйлау, сыныптасын құрметтеу, мұғалімді жақсы көрушілік, сыйластық сезімі туындауына ықпал еттім.

«Қызығушылықты ояту» («Ой қозғау», «Ой шақыру», «Миға шабуыл») стратегиясы — сабақ барысында оқушының есте сақтау және жадыларының қабілетін сұрыптап, байқау үшін арналған стратегия. Мысалы, тақырыпқа байланысты **"Ой шақыру"** әдісі арқылы сөзжұмбақтан Қарлығаш сөзін шешті. **"Ой тастау"** әдісі арқылы қарлығаш қандай құс? деген сауалға

(Адамның досы, ұясын үйдің шатырына н/е үйдің қуысына ұя салады. Ол жыл құсы.) деп балалар өздерінде бар ақпараттарын шығарды. "Суретті жандандыр" әдісі арқылы суреттерді көрсетіп, ертегі құрастырып, қандай ертегіге жататынын айтты.

«Топтастыру» стратегиясы, мұны «кластер», «жинақтау әдісі», т.б. атаулармен де атайды, Бұл стратегияны көбіне білімді жинақтау кезеңінде немесе кейіпкер мінезін ашу, екі ұқсас бейнелердің ортақ қаиеттерін анықтауда және де мұғалімнің әдістемелік тәжірибесіне қарай түрлендіріп қолдануға тиімді тәсілдердің бірі десек те болады. «Ассоциация» атты тәсіл оқушының танымын кеңейтуде үлесі зор.

«Шығармашылық» стратегиясы, бұл стратегия оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, түрлі формада жұмыс істей білуге баулиды.Сабақ барысында рөлдік ойындар көрсету, сөзжұмбақ немесе сұрақ-тапсырмалар құрастыру, тақырыпқа байланысты сурет салу, т.б. тәсілдерді пайдаланып сабақты қызықты етіп өткізуге болады.

«Кубизм» стратегиясы, бұл стратегия шаршы яғни кубтың әр қырына түрлі тапсырмалар беріліп, сол тапсырмаларды орындауды міндеттейді. Мұнда кубтың әр қырына «Түсіндіріңіз», «Суреттеңіз», «Зерттеңіз», «Талдаңыз», «Қолданыңыз», «Салыстырыңыз» деген сияқты жұмыс атаулары жазылады, ал мұғалім осы тапсырмалардың мән-мазмұнын ашып айтады, әрі жауаптардың қате немесе дұрысын қадағалап отырады. Қосымша түсініктемелер де беріп отыруына да болады.

«Мағынаны тану» стратегиясы, бұл стратегия сабақты түсіндіруде, мәтінді оқу, сабақ мазмұнын меңгеру кезеңі десек те болады. Осы сабағымда жаңа сабаққа түспес бұрын электронды оқулықтан "Қойшы бай" ертегісін көрсеттім. Бұл жердегі мақсатым "Көзбен көру және ауызша ақпарат көздерімен тікелей қарым- қатынас жасау балаларға дәйектеу дағдыларын шыныктыруға және жеке тәсілдерімен білім алуға мүмкіндік береді және формалды түрде оқуды азайтады"[1,47] деген тұжырымға көз жеткізу. Оқушылардан бейне роликтен не тамашалағандарын сұрадым бірі қойшы, сыбызғышы, қойлар десе ендігі бірі ертегі деп өздерінің ертегіні тамашалап отырғандарын айтты. Осы жерде ертегінің халық ауыз әдебиетіне жататыны туралы мағұлмат бердім. Оқушыларға ертегінің қандай түрлерін білесіңдер?- деп сұрақ қойдым, Д. қиял-ғажайып ертегі, Аружан хайуанаттар ертегісі, Айсұлтан шыншыл ертегілері жатады деп білгендерін айтты. Осыдан кейін асыл сөз дегеніміз не? Қандай асыл сөздерді білеміз? деген сұрақ - жауап айдарында оқушылар өздерінің бар білген ақпараттарын өзектендіре отырып, жауап берді. Бұрын бұндай бейне көріністерді көп пайдаланбайды екенмін, оқушылардың сабаққа қызығушылығы оянғанын байқап, алдағы уақытта тақырыптың мәнін аша түсетін шағын бейнекөріністер алып келемін деп ойға түйіп алдым.

Білімді бере салу оңай, бірақ оны оқушы ұғынып алуы, содан бір түйінге келіп сабақ алуы, сыни ойлатуы үшін түрлі әдіс-тәсілдер пайдалану керек. Осы мақсатта оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту мақсатында 3топқа үш тапсырма бердім. 1-топқа мәтіндегі асыл сөздің мағынасын ашу, 2-топқа "Екі жақты күнделік" әдісі арқылы хан мен кедейді салыстыру, 3-топқа мәтінді сахналау.

1-топқа берілген тапсырмада оқушылардың аздап қиналып қалғанын байқадым, себебі сұраққа жауап беруге жұмыстанған топтағы талантты және дарынды оқушылар болды.

2-топ "Екі жақты күнделік" әдісі арқылы хан мен кедейді салыстыруға берілген тапсырманы орындау барысында сыни тұрғыдан ойлана отырып салыстырып, талдап, болжамдар жасап ұсыныстарды топтастырды. Бай мен кедейдің суретін салып, кедейді ақылды, мейірімді, шешен, адал, жанашыр, әлсіз, қамқор деп жазса, байды мейірімсіз, жалқау, қатаң, сараң, қатыгез, әмірші, адамды елемейді, мақтаншақ деп бейнеледі. Бастауыш мектептен бастап баланы шығармашыл тұлға етіп қалыптастырып, дамытуымыз керек. Осы орайда "Бірге ойлаймыз" әдісі арқылы осы ертегінің желісі бойынша оқушыларға шығармашылық тапсырмалар бердім.

Онда I-топқа: Балта суретін салып, Sinkuein (5 жолды өлең жазу).

II-топқа: Егер мен, алтын балта тауып алсам.... эссе жазу.

III-топқа: Венн диаграммасын құру.

I-топтың оқушылары балтаның суретін салып, Sinkuein (5 жолды өлең жазу) Не? Балта.

Қандай? Ауыр, темір.

Не істейді? Ағаш жарады.

Сөйлем: Атам балтамен ағаш шапты.

Синонимі: Темір деп жауап берді.

II-топтың оқушылары Егер мен алтын балта тауып алсам... тақырыбында сыни тұрғыдан ойлана отырып шағын эссе жазды.

III-топтың оқушылары бай мен кедейді венн диаграммасы арқылы салыстырып, орталарынан В-деңгейіндегі А. қорғап шықты. Екеуінің ұқсастығы адам, көрші, айырмашылықтарына кедей бойындағы қасиеттер: ақылды, мейірімді, жанашыр, аққөңіл, білімді, мәдениетті, ұқыпты, әдепті, өнегелі десе, байдың бойындағы қасиеттері: ақылсыз, мейірімсіз, жалқау, қатыгез, әдепсіз, арам ниетті, қатал деп суреттеді. "Серпілген сауал" әдісін пайдалану арқылы допты оқушыға лақтырып сұраққа- жауап алу мақсатында жаңа сабақта алған білімдерін жинақтадым. Бұл ертегіде не туралы айтылған? деп Г-ға допты лақтырдым. Г. ашкөздік, қанағатсыздық, байлық туралы айтылған деп жауап берді. Бұл ертегіде басты кейіпкер кім? деген сұраққа Дильназ кедей деп жауап берді. Мәтіндегі негізгі ой қандай? деген сауалға А-деңгейдегі Дархан: Адам дүниеқоңыз болмай, ақ пейіл жан болып, адал еңбек ету керек. Сонымен қатар адам қанағатшыл бола білу керектігін айтты. Д. мен Г-дың берген жауаптарын тыңдай отырып, бұл оқушыларымның сыни тұрғыдан ойланып, өз ойын ортаға салуға дағдылана бастағанын аңғардым. Ал Д. сияқты, ойлау қабілеттері төмен оқушылардың бірден сайрап кетпейтінін түсініп, ол оқушылармен әлі де жұмыс жасау керек екенін білдім. Бірақта, үндемей қалмай қысқа болса жауап бергеніне қуанамын. Жалпы сабақтар тізбегін өткізу кезінде мен өзім бұрын байқамаған екенмін, оқушыларды бақылай отырып көзім жеткені мұғалімнен гөрі оқушыға бір-бірінен білім алған қызықтырақ екенін, осының нәтижесінде оқушылар білімді тез, ұғып алатынын түсіндім.

"Құмырсқаның қанағаты" атты үшінші сабағымда да оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мақсатында "Алтын таққа отыру", "Ой шақыру", "Суретті жандандыр", "Кубизм" әдісі, "Ой дамыту" әдістерін пайдаландым. Соның ішінде "Алтын таққа отыру" әдісі арқылы оқушылардан сұрақ-жауап алу мақсатында үй тапсырмасы сұралды. Бұл әдістің шарты таққа бір оқушы отырады да қалған оқушыларға үйге берілген тапсырмадан сұрақтар қояды. Таққа А. есімді оқушым отырып: «Ертегіде не туралы айтылған? деп сұрақ қойды. Аяулым «кедей мен бай және диірменші, дүниеқоңыздық туралы айтылған» деп жауап берді. Ары қарай оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын ояту мақсатында "Ой шақыру" әдісі бойынша топқа санды таңдатып, сол сан бойынша жұмбақтар қойдым. Бұл әдісті пайдаланған себебім ойлану дағдысын қалыптастырып, бір шешімге келу. Осыдан кейін "Суретті жандандыр" әдісі арқылы экраннан құмырсқаның суретін көрсетіп, Бұл қандай жәндік ?-деп сұрадым. Онда Камилла құмырсқаның еңбекқор екенін, Айгерім шағатынын, Әділет жерге түскен тамаққа үймелейтінін айтты. т.б. оқушылардың жауаптарын айтып жатты. Ал, "Кубизм" әдісінде кубикті қағып алып сұрақтарға жауап берді. Онда оқушылар оқулықтан алған білімін қаншалықты деңгейде түсінгенін білу мақсатында осы әдісті пайдаландым. Сабақта білімді бекіту мақсатында "Ой дамыту" әдісі арқылы үш топ құмырсқаның жағымды, жағымсыз жақтарын және құмырсқа туралы білгендерін жазды. Тақырып бойынша білімдерін өзектендіріп, топ ішінде өз ойларын айтып, сыныппен бірге сыни тұрғыда талдай білді, осы жерде «Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім» деген тұжырымның дұрыс екендігін түсіндім [1,46]

Одан кейін "Сұрақ-жауап айдары" әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралды. Сұрақ экраннан оқылды. Ертегіде кімдер туралы айтылды? деген сұраққа Дархан құмырсқа мен оқымысты туралы айтылған. Оқымыстының іс-әрекеті қандай? деген сұраққа А. жауап бере алмай оған Айсұлтан оқымысты жануарлармен тілдесіп келе жатқанда құмырсқаның илеуіне тап болып, бір құмырсқаны зерттемек болды деп жауап берді. Құмырсқа қандай жәндік? деген сұраққа Аяулым ол еңбекқор жәндік деп жауап берді. Оқушыға ойландыратын сұрақ бергенде олардың ойын дамытып, сөйлеуге, дәлелдеуге үйрететінін ұқтым. Оқушыларды ынталандыру мақсатында қол шапалақтап, жұлдызшалармен мадақтадым. Бұрын оқушылар жауап берді ме? болды, соған ғана мәз болатын едім, ендігі жерде оқушыларға қоятын сұрағымның ашық сұрақ болуына, ол сұрақтарға оқушылардың сыни тұрғыдан ойлана отырып, өз ойларын саралай жауап беруіне жұмыстанып, соған назар аударатын болдым. Мектептегі тәжірибе кезінде оқушыларыммен жұмыс жасай отырып әдіс- тәсілдер дұрыс ұйымдастырылған жағдайда олардың өз даму деңгейіне сәйкес ойлары шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетіп, сыни тұрғыдан ойлана алатынына осы жоба барысында көзім жетті. Бірінші сабағымда қиындық келтіргені қабілеті жоғары оқушылар өз сөздерін дәлелдеуге ғана ұмтылды. Ол оқушыларға топ ережесіне қараңдар деп ескерттім. Сабақтан тыс мезгілде өзгенің пікірін тыңдай білу, бірлескен жұмыс туралы айтып отырдым. Нәтижесінде оқушылар топтық тапсырманы орындауға ынтасы төмен жолдастарын да тартып, бірін- бірі тыңдауға, бір-біріне сыйластықпен карауға, бір- біріне көмектесуге үйрене бастады. Тұйық оқушылар жайлап ашылып, тапсырманы талдауда құрдастарымен бірге өз ойын айтып, сабаққа қызығушылық таныта бастады. Алдағы уақытта жеке оқушыларымның көрсеткен түрлі деңгейдегі түсініктері мен дағдыларын есепке ала отырып, сыни бағалап, әрі қарай дамыту арқылы алдағы тапсырмалар мен жобаларымды жоспарладым.

4. Қорытынды. Сөзімді қорытындылай келе, сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқыту мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы қарым-қатынасын нығайтатын, бірінен– бірі білім алуға қомақты үлес қосатын тиімді әдістің бірі екенін түсіндім. Болашақта сабақтарымды сын тұрғысынан ойлау әдісіне ықпалдастырып құрсам, талай жетістікке жететініме сенемін.

Әрбір бала – жанар шырақ, оны жаға білу-мұғалімнің парызы мен міндеті. Міндетке жету жолында еш қажымай, талмай, ерінбей еңбек ету. Баланың дарыны мен қабілетін ұштау ұстаздың қолында. Ащы терімен шыққан, тәтті балды сезінейік. Шәкірт қанаты талмай, биік шыңға самғасын дегім келеді.

**Пайдаланған әдебиеттер:**


1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей Үшінші басылым 2012ж.
2. Т. Әбдікәрімов әдебиеттік оқу
3. Г.Кертаев.Оқытудың кейбір әдістері. Алматы,1991.
4. Б.Р.Айтмамбетова . Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. Алматы,1991.
5. Мирсейітова С.Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.1998.
6. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» Джинни Л.Стил, Куртис С.Мередит, Чарльз Тэмпл.


* * * * *


**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №48 «жалпы орта мектеп» КММ**
**Сарыпбекова Шырайкуль Абдыханқызы алгебра геометрия пәнінің мұғалімі**


Тақырыбы: Шеңбердің ұзындығы

Мақсаты: 1.Шеңбер ұзындығы ұғымымен беріп, есептей білуге дағдыландыру.
2. Еңбек етуге, іздене білуге талпынатын жеке тұлға тәрбиелеу
3. Шеңбер ұғымдарын кеңейту- тақырыптың қолданбалығын ашу, кәсіптік бағдар беру

С.әдісі Сын тұрғысынан ойлау элементтерін пайдалану (топтық,жұптық, проблемалық)

С.түрі: Аралас сабақ

С.корн: Кодаскоп, дөңгелектер,кестелер

С.барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі
2. Үй жұмысын тексеру. №1402

а) жұппен
б)кодоскоппен
с)бағалау (дөңгелекшелер арқылы)

III.Жаңа сабақ.Шеңбер ұзындығы

а)Жуан жіңішке сұрақтар

1) Шеңбер деп нені айтамыз?
2)Қандай элементтері бар?
3) Радиус деген не?
4)Диаметр деген не?
5) Центр деген не?
6)Хорда? Үш топқа бөлеміз
7)Диаметрде неше радиус бар? 1.Инженер
8)Доға? 2. Географ
9)Шеңбер қалай сызамыз? 3.Ғарышкер
10) Дөңгелек деген не?
11) Элементтері?
12) Шеңбер түзу ме қисық па?

Б) Ассоциация құру

| Не білген? | Не білдім? | Нені білгім келеді? |
|---|---|---|
| | | |

В) Бағалаймын,Кері парақ толтыру

Г)Шеңбердің ұзындығын қалай өлшейміз? (проблема,сұрақ) (обручты)практикалық жұмыс (стакан,кесе, чашка)

1.Жіппен ораймыз,өлшеп аламыз
2. С әрпімен белгілейік
3.Диаметрін өлшейік.Д арқылы белгілейік
4. С катынасын есепте
Д
5.Нәтижесін П- деп белгілейік Г= 3,14

Д) Кім осыдан қандай қорытынды шығарады? Ережені қорытып шығарамыз. Шеңбер ұзындығы С=П*Д-ға тең Д=2R болса С=2 П R

Е) Бағалау

IV. Есеп шығару. Үш қатарға есеп беру.Берілген дөңгелектің шеңберінінің ұзындығын есепте

R=4 R=3 R=5

С=2*3,14*4=6,28*4=25,12 С=2*3,14*3=18,84с С=2*3,14*5=31,4(м)

Жұппен, топпен тексер, қатесін тап

Бағалаймыз

V. Кубизм а) конструктор №1288 Автомобиль қосалқы бөлшектерінде шеңбер, дөңгелек?
Б) Географ№1289  Жер шары макеті глобустағы сызықтар
В) Космонавт №1290 12 сәуірде қандай мереке тойлайды Кім ұшты бірінші? Қазақ ғарышкері?
VI. Қорыту
А) Ассоциацияны толтыру
Ә) Кері парақ жинау
Б) Бағалау
VII. Үйге №1287   Киіз үйді көрсету
VIII. Тарихи мағлұмат беру (оқушы)
Қазақтың киіз үйіндегі макетті ата
1.Киіз үй табаны диаметрі 6см.Киіз үй табаны .Шеңбердің ұзындығын тап.
2.3т Айдың радиусы 1770 км. Айдың шеңберінің ұзындығын тап.
3. Велосипед доңғалағы диаметрі 60 см. Доңғалағының шеңберінің ұзындығын тап

**Тарихи мәліметтер**

Шеңбер мен дөңгелек тәрізді денелердің ежелгі заманда  жиі пайдаланылуына байланысты шеңбер мен дөңгелек ұғымы ертеде-ақ қалыптасқан. Тәжірибелерден шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты сан екні анықталған. Бұл санды ғалымдар әр түрлі мәндерде (3-тен үлкен 4-тен кіші алды.)
1706 жылы ағылшын математигі У.Джонс тұңғыш рет шеңбер ұзындығының оның диаметріне бөліндісін П әріпімен белгілеген, ал Петербург ғылым академиясының мүшесі, ұлы математик Л.Эйлер (1707-1783) осы белгілеудегі жалпы түрде қабылдауды ұсынады.
Қазақтың тұрмыс-тіршілігінде де шеңбер мен дөңгелек тәрізді денелер кеңінен орын алған.Олар түрлі әшекейлік бұйымдар және киіз үй.Киіз үй толық құрылысымен шеңбер және дөңгелек тәрізді фигуралардан құралған.Киіз үйдің табны дөңгелек болса, керегелері доға пішіндес болғандықтан, шеңбер жасайды.Киіз үй шаңырағының жиегі шеңбер сияқты. Киіз үйдің шеңбер бойымен керілген керегелеріне уықтары байланады да, уықтарының бір ұшы шаңырақатрдағы ұяшықтарға бекітіледі. Киіз үй- шеңбер мен дөңгелектерден тұратын қазақтың ұлттық өнерінің ерекшелігін бейнелейтін құрылыс.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №48 «жалпы орта мектеп» КММ**
**Шалгинбаева  гульмира  Орынбековна  қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы:** Аңыз әңгімелер
**Сабақтың мақсаты:**
А) Аңыз-әңгімелер туралы алған білімдерін кенейте отырып, сөйлеу тілін дамыту, сұрақ қойып жауап бере білуге үйрету.
Ә) Оқушылардың тіл байлықтарын арттырып, ұтқыр да ойлы сөйлеуге баулу, тілдерін дамыту.
Б) Аңыз әңгімелер арқылы ұлы адамдар өмірін өнеге ете отырып, адам бойындағы жақсы қасиеттерді сіңіру.
Ізденімпаздыққа, ұйымшылдыққа баулу.
**Сабақтың түрі:** Білімдерін жинақтау, сайыс сабағы.
**Сабақтың типі:** Қайталау.
**Сабақтың әдісі:** Топпен жұмыс, Ой қозғау, сұрақ-жауап, эссе, топтастыру, АКТ, СТО стратегиялары.
**Көрнекілігі:** оқулық, суреттер
Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі, орыс тілі
Сабақ барысы:
І.Ұйымдастыру бөлімі. а) амандасу; б) назарларын сабаққа аудару.
Сабақ оқушылар бір-біріне сәттілік тілеуден басталады. Оқушыларға қосымша тапсырмалар берілген. Өздерің басқа аңыз әңгімелерден ізденіп, оқып көріністер дайындау тапсырылған.
Бүгінгі сабақта аңыз әңгімелерден алған білімімізді тиянақтау үшін сайыс сабағы өткізіледі.Сабағымыздың ұраны «Шығамын білім шыңына» деп аталады. Ендеше «Оқу инемен құдық қазғандай» деп тегін айтылмаған. Ұлы бабаларымыздың «Білімдіге дүние жарық, білімсіздің күні кәріп» деген нақыл сөзі көп мән жайды аңғартады, сондықтан «Аңыз әңгімелер - даналық бастауы» атпен осыған дейін өтілген аңыз әңгімелер бойынша алған білімімізді ортаға саламыз. Сынып оқушылары өз білімін, іскерліктерін байқату үшін үш топқа бөлініп сайысқа түседі.
«Шығамын білім шыңына»
«Аңыз әңгімелер - даналық бастауы» (Аңыз әңгімелерді қайталау)
ІІ. Қызығушылықты ояту бөлімі (бейне таспа) бейне таспаны көріп болған соң оқушылар өз пікірлерін ортаға салады. (Өзім қорытындылаймын)
ІІІ. «Иә», «Жоқ» стратегиясы. Графикалық диктант.
1.Аңыз –ауыз әдебиетінің бір саласы бола ала ма? +
2. Аңыздағы оқиғаның шешілуі адамды жақсылыққа жетелейді деуге бола ма?. +
3.Жиренше мен Қарашаш өмірде болған жоқ деуге бола ма? -
4. Аңыз әңгімелердің кейіпкерлері тарихи тұлғалар деуге бола ма? + 5.Аңыздағы кейіпкерлердің сөзі де, ісі де тапқыр бола ма? + (оқушылар жауаптарының ұтымдылығын, ерекшелігін атап өту)
ІҮ. Ой шақыру.
*Аңыз әңгімелер дегеніміз не?
*Қандай аңыздарды білесіздер?
*Асан қайғы деген кім?
*«Жерұйық» дегеніміз не?
*Жошы ханға баласының өлгенін естірткен күйдің жырын кім айтады?
*Жиренше төрде отырып, қызға қарап басын сипайды. Бұл не дегені?
*Қыз астындағы тақыр тулақты сипайды. Ол не дегені?
*Жиреншеге мінездеме беріңдер. (1. Әрқашан әділдікті, шындықты айтады; 2. Кісімен ақылдасуды ұмытпайды; 3. Сөзді

тауып айтады; 4. Хан екен деп жағымпазданбайды, өзін еркін ұстап, ханмен тең дәрежеде сөйлеседі).
Дәптермен жұмыс.(тақтамен жұмыс, оқушылар өздері тақтаға жазады)
Аңыз әңгімелердің ерекшеліктерін атаңыздар
кейіпкерлері Аңызға айналатыны да
осы тапқырлық қасиеттері
тарихи тұлғалар кейіпкерлерінің
сөзі де, ісі де
таңданарлық
тапқыр болады.
Оқиғаның шешілуі әрі сүйсінтеді, әрі еліктетеді, адамды жақсылыққа жетелейді.
Аңыздар бойынша әр топтың көріністерін тамашалауға кезек берейік.
Сабақты бекіту: (топ басшылары бағалау парағы бойынша сөйлейді)
Белсенділік танытқан оқушыларды бағалау.
Үйге тапсырма: Ой қозғау (Оқушылардың шығармашылық қабілетін шыңдау үшін)
1.Баласының өлімін әкесіне қалай естіртер едіңдер? (проблемалық сұрақ)
2.«Әңгімедегі бақытсыз жан» тақырыбына эссе жазу.
3. Хан мен Жиреншені көз алдыңа елестете отырып суретін салу.
Толғаныс сәті:
- Бүгінгі сабақта нені үйрендік?
Не ұнады? Не ұнамады?
Әр топтағы оқушылар парақшаға рефлексия жазады.

* * * * *

**Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің**
**Бастауыш сынып мұғалімі Жакыпова Гульмира Абдысаматовна**

**Сабақ тақырыбы:Пайдалы қазбалар және олардың адам өміріндегі маңызы.**
Сабақ мақсаттары:
1. Пайдалы қазбалар туралы мағлұмат беру, оның адам өміріндегі пайдасын әңгімелеу.
2. Сұрақтар арқылы таным белсенділігін арттыру, сөздік қорын дамыту.
3. Еліміздің байлығын, қорғауға, туған жер табиғатына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.
Сабақ түрі:Жаңа сабақ.
Сабақ әдісі:Түсіндіру, сұрақ – жауап.
І.Ұйымдастыру кезеңі.Психологиялық дайындық
Табиғат біздің –анамыз
Табиғатқа баламыз
Табиғатты қорғайтын,
Біз әдепті боламыз!
Жер байлығы көп екен,
Меңгеруді қалайды.
Осының бәрін меңгертер,
Дүниетану сабағы!
Үй тапсырмасын тексеру:Пайдалы қазбалардың түрлері.
Оқушылардан жекелеп сұрау.
ІІ. Өтілген тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап алу:
Қолданылуына қарай пайдалы қазбалар
үшке бөлінеді
Жанғыш пайдалы Кен пайдалы Кенге жатпайтын
қазбалар. қазбалар. пайдалы қазбалар
ІІІ. Жаңа сабақ: Менделеев кестесімен таныстыру. Өмірмен байланыс.
Бұл қазбалардың бәрі адам өміріне қажет. Осы қазбалардан түрлі өнімдер өндіріледі. Қазбаларды сату арқылы еліміздің экономикасы дамиды. Ал осы қазбаларды белгілі мамандық иелері өндіреді. Олар мұнайшы, кенші, шахтер,т.б. Біздің елбасшымыз Н.Назарбаевтың өзі кенші болған.
Осы кестеде көрсетілген 104 элементтің бәрі біздің Қазақстанда кездеседі.(Химия пәнінде танысасыздар)
Жер қойнауында түрлі қазба байлық жерден қазып алып қажетіне пайдаланады. Табиғаттағы заттардың бәрі адам игілігіне жұмсалады.
Жерден қазып алып, адам қажетіне жұмсалатын тау жыныстарынпайдалы қазбалардеп атаймыз.
Тұз– көлдердің түбінен алынады. Тамаққа, дәрі жасауға, адамды шомылдыруға, мұзға себеді, мұзды ерітеді.
Тұз– қатты, ащы, еригіш, еріткіш, емдік қасиеті: тамақты шаю, шашқа пайдалы, тіске пайдалы. Көп мөлшерде пайдалануға тыйым салынады, бүйрекке, жүрекке, өтке, қуыққа, қан–тамырларына зиян.
Тас көмір, мұнай, газ, шымтезек, жанармай— тамақ пісіру, үй жылыту, зауыт, фабрика, электр станциялар, транспорттар жұмыс істеуі үшін керек.Құрылыс материалдары:құм, саз,әк, тас –үй, зауыт,фабрика,т. б.құрылыстар үшін керек.
Металл– әртүрлі көліктер, ұшақ, кеме, темір жол, көпір салу үшін қажет.
Өз облысымызда өндірілетін пайдалы қазбалардың қасиеттері мен қолданылуын
ІV. Картамен жұмыс
Шартты белгілерге қарап картадан тұз кен орындарын табу. Мұнайдың, көмірдің шартты белгілерімен таныстырып, орларды картадан табу.
· Көмір –Екібастұз, Қарағанды
· Мұнай, газ –Атырау, Ақтау, Ақтөбе,Орал
· Ас тұзы –Атырау, Жамбыл, Индер

· Металл –Жезқазған, Өскемен.
V. Оқулықпен жұмыс
Сурет бойынша әңгімелеу, мәтінді оқыту, сұрақтарға жауап алу.
Сергіту сәті: ( бейнебаян)
VI. Не өзгерді?Ойыны
Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.
oТас көмір– түсі қара, қатты, жылтырайды, қызуы күшті.
oАс тұзы– ащы, қатты, ерігіш, еріткіш, түсі ақ.
oСу–үш күйде болады: сұйық, қатты, бу, иісі жоқ, мөлдір, аққыш.
oГаз– иісі бар, түссіз, көзге көрінбейді.
Қорытындылау. . Ситуациялық сұрақ.
1. Анаң тамақ пісіріп жатып тұз салуды ұмытып кетсе не болады?
2. Құрылысшылар үй салғанда цемент қосуды ұмытып кетсе не болады?
3. Кемемен тасымалданып келе жатқан мұнай төгіліп қалса не болар еді?
4. Пайдалы қазбалар жер бетінен жоғалып кетсе не болар еді?
-Олай болса пайдалы қазбалардың адам өміріндегі пайдасы, маңызы өте зор.
Бағалау.
Үйге тапсырма: тақырыпты оқу, мазмұнын айту

* * * * *

## СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Созақ ауылы Науайы атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абырахманова Манзура**

**Сабақтың тақырыбы:** Септік жалғаулары ***7 - сынып***
**Сабақтың мақсаты:** Білімділік: сайыстар арқылы, жаттығулар орындату арқылы септік жалғауларын ажырата білуді меңгерту.
**Дамытушылық:** өз ойларын дұрыс айта білу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың байқампаздығын, іскерлігін, шығармашылық қасиеттерін дамыту.
**Тәрбиелік:** инабаттылыққа, сауаттылыққа тәрбиелеу, әдемі, таза жүруге баулу.
**Сабақтың әдісі:** сұрақ – жауап, слайд, топтастыру.
**Сабақтың түрі:** жаңа сабақты оқушы өздігінен меңгеруі, ізденуі.
**Пәнаралық байланыс:** әдебиет, өзбек тілі.
**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивтік тақта, кеспе қағаздары, суреттер.
***Сабақтың барысы:***
**1.Ұйымдастыру**.
- Оқушылармен амандасу.
- Оқушыларды түгелдеу
- Сынып тазалығына мән беру.
- Оқушыларды топқа бөлу.

**Сынып ішіне жағымды ахуалды туғызу.**
Оқушылар бір – біріне жақсы тілек айту арқылы сабағымызды бастаймыз.
**Сабақтың бөлімдері:**
- Үй тапсырмасын сұрау.
- «Сиқырлы сандықша» сайысы.
- «Брейн – ринг» оқыта үйрету жарыс ойыны.
- «Мозаика» әдісі
- Топтастыру
- Сергіту сәті
- Толғаныс стратегиясы
- «Екі жақты күнделік» әдісі.

2.**Үй тапсырма сұрау**.
1.Дәптерлеріндегі жаттығуларды тексеру.
2. **«Сиқырлы сандықша»** сайысы.
Оқушылар сандықша ішінен сұрақтар жазылған кеспелер алады. Сұрақтарға қай топ көп жауап берсе, сандықша сол топқа сыйлыққа берілді.
**Жаңа сабақ. «Брейн – ринг»** оқыта үйрету жарыс ойыны. Ойынның шарты: сынып оқушылары алты адамнан тұратын үш топқа бөлінеді. Әр топта бір – бір жүргізуші болады. Жаңа тақырыпты оқып дайындалып, қарсы топтарға түсіндіреді. Кеспе қағаздарында жаңа тақырыпқа байланысты сұрақтар топтарға бөліп берілген болады. Әр топтан әр оқушы кітап арқылы түсіндірсе, қалған оқушылар сұрақтарға жауап береді.
Ойында қай топ және қай оқушы бастайтынын әр топбасшысы белгілейді. Әр басшысы өз тобының бағалау парағын жүргізеді.
**«Мазаика» әдісі** Әр топта түрлі бөліктерге бөлінген суреттер беріледі. Суреттерді құрастырып, мәтін құрайды. Мәтіннің ішінен септеулік шылауларын табады.
**«Топтастыру»** стратегиясы Слайд арқылы көрсету, оқушыларға орындату. Қай септік жалғауларын жалғауға болады.
**Сергіту сәті**
Тереңдет ойыңды,
Тік ұста бойыңды.

Құстарға ұқсайық,
Қалықтап ұшайық.
Шық алға оң қанат,
Шық алға соң қанат.
Шаршаған кездерде
Қонайық жорғалап.
**Толғаныс стратегиясы.** Жалғауларды қатыстыра отырып, өлең құрау.
Сабақты қорытындылау. **« Екі жақты күнделік»** әдісі
Үш қатарға түрлі түсті қағазға жазылған өлең үзінділері беріледі. Өлеңді оқып зат есімдерін, септік жалғауларын табады.

| к/с | Үзінді | Зат есім | Септік жалғаулары |
|---|---|---|---|
| 1 | Сырлары көп ғылымның<br>Шешілмеген әліде<br>Тереңдігі білімнің<br>Керек екен бәріне | Сыр, ғылым, білім | -ның, -ген, -нің, -не. |
| 2 | Туған тілде сыры терең жаным бар,<br>Туған тілде әнім менен сәнім бар.<br>Туған тілім тіл болудан қалса егер<br>Жүрегімді суырып ақ алыңдар! | Тіл, сыр, жан,ән, сән, жүрек. | -де, -дан,-ді |
| 3 | Көгінде күн нұрын төккен,<br>Жерінде гүл жұпарын сепкен,<br>Неткен сұлу, неткен көркем,<br>Осы менің туған өлкем! | Күн, нұр, жер, гүл, өлке. | -де, -кен, -нің, -ған. |

**Оқушыларды бағалау:** Бағалау парақшаларындағы топбасшылар ұпайларды есептейді. Бағаларын журналға, күнделікке қойып беру.
***Мұғалімнің қорытындылау сөзі:***
Жеңіске құты толама
Бір – бірлеп теріп алмасаң?
Әп сәтте өсе қояма
Еккен дәнін ойласаң?!
Білімде сондай қарағым,
Біртіндеп сіңер бойыңа
Ұғып ал білім боларын,
Шам шырағың жолыңда.

* * * * *

**Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігі Білім беру бөлімінің**
**«Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» мұғалім-дефектолог**
**Имангалиева Гүлнар Энгельсқызы**

**Сабақтың тақырыбы:** Ертегілер елінде
**Сабақтың мақсаты:**
**Түзете-дамыту:** оқушылырға ертегілердің негізгі идеясын өз беттерінше ұғынуға үйрету. Бауырсақ ертегісі бойынша ертегіні болжау әдісі арқылы ертегіні көз алдарына елестету, талдату және салыстыра отырып, олардың қиялын, ой-өрісін дамыту. Ақпараттық коммуникациялық технологияны тиімді қолдану.
**Тәрбиелігі:** жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, тапқыр болуға тәрбиелеу.
**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, сериялы суреттер, аудио жазба, тұзды қамыр, құм, түрлі түсті қағаздар,үлестірмелі топшамалар. Эдупелей бағдарламасы.

***Сабақтың барысы:***
***І. Ұйымдастыру бөлімі:***
***Жүрек жылуы***
*Күндей жадырап,*
*Айдай арайлап,*
*Жұлдыздай жарқырап*
*Судай таза көңілмен,*
*Ертегілер елінде,*
*Татумыз, доспыз, бәріміз,*
*Жылынсыншы жанымыз.*
***ІІ. Негізгі бөлім***
***1.Ертегі туралы түсінік беру.***
*Ертегі өте ерте заманнан ауыздан ауызға жеткен. Ертегілердің әдетте басталулары ұқсас: «Баяғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты .... » немесе «Ерте, ерте,ертеде, ешкі жүні бөрте де» деп те басталады. Ертегі соңы олар «сөйтіп мұратына жетіпті» үнемі жақсылықпен аяқталады. Адамдар жақсы өмірді армандағаннан, адамдардың еңбегі мен тұрмыс тіршілігіне байланысты туған. Ертегілер үш топқа бөлінеді.*
*1.Қиял-ғажайып*
*2.Хайуанаттар*
*3.Тұрмыс-салт*
- Кәне кім айтады ертегілердің басты кейіпкерлері кімдер?
-Қандай ертегілерді білесіңдер?

*-Үйде қандай ертегі оқыдыңдар немесе теледидардан көрдіңдер?*
*-Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ата.*
***2.Суретпен жұмыс.***
*Суреттегі ертегілерді атау. Әрқайсысына тоқталып әңгімелеу. Сериялы сурет бойынша «Шалқан» ертегісін әңгімелеп айту.*
***III. «Бауырсақ» ертегісі бойынша тапсырмалар орындау.***
**1.Қоянның тапсырмасы ертегілер кейіпкерлерін атап жаз.**
Аю, Алдар көсе, бауырсақ, түлкі, Қожанасыр, бай, алтын балық.
**2.Аюдың тапсырмасы математикалық жаттығулар шешу.** Сандардың көршісін тап.
**IV.Сергіту сәті.**
**Видео ролик. (Іс-қимылдармен көрсету)**
**3.Қасқырдың тапсырмасы қорапшадағы құмның ішінен заттарды тауып құрастыру.**
**«Құпия сыйлық»**
Құмға түтікше арқылы сурет салу. Ертегі бойынша немесе өзі қалаған суретті салу.
**4.Түлкінің тапсырмасы «Түлкінің суретінің үстіне қиынды түрлі түсті қағазды жапсыру»**
Тұзды қамырдан бауырсақ жасау.
**V.Қорытынды бөлім:**
1. «Бауырсақ» ертегісін рөлге бөліп, маска кию арқылы сахналық қойылым көрсету.
2.Мақтау, мадақтау.

* * * * *

**Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «№2 арнайы жалпы білім беру мектебі» КММ**
**Бастауыш сынып мұғалімі Молдагалиева Сауле Жагоровна**

**Сабақтың тақырыбы:** Адам және өсімдіктер мен жануарлар.
**Сабақтың мақсаты : 1.Білімділік**: Табиғаттағы және адам өмірінде жануарлар мен өсімдіктердің маңызы туралы оқушыларға түсінік беру.
**2.Дамытушылық:** адам және өсімдік , жануар арасындағы байланыстың оң әсерін түсіндіре отырып , логикалық ойлау, еркін сөйлеу, дағдысын
өздіктерінен қортындылау қабілетін дамыту.
**3.Тәрбиелік:** табиғатты сүюге, қамқорлық жасап күтуге елжандылыққа тәрбиелеу.
**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ – жауап , ойын, әңгімелеу.
**Сабақтың көрнеклігі:** сурет жинағы, үлестірмелі прақтар, жұмбақтар, плакат.
**Сабақтың барысы:**
**1. Ұйымдастыру кезеңі.**
-қазір бізде қандай сабақ ?
- адам және әлем .
**-Психологиялық дайындық ;** Амансыңба, алтын күн !
Амансыңба ба, көк аспан!
Амансынба ба, достарым!
Сабағымызды бастайық .
Жамандықты тастайық .
Балалар бүгін аптаның қай күні ?
22 Жылдың қай мезгілі ?
23 Қыс мезгілінің қай айы ?
**2. Өткен сабаққа шолу.**
- Алдынғы өткен сабақты пысықтау , үлестірме парақ бойынша сұрақ – жауап тапсырмалары .
-Түлкі қандай жануар немен қоректенеді.
- Адам мен жануарлар арасында қандай қарым – қатынас бар.
-Түлкі мен қоянға байланысты қандай мысал білеміз.
Мұғалім: Қайырымдылық , достық – бұл бір –біріне сену, көмектесу .
Жануарлар арасында да осындай достық болатынына сену керек.
**Ойын**: **«Кім тапқыр»**
Мақсаты : оқушылардың сабақты қандай дәрежеде түсінгенін білу, жұмбақ шешуге қызығушылығын ояту, дағдыландыру.
Бұлғаңдайды құйрығы
Бір алдарлық құлығы. (түлкі)
Аузы бейне шалғы ора
Шөп емес, бірақ малды орады. (қасқыр)
Екі деңдей құлағы
Дыбыс сезіп тұрады (қоян)
Тәтті көрсе бас салар,
Айнымайды баладан.
Үп – үлкен боп жасқанар,
Кіп кішкентай арадан .
3. **Жаңа білім беру.**
Бүгінгі сабағымызды адам, өсімдік,жаныуардың, байланысы адам өміріндегі маңызы туралы білетін боламыз.
Сабағымыздың мақсаты: табиғат , адам, өсімдік, жануар туралы білу табиғатты сүю, қамқорлық жасау.
Олар тірі табиғаттың маңызды бөліктері. Үшеуінің арасында өте тығыз байланыс бар . Өсімдіктермен , көп жануар қоректенеді. Өсімдік жануарларды суықтан жаудан қорғайтын баспана .Ал жануарлар топырақ арасынан жол салып

оған ауаның ылғалдың кіруін жақсартады.Мысалы: жауын құрты өсімдіктің кураған жапырағын топыраққа араластырады.

Топырақ шіріп өсімдікке қорек болады. Жануарлар өсімдіктің тұқымын тазартуға көмектеседі.

Өсімдіктер – адамға тағам, жылу, таза ауа сыйлайды.Дән, жеміс – жидек ,
Көкөніс өсімдіктен алынады. Ағашты адам үй салуға пайдаланады.

Жасыл өсімдіктер шаң - тозаңдыңды ұстап , ауаны тазартады. Адам өсімдіктерді өз өміріне молынан және жақсы пайдалану үшін өсімдік шаруашылығын ұйымдастырады. Олар егін шаруашылығын, бау – бақша, бақша шаруашылығында көкөніс алады.

Қандай көкөністерді білеміз?
Ал жеміс – жидектер ағашта, бұталарда өседі. Адамдар өзін сүт, май, ет сияқты тағамдармен қамтамассыз ету үшін, адам көптеген жануарларды қолға үйреткен. Оларға сиыр, қой, ешкі, түйе, жылқы. Жануарлар мен адам бір – біріне тығыз байланысты ішсе – тағам, кисе – киім, мінсе – көлік.

Сондықтан болар қазақ халқы жануарларды жырға, мақал – мәтелге қосқан, әсіресе балаларын еркелеткенде Ботам, құлыным, Ботагөз, Құралай деп есімдер қойған.

**4. Сергіту сәті.** -жануарлар қимылын келтіріп орындау.
5. Өз бетімен жұмыс. - ұнаған аңды бояу.
**6. Жеке оқушымен жұмыс.** - Сурет бойынша әңгімелеп беру.
**7.Ойын: «Өз мекенін тап »** Мақсаты:орман жанурларын өз мекндеріне дұрыс орналастыра білу ,дұрыс ажырату.
**8.Сабақты қортындылау.** -Балалар бүгінгі сабақта не туралы білдік?
- Оған жауап беру үшін мына «жасырынған сөзді табу керек»
-Ол сөзді табу үшін сұрақтарға мұқият тереңірек жауап берейік.
1. Қандай жануар кісінейді?
2.Аңдар қайда мекендейді?
3.Ең қорқақ жануар не?
4.Сиырдың баласын не дейміз?
5.Қандай жануар балды жақсы көреді?
6.Жануарларға ең қажетті жағдайды ата?
Жануарлардың өсімдіктердің табиғаттағы адам өміріндегі пайдасы туралы білімімізді толықтырдық, бірақ алдағы уақытта одан әрі үйренетініміз көп.
Біз осы табиғатты өсімдіктермен жануарларды жерімізді бір уыс топырағына дейін қорғауымыз керек.
Себебі бұл біздің Отанымыз – Қазақстан .Олай болса, балалар орынымыздан тұрып «Атамекен» әнін орындайық.
**9. Үйге тапсырма**
Оқулықпен жұмыс. Мал, өсімдіктерге бақылау жасау.
10. Оқушыларды бағалау, мадақтау.
**11. Сабақты аяқтау.**

* * * * *

**Атырау қаласы №28 жалпы білім беретін орта мектепттің**
**I санатты тарих пән мұғалімі Кенжегулова Айжан Сапарғалиқызы**

**Қысқа мерзімді жоспар**

| | **Пәні** | **Сыныбы** | **Күні** |
|---|---|---|---|
| | Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы | 7 | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Әбілқайыр хандығы | | |
| **Мақсаты** | Әбілқайыр мемлекетінің пайда болуы мен даму үрдісін және оның құлауының себеп салдарын, тарихи мәнін анықтау. | | |
| **Күтілетін нәтиже** | Әбілқайыр хандығының мемлекет болып құрылуына негіз болған жағдайларына, әскери жорықтарының бағыттарына, хандықтың құлау себептеріне сипаттама бере алады. | | |
| **Сілтеме** | 7-сынып оқулығы, Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару | | |
| **Негізгі идеясы** | Әбілқайырдың билік басына келуі, оның мемлекетінің нығаюы | | |
| **Ресурстар** | АКТ, Флипчарт, маркер, түрлі-түсті стикерлер, смайлик, карта | | |
| **Үйге тапсырма** | §28 | | |

| **Ойлау деңгей** | **Уақыт** | **Мақсаты** | **Тапсырма түрі. Түрткілер** | **Күтілетін нәтиже** | **Бағалау** | **Мұғалім іс-әрекеті** | **Оқушы іс-әрекеті** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

<table>
<tr>
<td>Білу</td>
<td>5-минут</td>
<td>Өткен сабақ бойынша білім-біліктерін қайталау</td>
<td>I.Ұйымдастыру бөлімі<br>II.Үй тапсырмасы: Ноғай Ордасы<br>Жеке жұмыс: Кім шапшаң?<br>1.Ноғай Ордасының негізгі аумағы<br>2.Этникалық құрамы<br>3. Ноғай Ордасы қай ханның кезінде дәуірледі?<br>4.Ноғай Ордасының мемлекеттік құрылымына сипаттама бер<br>5.Ноғай Ордасының ыдырауы</td>
<td>Өткен сабақ бойынша білімдерін нақты көрсете отырып, сұрақтарға жауап береді</td>
<td>Өзара бағалау</td>
<td>Сәлемдесу, түгендеу, Сыныпты төрт топқа бөлу. Әр топқа бағалау парағын таратып беру</td>
<td>Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Түсіну</td>
<td>15-минут</td>
<td>Оқулық мәтінін игерту</td>
<td>Топтық жұмыс: Мәтінмен жұмыс<br>1.Әбілқайыр хандығының құрылуы<br>2.Халқының этникалық құрамы<br>3.Әбілқайыр хандығының нығаюы<br>4. Хандықтың әлсіреуі</td>
<td>Жаңа сабақты постер арқылы түсінеді</td>
<td>Топтық бағалау</td>
<td>Жаңа тақырыпты оқушыларға жинақтау үшін жаңа материалдарға байланысты ресурстар беру. Постер арқылы тақырыптарын қорғату</td>
<td>Оқушылар өз ойлары мен пікірлерін ортаға салып , топпен талқылайды. Топпен шығып, тапсырманы постер арқылы қорғайды және бір-біріне түсіндіреді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Қолдану</td>
<td>7-минут</td>
<td>Алған білімдерін тапсырма орындауда қолдану</td>
<td>Жұптық жұмыс: Кестені толтыр<br>а) Әбілқайырдың әскери жорықтары<table><tr><th>Жорықтар бағыты</th><th>Қорытынды</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>ә)Әбілқайыр хандығының құлауы<table><tr><th>Құлау себептері</th><th>Салдары</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Әбілқайырдың әскери жорықтарының бағытын мен себептерін анықтай алады</td>
<td>Өзара бағалау</td>
<td>Тапсырманың орындалысын бақылау. Оқушылардың жұптық жұмыс жасауын қамтамасыз ету</td>
<td>«Әбілқайырдың әскери жорықтары»мен «Әбілқайыр хандығының құлауы» кестелерін толтыра отырып, оның сыртқы саясатының мәні мен хандықтың құлау себептерін сипаттайды. Жұптық жұмыс жасауға дағдыланады</td>
</tr>
</table>

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Талдау** | 7-минут | Тақырыпқа талдау жасауға үйрету | **Топтық жұмыс. Венн диаграммасы**<br><br>Әбілқайыр хандығы Моғолстан | Талдау жасай алады. | **Топтық бағалау** | Топтық жұмысты қадағалау | Әбілқайыр хандығы мен Моғолстан мемлекетінің ерекшелігімен ортақ белгілерін сипаттай отырып, талдау жасайды |
| **Жинақтау** | 6-минут | Берілген тақырыпты жинақтау | **Жеке жұмыс. Өзіңді тексер**<br>Дұрыс жауапты (+), қате жауапты (-) белгілермен белгіле<br>Әбілқайыр хандығының халқы негізінен қыпшақтардан тұрады<br>Хандықтын шекарасы батыста Еділ өзенінен басталып, шығыста Балқашқа дейін созылған<br>1456-1457ж Әбілқайыр Сығанақ қаласы түбінде Тоқа-Темір бастаған ойраттармен соғыста жеңіліп қалады<br>1465ж Әбілқайыр күшейіп кеткен Жәнібек пен Керейге қарсы жорыққа аттанды<br>Әбілқайыр Түркістанды мемлекеттің астанасы жасады<br>Әбілқайыр Жошының бесінші баласы, Шайбанидың ұрпағы<br>Әбілқайырды хан сайлағанда 92 ру-тайпа өкілдері қатынасқан<br>1431ж Әбілқайыр жауынгерлерінің Тоқа-Темір ұрпақтарына қарсы шайқасы Екәретүп деген жерде болған<br>Жетісуға жорық кезінде Әбілқайыр хан Алматы маңындағы Аққыстау деген жерде қайтыс болған | Кестені толтыра отырып есте сақтау жадысы қалыптасады | **Өзара бағалау** | Оқушылардың білімін зерделеу<br><br>Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты оқушыларға кесте таратады | Оқушылардың берілген сұрақтарға (+), (-) белгілерімен белгілей отырып, өз ойларын жинақтайды |
| **Бағалау** | 5-минут | Ойын жинақтауға дағдыландыру | ***Жеке жұмыс:*** Егер Әбілқайыр күшті билігі бар орталықтандырылған мемлекет құра алғанда, жағдай қалай өрбиді...<br><br>**Рефлексия: «Бес саусақ» тәсілі**<br> | Ойын нақты білдіре алады | **Өзара бағалау** | Оқушылардың жұмысын бағалау | Әр оқушы өз ойымен бөлісе отырып, қорытынды жасайды. Оқушылар кері байланыс арқылы өздерінің сабақтан алған әсерлерін, ұсыныс, тілектерін жазады. |

# БІЗ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕМІЗ

**ОҚО,Сайрам ауданы, Ақбастау ауылы №33.Н.Шойынбаев атындағы ЖОМ-нің директоры Суранчиева Айнаш Таңсықбайқызы**

Мектеп - білім ошағы, тәрбие ордасы, тағылым табалдырығы. Мектеп- тұлғаның толық қалыптасуына жағдай жасайтын әлеуметтік орта. Әр жеткіншек - зертелмеген құпия. Сол зерттелмеген құпияны ашып, баланың басқаға ұқсамайтын қасиетін тани білу- ұстаз атаулыға үлкен салмақ тастап отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің ІІ сьезінде «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр»,- деген болатын.

Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін ояту нәтижесінде оның дүниетанымы қалыптасады. Алдындағы әрбір баланың жеке басындағы қасиеттерін дұрыс тани білу үшін психолог болудың кемдігі жоқ. Жалпы бала жеке тұлғаға айналу үшін мұғалімде мынадай қасиеттер болуы қажет деп ойлаймын:Әр оқушыны дамыту, көптеген ерекше қабілеттерін ашу, ақыл-ойының дұрыс дамып жетілуіне жағдай жасау. Осы мақсатта өз мектебімде жүргізілген тәрбие жұмыстарымның нәтижесі жаман емес деп ойлаймын. Ата-анамен жүргізілетін жұмыс бағытын нақты айқындау, жүйелендіру. Мектеп, оқушы, ата-ана арасында байланысты нығайту және сыныптың ата-аналар комитетін құру арқылы бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік толық идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу.

«Оқушы-ата-ана» жүйесіндегі ата-аналардың өзара әсерінің біріккен тренингтерін өткізу; сынып оқушылары ата-аналар ұжымының жұмыс қорытындысының диагностикасын жасау.Мектебіміз ауылдық жердің мектебі болғандықтан, ауылдағы бірғана мемлекеттік мекеме екенін ескерсек, ата-аналардың мектептің жұмысы қандай, не істеп жатыр деген көзқарастарына жауап беру, мектеп пен ата-аналардың арасында сенімділік орнату үшін жаңа жоспармен жұмыс атқару қажеттігі туындады. Практика кезеңінде ата-аналардан, оқушылардан және мұғалімдерден сауалнамалар алынып, зерттелді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ата-аналар балаға дұрыс көңіл бөлмеуі, мектепке деген сенімсіздіктерінің басымдығы байқалды. Өзгеріс тобымен зерттеу қортындысын талдай келе, мұғалім, оқушы және ата ана арасында "Жақын арадағы даму аймағын" құруды ұйғардық. Мектебіміздің "Стратегиялық басымдықтары, мектептің даму жоспары" бойынша жұмыс жасау барысында "Мектеп ата-аналар қоғамдастығын" құруға атсалысу міндеттіміз деп біліп, ата-аналармен де коучинг сабақтарын өткізу жаңалықтың бірі болар деп ойладық. Өйткені ата- аналар жиналыстарына қатысушылардың толық келмеуі, келгенде де баласына толық көңіл бөлмеуі мектеп мұғалімдерін алаңдататын. Жалпы ата-аналар жиналысында осы мәселені көтергенімізде, ата-аналар қолдау көрсетті. Сонымен ата-аналар ұсыныстарымен коучинг сабақтарын балаларының жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырдық. Ата-аналар мен мұғалімдер арасында кездесетін түсінбеушіліктер мен жайсыздықтардың алдын алуға осындай коучинг жиналыстың септігі тиер деп үміттендік. Мектеп ата-аналар қоғамдастығымен жұмыс алып баруды жолға қойдық**.** Әр-бір сынып ата-аналар жиналыстарын коучинг сабақтары етіп өткізуді мектептің даму жоспарына енгіздік. "Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада" 5-6 сынып ата- аналарына, "Дені сау, рухани бай ұрпақ тәрбиелеудегі отбасы мен мектептің ролі" 7-8 сынып ата-аналарына, "Жастар жарқын өмірді таңдайды, ол үшін біз не істеуіміз керек?" тақырыбында 9- сынып ата-аналармен өткізілген коучинг сабақтары ата-аналардың көңілдерінен шығып, мектепке деген көзқарастары біршама өзгерді. Коучинг сабақтары туралы кері байланыс алғанымызда "сіздер мектепке өзгеріс алып келдіңіздер, біз өте қуаныштымыз, сіздерге сәттілік тілейміз" деп өз ойларын білдірді. Оқу - тәрбие үрдісінде әрбір шара ата-аналардың қатысуымен өткізілетінін ерекше атап өткіміз келеді. Тәрбие берудің кез-келген жүйесінің негізгі мақсаты - білім алушы тұлғасының дамуы жөнінде айта келе, ең алдымен қазіргі замандағы педагогикалық психологияның негізгі ережелерін тәрбие саласында дұрыс қолдану мұғалім мен ата-ананың міндетті екендігін айта кеткен жөн. Балаларды тәрбиелеуде ата-аналарды оқу- тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алады. Ал мұғалім мен мектептің ең қасиетті міндеті- рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны зерттеп, дамытып, қалыптастыру. Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет- салты, әдебиеті, мәдениеті, өнері, шыққан түп- тамырында жататыны белгілі. Біз мектептің ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекет жасауы үшін бар күшімізді саламыз. Осы орайда биылғы мектептің даму жоспарына, ата-аналармен «Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, баршаның міндеті» конференция, «Бала ата-ананың бауыр еті», « Бала тәрбиесіндегі отбасының ролі», «Тәрбие бастауы отбасы», «Ата-ана отбасы тірегі» атты ата-аналар жиналысын коучинг сабақ түрінде әр тоқсан сайын өткізілуін ендіріп отырмыз. Сонымен бірге мектептің психолог және әлеуметтік педагог мамандарының "Дарындылықты адами қасиеттердің үш негізгі тобы арқылы анықтау" тақырыбында коучинг сабақ өткізуді және әлеуметтік салаға байланысты іс-шараларды жаңашыл түрде коучинг сабақтарын ұйымдастыруда. Коучингтің ұтымды жақтары ата-аналарға мүмкіндіктер мен проблемаларды қарауға мүмкіндік беретін іс-әрекетті талдау және ол туралы ойлануға арналған құралдарды ұсынады. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру- барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу үшін тек қана мектеппен шектелмейді. " Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбие жеке адамды жетілдіруде тиімді ықпал жасайды" ,- дей отырып, "Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады",- деген В.А. Сухамлинский сөзін басшылыққа алуымыз керек. Оқудан бос уақытында жасөспірім ортақ істің ұйымдастырушысы, белсенді қатысушысы болуға үлкен мүмкіндік алады. Іске қатысушы ретінде ол алдына міндеттер қояды, оларды шешу жолдары мен құралдарын таңдайды ақпарат алады, яғни жеке тұлғаның дамуы, ержетуі және әлеуметтік бағытталуы іске асады демекпіз. Мектебімізде "Баланың әлеуметтік белсенділігі" үйірмесі ұйымдастырылған. Бұл үйірменің мақсаты қазіргі кездегі әлеуметтік кеңістіктің кеңейуі және баланың тағлымына кері әсер етуші ортаның өріс алуына төтеп бере алатын, қоғамдағы өз орнын, жолын өз бетінше таңдауға, өзін-өзі тануға және өз қабілеттерін іске асыруға шақыру.

Оқушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізу тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады, оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай-ақ шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасаған. Әрбір ата-ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой –өрісі мен іс-әрекетінің кеңейгенін қалайды. Мектепте оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізу үшін мәдени іс шаралар, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен әр түрлі конкурстар, фестивальдар, өнертапқыш клубтар және ұлбалаларға техникалық үйірмелер мен

қызбалаларға эстетикалық үйірмелер ұйымдастырылған. Сонымен бірге оқушылардың қызығушылықтарын анықтау арқылы, олардың ой пікірлерін зерттей отырып мектептегі үйірме жұмыстарына жаңашылдық енгізуді мақсат етіп, сол мақсатымызды іске асырудамыз.

Мектеп қызметін жетілдіру жолдарын іздестірудегі негізгі шаралардың бірі-"Оқушы үні" жобасын енгізу. Оқушылардың ой-пікірлерін дұрыс ұғыну және білу мақсатында "Оқушы үні" жобасы аясында біршама жұмыстар атқарылды. Баланың ой-пікіріне еркіндік беру, біздің басты мақсатымыз. Деңгейлік бағдарлама аясында білім алып жүрген мұғалімдер практика кезеңінде осы жоба аясында оқушылардан сауалнамалар алып, олар зерттелді. Зерттеу нәтижелеріне көз салсақ мұғаліммен оқушы арасында алшақтық байқалды. Мұғалім оқушылармен қоян қолтық араласпаса, педагогтік әдеп жоқ жерде сабақ, тәрбие іске аспайды. Тәрбие арқылы білім беру- үзіліссіз жүргізілетін үрдіс, ол адамның өмірге келген күннен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұны оқушының жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды. А.С.Макаренко «тәрбие - өнер, оған арнайы үйрету керек»,- дейді.

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Оқушы шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік. «Ұлт данышпандары арқылы ұлы мақсаттарға жетеді» деген сөзбен ойымызды аяқтағымыз келеді.

* * * * *

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Жайық негізгі орта мектебінің даярлық тобының тәрбиешісі Омарова Айымгүл**

**Ұйымдасқан оқу әрекетінің технологиялық картасы**

**Білім беру саласы:** Қатынас. Әлеуметтік орта.
**Бөлімі:** Көркем әдебиет
**Тақырыбы:** «Достық мерекесі» («Тілеріміз бейбіт күн» өлеңін жаттау)
**Мақсаты:** Серікбай Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңін мәнерлеп оқу, сөздердің мағыналарын ашып түсіндіру ; бәрі бірге қайталап жаттауға талыпну. Отанымызды сүюге, достыққа тәрбиелеп, түрлі ұлт өкілдері тұратын ауылдың тату-тәтті бірлігін мақтаныш ету;
**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** мерекелік иллюстрациялар, «Бірлігі жарасқан-ауылым» атты слайд. Әртүрлі ұлттың киімін киген ауыл балаларының суреттері, жұмыс дәптері, түрлі-түсті қарындаштар.
**Сөздің жұмыс:** құшағын ашу, тең басқан.
**Билингвальді компонент** : достық-дружба; тыныш-мирно; жалауша-флажок;

| Оқу іс-әрекетінің кезеңдері | Педагогтің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Мотивациялық-қозғаушылық** | ***Шаттық шеңбері***<br>Тату-тәтті бәріміз,<br>Бірге ойнап жүреміз.<br>Арайлап атқан алтын күнге,<br>Қуанып сәлем береміз. | Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. |
| **Ұйымдастырушылық-ізденістік** | ***Кіріспе әңгіме***<br>-1 мамыр – халықтар достығының, ынтымақ мерекесі.<br>- Мерекелік шеруге барғанда қолымызға не ұстаймыз?<br>- Мерек күні не істейміз?<br>- Достық –барлық елдердің бірлігі, берекесі, татулығы. Еліміз тыныш болса, бәрі де жақсы болады. Біздің ауылда қазақ, татар, орыс, украин, шешен т.б ұлтының адамдары тату-тәтті ынтымақтастыққа өмір сүріп жатыр.<br><br>- Біз бүгін ақын Оспановтың «Тілеріміз бейбіт күн» өлеңімен танысамыз.<br><br>*Біз балдырған тең басқан,*<br>*Дос құшағын елге ашқан.*<br>*Тілеріміз бейбіт күн,*<br>*Ашық болсын кең аспан!*<br><br>**Сөздік жұмыс**<br>Құшағын ашу сөзі-бәрін бірдей жақсы көру мағынасын білдіреді. Тең басқан сөзі барлық ұлттар тең, бірдей деген мағына білдіреді.<br>Билингвальді компонент:достық-дружба; тыныш-мирно; жалауша-ажок; | Балалардың жауаптары.<br><br>-Шар, жалауша ұстап мерекелік шеруге барамыз<br><br>-Ән айтамыз, билейміз, сурет саламыз, ойнаймыз...<br><br>Балалар өлеңді мұқият тыңдайды, жаттайды.<br><br>Сөздердің мағынасын түсінеді.<br><br>Қайталайды:<br>*достық-дружба; тыныш-мирно; жалауша-флажок;* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті**:*<br>Достар бірге ойнаймыз,<br>Өзеннен балық аулаймыз.<br>Бірге бақша суарып,<br>Құс ұясын бұбаймыз.<br><br>**Сұрақ-жауап**<br>-өлең қалай аталады?<br>-бейбіт күн дегенді қалай түсінесің?<br>- Достық дегенді қалай түсінесің?<br><br>**Дәптермен жұмыс:**<br>Дәптердегі берілген тапсырманы балаларға түсіндіру.<br><br>**Мақал жаттау:**<br>Досы көппен сыйлас,<br>Досы азбен сырлас.<br>Дос болсаң, берік бол,<br>Досыңа серік бол. | *Балалар қимылмен көрсетеді.*<br><br>*Балалардың жауаптары.*<br><br>Балалар жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындайды.<br><br>Балалар мақалды жаттайды. |
| **Рефлексиялық-түзетушілік** | -Достық мерекесі күні сендерге несімен ұнайды?<br>- Ауылда достық мерекесі күнін қалай өткізесідер?<br>-Кімдермен қыдырасыңдар? | Балалардың жауаптары |

**Күтілетін нәтиже:**
**Орындайды:** Достық мерекесі туралы өз түсініктерін атайды.
**Түсінеді:** Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет екендігін және онда түрлі халық тұратынын түсінеді.
**Қолданады:** Достық мерекесіне арнап тақпақ, өлең мақалдар айтады.

* * * * *

**Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Көктерек ОЖББМ**
**Ағылшын тілі мұғалімі Дуйсакова Динара Есенгелдиевна**

| **Апта** | **Күні** | **Сабақ** |
|---|---|---|
| **Сабақтыңтақырыбы** | Revision lesson | |
| **Жалпымақсаты** | - тақырып бойынша өз ойларын жеткізу;<br>- өткен материалды қайталап, бекіту;<br>- критериалды өзін-өзі, өзара бағалау; | |
| **Күтілетіннәтижелер** | - тақырып бойынша өз ойларын жеткізеді;<br>- өткен материалды қайталайды, бекітеді;<br>- критериалды өзін-өзі, өзара бағалайды; | |
| **Керектіжабдықтар** | Оқулық, интерактивті тақта, ноутбук, тұсаукесер, флипчарт, жапсырмалар, түрлі – түсті бояу. | |
| **Сабақбарысы:** | | |

| **Сабаққкезеңдері** | **Мұғаліміәрекеті** | **Оқушыәрекеті** |
|---|---|---|
| **Кіріспе**<br><br>**5-7мин.** | Good morning, children! How are you? Take your sits. Who is on duty today? Who is absent? Thank you!<br>Dividing into groups:<br>• Present Tenses<br>• Past Tenses<br>• Future tenses<br>Teacher asks questions<br><br>The teacher must evaluate with the help of cards<br>Checking up the homework: Word dictation. To write a dialogue. | Good morning, teacher! We are fine. I'm on duty today. All are present.<br><br>Night-club-түнгі клуб<br>do sums-есеп шығару<br>queue-кезек<br>coach-күйме<br>cloak room-киім шешетін бөлме<br>maid-қызметші әйел<br>nervous- жүйкесі тозған<br>luxurious- сәнді<br>inquiry-office- анықтама бюросы<br>avoid- қашқақтау |
| **Тұсаукесер**<br><br>**5-7 мин.** | **Brainstorming.**<br>**Group 1.** I often watch TV in the morning.<br>**Group 2.** I listened to music yesterday.<br>**Group 3.** I will go to Astana next year. | For every correct answer pupils get points. |

| | | |
|---|---|---|
| **Негізгі бөлім**<br>**20-25 мин.** | Now Gulnuris prepared a poem by Edgar Poe.Let's listen to her.<br>**Doing exercises:**<br>**Gerund. Exercise 1.**<br>10 You must add –ing.<br>Group 1. Wait, stop, write, lie.<br>Group 2. Help, swim, hope, tie.<br>Group 3. Visit, come, plan, die.<br>11 Who can explain this rule?<br>12 Who tells me the usage of gerund?<br>13 After what verbs do we usually use gerund?<br>14 Do we use it as a subject or object?<br><br>**Exercise 3. Articles.** Put in **the** where necessary. If the sentence is already correct, write OK.<br><br>Good. Now who wants to tell the usage of the articles with geographical names?<br>**Reading:**<br>**Group 1.**<br>**Group 2.**<br>**Group 3**<br><br>**A game: A hot chair.**<br>Pupils must say sentences in English in different tenses a pupil who sits on a hot chair must find what tense is used.<br><br>**Making a poster.**Pupils write an associations to the theme "Gerund", "Articles", and "Tenses" | **Exercise 1.**<br>Group 1. Waiting, stopping, writing, lying.<br>Group 2. Helping, swimming, hoping, tying.<br>Group 3. Visiting, coming, planning, dying.<br>Pupils answer the questions. For every correct answer pupils get points.<br>**Exercise 2.**<br>Group work. Work with cards.<br>**Group 1.** 1. He started … early. His pictures are great. 2. I enjoy … TV in the evenings. 3. … with children is very interesting. (to watch, to work, to paint)<br>**Group 2.**1. … is useful for health. 2. He finished … his homework and went out. 3. I like … in summer. (to like, to do, to swim)<br>**Group 3.** 1. I hate …getting up late. 2. I like … horror films. 3. … is harmful for your health.(to watch, to smoke, to hate)<br><br>**Exercise 3. Articles.** Put in **the** where necessary. If the sentence is already correct, write OK.<br>24 Kevin lives in Newton street. OK<br>25 Atlantic is between Africa and America. The Atlantic.<br>26 Have you ever been to China?<br>27 Have you ever been to Philippines?<br>28 Have you ever been to south of France?<br>29 Europe is bigger than Australia.<br>30 Which river is longer – Mississipi or Nile?<br>31 I hope to go to United States next year.<br>32 Mary comes from United Kingdom.<br>33 Andes are mountains in South America.<br>34 Tokyo is the capital of Japan<br>Pupils answer the questions. For every correct answer pupils get points.<br>**Reading: exercise 3.**<br>Ann: Well, I am thinking of going to New Zealand next year, Ken. I am really looking forward to it.<br>Ken: Oh, great! You will enjoy it!<br>Ann: When is a good time to go?<br>Ken: I would not go in winter, say from May to August. It can be very cold and wet then. But if you go from around November to March, you should have a nice weather.<br>**Answer the following questions.** ----<br>• What tense is used in first sentence?<br>4. Can you find phrasal verbs in the sentences?<br>5. Name gerund in the text.<br>A game: A hot chair.<br>6. I am watching TV. – Present Continuous.<br>7. We will play tennis tomorrow. – Future Simple.<br>8. We didn't buy a car last year. – Past Simple. etc.<br>After prepositions After certain verbs<br>Used as a subject Used as an object<br>We don't use before we use it before<br>countries mountain groups<br>oceans, seas,rivers states, cities,<br>lakes, streets |
| **Қорытынды**<br>**5 мин.** | Conclusion. A snow lump.<br>You know this week is English week. And your classmate Ayazhan is going to sing a song "Shine bright like a diamond" by Riahanna. Let's listen.<br>Homework. Review all materials.<br>Giving the marks.<br>Reflection. | Pupil 1. I will watch TV.<br>Pupil 2. Ainur will watch TV. I will go to school.<br>Pupil 3. Ainur will watch TV. Olzhas will go to school. I will listen to music. etc. |

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Атырау облысы, Индер ауданы М. Әуезов атындағы орта мектептің**
**бастауыш сынып мұғалімі Смагулова Айымгүл**

Елбасы Н. Ә. Назарбаев "Болашақта еңбек етіп, өмір суретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелген міндет ауыр"деген болатын.

Бүгінгі дүниенің күн санап өзгеруі білім беруге деген талапты күшейте түсуде. Жаңа идеялар, білім беруге жаңаша көзқарас, кәсіби біліктілік біздің бұрынғыдан да жаңа жоғары сатыға көтерілгеніміздің белгісі. Міне, мұның бәріне қол жеткізуге әр ұстаздың шығармашылығы, жұмыс істеуі ерекше болу тиіс.

Шығыс даналығы: "Маған айтсаң ұмытып қаламын, көрсем есімде қалар. Істеуін көрсетіп берсең, үйреніп аламын"- деген екен. Бұл баланың ынтасын жетелеу арқылы оқыту, үйрену деген сөз. Сабақта бала білімді қабылдап алушы көп обьектінің бірі деп есептеледі, олардың ерекшеліктері жеке ашыла қоймайды. Мұғалім білімді оқушы санасына сабақ арқылы жеткізеді. Сондықтан мұғалімнің ең басты мақсаты:

1. Әр баланы тұлға ретінде қабылдау.
2. Оның жеке тұлғалық қасиеттерін анықтап ашу.
3. Бұл қасиеттерін пайдалануға мүмкіндік туғызу.

Қазіргі кезде шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдердің тынымсыз іздену нәтижесінде оқу - тәрбие жұмысының тиімділігін арттырудың жаңа технологиялары өмірге келді.Қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі - жаңа технологиялар. Әлемнің бірнеше елінде сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды:

1. Дамыта оқыту технологиясы.
2. Рейтингтік жүйе.
3. Модульдік технология.
4. Сын тұрғысынан ойлау.

Әрбір технология өзіндегі жаңа - әдіс тәсілдерімен ерекшеленеді. Заман талабына сай оқушыларға сапалы, тиянақты білім беру - мұғалімдерге үлкен міндет. Бұл әрбір мұғалімнен тынымсыз ізденісті, оқытудың жаңа формаларын, әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет етеді. Сабақ барысында оқушылардың бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыра отырып, белгілі бір идеяны қабылдап, оның неге қатысты екенін зерттеп, оларды салыстыра отырып, сол идеяларға қарсы көзқарастарымен теп- теңдікті зерттеуге бағытталған оқыту технологиясының бірі - Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы. Өз сабақтарымда осы технология элементтерін жиі-жиі қолданамын. Бұл дамыту технологиясы бойынша жұмыс жасағанда оқушылар өз алдына қойған сұрақтарға жауап іздеп, жан- жақты пікірлесіп, талдау жасап отырады. Яғни, оқушы санасын сол тақырыпқа байланысты ояту, ой шақыру, ойын тұжырымдау қасындағы оқушымен пікірлесу, топтасу. Сын тұрғысынан ойлау мәселесіне байланысты оқушылар өз пікірін еркін сөйлеу арқылы ойын жеткізуге, оны дәлелдей алуға, сонымен қатар қасындағы оқушы пікірін тыңдауға, досына құрметпен қарауға, мәдениетті, батыл сөйлеуге мүмкіндік алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын оятады. Өз бетінше ізденуге үйретеді. Сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге үйренеді. Шығармашылық белсенділігі артады. Білімге құлшынысты, жаңалықты ашуға, қиындыққа төзуге үйретеді. Осындай әдіс-тәсілдер оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабағымды мынадай жолдармен өткізуге болады. 1. Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды қолдану. 2. Сабақты түрлендіріп өткізу. 3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану. 4.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

Бастауыш мектепте шығармашылық қабілеттілік оқу әрекетінде көрінеді. Сондықтан әр бала бойындағы шығармашылық қабілеттерін бағыттап тәрбиелеу қазіргі таңдағы ата-ана мен мұғалімнің тарапынан қолдау тауып отыруы қажет.Оқушыларды шығармашылыққа баулып, бала бойына шығармашылық қасиетті қалыптастыруға, өзі ізденуге, білім алуға құштарлығын оятуды бастауыш сыныпта ана тілі мен қазақ тілі сабағының берері мол. Бұл сабақтарда ұтымды уақыт тауып, шығармашылық жұмыс жүргізуге болады.Ол үшін мұғалім мәтіннің, жаттығудың өн бойынан шығармашылық тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Кейбір практикалық тапсырмаларды шығармашылық арнаға бұрып, өзгертуге болады.

Шығармашылықтың түрі көп. Ал шығармашылық қасиетті қалыптастыруда сөз өнерінің маңызы зор. Бұл ретте ұлы ұстаз А. Байтұрсынов: "Сөз өнері- өнердің биік шыңы. Ол адам санасының үш негізіне сүйенеді. Бірінші - ақыл, екінші- қиял, үшінші -көңіл",- деп, балаға сөз өнерін меңгерту үшін осы үш істі бірлікте қарастыру керектігін ұсынса, жан - жақты талант иесі М. Жұмабаев "Педагогика" еңбегінде бастауыш мектепте әдеби қабілеттілікті қалыптастырудың кейбір әдістерін көрсеткен.

Баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу бастауыш және орта буында бағыттап бағдарламаса, жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп тоқталып қалады.

Жас ұрпаққа білім беру жолында оқытудың жаңаша әдіс - тәсілдерін қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен табиғат, қоршаған дүние туралы түсініктерін кеңейте отырып, дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашу.

Шығармашылыққа баулудың өзіндік іс - әркетін ұйымдастырудың мынадай түрлерін алуға болады:

Тақырыпты мазмұнына сай жинақтау.
Арнаулы бір тақырыпта пікір талас тудыру.
Сөзжұмбақ құру, шешу.
Шығарма, шағын әңгіме құрау.
Әңгімені бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
Қиялдау арқылы суретін салғызу, рөлге бөліп оқыту.
Кейіпкерге мінездеме беру.
Мазмұндама түрлерін жазу.
Адасқан сөзді орнына қою.
Ертегі, әңгіме құрату, өлең құрау немесе аяқтау.

Қоғам талабына сай қазіргі міндет жеке дара тұлғаның ойлау қабілетін дамыта отырып, дарынды шығармашылық тұлға қалыптастыру - білім мен тәрбие берудегі мұғалімнің басты парызы. Шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге бағыт берудің, яғни айтқанда оқушы шығармашылығын дамыту.

М.Жұмабаев баланың ойын дамыту туралы "Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі" деп атап көрсете келіп, ұстаз баланың ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керектігін айтқан. Оқу қызметі, ақыл - ойдың жоғары белсенділігін арттырады. Дұрыс ұйымдастырылған оқу - тәрбие процесі баланың тиянақты білім алу қабілетілігін арттырып қана коймай, сонымен қатар бойының өсуіне, баланың дамуына, денсаулығына да әсері бар. Сабақ - білім беруді ұйымдастырудың негізгі жолы.

Қазіргі Қазақстандағы білім беру саласының алдында оқыту мен тәрбие жұмысын жандандыру, әлі де жетілдіре түсу міндеті тұр. Ал аталмыш мәселені шешу педагогика ғылымының алдына қойып отырған мақсаттарының бірі - оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге үйрету. Сол арқылы жаңа білімді игеріп, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Мен осыған орай Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев пен ҚР білім және ғылым Министрі А.Саринжиповтің «Басты міндет – оқытудың жаңа сапасына қол жеткізу» бастамасына байланысты «Жаңа форматты мұғалім» жобасы мұғалімдерді әлемдік тәжірибеге сай әзірлейтін жаңа бағдарлама бойынша үш айлық қайта даярлау курсынан біліктілігімді арттырып келдім. Осы курс барысында оқытудың жеті модулі бойынша алған білімімізді оқытуда қолданып келемін.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасынан күтілетін нәтижелер оқушылардың қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы ретінде қалыптасуын қамтиды.

Бас саудагер:-Уа, жарандар! Бүгін сіздердің ауылдарыңызда үлкен жәрмеңке өткелі тұр. Келіңіздер, көріңіздер, сұранысқа ие болған жібек матамызды, әшекей-бұйымдарымызды т.б.бағалы тауарларымызды саудаға саламыз. Бірақ, біздің бүгінгі жәрмеңкеміз ерекше болмақ. Егерде кімде-кім бұйымдарымызды халыққа жеткілікті түрде жарнамалап, нақты мәліметтер айтатын болса, оларға бұйымдарымызды тегін береміз. (Жібек маталар, әшекейлер, шәй т.б сатылады. )
ІІ, ІІІ топтан оқушылар бөлініп шығып,саттықтағы заттар туралы мәлімет айтып, заттарды сатып алады.
Бас саудагер: Мінеки халайық,бүгінгі біздің саудамыз сіздердің арқаларыңызда өте сәтті өтті. Біздің тауарларымыз туралы жақсы-жақсы мәліметтер алдық. Көп біледі екенсіздер. Бұған біз еш өкінбейміз. Өкінішке орай, біздің әлі де баратын жерлеріміз, аралайтын елдеріміз көп. Сондықтан да біздің сіздермен қоштасуымызға тура келеді. Ал, саудагерлер, жиналыңыздар, жолға аттанайық. Сау болыңыздар (керуен шығып кетеді).
**Топ басшысы**: Бүгінгі сіздерге дайындаған көрінісімізді тамашалағандарыңызға көп рахмет. Біздің мақсатымыз - Ұлы Жібек жолы арқылы өткен сауда керуенін көз алдарыңызға келтіре отырып, түсіндіру. Назарларыңызға рахмет!
**ІІ-топ.Тақырыбы: «Басқыншылық жорықтар, көтерілістердің алғышарттары. (слайд көрсету, «Білгірлер отауы» сайыс**.)
ІІ-топ басшысы: Амангелдина Ғазиза. (слайдпен түсіндіру.) Біздің тақырыбымыз- «Басқыншылық жорықтар, көтерілістің алғышарттары». Ең алдымен,слайд-шоуға назар аударайық.(топ басшысы слайдпен түсіндіріп өтеді) Тақырыбымызды толықтыру және қорытындылау үшін,біз «Білгірлер отауы» сайысы түрінде өткізуді ұсынамыз.
**І-жүргізуші**:(Қапсиқов Әділет)-Армысыздар, білімді тұмар қылған, көрермен!
Біздің сайысымыз 4-кезеңнен тұрады:
**І кезең. Деректер.(әр топ сұрақтарға жауап береді)**
**ІІ кезең. Дәлелдер.(Сұрақтарға ия, жоқ деп қысқа қайыру және дәлелдеу)**
**ІІІ кезең. Бедерлер.(1-2 топқа арналған жасырын суреттер, ұяшықты ашу арқылы, суретті табу)**
**ІV кезең. Жеделдер.(жедел сұрақтар қойылады)**
**(Әр кезең бойынша 2 топтың жылдамдығы, білгірлігі анықталады**.)
**І кезең сұрақтары**:
1.Чжан Цзянь бастаған керуен елег неше жылдан кейін қайтып оралды?(13 жыл)
2.Шығыс пен Батысты байланыстыратын жол қалай аталады?(Ұлы Жібек жолы)
3.Батыстаға алыс елдерге баратын жолды өзіне қарату үшін әскери жорыққа дайындалған патша?(У Ди)
4.Шығыс Түркістан жеріне бірнеше жорық жасаған Қытай қолбасшысы кім?(Бань Чао)
5.Шандун аймағындағы ірі көтеріліс қашан басталды?(б.з 18жылы)
6.Цинь патшалығының орнына келген әулет?(Хань)
7.Фан Чун әскерінің саны қанша?(10мың)
8.Сары орамалдылар көтерілісінің қолбасшысы кім?(Чжан Цзяо)
**ІІ кезең сұрақтары**:
1.Б.з.б. ІІІ мыңж.Қытайда Жібек маталар жасалынды ма? (ия)
2. Б.з.б. ІІІ ғ.с. құлаған Цинь патшалығының орнына Тонь әулетінің билеушілері келді ме? (жоқ)
3.Басқыншылық жорықты батыл жүргізген Қытай билеушісі У Ди болды ма?(ия)
4.Чжан Цзянь елдеріне баратын жолды барлап қайтуға жіберілген елші керуенін басқарды ма?(ия)
5.Қытайда еңбекші халықты және құлдарды қамау болған жоқ дегенге келісесіз бе?(жоқ)
6.Бан Чао-Қытай патшасы болды ма? (жоқ)
7.Қытай билеушілерінің басқыншылық жорықтары б.з. 1 ғ.с. күшейді ме?(ия)

8.Батысқа жасалған жорықтардың басты мақсаты-халқын бағындыру болды ма?(жоқ,жаңа жерлерді басып алу,сауда жолына ие болу)
**ІІІ кезең.Жасырын суреттерді ұяшықтар таңдау арқылы табу.(1 топқа жасырылған сурет-мата,3топқа жасырылған сурет-теңге)**
**ІV кезең сұрақтары:**
**І топ сұрақтары :**
1.Өзін патша деп жариялаған кім?(Ван Ман)
2.Сары орамалдылар көтерілісі қашан болды?(Б.з. 2 ғ.с.)
3.Чжан Цзян басқарған көтеріліс қалай аталды?(сары орамалдылар)
**ІІ топ сұрақтары**:
1.Қызыл қастылар көтерілісінің басшысы?(Фан Чун)
2.Қытайда көтерілістер неше жылға созылды?(20жылға)
3.Керуен басшысы?-(Чжан Цзян)
Бұл сайыс бойынша 1 топ мүшелері жеңімпаз болды.
**ІІІ топ.Тақырыбы: «Халық көтерілістері».(слайд көрсету, «Айтуға оңай» желісінде түсіндіру).**
ІІІ топ басшысы:Гайнуллин Алпамыс. Біздің тобымыздың тақырыбы: «Халық көтерілістері». Ең алдымен ,тақырыбымыз түсінікті болуы үшін назарларымызды слайдқа аударайық.(слайдпен таныстыру).Сабағымыздың келесі бөлімін «Айтуға оңай»желісімен жалғастырамыз.Біздер бүгінгі тақырыбымызға қатысты кейіпкерлерімізді «Айтуға оңай» бағдарламасына шақырған болатынбыз.Олай болса, «Айтуға оңай» бағдарламасын бізбен бірге тамашалаңыздар.
**Жүргізуші**: Гайнуллин Алпамыс.
-Армысыздар!Бүгінгі «Айтуға оңай» бағдарламамызға қош келдіңіздер!Біздің кешімізге келген алғашқы қонағымыз-өзін Қытай мемлекетінің патшасы деп жариялаған,билікті тартып алған Ван Ман патшаны ортаға шақырайық.
-Қош келдіңіз,Ван Ман мырза.Біздің шақыруымызды қош алып,ойыңызбен бөлісу үшін келгеніңіздің өзі біз үшін үлкен мәртебе.Олай болса,Ван Ман мырза сізге қояр алғашқы сұрағым:
-Сіздің билікті тартып алып,патша болуыңызға қандай жағдай әсер етті?
**Ван Ман мырза**:-Сұрағыңыз өте орынды.-Иә,әрине мен патша болып,билікті тартып алғаным рас.Бұлай етпеуге амалым болмады.Өйткені,өздерін ірі шонжарлар қатарына санайтын байлар,еңбекші халықты,құлдарды қанауды күшейте түсуі мені қатты ойландырды.Онымен қоймай,олардың мойнына алым-салықты көбейтті,халықтың халі күннен-күнге ауырлай түсті.Үкіметке қарсы наразылыққа шықты.Осы жағдай мені қатты алаңдатты.Осындай жағдайлар менің билікті тартып алуыма,өзімді патша деп жариялауыма себепкер болды.
**Жүргізуші:**-Патша болғаннан кейін алдыңызға қандай міндеттер қойдыңыз?
Ван Ман мырза:-Ең алдымен,,халықтың қолдауына ие болуым қажет болды,сол себепті бірнеше заңдар қабылдадым.Жер мен құлдарды сатуға тыйым салдым.Әр отбасының жері-2га-дан аспауына көңіл бөлдім.Бірақ,менің бұл ойларымның іске асуына ірі жер иелері мен шонжарлар мүмкіндік бермеді.Сол себепті осы уәделерім орындалмай,халық қолдауына ие бола алмадым.
**Жүргізуші:**Ван Ман мырза,біздің бағдарламамызға келіп,ашық өз ойыңызды ортаға салып,ойыңызбен бөліскеніңіз үшін,сізге алғысымыз шексіз.Сау болыңыз.(патша залдан шығып кетеді)
**Жүргізуші:**-Міне,осы кезде Ван Манның да бастамаларының іске аспайтынына көздері жеткен еңбекші халыққа көтеріліске шығудан басқа ештеңе қалмады.Негүрлым ірі көтеріліс Хуанхэ өзенінің төменгі ағысындағы «Шандунь» аймағында б.з-ң 18 жылы басталған екен.Бұл көтерілістер тарихта «Қызыл қастылар» және «Сары орамалдылар» деген атпен белгілі болды.Ендеше,қарсы алайық,қара халықты соңдарынан ерітіп,көтеріліске бастап шыққан батырларымызды қошеметпен ортаға шақырайық.
«Қызыл қастылар» көтерілісінің қолбасшысы-Фан Чун мырзаны, «Сары орамалдылар» көтерілісінің қолбасшысы-Чжан Цзяо мырзаны ортаға шақырайық.(батырлар келіп,ыстық орындыққа жайғасады)
**Жүргізуші:**-Алғашқы сұрағым,Фан Чун мырзаға:
-Фан Чун мырза сіздің көтеріліске шығуыңызға не себеп болды?
Фан Чун мырза:- Иә,бұл көтеріліс мені қатты алаңдатты.Билеушілер тарапынан,өзім секілді қара халыққа қысымшылық күшейді,бар ауыртпалық халыққа түсті,жағдайлары күрт ауырлады,соны көре тұра шыдай алмадым.Халқымды қысымшылықтан құтқарып,бастарына теңдік алып берейін деген бағытта көтеріліске шығуға бел будым.
**Жүргізуші:**-Бұл көтеріліс неге «Қызыл қастылар көтерілісі» деп аталды?
**Фан Чун мырза**:-Сұрағыңыз өте орынды.Себебі,соғыс алаңында жүріп,өз адамдарымды тез тануым қажет болды.Сондықтан оларды басқалардан тез ажырату үшін қастарын қызыл бояумен бояуды бұйырдым.
**Жүргізуші**:-Бұл көтеріліс қалай аяқталды?
**Фан Чун мырза**:-Б.з.23ж. елдің астанасын басып алдық,және бізге көп уәде беріп,орындай алмаған патша Ван Манды өлтірдік.Билікке қайтадан бұрынғы Хань әулетінің ұрпағы қайта келді.Олар құлдарға бостандық берілетінін,алым-салықтың азайтылатынын мәлімдеген соң,оған сеніп,көтерілісті тоқтатуымызға тура келді.
**Жүргізуші:**-Әңгімеңізге көп рахмет.Келесі кейіпкеріміз Чжан Цзяо мырза,сұрағым өзіңізге арналады.-Жақсы,алғашқы көтеріліс аяқсыз қалды,сондықтан бұл көтеріліске шықпасқа болмас па еді?
**Чжан Цзяо мырза**:-Сіз айтқан,аяқсыз қалған көтерілістің басшысы Фан Чунның көтерілісі бізге үлкен рух,жігер берді.Әлі де болса,еңбекші халықтың жағдайы жақсара қоймады.Сөйтіп,б.з.ІІ ғ.с. бізде көтеріліске шықтық.Өзіммен бірге қасымда екі бауырым болды.Оларда халыққа теңдік орнатуды қалады,және халық та біздерді қолдады.Халқымыздың арман-тілегін орындағымыз келді.Көтерілісшілердің саны бірнеше жүз мыңға жетті.Көтерілісті күшейте түсуге солтүстіктегі көшпелілердің шабуылы бізге кедергі келтірді.
**Жүргізуші:**-Сіздердің бастарыңызға сары орамал тағып келгендеріңізге мен қатты таңғалып отырмын,оның да бір себебі бар шығар,сірә?
Чжан Цзяо мырза:-Фан Чун айтып өткендей,соғыс алаңында адам көп.Оларды тез айыру үшін бір белгі қажет болды.Фан Чун «қастарын қызылға боятса,мен адамдарымның бастарына сары орамал байлаттым.Бұл біздің белгіміз болғандықтан,сары орамал байлап келдік.

**Жүргізуші:-**Бүгінгі қонақ болып келген кейіпкерлерімізге алғысымызды айтамыз.Ортамызға келіп,өз ойларымен бөлісті.Бізде осы кісілерден бүгінгі сабағымызға қажетті көптеген мағлұматтар алдық.

-Мінекей,өздеріңіз көріп отырғандай,бұл көтеріліс 20 жыл уақытты қамтыпты.Бірде көтерілісшілер жеңсе,бірде үкімет әскерлері жеңіп отырған.Осы кезеңде солтүстіктен көшпелілер шабуылы да күшейе түсіпті.Ақыры,Ежелгі Қытай мемлекеті үш патшалыққа ыдырап кетіпті.Кім білген,егер елде бұл көтерілістер болмаса,соғыс болмаса,осы күнге дейін «Ұлы держава» деген атқа лайық болар ма еді?Зұлымдық үстемдік құрған кезде әділдік үшін күрестің болатыны да ақиқат.Әрине,кейінгі ұрпақ,мына біздер үшін мұның бәрі-айтуға оңай.Сіздермен бірге болған мен-Алпамыс Гайнуллин.

**Мұғалім сөзі**:-Мінеки, балалар бүгінгі сабағымызға үш топта өте жақсы дайындалған.Өздеріне берілген тапсырмаларын мүлтіксіз орындап шықты.Осы көріністерден кейін «Ұлы Жібек жолы» және Қытай мемлекетінің қалайша ыдырап кеткендігі туралы әр топ өз тапсырмалары арқылы жеткізе білді деп есептеймін.Барлығыңызға да рахмет.

**Бағалау:(**әр топ бір-біріне өз пікірлерін айтып,бағалайды!)

**Үйге тапсырма**: 21.(Ван Ман,Чжан Цзяо,Фан Чун, туралы қосымша мәліметтер әкелу)

* * * * *

**Мухамбеталиева Гульайым Нагимовна Бастауыш сынып мұғалімі**
**БҚО Жаңақала ауданы. Жаңақала ауылы**



Сабақтың тақырыбы: Есеп бойынша теңдеу құру. Математика
Сабақтың мақсаты: Оқушыларды есепті шығарудың жаңа тәсілімен-теңдеу құру арқылы шешумен таныстыру; теңдеу құру дағдыларын арттыру: құрылымы күрделірек теңдеулерді шешу біліктіліктерін арттыру; талдау және қорытындылау дағдыларын дамыту. Ұйымшылдыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.
Түрі: Жарыс сабақ
Әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, топтастыру, топтық жұмыс.
Көрнекілігі: ұраны, төсбелгісі, үлестірмелі карточкалар, интерактивті тақтадан слайдтар.
Сабақтың барысы: І.Ұйымдастыру б/і. Өлең оқылады.
−Бүгін бізге көп қонақтар келді. Сабағымыз жарыс түрінде өтеді. Кеше 3 топқа бөліндік
І топ – желтоқсан
ІІ топ – қаңтар
ІІІ топ – ақпан
Топ басшыларын сайлау
Ұрандарын айтқызу: Білім ал да, еңбек ет,
Дем ал, досқа бер көмек.
Отанды сүй, адал бол,
Өнегелі адам бол.
ІІ. Өткенді пысықтау.

- Ауызша жаттығулар
- Көлемнің формуласын атаңдар?

Текшенің қанша қыры, төбесі, жағы бар?
Параллелепипед, текше, шаршы. Артық сөзді тап.
ІІІ. Оқулықты жұмыс.
№1
Ауызша (3 топқа бөліп беру)

| I | II | III |
|---|---|---|
| 420:6=70 | 630:90=7 | 810:9=90 |
| 220:2=110 | 540:90=6 | 14·3=42 |
| 90:2=45 | 34·2=68 | 29·2=58 |
| 23·3=69 | 250·4=1000 | 70:2=35 |

№2
Топ басшылар сайысы

| | | |
|---|---|---|
| x*30=1000-160 | 880:y=535-491 | a-45=389-254 |
| x*30=840 | 880:y=44 | a-45=135 |
| x=840:30 | y=880:44 | a=135+45 |
| x=28 | y=20 | a=180 |
| 28*30=1000-160 | 880:20=535-491 | 180-45=389-254 |
| 840=840 | 44=44 | 135=135 |

IV.Жаңа тақ
Өрнекте санның біреуі белгісіз болса, оны әріппен белгілейміз, яғни оның мәнін табуымыз керек. Сонда бұл өрнек қалай аталады? Теңдеу. Теңдеу шешіп, есептің сұрағына жауап береміз.
1-тәсіл
Амалдар бойынша немесе өрнек арқылы
1-күні-100мм
2-күні-?мм
Ш: 300-100=200(мм)
2-тәсіл
Теңдеудің көмегімен х мм қар түсті дейік. Теңдеу құруға болады.
100+х=300
Х=300-100
Х=200(мм)
Ж: 200 мм қар түсті.

Қорытынды: есепті әртүрлі тәсілмен шығаруға болады деген қорытындыға келу керек.
№3(ә) Ө.ж.
45-х=14
Х=45-14
Х=31
45-31=14
31=31
№4
3 топқа бөліп жарыстыру
920:2=460 42·20=840 96:3=32
960:30=32 120·4=480 50:2=25
700:20=35 210:2=105 170·2=340
**Сергіту сәті**
№5
І-120
ІІ-210
Тең бөлінді - 3 залға
Әр залға - ? фотосурет
Ш: 1) (120+210):3=110
2) 120:3+210:3=40+70=110 Ж: 110 фотосурет
№6 Ш.т.
1 күні-150 кг қызанақ Түске дейін – 54 кг алма
2 күні – 60 кг қызанақ Түстен кейін – 22 кг алма
Тең бөлінеді – 3 асханаға Тең бөлінеді – 2 себетке
Әр асханаға - ? кгӘр себетке - ? кг
Ш: (150+60):3=70 Ш: (54+22):2=38
Ж: 70 кг қызанақ Ж: 38 кг алма
№7
(60+24):6=14 (400+160):40=14 (500+70):30=19
(700+140):60=14 (300+60):4=90 (300+270):3=190
№8 Логикалық тапсырма.
Ораз Тимур, Болат, Марат, Саят
V. Қорытынды: ұпай сандарын анықтап, женімпаз топты анықтау.
а) бағалау
ә) үйге: №2(2б), 72 бет
Сабақ аяқталды.
Сау болыңыздар.
Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне.

* * * * *

**Жамбыл облысы, Меркі ауданы, №1 орта мектебінің мұғалімі Айбекова Жазира Үкібайқызы**

**Информатика (7 сынып)**

**Сабақтың тақырыбы**: Нысандарды өшіру, өшірілген файлдар мен бумаларды қалпына келтіру.
**Сабақтың мақсаты**:
**Білімділік:** оқушыларға нысандарды өшіру, өшірілген файылдар мен бумаларды қайта қалпына келтіру жолдарын үйрету;
**Дамытушылық:** өз бетінше компьютерде практикалық жұмыстарды орындау дағдысын дамыту, логикалық ойлау қабілетін арттыру, компьютерді қолдана білу іскерлігін дамыту.
**Тәрбиелік:** өз бетімен ізденуге баулу, жарыс түрлері арқылы оқушыларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу, өз ойын тиянақты жеткізуін дамыту, еңбекке тәрбиелеу, пәнге қызығушылығын арттыру.
**Сабақтың көрнекілігі**: компьютер, тест тапсырмалары,кескін плакаттар.
**Сабақтың пәнаралық байланысы:** ағылшын тілі, орыс тілі.
**Сабақтың барысы:**
І. Ұйымдастыру кезеңі
а). Оқушылармен сәлемдесіп, оларды түгелдеу.
ә). Сабаққа дайындықтарын тексеріп, құрал саймандарын түгелдеу.
ІІ. Өткен сабақты пысықтау.
а). Өткен сабақ бойынша сұрақ жауап. Біз өткен сабақта жаңа қапшық құру, және аттарын өзгерту тәсілдерін үйрендік, олай болса жаңа қапшық құру үшін не істейміз оқушылар ауызша тұрып жауап береді. Сонымен өткен сабақ бойынша екі топқа тест тапсырылады тест 10 сұрақтан тұрады. (5минут) уақыт беріледі. Тест тапсырып болған соң бір-біріне тест парақтарын ауыстырады да, өздері тексеріп шығады. Тақтада жауап парағы ілулі тұрады.Өздері тексеріп алдарындағы параққа балдарын есептеп жазады.
**Сергіту сәті бойынша оқушыларға Кім жылдам? Ойыны арқылы тақтада ілулі тұрған кескін плакаттағы сөздерді кері кодттау тәсілімен жасырылған сөзді табу керек, табылған сөзге түсінік беру крек.**

| | |
|---|---|
| **К - 8А - 1000 1010** | **И – 88 – 1000 1000** |
| **о- АЕ – 1010 1110** | **н - АD – 1010 1101** |
| **м- АС- 1010 1100** | **т - Е2 - 1110 0010** |
| **п –АF- 1010 1111** | **е - А5 - 1010 0101** |
| **ь – ЕС- 1110 1100** | **р - ЕО - 1110 000** |
| **ю – ЕЕ -1110 1110** | **н – АD – 1010 1101** |
| **т- Е2 - 1110 0010** | **е - А5 - 1010 0101** |
| **е – А5- 1010 0101** | **т - Е2 - 1110 0010** |
| **р –Е0 – 1110 0000** | |
| **Компьютер** | **Интернет** |

Екі сөз дұрыс табылған жағдайда бірінші болып дұрыс тапқан оқушы сөзді айтады егер дұрыс болса, мен сол сөзді тақтаға жапсырамын. Ал оқушы сол сөзге анықтама береді. Оқушыға қосымша сұрақ қойып бағалаймын.

**ІІІ. Жаңа сабақ.** Жою операциясы тек оқытушының бақылауымен ғана жүргізілуі керек!




Нысандарды немесе нысандар тобын жоюдың бірнеше жолы бар.

1.Объектіні белгілеп Del пернесін басу.

2. Белгіленген объектіде тышқанның оң жақ батырмасымен шертіп, динамикалық менюден удалить командасын таңдау.

3. Объектіні белгілеп, қапшық терезесі менюіндегі Файл удалить командасын орындау.

4. Нысанды таңдап, жұмыс үстеліндегі Корзина (себет) белгішесінде апару. Жоғарыда айтылған әдістердің қайсысын пайдалансаңдар да экранда «Өшіру қажет пе? Деген сұрау терезесі шығады Егер сендер Да (Ия) батырмасын шертсеңдер, онда өшірілген объектілер автоматты түрде Корзинаға салынады. Егер Жоқ (нет) батырмасын шертсеңдер онда жойылмайды.

Біз жойған нысан корзинада оны жойғанша немесе қалпына келтіргенше сақталады.Корзинадағы объектілерді көру үшін, оның белгішесінде тышқанды екі рет шертіп, корзинаны ашу керек. Экранда корзинаның жойылған объектілер аттарының тізімі бар терезесі пайда болады.

Корзинадағы обектіні қайта қалпына келтіру үшін, оны белгілеп **файл----восстановить** командасын орындау керек, немесе тышқанның оң жақ батырмасымен объектіні шертіп, динамикалық менюден **востановит командасын таңдау.**

**Жаңа сабақты қорыту:** жаңа сабақты қорыту бойынша сұрақ жауап.

Екі топтан бір, бір оқушы шығып компьютердегі интернет, және компьютер деген объектілерді жойып, және оны қайта орнына келтіру тәсілдерін үйренеді.

**Бағалау**: Сабаққа белсене қатысып отырған оқушыларды бағалау.

**Үйге тапсырма:** 100 -102 бет оқу.

* * * * *

**Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Меркі ауылы, №1 орта мектеп орыс сыныптарының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байғараева Қалия Аязбаевна**

**Сабақ тақырыбы:** Ұлттық тағамдар

**Сабақ мақсаты:**

**Білімділік:** *Қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімдерін кеңейту, Жаңа сөздерді тәжірибеде қолдана білуге дағдыландыру, халқымыздың салт-дәстүрін насихаттай отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.*

***Сабақ түрі:*** *аралас сабақ*

***Көрнекілігі:*** *1. Ұлттық тағамдар 2. Қазақтың дархан дастарқаны 3. Тірек –сызба*

***Сабақ барысы:***

***І. Ұйымдастыру сәті.***

***ІІ. Үй жұмысын тексеру.***

***ІІІ. Жан-жақты білімдерін тексеру.***

***IV. Жаңа сөздер.***

**Жаңа сөздер:**

*Ұлттық тағамдар –национальная блюда*
*Қонақжай – гостиприимный*
*Тәтті тағам – вкусный блюда*
*Ұрпақтан–ұрпаққа – из поколения в поколение*
*Дәстүр – традиция*
*Еттен жасалған тағамдар - Мясные блюда*
*Ұннан жасалған тағамдар – мучные продукты*
*Сүттен жасалған тағамдар – Молочные продукты*

***Жаңа сабақ:*** *Қазақтың ұлттық тағамдары*

***Халық әні "Дастархан"***

- ***1 тапсырма.*** *Мәтінмен жұмыс Қазақ өте қонақжай халық. Қонақтың алдына барлық тәтті тағамды қойған. Бұл дәстүр ұрпақтан— ұрпаққа жалғасуда. Қазақ дастарқанына ұннан, сүттен, еттен жасалған тағамдар қояды. Қазақтың ұлттық тағамдарының ішінде еттің орны ерекше. Етдәмділігімен және өзінің құрамындағы адам организміне пайдалы белоктық заттармен құнды. Үлкен тойларда, тағы басқа жиындарда мал сойылып, қонақтарға табақ*

*тартылады. Алуан түрлі қуырдақ, қазақшаеt, бұқпа, көмбе, сырбаз секілді тағамдар дастарқанымыздың қадірін арттырады. Ұлт тағамдарының негізі болып табылатын сүттің орны бөлек. Сүт тағамдарын халық бір сөзбен «ақ» деп атайды. Сүттен қымыз, шұбат, қатық, малта, май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ, айран сияқты тағамдар жасаған. Сүт тағамдарының қасиеті мол, әрі денсаулыққа пайдалы.*
*Ұннан жасалатын тағамдар: бауырсақ, шелпек, құймақ, күлше, таба нан.*
*«Дәнді шашпа, нанды баспа» деп халқымыз нанды құрметтеген.*
***І-Топ. Ұннан жасалған тағамдар "Алтын дән"***
***ІІ-Топ: Еттен жасалған тағамдар "Береке"***
***ІІІ – Топ. Сүттен жасалған тағамдар. "Дастарқан"***
- ***Кезең**. Мақал-мәтелдер жарысы*

***ІІ- Кезең**. Дәптермен жұмыс*
- *Фонетикалық талдау*

*І-топ. "Қонақ"   ІІ-топ. "Сыбаға"   ІІІ-топ. "Сарқыт"*
***Сергіту сәті***
*Секіреміз топ-топ,*
*Шапалақтап көп-көп.*
*Иілеміз оңға қарай,*
*Бір, екі, үш*
*Иілеміз солға қарай,*
*Бір, екі, үш*
*Тез қозғалып осылай.*
*Жаттығулар жасайық,*
*Жақсылықты үйреніп.*
*Жамандықтан қашайық.*
***2-тапсырма. Сөз таптарына талдау.***
*Ит үреді. Тиіндер ағаштан ағашқа секіреді. Мақта бағалы өсімдік. Жанат гүлге су құйды.*
**ІІІ-Кезең**. Қай топ жұмбақты тез табады?
- Сиырдан алынатын сусын.
- Піспеген нан.
- Түйе сүтінен алынатын сусын.
- Майға қуырылған шеңбер нан.
- Айраннан алынатын, жейтін өнім.
- Өңделген бидай.
- Бидай, арпа қосылып жасалған сусын.
- Ұйыған сүттен жасалатын қою сусын.
- Бие сүтінен жасалатын сусын.
- Бидай, күріш, тары – бұлар дәнді.

***ІV-Кезең. Қорытынды кезең***
- *Сызба бойынша жұмыс. Шарты: Үш топ өзінің тағамдарын жинау.*

***Үй тапсырмасы:*** *Мәтіндіоқып, аудару, асты сызылған сөздерді септеу.*
***Қазақтың дастарханы***
Қазақта дастарқаннан үлкен ешнәрсе жоқ. Дастарқаннан аттамайды. Дастархандағы тағамнан ауыз тимей кетуге болмайды. Қазақтың ұлттық дастарханында тамақтардың үш түрі болады.
Олар: ет, сүт, нан тағамдары. Ет тағамдарына бесбармақ, қуырдақ, қарта, қазы, жал, жая жатады. Сүт тағамдары - ірімшік, құрт, май. Дәннен жасалған тағамдар - тары, қуырған бидай, жент, талқан. Нан тағамдары- бауырсақ, шелпек.
Тамақ ішуге шақырғанда, тамақты көп күттіруге болмайды.

* * * * *

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Федоровка жалпы орта білім беретін мектебі қазақ тілі пәні мұғалімі Аманғалиева Жеміс Ғалымжанқызы**

Сабақ жоспары.

| Сыныбы 7 | Күні 05.02.2016 |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | *Келер шақ.Болжалды келер шақ.* |
| **Мақсаты** | Келер шақтың түрлерін,сонын ішінде болжалды келер шақты меңгереді. |
| **Күтілетін нәтижелер** | А:Келер шақ,болжалды келер шақ туралы біледі.<br>В: Жаттығу,шығармашылық жұмыстар орындау арқылы келер шақты,болжалды келер шақты ажырата алады.<br>С: Тақырыпты өз ара талқылайды,бір қорытынды шығарады. |
| **Сабақтағы тапсырмалар** | №2,3,4,5,6,7,8 |
| **Керекті жабдықтар** | Оқулық,әдістемелік құрал, слайд,ресурс парақтары,бланкілер және т.б |
| **Сабақ барысы:** | |

| **Сабақ кезеңдері** | **Уақыты** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Кіріспе** | 5 минут | Ұйымдастыру.Амандасу. Тренинг. "Есімдер өрнегі"<br>Оқушыларды үштікке бөлу. | Тренинг арқылы сабаққа кіріседі. |
| **Тұсаукесер** | 5 минут | "Сөзжұмбақ" арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу.<br>Сұрақ-жауап<br>1. Есімше морфология саласы бойынша қай сөз табына жалғанады?<br>2.Етістік нешінші сөз табы?<br>3.Етістікке қандай жұрнақтар жалғану арқылы есімше жасалады. | |
| **Негізгі бөлім** | 25 минут | **"Қарлы кесек"** әдісі бойынша жаңа тақырыпты меңгеру.<br>* Әр топ өкілі берілген тақырыбын әңгімелейді.Олардың әңгімесін тыңдаушылары сызба,жоспар,тезис түрінде жазып алады.<br>* "Сызбаны сөйлет" ойыны.Ойыншылар тақтада өздерінің сызба конспектілерін қорғайды.<br>**1-тапсырма.** Елбасының "Қазақстан-2050 " стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты жолдауынан екі үштікке бөлек-бөлек үзінді беріледі.Сол үзіндіден келер шақта тұрған етістіктерді табу.<br>**Оқулықпен жұмыс**.<br>**117-жаттығу**.Көшіріп жазып,болжалды келер шақты білдіріп тұрған етістіктің астын сызыңдар.<br>I -үштікке: (Асан қайғы) өлеңінен үзінді.<br>II-үштікке: (Омар Хаям) өлеңінен үзінді.<br>**118-жаттығу.** Берілген келер шақ етістіктерін жекеше,көпше түрде жіктеп жазыңдар.<br>I-үштікке: *Келер,жазар.*<br>II-үштікке: *Көрінбес,оқыр.*<br><br>**Сергіту сәті:**<br>1. Осы шақ болса-тіке тұрамыз.<br>2. Өткен шақ болса- отырамыз.<br>3. Келер шақ болса-бір орында жүреміз.<br>2-тапсырма: Ән тыңдату. *"Көк тудың желбірегені"*.Өлеңді тыңдағанда қандай сезімде болдыңыздар? Етістіктерді тауып,болжалды келер шаққа айналдырыңыздар. | Жекеше түрде.<br>I ж-келермін,жазармын<br>II ж-келерсің,жазарсың<br>Келерсіз,жазарсыз<br>III ж-келер,жазар.<br>Көпше түрде.<br>I ж-келерміз,жазармыз<br>II ж-келерсіңдер,жазарсыңдар келерсіздер,жазарсыздар.<br>III ж-келер,жазар.<br><br>Жекеше түрде.<br>I ж-көрінбеспін,оқырмын.<br>II ж-көрінбессің,оқырсың<br>көрінбессіз,оқырсыз<br>III ж-көрінбес,оқыр.<br>Көпше түрде.<br>I ж-көрінбеспіз,оқырмыз.<br>II ж-көрінбессіңдер,оқырсыңдар көрінбессіздер,оқырсыздар.<br>III ж-көрінбес,оқыр. |
| **Қорытынды** | 10 минут | Шығармашылық жұмыс: *"Тәуелсіздікке тартар сыйым"*<br>Табыс критерийі ұсынылады.<br>Кері байланыс **"Бес саусақ"**<br>Үйге тапсырма. Оқулықтан 119-120-жаттығуларды орындау | Оқушылар сұрақтарға жауап береді,сабақта өткен материалды қайталап,бекітеді. |
| **Сабақтың өзіндік талдауы** | | | |
| **Сабақ бойынша өзгертулер** | | | |

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Аксукент ауылы Бабыр атындағы №7 ЖОМ ІІІ деңгейлі, бастауыш сынып мұғалімі Есмаханова Гульмира**



“Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады,” дегендей, ұрпақ тәрбиесі –келешек қоғам тәрбиесі.
Біздің басты мақсатымыз әрбір оқушының және тұлғаның қадамына жол ашу болып отыр. Қазіргі таңда заман талабына сай сапалы білім, саналы тәрбие беру басты мәселе.
Біз өз сабақтарымызда оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, оқушыларымыздың еркін сөйлеуге, ойын нақты жеткізе алатын және басқаларды тыңдай білуге дағдыландырып келеміз. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту арқылы белсенділікке, жан-жақтылыққа, іздемпаздыққа бейімдейміз.Блингвалды оқыту арқылы оқушылардың сөздік қорын арттырудамыз. Бұрынғы дәстүрлі сабақта тек мұғалім ғана бағалайтын болса, ал енді оқушылар бірін-бірі бағалау құқығына ие болды, жауапкершілігі, сабаққа деген қызығушылығы артты.
Өз ойымызды Ж.Ж.Руссоның: “Ұстаз болу –өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау”, -деген сөзімен аяқтағымыз келеді.
**Пәні:** қазақ тілі **Күні:** 16.01.16. **Сабақтың тақырыбы** : Сөз таптары.
**Жалпы мақсаты**: Оқушылардың сөз таптары туралы алған білімдерін одан әрі тереңдету,іс-әрекет барысында сөз таптарын таба білуге машықтандыру.
**Күтілетін нәтиже:** Зат есім,сын есім,етістік туралы біледі,оларға сұрақ қоя алады,ажыратады, мәтіннен табады.
**Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер**: серпілген сұрақ, пазл, бестармақ,сөздер үйлесімдігі.

| Кезеңдер | уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | ресурстар |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Ұйым<br>дас тыру<br>кезеңі | 2-мин | Амандасу, әр мұғалім өзін таныстырады.<br>Балалар, бүгін бізге сабаққа қонақтар келіп отыр. Бүгінгі сабақта өзіміздің білімді, мәдениетті екенімізді көрсетейік.<br>Ал қазір бізде қай сабақ?<br>Қазақ тілі бізге не үшін керек? | Арайланып таң атты.<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз.<br>Жарқырайды даламыз.<br>Қайырлы күн достарым,<br>Қайырлы күн қонақтар.<br><br>Қазақ тілі-өз жұлдызың көктегі<br>Қазақ тілі – көгіңдегі шамшырақ<br>Қазақ тілі – өмірің де өлең де<br>Қазақ тілі тамыр жайған терең де<br>Қазақ тілі – болашаққа жетелеп<br>Ұрпақтары танытады әлемге | Интербелсе нді тақта, слайд. |
| Психоло<br>гиялық<br>дайын<br>дық,<br>ағыл<br>шын<br>тілінде,<br>топтас<br>тыру | 3-мин | Сабаққа дайындау.<br>Good morning, my dear pupils!<br>I'm glad to see you too.<br><br>How are you?<br><br>Are you ready for the lesson?<br><br>Who tells me, what date is it today?<br>What day is it today?<br>What is the weather like today?<br>What season is it now?<br>Оқушыларды шаттық шеңберге шақырамын.<br>Smile to teachers,<br>Smile to sun,<br>Smile to friends,<br>Smile to guests,<br>Smile to me.<br>1234567<br>All good children go to heaven.<br>Some fly East, some fly West.<br>Some fly over the cuckoo/s nest.<br>«Пазл» әдісі арқылы топтастыру. | Good morning, good morning<br>Good morning to you.<br>Good morning, good morning<br>We are glad to see you!.<br>We are OK !<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқушылар бір-біріне жылы көңіл-күйін білдіреді.<br><br>Пазл құрастыру арқылы үш топқа топтасады<br>Зат есім, сын есім, етістік | Сөздер жазылған қағаз |
| Үй<br>тапсыр<br>масын<br>қайта<br>лау,қы<br>зығушыл<br>ықты<br>ояту. | 2-мин | Сонымен балалар үйге өткен тақырыптағы ережелерді жаттауға бергенмін.Қазір біз өткен тақырыптар бойынша сөзжұмбақ шешеміз.Тақырып аты шығады. | Әр топқа сөзжұмбақтың сұрақтары беріледі,топпен шешуін табады.<br>Б А С Т А У Ы Ш<br>Қ А Р А Т П А С Ө З<br>Т Ұ Р Л А У С Ы З<br>С И П А Т Т А У<br>П А Й Ы М Д А У<br>Д Ұ Ш П А Н<br>Т У Ы Н Д Ы С Ө З<br>Ж А Л А Ң<br>Т Ү Б І Р<br>С Ы З Ы Қ Ш А | Слайдта көрсетіледі . |
| Ой | 5-мин | Серпілген сұрақтар | Сұрақтарға жауап бере отырып,сөз таптарын еске түсіреді.Зат | Суреттер,с |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қозғау, жаңа сабақты меңгер ту. | | арқылы оқушы ойын жинақтау. Балалар, сендер қандай сөз таптарын білесіңдер? Зат есім дегеніміз не? Ол қандай сұраққа жауап береді? Сын есім дегеніміз не? Ол қандай сұраққа жауап береді?Етістік дегеніміз не? Ол қандай сұраққа жауап береді? Осы сөз таптарын ағылшын,орыс тілінде де еске түсірейікші. | есім,сын есім,етістік,сан есім.<br>Интербелсенді тақтадағы сөздікпен танысады оқиды,еске алады.<br><br>**Сөздікпен жұмыс**<br><br>**Зат есім- существительное - *The Noun***<br>**Сын есім – прилагательное - *Adjective***<br>**Етістік – глагол - *Verb***<br>**Сан есім – числительное - *The Numeral*** | лайдтар арқылы ережелер көрсетіледі . |
| Кім жыл дам? Ойыны. | 8-мин | Әр топқа сөйлем беріледі,бірақ бір сөзі түсіп қалған соны табады.Көп нүктенің орнына қандай сөз қоюға болады,қай сөз табына жатады? Осы жерден ереже шығарайықшы.<br>Сөз таптары екенін білу үшін не істейді екенбіз? | Топпен жұмыс жасай отырып қажетті сөзді табады,әр сөзге сұрақ қояды.<br>1 топ: Кішкентай балалар........... .<br>2 топ: Кішкентай ......... жүгірді.<br>3 топ:.............. балалар жүгірді.<br><br>Сөз таптарының ережесін шығарады. Оқулықтағы ережемен танысады. | Қағаз,марк ер,оқу лық, топтық бағалау бағдар шам арқылы. |
| Мағынан ы тану, сурет пен жұмыс. | 12-мин | Сурет беріледі,әр топ 3 сөйлемнен құрастырады,бір сөйлемін ағылшын ,орыс тіліне аударады. | Топтаса отырып,жұмыс нәтижесін қорғайды.<br>Әр топ құраған сөйлемдерін жазады. | Плакат, маркер,сур ет,топ тық бағалау саусақ арқылы. |
| Сергіту сәті, орыс тілінде. | 2-мин | Мұғалім музыка ырғағымен көрсетіп,айтады. | Ой сергітеді,шаршағандарын басады. | |
| « Бес тар мақ» әдісі | 5-мин | Доп,алма,ана сөздері беріледі. | Бес жолды өлең құрастырады. | Маркер,қағ аз, топтық бағалау бағдар шам арқылы. |
| Қоры Тынды лау «Сөздер үйлесімді гі» әдісі | 3-мин | Сөздер жазылған тапсырманы береді. | Әрбір сөздің үйлесімдігін табады. | Маркер, форматты қағаз. |
| Үй тапсыр масы | 1-мин | 3-жаттығу, сөз таптарына ертегі құрастыру. | Күнделіктеріне жазады. | |
| Кері байла ныс | 1-мин | бағалау терезесі | Әрбір әйнекке өз пікірін жазады. | Стикер,сма йликтер. |
| Бағалау | 1-мин | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.Сабаққа белсене қатынасқан оқушыларды мадақтау. | Жинаған смайликтерін есептейді. Өз бағасын шығарады.<br>1,2 -3 баға<br>3,4-4 баға<br>5,6-5 баға | Қағаз ,смайлик |

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Жетісай қаласы**
**«№2 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі» КММ**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі**
**Қалдыбаева Күланда Тұрдыбайқызы**



**Пәні: қазақ тілі** **Сыныбы: 7 «А»**
**Сабақтың тақырыбы : Сын есімнің түрленуі**
**Сабақтың мақсаты**: **а)** Сын есімнің түрленуі туралы түсінік беру,сабаққа деген қызығушылығын арттыру және негізгі мәселелерге аса көңіл бөлуге үйрету ;
**ә)** Өз бетінше ізденуге,ойлау қабілетін арттыруға ықпал ету,өз ойын еркін жеткізуге баулу,жылдам жауап беруге дағдыландыру,сөйлеу тілдерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жол ашу,ойлау қабілеттерін,сөздік қорларын дамыту ;
Тәрбиелік: оқушылардың мемлекеттік тілге деген құрметін арттыру, оқушыларды өз Отанын, елін сүюге, мақтан тұтуға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі :** аралас сабақ
**Сабақтың әдісі :** сұрақ – жауап, талдау, түсіндіру
**Сабақтың көрнекілігі :** суреттер, мысалдар, тірек сызбалар
**Пәнаралық байланыс :** әдебиет, бейнелеу өнері
**Сабақтың барысы :**

**а) Ұйымдастыру кезеңі :**

Оқушылармен амандасу,түгелдеу,оқу құралдарын тексеру. Сыныптың тазалығына көңіл бөлу.Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.
Бағалау белгісімен оқушыларды таныстырып өту.

**ә) Үй тапсырмасын сұрау :**

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі. 45-жаттығу. Берілген сөздерді септеп, зат есімдерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрау.
***«Кім жылдам?» ойыны***
1.Зат есімнің сөйлемдегі атқаратын қызметі қандай?
2.Зат есімнің септелуі деген не?
3. Зат есімнің мағыналық белгісі дегенді қалай түсінесің?
4. Зат есімнің жіктелуіне мысал келтір?
5. *Зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында тұрып,қандай қызмет атқарады*?

**б) Жаңа сабақты түсіндіру:**

**Сын есімнің не екенін сурет арқылы топтастыра отырып, ережесін шығарып алайық.**




*Заттың сынын, сапасын, дәмін, түсін, көлемін білдіретін, қандай? деген сұраққа жауап беретін сөз табын сын есім деп атаймыз.*

*Сын есім құрамына қарай дара және күрделі;тұлғасына қарай негізгі және туынды болып бөлінеді.*
*Мысалы: көк, көкшіл, қып-қызыл,қара ала,бойшаң,жұқа,оқымысты,тап – таза,тәтті.*

Сын есімнің мағынасына қарай түрлері болатынын біз білеміз. Олар: ***сапалық және қатыстық сын есімдер.***
Сапалық сын есімдер деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр – сипатын білдіретін, атап айтқанда, түрі мен түсін,көлемі мен аумағын,дәмі мен исін тағы басқа қасиеттерін білдіретін сөздерді айтамыз. Мысалы: ақ,сұр,жасыл,жақсы, жаман,ащы,тәтті.

Қатыстық сын есім деп басқа сөз таптарынан жасалған сын есімдерді айтамыз.. Мысалы: қына-лы, алақан-дай, жиде-л,бой-шаң,өнер-л,шөп-ті.

*Сын есімнің шырай формасына енуі сын есімнің түрленуі деп аталады.*

Біртектес түр мен түстің,сапа мен белгінің, иіс пен дәмнің әр қилы реңдерін шырай дейміз. .

**Сын есімнің екі түрлі шырайы бар:** салыстырмалы және күшейтпелі шырай
*Суреттерге қарап, мысалдар арқылы ережесін шығару.*
Салыстырмалы шырай – бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда я кем, я артық екенін білдіретін шырай түрі. *Мысалы: ауырырақ, кішірек,ақшыл, жылылау.*
Күшейтпелі шырай – заттың біркелкі сындық белгілерін күшейте немесе кеміте түсетін шырай түрі. Мысалы: *сап-сары, өте жарық, аса маңызды,қап – қара,кіп – кішкентай,ап – ауыр.*

***Шырайдың жасалуының өзіндік ерекшелігі бар:***
1.Сын есімнің шырайлары сапалық сын есімдерден ғана жасалады. Біртектес сынның әртүрлі дәрежеде болуы тек сапалық сынға тән, ал қатыстық сында ондай қасиет болмайды. *Мысалы: үлкен-үлкенірек-аса үлкен. Ал таулырақ,таулылау, аса таулы деп айта алмаймыз.(тау сөзі зат есім, яғни басқа сөз табынан болып тұр, демек бұл қатыстық сын есім)*
2.Шырай түрлері сапалық сын есімге: а)қосымшалар жалғану арқылы; ә) күшейткіш буын қосарлануы немесе күшейткіш үстеулер тіркесуі арқылы жасалады.
*Мысалы: салыстырмалы шырай: қызыл-дау, қызыл-ырақ; Күшейтпелі шырай: қып-қызыл, тым қызыл, өте қызыл, ең қызыл, аса қызыл.*
***«Кітап - алтын қазына» (оқулықпен жұмыс )***
49-жаттығу. Берілген сын есімдерді түрлі реңге түрлендіріп көріңдер. Қайсысы түрленеді, шырай түрін анықтаңдар.
*Әдемі-әдемілеу, әдемірек, өте әдемі; Көк-көкшіл, көгілдір, көкпеңбек, тым көк.*
*Жүдеу, сулы, денелі деген сөздер бізде түрлене ме? Жоқ, олар қатыстық сын есім.*
***«Біліміңді байқап көр»***
Көп нүктенің орнына қарсы мәндес сөзді тауып, оларды түрлендіру.
Семіз – арық. (С.т-арықтау, К.ш-өте арық, тым арық)
Жаңа-көне (көнелеу, өте көне, ең көне)
Қараңғы-жарық (жарықтау, өте жарық, жап-жарық)
Сұйық-қою (қоюлау, өте қою, қоп-қою)
Жуас-пысық (пысықтау, өте пысық)
Үлкен-кіші (кішілеу, кішірек, өте кіші, тым кіші)
50-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқып, ішінен сын есімдерді теріп жазып, шырай жасаймыз.
*Сұлу, қолаң қара, бұйра, әдемі, көк, қап-қара, әп-әсем.*
***«Кім тапқыр?»***
1.Өзі қысқа,
Өзі нұсқа,
Сөз қаймағын есіңде ұста. (мақал)
2. Қорыққанда жел аяқ
Отырғанда томардай-ақ. (қоян)
3. Өзі суық,
Өзі өткір,
Өзі үскірік (жел)
***Тапсырма.*** Берілген сын есімдердің біртектес сапалық белгілерін көрсететін жұрнақтарды жалғап жазыңдар.
*Ақ. Арзан. Қызыл. Қысқа. Тәтті.Жұмсақ.Қалың*
***«Сыңарын тап» ойынын ойнату.***
Ақ-лау, көк-қай
Үлкен-ше, сар-шіл
қоңыр-ғылтым ,жақсы-ғыш
Толық-деу, жұқа-қай
Жеңіл-ша ,жуан-лау
Боз-тау, терең-деу

**Білімді бекіту :**
***Семантикалық картамен жұмыс.***

| Мысалдар | Салыстырмалы шырай | Күшейтпелі шырай |
|---|---|---|
| **Жап - жақсы** | | |
| **Үлкендеу** | | |
| **Кіршең** | | |
| **Қып-қызыл** | | |
| **Көгірек** | | |
| **Өте әдемі** | | |
| **Ақшыл** | | |
| **Шымқай қара** | | |
| **Теп-тегіс** | | |
| **Жуандау** | | |
| **Дымқыл** | | |
| **Сұрғылт** | | |
| **Сарғыш** | | |

***Венн диаграммасы***
***Салыстырмалы шырай мен күшейтпелі шырай.***
**Үй тапсырмасы:** Сын есімнің түрленуін оқу
52-жаттығу. «Адами қасиеттер» тақырыбында шырай формасына енген сын есімдерді қатыстыра отырып, шағын пікір жазу.

* * * * *

**Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласы « Горный жалпы білім беретін орта мектебінің» бастауыш сынып мұғалімі Тлеубаева Тұрсын Мукумжановна**

| **Тақырыбы:** | **«Қамқорлық» Б.Соқпақбаев** |
|---|---|
| Мақсаты: | |
| Білімділік: | Табиғатты қорғауға, мейірімділікке баули отырып, оқушыны түсініп оқуға, ойын жеткізе білуге үйрету. |
| Тәрбиелік: | Адам бойындағы жақсы қасиеттерге жақын болып, жаман қасиеттерден аулақ болуға, табиғаттағы тірі тіршілікке жанашырлықпен қарауға, мейірімділікке тәрбиелеу. |
| Дамытушылық: | Сұрақ қою арқылы жан-жақты ойлауға, сөйлемді дұрыс құруға, ойын тиянақтай білуге дағдыландыру. Өз бетімен жұмыс істеуге үйрету. |
| Сабақтың түрі: | Аралас сабақ |
| Әдісі: | СТО, сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, әңгімелеу. |
| Көрнекілігі: | Суреттер, сызбалар. Б.Соқпақбаев т.б. |
| 1.Психологилық даярлық | Күн жарығын алақанға саламын<br>Жүрегіме басып ұстай қаламын<br>Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді<br>Болып кетер сонда дереу жан-жағын |
| | -Міне,жүрегіміздегі осындай жазумен сабағымызды бастаймыз. |
| II Қызығушылықты оту | |

-Балалар, сендерге Астана қаласынан хат келді.
-Кімнен келді екен?
Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтан келіпті. Қымбатты достар! Бүгін өтіп жатқан ашық сабақтарың құтты болсын! Мен сіздердің осы уақытқа дейін оқуды қаншалықты меңгергендеріңізді білу мақсатында бірнеше сұрақтар беремін.
Кім жақсы жауап бере алса, сол келешекте Қазақстанның ел басқаратын сенімді азаматы болады. Іске сәт достар!

1 Үй тапсырмасын сұрау.
- «Көжек» атты ертегі не жайылы екен?
- Көжекті тастап кеткен не?
- Оны кім тауып алды?-Қайда әкелді?
- Ал көжек болса не істеді?
- Шаруаның аяушылығына көжек не деп жауап берді?
- Саған ертегі ұнады ма?
- Туған жер деген сөз саған қандай әсер етті?
- Туған жер жайлы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
  - Туған жердей жер болмас,
    Туған елдей ел болмас
  - Туған жердің жері де көрікті,
    Елі де сүйікті.
  - Сағынған ер елін аңсайды,
    Сары ала қаз көлін аңсайды.

II Мағынасын табу
2 Жаңа сабақ
Бердібек Соқпақбаевтың «Қамқорлық» әңгімесі.
1. Б.Соқпақбаев кім?
2. Қандай шығармаларын білесіңдер?

1924 жылы 15 қазанда туылған. Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» журналында, Қазақфильм студиясында жұмыс істеген. «Менің атым Қожа», «Алыстағы ауылда», «Балалық шаққа саяхат», «Өлгендер қайтып келмейді», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Қайдасың, Гауһар» секілді туындылары көптеген тілдерге аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған. Кеңес одағының Құрмет Грамотасымен марапатталған.
Б.Соқпақбаевтың сценарийімен түсірілген «Менің атым Қожа» фильмі 1967 жылы Францияда өткен халықаралық балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдер фестивалінде арнаулы жүлдеге ие болды.
Оқулықпен жұмыс:1. «Қамқорлық» әңгімесін түсініп оқу.
Суретпен жұмыс.

-Осы суретте мәтіндегі қандай оқиға бейнеленген?
-Мәтінге сүйеніп, суреттегі торғайдың халін сипатта.
-Торғайдың халі сенде қандай көңіл-күй туғызды?
-Жантастың қылығы ше? Өз көзқарастарыңды білдір.
Топпен жұмыс:
1-топ:Жантас жайлы мәтіннен тауып оқы
2-топ:Торғайдың халін суреттеген жерді тауып оқы.
1-2 топ:Жантас пен Қожаға мінездеме бер.
Сөздік жұмысы:
Әккі-төселген, әбден бойы үйренген.
Топшы-құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.
Ентелеп-асыға,тездете.
Өкпесі өшу-алқыну, ентігу.
Зақпы-рогатка(балалардың ойнауына арналған ату құралы)
Сергіту:
Торғай жолды айтсаңшы,
Үйге бізбен қайтсаңшы.
Үй алдына қонсаңшы,
Қонағымыз болсаңшы.
Мәтінді тізбектей оқыту.
3.Ой толғаныс.
Түсінгендерін тексеру.
«Табиғат-менің өз үйім» бөлімінен торғай туралы қандай әңгіме оқып едік?
Есіңе түсір. (Ж.Аймауытовтың «Торғай туралы» әңгімесі)
Ж.Аймауытов пен Б.Соқпақбаевтың шығармаларын салыстыр.

| | Ж.Аймауытов | Б.Соқпақбаев |
|---|---|---|
| Әңгімесі қалай аталады? | «Торғай» | «Қамқорлық» |
| Торғай неден қорқып еді? | (жыланнан) | (Жантастан) |
| Торғайға ара тускен кім? | (ақбілек) | (Қожа) |

Ой қозғау.
Қожаның орнында болсаң не істер едің?
Балапан торғай жазылар ма екен?
-Ендеше:
1.Жақсының ісі-береке,
Жаманныңісі-келеке.
2.Ұлың өссе,күндей болсын деп тіле,
Қызың өссе,гүлдей болсын деп тіле.
Сабақты қорытындылау.
Атамекен, алтын бесік-айнала табиғатты қорғап, оны ұрпақтан-ұрпаққа сақтап отыру парызымыз. Сондықтан әркім оны көздің қарашығындай сақтай білу керек.
**«Табиғаттың сенімді достары» куәлігін тапсыру.**
**Бағалау.**
**Үйге тапсырма**

* * * *

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылы**
**№ 7 «Бабыр»атындағы жалпы орта мектеп**
**бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі**
**Эргешова Зилола Дарякуловна**



Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік –экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде накты миндет қойды.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Бұл сұраққа мынындай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасыдағы балалардың 40 пайызы әдебии мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Бүгінде функционалдық түрде сауатты білім беру қоғамдық білім беру жүйесіне өзгерістер мен реформалар еңгізді.Бұған жаңа білім стандарты тағайындалды, төл оқулықтарымыз жасалуда,мектептерді жаппай компьютерлендіру т.б. игі істер дәлел бола алады. Білім – теңіз, мектеп – кеме. Мұғалім – мектептің жүрегі. Білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде еркін жүздіру – бала жанының бағбаны мұғалімнің іс-әрекеті. Мұғалімнің бір-біріне және ешкімге ұқсамайтын сабақтары келер ұрпақты заман талабына сай оқытып, тәрбие бермек.Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны-«XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім.

Білім негізі бастауыш сыныптан бастап қаланады. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие берумен қатар оқушылардың белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу,өз ойын ашық айта білуге дағдыландыру қажет. Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Соның бірі функционалдық сауаттылықты дамытудағы білім мазмұнының жаңғыруы – сындарлы оқыту теориясына негізделгендігі.

Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сондай-ақ, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Сонымен қатар оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оны қалыптастасуын тексеру құралы:шығармашылық сипаттағы тапсырмалар; зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық , тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар. Оқушылардың функионалдық сауаттылығын арттыру үшін, ең біріншіден пәнге деген қызығушылығын ояту қажет. Оқушы бұрын тыңдаушы болса , енді ізденуші , ойлаушы, өз ойын дәлелдеуші. Ал мұғалім болса осы әрекетке бағыттаушы , ұйымдастырушы. Әр бір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер,адамгершілігі мол, парасатты ,мәдениетті , жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті.Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану оқушының жеке басын құрметтей отырып, білім беру—қазіргі оқытудың негізгі талабы,өйткені оқушылардың бәрінің ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікті пайдаланған жөн. Сабақ кезінде баланың өз бетімен ізденуге ықпал ететін тапсырмаларды көп беру керек.Мұның себебі, бастауыш сынып оқушысы қосымша материал,деректер табуға үйрену арқылы белгілі бір мақсатпен жұмыс істеуді ,білім алудың қыр-сырын аздап болса да ұғына бастайды. Осылай оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады. Екіншіден әр пәнның мазмұнынан,оның мәнін ашатын ,түсінуге мүмкіндік беретін мәліметтерді беру.Бастауыш сыныпта тіл және әдебиет, математика және жаратылыстану пәндерін оқытуда мұғалімдер жаттығулар, тапсырмалар орындатқанда,есептер шығартқанда және түрлі мәтіндерді оқытқанда,оларды өмірмен байланыстыра отырып,оқушылардың оқудағы және жазудағы,математика мен жаратылыстану ғылмындағы сауаттылықтарын қалыптастыруға баса көңіл бөлген жөн. Үшіншіден оқушылардың материалды меңгергенін үнемі бақылап отыру және оны жүзеге асыру үшін критерялды бағалау әдісін қолданған жөн. Төртіншіден ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету.Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып,саналы өмірсүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшінмұғалімдермен тығыз байланыс жасау керек. Ата-ана баласының ерекше қасиетін тану,түсініп қолүшінберу.олардың қабилетін дамыту,бойына рухани құндылықтарды қалыптастыру, жағымсыз мінез-құлық,әдеттерінарылтуға көмек беру керек. Ата-ананың бойында да функционалдық сауаттылық болуы тиіс.

Сонымен функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

* * * * *

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ҚЫЗЫҚТЫ ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУДА МҰҒАЛІМНІҢ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы №28 «Ақбай» жалпы орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Адилова Ирода**

Мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Білім беру мекмелерінің қазіргі жаңа құрлымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Оқушының пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында сабақта проблемалы жағдай туғызып отыру да маңызды. Мәселенің шешімін табу арқылы оқушының ойлау қабілеті нығайып кез келген, проблеманы шешуге үйренеді. Жас бала не нәрсені болса да құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан, әрбір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін іздестіру қажет. Қазіргі сабақтың түрлері сайыс, жарыс сабағы, концерт, аукцион,кіріктіру сабағы т.б. өз нәтижесін беріп жүр. Әсіресе, халықтық, ұлттық педагогиканы пайдаланып, ата- бабаларымыздың жақсы дәстүрін шәкірттердің бойына дарыту мақсатында халық ауыз әдебиетін пайдалануға болады. Қазақ халқының мейірімділігі, кеңпейілдігі, сыпайылығы, көпшілдігі, сөзге беріктігі туралы әңгімелеу арқылы осы қасиеттерді шәкірт бойына сіңіру, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, әдептілікті биік ұстау сияқты әдет- ғұрыпты үйретуге болады.

| **Жалпы мақсаттар**<br>**Оқыту нәтижесі** | 1) Білімділігі: Санды 2-ге көбейту және бөлудегі білімдерін пысықтауға,көбейту кестесін жатқа білудегі білім деңгейлерін тексеру, алған біліктіліктерін тиянақтау.<br>2) Дамытушылығы: Оқушылардың ақыл-ойын,ой-өрісін дамыту. Тапқырлыққа,ізденімпаздылыққа,алғырлыққа,ұқыптылыққа баулу. Пәнге қызығушылығын,белсенділігін арттыруда шапшаңдыққа дамыту.<br>3) Тәрбиелігі: «Салауаттылық -өмір салты» бағытының мағынасын ашу. СПИД-ке нашақорлыққа,темекі мен алкоголга қарсы іс-шаралардың бір саласы спорт өнеріне оқушыларды үндеу. Дені сау,тәні таза,ақыл-есі дұрыс XXI ғасыр азаматтарын тәрбиелеу.<br>Сабақтың түрі: Аралас сабақ<br>Сабақтыңәдісі: Түсіндіру,ойландыру,сұрақ-жауап<br>Пәнаралық байланыс: Ана тілі, дене шынықтыру.<br>Көрнекіліктер: Спорт ойындары(аққала соғу, шагамен сырғанау, шаңғы тебу,коньки тебу,хоккей, мәнерлеп сырғанау) суреттері,мақал-мәтелдер,жұмбақтар. |
| **Топқа бөлу** | Геометриялық фигуралар арқылы топтарға бөлу |

| **Мұғалімнің іс-әрекеті** | | **Оқушының іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! | Осы айтқандарыңды орындауға бар күш - жігерлеріңді саласыңдар деген ойдамын, бәріне сәттілік пен бестік баға тілеймін! |
| **Үй тапсырмасын сұрау**<br>**Қызығушылықты ояту** | **Санды 2-ге көбейту және бөлу.**<br>2 . 2 = 2+2 2 .2 = 4 4 : 2 =2<br>3 . 2 = 3+3 3 . 2 = 6 6 : 2 = 3<br>2 = 4 +4 4 . 2 = 8 8 : 2 =4<br>5 .2 = 5+5 5 . 2 =10 10 : 2 =5<br>-Суреттермен жұмыс:<br>1-тапсырма**: «Аққала соғу»** 2-мысал<br>**І денесі ІІ )денесі ІІІ денесі**<br>а) Шарты: әШарты: б) шарты:<br>дәптер- 5 тг 1 дәптер — ? тг дәптер – 5 тг<br>2 дәптер — ? тг 2 дәптер – 10 тг дәптер с аны – 10 тг<br>Шешуі: 5 . 2 =10 Шешуі: 10 : 2 =5 Шешуі: 10 : 5 = 2<br>Ж: 10 тг Ж: 5 тг Ж: 2 дәптер<br>ІҮ. шелегі Ү. мұрны,көзі Ү.қолдары<br>а) Шарты: ә) Шарты: б) шарты:<br>қызғалдақ – 5 Қ — ?**2 есе көп**Қ – 5 2 есе көп<br>сарғалдақ — ? 2 есе көп С – 10 С — 10<br>шешуі: 5 .2 =10 Шешуі: 10 : 2 = 5 Шешуі: 10 : 5 =2<br>Ж: 10 сарғалдақ Ж: 5 қызғалдақ Ж: 2 есе көп<br>**Өлең оқу:**<br>Қатар-қатар тізімді үй,<br>Алақай,айқай, күлкі ылғи<br>Күлді бірге аққала<br>Ерінбесең, бар, қара!<br>Ойнап жүріп көп бала,<br>Салып қойды аққала.<br>**Мақал:** «Спорт-жігер, спорт бірлік»<br>2-тапсырма. «Шанамен сырғанау» 3-мысал<br><br>**А) І ІІ ІІІ ІҮ**<br>2.2 = 4 3.2 = 6 4.2 =8 5.2 = 10<br>20.2 = 40 30.2= 60 40.2 = 80 50 . 2 = 100 |  |

<table>
<tr><td colspan="2"></td><td colspan="2">200.2 =400 300.2 = 600 400 .2 = 800 500 . 2 = 1000<br>Ә) Y YI YII Y III<br>2 . 3 = 6 2 . 4 = 8 2 . 2 = 4 2 . 5 = 10<br>2 . 30 = 60 2 . 40 = 80 2 . 20 = 40 2 . 50 = 100<br>2 . 300 = 600 2 . 400 = 800 2 . 200 = 400 2 . 500 = 1000<br>Өлең оқу<br>Аппақ, аппақ,дала,<br>Аппақ,ауыл,қала<br>Жапалақтап ақша қар<br>Жау берсін, жауа<br>Көңіліміз қаласа,<br>Сыртқа шығып таласа.<br>Шана теуіп ойнаймыз<br>Қыстың күні тамаша.<br>Мақал: «Шынықсаң-шымыр болсасың»</td></tr>
<tr><td colspan="2">6Мағынаны тану<br><br>Мәтінді тізбектеп оқу</td><td colspan="2">3 – тапсырма «Шаңғы тебу» 4-мысал<br>I II III IY<br>6 : 2 = 3 8 : 2 = 4 4 : 2 = 2 10 : 2 = 5<br>60 : 2 = 30 80 : 2 = 40 40 : 2= 20 100 : 2 = 50<br>600 : 2 = 300 800 : 2 =400 400 : 2 = 200 1000 : 2 = 500<br>6 : 3 = 2 8 : 4 = 2 40 : 4 = 10 10 : 5 = 2<br>Өлең оқу<br>Зулайды,зырқырап<br>Маңдайдан тер бұрқырап<br>Шаңғым асар шаршамай<br>Бір қыраттан бір қырат.<br>Мақал:<br>«Дене қимылы – дәрісіз ем,<br>Шыныға жүріп дертті жең»<br>4 – тапсырма: «Коньки тебу» 6-мысал<br>10-ға дейінгі сандардың ішінен<br>А) 2-ге бөлінетін сандарды ата<br>Ә) 2-ге бөлінбейтін сандарды ата<br>Өлең оқу:<br>Тағып алып коньки біз<br>Кешке мұзда қалқимыз<br>Қызған сайын денеміз<br>Қиғаш-қиғаш тебеміз.<br>Мақал: «Ішпеген,шылым шекпеген,<br>Жасайды жылдар көптеген»<br>5-тапсырма: «Хоккей» ойыны 7-мысал (Өз беттерімен жұмыс)<br>1, 2, 3, 4, 5 ,8, 12, 15 сандарын пайдаланып, көбейту және бөлу амалдарымен байланысты тура теңдіктер құрастыр.<br>1 . 2 = 3 12 : 4 = 3<br>3 . 4 = 12 15 : 5 = 3<br>5 . 4 = 20 8 : 4 = 1<br>8 . 5 = 40 2 : 2 = 1</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сергіту сәті</td><td>Үйшікте мына бір сәулетті<br>Тұратын қай мықты әулеті?<br>Мен– тышқан-шиқылдақ,<br>Мен– қоян-желаяқ,<br>Мен– түлкі-керіммін,<br>Мен– қасқыр-серімін.<br>Бәрімізтұратынкөңілді,<br>Қажетті сәулетті көр үйді!</td><td>Оқушылар сергіп алады</td></tr>
<tr><td>Ой толғаныс</td><td colspan="3">Өлең оқу:<br>Хоккей, хоккей<br>Мұз айдынның<br>Қызығығой қыстай бір<br>Құлап барып жатып та,<br>Таяғыңды ұстай біл!<br>Алыстан да соқмейлі<br>Басылмайды мұз үстінде ерегес<br>Хоккей, хоккей<br>Қорқақтардыңқолы емес!<br>Жұмбақ: Түтіні кермек,<br>Жалқауға ермек. (Темекі)<br>6-тапсырма: Логикалық ойлау есептері<br>«Мұз айдынында мәнерлеп сырғанау»</td></tr>
</table>

| I топ | II топ | III топ |
|---|---|---|
| Зинат 5 қабатта, ал Ғайни сол үйде, Зинаттан екі есе биік қабатта тұрады. Ғайни қай қабатта тұрады. | Сәуле 16 үйрек балапанын және одан 2 есе аз қаз балапанын өсірді. Сәуле неше қаз балапанын өсірді? | Әжейәрқайсысына 2 кг 3 дорба ұн сатып алды. Ол барлығы неше кг ұн сатып алды? |

Өлең оқу:
Сырғанайды екеуі,
Мұз айдынға кеп бірге
Желді қуып жетеді,
Екпін қосып екпінге
Жұлдызы боп бар елдің,
Тұрар биік әманда
Чемпионы әлемнің
Болар күніәлі алда.
Ақыл сөз: XXI ғасыр індеті –СПИД –ке жол жоқ!
Ү. Қорытынды:
Балалар , біз есепте ойлау қабілетіміз ұшқыр, шапшаң , епті, білімді екенімізді ойын барысында көрдік. Мақалдарды түсіне отырып, денеміз сау,шымыр болып өсу үшін немен шұғылдануымыз керек?

- Спортпен.

БҮҮ кестесі

| Білетінім | Үйренгенім | Үйренгім келеді |
|---|---|---|
| 2 –нің көбейту,бөлу кестесі | Спорт түрлері, есеп құрастыру ауызша есептеу, дәлелдеу. | Қалдықпен бөлу (артылып қалау) |

| | | |
|---|---|---|
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықтағы тапсырманы орындау 53 бет. 6-есеп. | Күнделіктеріне жазады |
| **Бағалау** | Оқушылар алдымен бір бірін бағалайды. Содан соң мұғалім барлық оқушыларды бағалайды. Смайликтерді жабыстырады. | |

* * * * *


**Шымкент қаласы. Сайрам ауданы, Арыс ауылы**
**№89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектебі**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**
**Джамашева Нургуль Чубаевна**




**Біліктілігін арттыруы туралы мәлімет: Педагогикалық шеберлік орталығының Шымкент қ. Филиалын I (ілгері) деңгей бойынша 3 айлық курсты тәмамдаған.**
**2014-2015 жылы шығармашылық ізденісі мен еңбегі үшін «Үздік мұғалім» төсбелгісі иегері,Сайрам аудандық өзбек мәдени орталығынан мемлекеттік тілді дамытуда аудандық байқауға қосқан үлесі және пәндік олимпиадада оқушы жетістіктері үшін аудандық алғыс хаттарымен марапатталды.**

**Қазақ әдебиеті 8 сынып**
**Сабақ тақырыбы:** А.Құнанбаев. "Бес нәрсеге асық бол"
**Сабақ мақсаты:** Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің тәрбиелік мәнін ашып, оқушыларды "жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге", "нағыз, толық адам" болуға ұмтылуына, білім ғылымға өз бетімен ынталануына,Абайдың "Ғылым таппай мақтанба" өлеңіндегі бес асыл қасиет жөнінде кеңінен түсінік бере отырып, өз ойларын толық жеткізе білуге дағдыландыру, сөйлеу мәдениетіне баулып,адамгершілікке, бірлікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
**Сабақ түрі:** қайталау , іздену сабағы.
**Сабақтың әдіс -тәсілдері:** СТО әдістері, сұрақ -жауап, баяндау, тұжырым кестелері, топтық жұмыс,проблемалық сұрақ.
**Сабақ көрнекілігі:** Слайд беттері, кітаптар, нақыл сөздер, слайдпен жұмыс, түрлі -түсті қалам, плакаттар, таратпалы кеспелер.
**Сабақ барысы:**

| Уақыты | Мұғалім іс- әрекеті, не істеймін | Оқушының іс- әрекеті | Қандай құралдар керек? |
|---|---|---|---|
| 3 мин | Ұйымдастыру.<br>Топқа бөлу: *"Семей", "Шыңғыстау"* *( "шаттық шеңбері"*- стикер арқылы бір-біріне сәттілік тілейді.)<br>Кіріспе (мұғалім сөзі). | Оқу құралдарын алады, стикерге жазылған өлеңдердің жалғасын құрастыру арқылы топқа бөлінеді, топ аттарын қорғайды, топтық бағалау парақшасы таратылады. | Стикерлер, А4 бағалау парақшасы, топ ережелері |
| 7 мин | I. Қызығушылықты ояту.<br>Тапсырма бермес бұрын оқушының ынтасын,сабақты тыңдауға, оқуға деген | Үй жұмысы бойынша берілген сұрақтарға жауап береді. | Оқулық,<br>Дәптер<br>маркер, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ниетін ояту.*"Ойлану", "Ой қозғау"* стратегиялары.<br><br>Экраннан Абай қарасөзі беріледі.<br>*"Топтастыру".*<br>Ұлы ақын жайында білетіндерін еске түсіру.Өмірі.(слайдтар, ескерткіші) Өлеңдері.<br>Оқушы өтілген тақырыпты еске түсіреді,жан- жақты талдау жұмыстарын жүргізіп, өтілген сабақ мәнін ашуға негізделеді.<br>*"Миға шабуыл".*<br>Абай әндерін тыңдау. Топ мүшелері өлең оқиды. | Ақын жайында білетіндерін топтастыру арқылы толықтырады, сабақ тақырыбын оқушылар өздері ашуға бейімделеді. | постер,А4 парақтары слайдтар, бейне таспалар |
| 8 мин<br><br><br><br><br>2 мин | II. Мағынаны ажырату.<br>Абай өлеңдері арқылы ғылым білімге талаптандыру.<br>*Бес асыл іс, бес дұшпан* сөздеріне талдау жасау.<br>*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті.*<br>Сергіту сәті. *"Бақыт рецепті"* | Жеке ,жұптық,топтық жұмыс жасайды, берілген сөздер мағыналарына талдау жүргізеді.<br><br>Сергіту сәтін жасайды. | Оқулық, дәптер, маркер, постер,А4 парақ<br><br>Түрлі -түсті стикерлер |
| 5 мин<br><br><br><br><br>13 мин<br><br><br><br><br><br>5 мин | III. Ой толғаныс. Оқушы алған білімін жүйелеп саралайды, ой толғаныстарын еркін білдіріп,шығармашылық сезіммен жұмыс жүргізе алады.<br>*ЭССЕ* жазу.<br>1-топ. *"Қансонарда бүркітші шығады аңға"* өлеңдеріне сурет салу<br>2-топ. Абай жырлаған *"толық адам қандай?"*<br>постер жасау. (топтар бір- бірін бағалайды.)<br>*Сәйкестендіру.* ( "Адам баласын қор қылатын үш нәрсе"<br>мен "Осы үшеуді жоюдың емі" туралы)<br>Абай афоризмдері. Өлең шығару. *" Еркін ойлау".*<br>Абай аңсаған болашақ қандай еді? (өз ойларын айтады) | Баяндамашылар баяндайды, *ЭССЕ* жазады<br><br>Топтарға берілген тапсырмаларды постермен қорғайды.<br>*«Екі жұлдыз, бір тілек!»*<br>Берілген кестені бағыттап сызады. Тапсырмалармен сабақты қорытындылайды, өз ойларын еркін жеткізеді. | Тірек сөздер жазылған парақшалар,<br><br>түрлі- түсті қарандаштар стикерлер, оқулық, дәптер, маркер, постер, А4 парақ |
| 2 мин | Бағалау.<br>Үйге тапсырма: "Абай тағылымы" тақырыбында шығарма жазып келу. | Өзін- өзі бағалайды. Б.Б.Ү.<br>Рефлексия жазады<br>Күнделікке түртіп алады | Бағалау парағы, Стикерлер, күнделік |

## ТІЛІМ МЕНІҢ — САТЫЛМАЙТЫН БАЙЛЫҒЫМ

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы**
**№ 89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектеп**
**қазақ тілі мұғалімі Юсупова Феруза Абдикахар қызы**

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, - ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз - сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі. **Нұрсұлтан Назарбаев**

Қазақ тілі— қазақ халқының мемлекеттік ұлттық тілі. Ұлттық тіліміздің пайда болуы жетілуі ұлт болуымен тікелей байланысты. Қазақ тілі—түркі тілдері арасында батыс ғұн бұтағына,оның ішінде қыпшақ тобына енеді.Ана сүтімен бойына дарыған ана тілнен асқан киелі де, қасиетті дүние бар ма екен бұл дүниеде! «Оқу—білгіретеді,тыңдау зерек етеді, ал жазып алу ұқыпты етеді».Бұл білімді адамға,тірек болар адамзатқа тән мәдениеттің бір көрінісі. Қазақстан – егеменді, тәуелсіз ел. Қазақстанды дамыған өркениетті елу елдің қатарына енгізетін біздің болашағымыз – бүгінгі жастар. Олардың міндеті – елінің намысын қорғап, оны әлемге таныта білу. Әлемге таныту үшін әр жас өз елінің тарихын, тілін жетік білуі керек. Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғы шарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылардың санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы – қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Тілім деп, келешек ұрпақ деп жанын беруге дайын М. Шаханов ағамды мақтан етемін және мақтан етуге тұрарлық тұлға.

Туған жері— тұп қазығы,айбыны,
Туған тілі— сатылмайтын байлығы.
Туған дәстүр, салт-санасы тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі.— дептуған тілдің сатылмайтын байлығы екенін тебірене жырлайды.

Тіл байлығы— адамның қуанышын, мемлекеттік дәрежедегі орыны, қысы мен күзін, күнделікті тіршілігін бейнелейтін сөздер тіл байлығынан шығады.

Адам тілімен адам.Тілінің жете білуі арқылы өнер-білімінің, мәдениет пен ғылымының , халықтың өткен-кеткенні біліп,оны әлемге танытып және әлемді тани аламыз. Қарапайым ғана сөзді орнымен қолдану, тыныс белгісін қоя білу —білгірлікті , зейректікті, ұқыптылықты білдіреді. "Тіл – біздің тұтастығымыз”, "Тіл тағдыры – ел тағдыры” деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс.Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымызды, салт -санамыз бен дініміз осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекетік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері осындай ойға қонбайтын, солақай сорақыларды көбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз. Тіл қаруы—сөз,сөз қаруы ой.Ақылды ой,алғыр сөз—адамның ең жоғары қасиеті.Мұралардың ең қымбаты—тіл.Жер шарында көптеген мемлекет бар.Әрбір мемлекет ішінде неше түрлі халық болуы мүмкін.Әр халықтың өз тілі бар.Олар өз ана тілінде ана тілімен қатар сол мемлекет ішінде көп тараған басқа бірді-екілі тілдерде де сөйлесу мүмкін. Ана тілі—халықтың өткен ұрпағын ,қазіргі және келешек ұрпағын мәңгілік бірліктіретін сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды,Отанымызды танып білеміз.Халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр. Ел- жұртымызды , туған жерімізді,оның өзен-көлдерін,оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап оларға деген перзенттік махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз. Ана тілдің байлығыын пайдалана алмаған жан-пақыр, күлкіге тап болатын адам болып есептеледі. Бүгінгі күндерде ана тіліміз теңдігін алып,мемлекеттік тіл болса да, көпшіліктің арасындағы саңырауларға әлі де болса самалы тимей жатқаны, жасырын емес.Қазыр көптеген жастарымыз тілді шұбарлап,ана тілімізде тұрпайы сөйлейді.Мұндайларды көргенде К.Г.Паустовский: «Туған тіліне жаны ашымаған адам—жәндік»,—деген сөзі ойына оралады. «Кош жүре түзелер» дегендей,бәрі түзелер.Әйтсе де өз тілімізді ұмытпағанымыз дұрыс. Ана тілімізде әдеби шығармалар, ғылыми-бұқаралық, техникалық, құқықтық, педагогикалық, саяси, өнертанушылық әдебиеттер жарияланады. Тіліміз еліміздегі азаматтардың өзара қарым-қатынас тілі болумен ғана шектеліп қалмайды, оның мұрағаттық, ақпараттық қасиеттері де мол. Қазақ тілі – бай да құнарлы тілдердің қатарына жатады. Ежелгі бабаларымыздың тарихы, шежіресі және түрлі әдеби мұралар бүгінгі ұрпаққа өзіміздің осы ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихы халық тарихына ұқсас. Қоғамның жылжып, өзгеруіне байланысты тіл де дамып, өзгеріп отырады. Сонымен, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылы**
**№ 7 «Бабыр»атындағы жалпы орта мектеп**
**бастауыш сынып мұғалімі Арибжанова Саида Абдинаби қызы**

| **Математика** | **4 сынып** |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қосу және көбейту кестелерін есептеулерде қолдану |
| **Сілтеме** | Математика оқулығының әдістемесі,ғаламтор |
| **Сабақтың жабдығы** | суретті кестелер, қосымша тапсырмалар жазылған үлестірмелер. |
| **Жалпы мақсаттар**<br>**Оқыту нәтижесі** | Міндеттері: 1.Оқушылардың қосу мен көбейту кестелерін қолдану жөніндегі білімдерін тиянақтау, толықтыру.<br>2. Оқушылардың іскерліктерін, өз бетімен еңбектену сезімдерін, білімдерін дамыту.<br>3. Оқушыларды шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.<br>Оқытуда қолданылған<br>әдіс-тәсілдер<br>1-модуль. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер. Диалог.<br>(топтық жұмыс,жұптық жұмыс) топқа бөлу<br>5-модуль.Талантты және дарынды балаларды оқыту.<br>6-модуль Оқушылардың жас ерекшелік<br>теріне сәйкес оқыту және оқу.<br>2- модуль.<br>Сыни тұрғыдан ойлау.<br>5-минут. 5-модуль.Талантты және дарынды балаларды оқыту.<br>3-модуль. Оқыту үшін бағалау модулі.<br>4-модуль.АКТ сергіту сәті |
| | **Мұғалімнің әрекеті** |
| **Бағалау парақшасымен таныстыру** | |
| **Топқа бөлу** | Оқушыларға кесілген суреттер үлестіріледі. |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | Балалар, бір – біріңе қарап жымиыңдар, жайланып отырып, көздеріңді жұмыңдар. Менің айтқанымды іштеріңнен қайталаңдар. |

| | |
|---|---|
| | Мен бақытты баламын,<br>Жан дүниемде күн нұрлы<br>Жылуым мол бойымда. |
| **Үй тапсырмасын пысықтау** | Көбейту кестесін еске түсіру |
| **Жаңа сабақ** | Оқулықта берілген тапсырмаларды топқа бөліп орындау<br>**Шығармашылық тапсырма**<br>№1 карточка<br>(40,50,60,70,80,90 сандары 3-ке,4-ке,5-ке,6-ға көбейтілген)<br>№2 карточка<br>240+(118-80)*3 650-420:(30*2)<br>1000-147*2+365 598-(600-89-123)<br>659-429:3+358 665+225:5-24*4<br>906:3+235 256*4-236<br>№ 2 карточка<br>**Есепті түсіндіріп шығару.**<br>1кг = 1000г. Шешуі: 250 + 150 = 400 (г) карамель<br>Карамель - ? , 150г артық 1000г 250 + 400 = 650 (г) карамель мен ирис<br>Шоколад - ? 1000 – 650 =350(г) шок<br>Жауабы: 350 г шоколад<br>№ 3 карточка<br>Кесте бойынша есеп құрастыру. Тақтада түсіндіріп шығару.<br>Ш: 25 3 + 19 4 = 75 + 76 = 151 Ж: барлық бала саны 151 бала.<br>*Өздік жұмыс.* № 4. Салыстыр.<br>1000 – 250 < 1000 – 25 630 + 300 + 20 > 630 + 30 + 200 90 + 110 > 80 + 120 |
| **Сергіту сәті** | Сергіту сәті<br>**«Көңілді қалпақ»** ойыны<br>Басына қалпақ түскен оқушы жеті байлықты табады табады. |
| **Ой толғаныс** | **Деңгейлік тапсырмалар:( 1-топ)**<br>750 + 10= 760 900 – 130= 770 110 + 55 = 165<br>230 + 20= 250 800 – 450= 350 250 + 550 = 800 т.с.с.<br>Дарынды оқушыларға карточкалар беріледі.<br>**Есепті шығар.**<br>3-топ<br>141715 : 46 = 3080 (35) 374699 : 82 =4569 (41)<br>273 712 : 34 = 8050 (12) 927 561 : 203=4569 (54)<br>**1- топ** .а)Автопаркте 8 үлкен автобус,ал одан 10 есе артық шағын автобус бар.Автопарктегі шағын автобустардың үлкен автобустардан қаншасы артық?<br>ә) Есептің шартына басқа сұрақ қой және есепті шығар.<br>**(2-топ.жақсы оқитын оқушылар)**<br>б) үш жәшікте 300 алма бар.Осындай 5 жәшікте неше алма бар. |
| **Сабақты бекіту** | Бүгін сабақта не істедік сұрақтарға жауап бер:<br>1. Азайтудың нәтижесі қалай аталады?<br>2. 1 сағатта неше минут бар?<br>3. Қосудың нәтижесі қалай аталады?<br>4. Қарама – қарсы қабырғалары өзара геометриялық фигураны қалай атаймыз?<br>5. Оқу жылының алғашқы айы қандай?<br>6. Қосуға кері амалды ата.<br>7. Аптаның соңғы күні қалай аталады?<br>8. Бір тәулікте неше сағат бар?<br>9. 9+7 өрнегінің мәні қанша?<br>10. 60-7 өрнегінің мәні қанша?<br>11. 1 дм неше см болады?<br>12. 1 ғасырда неше жыл бар?<br>13. 9 ондықтан 8 бірліктен тұратын санды ата.<br>14. Периметрді қалай табамыз?<br>15. Үш бұрышы бар геометриялық фигураны ата.<br>16. Ұзындық өлшем бірліктерін ата.<br>17. 7 ондық 0 бірліктен тұратын санды ата.<br>18. Шаршы деген не?<br>19. Салмақ өлшем бірліктерін ата.<br>20. 1 дм 4см неше см болады? |
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау<br>95 бет. 6- есеп. |
| **Бағалау** | |
| **Кері байланыс** | Бүгінгі сабақ ұнады ма?<br>Өз көңіл күйлерін стикерге жазу. |

**ОҚО Сайрам ауданы №89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі Халиқулова Дилбар Ташмурат қызы**

| **Пәннің аты:** | **Дүниетану 3 сынып** |
|---|---|
| **Сабақтың атауы** | **Жануарлардың алуан түрлілігі** |
| **Мақсаты**<br><br>**Күтілетін нәтиже** | **Білімділік:** Жануарлар әлемінің алуан түрлілігі туралы ұғым және олар еліміздің байлығы, оны қорғау туралы түсінік беру, олардың қандай топқа жататындығын аныктай білуге үйрету.<br>**Дамытушылығы:**Оқушылардың сөздік қорын кеңейту, ойлауын,көз алдына елестету қабілетін дамыту.<br>**Тәрбиелік мәні:** Оқушыларды сезімталдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. |
| **Психологиялық ахуал** | Психологиялық дайындық<br>Біз балдырған баламыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Дүниені аралап,<br>Оқып білім аламыз. |
| **Қызығушылықты ояту** | Жануарлардың қандай түрлерін білеесіңдер?<br>Жануарларды бақылап үйрену өте қызықты. |
| **Мағынаны тану** | Жаңа сабақ.<br>Кіріспе.<br>Өсімдіктер сияқты жануарлар да алуан түрлі болып келеді. Жер бетінде жануарлардың түрлері өте көп. Ғалымдардың зерттеуі бойынша олардың<br>2 млн-дай түрі белгілі болды. «Жануар» сөзі парсының «джан-джанвар» деген сөздің екінші бөлігінен алынған. «джан-джанвар» қазақша-жануар әлемі, яғни дүние жүзіндегі тірі мақұлықтар дегенді білдіреді.<br>Жануарлар мынадай топқа бөлінеді:<br>ЖАНУАРЛАР<br>Құстар, балықтар, жорғалаушылар, қосмекенділер, бунақденелілер, сүтқоректілер<br>Құстар-8600 түрі бар. Айырмашылығы ұшады.<br>Балықтар.<br>Балықтардың 20 000 түрі бар. Олардың айырмашылығы жүзеді.<br>Қосмекенділер.<br>Қосмекенділердің-4000 түрі бар. Олардың айырмашылығы құрлықта да, суда да тіршілік етеді.<br>Сүтқоректілер<br>Сүтқоректілердің – 5000 түрі бар. Олардың айырмашылығы балаларын өз сүтімен асырайды.<br>Жорғалаушылар.<br>Жорғалаушылардың – 8000 түрі бар. Олардың айырмашылығы бауырымен жорғалайды.<br>Жәндіктер.<br>Жәндіктердің – 700 000 түрі бар.<br>Аңдар<br>Жабайы<br>Үй жауырлары<br>Олардың көпшілігі ағаштың жапырағымен және шөппен қоректенеді.<br>Жануарларды аулап, етпен қоректенетіндерді жыртқыштар деп атайды.<br><br>Ең маңыздысы Анықтама<br>Ақбөкен шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Олардың қоныс өзгертуі ауа райына, Ақбөкен жұп тұяқты жануарлардың ішіндегі ең өсімталы, жылына бір рет төлдейді. Жаппай төлдеуі мамырдың 1-жартысында өтеді. Бұл кезде күн салқындап, жауын-шашын көп болады да, оны қазақ халқы «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егізден, кейде 3 лақ та туады. Ақбөкендер өсімдіктердің 80-нен астам түрімен қоректенеді. Олардың басты жауы – қасқыр, ал жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды.<br>Ақбөкен аусыл, пастереллез ауруларымен ауырады. Ақбөкен – дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, әдемі терісі үшін ауланатын кәсіптік маңызы бар жануар. Қазақстанда Ақбөкенді аулауға тыйым салынған. Оның мүйізінен пантокрин дәрісі алынады, тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққандарды емдеу үшін пайдаланады |
| **Сергіту сәті** | Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру)<br>Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру)<br>Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету)<br>Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу)<br>Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту)<br>Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу) |

| | |
|---|---|
| **Ой толғаныс** | Топпен жұмыс<br>1-топ Жыртқыш жануарларды ата?<br>2-топҚасқырлар жемтігін қалай аулайды?<br>3-топ Аю қалай қоректенеді? |
| **Үйге тапсырма** | Мазмұндау. Жануарлар суретін салып келу. |
| **Бағалау** | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау |
| **Кері байланыс** | |

**Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы «Балдырған» балабақшасы МКҚК меңгерушісі Милушева Эльвира**

**Тақырыбы: «Ал, қанекей, әжелер!»**

**Мақсаты:** Балаларды халқымыздың ізгі қасиеттері инабаттылыққа, адамгершілікке баулу. Әже өнегесінен үлгі алу, тәрбиелік мәні бар салт-дәстүрді бойына сіңіру.

**Барысы:** Қайырлы күн, қадірменді ағайын! Көктем мерекелеріңіз құтты болсын!

Қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін дәріптейтін Ұлыстың ұлы мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып отырған «Ал, кәнекей, әжелер!» сайысын бастауға рұқсат етіңіздер!

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған
Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған
Салт-дәстүрді ардақтайық, ағайын
Қазақ атты үлкен-кіші балдырған
Жиналыңыз сәтті күні бәріміз де
Үлкен-кіші, жасымыз, кәріміз де
Төрлетіңіз, қадірменді, қонақтар
Гүл-гүл жайнап мына біздің төрімізге.
/сайысқа қатысушы әжелерді шақырайық/

12. Ақ жаулығы желбіреген,
Немереге үлгі берген:
**Бибігүл әжені** қарсы алайық
13. Аялы, ыстық алақаны
Әже деген балапаны
**Клара әжені** қарсы алайық
14. Ертегі айтып елжіреткен
Ән де салған шын жүректен
**Баршагүл әжені** қарсы алайық
15. Немеренің қуанышы
Ақ жаулықты ана
**Күнімхан әжені** қарсы алайық.

Сайысқа төрелік ететін әділқазы алқасын таныстырып өтейтін:
1. 2. 3.

**Жүргізуші:** Бұл сайыста үзеңгі қағыстырып
Көрейік әжелерді жарыстырып
Жыр ұшқындап тұр ғой әне үніңізден
Әрбір әже көрсін өзін таныстырып
Сайысымыздың **I кезеңі таныстыруға** кезек берейік. /Әжелер өзін таныстырады/

**Жүргізуші:** Ауылдың алты ауызын
Әжелер салсын ән қылып,
Жиылған жұрт қауымның
Ұйытып алсын таң қылып
Сайысымыздың **II кезеңі «Ауылымыздың алты-ауызы»** деп аталады.
/Әжелер халық әндерін айтады./

**Жүргізуші:** Әжелерім өнер тамып қолынан
Жаңылмаған ата-баба жолынан
Әжелерім өз өнерін көрсетсін
Біз айтайық төрелігін соңынан
Сайысымыздың **III кезеңі «Өнерлінің қолы алтын»** деп аталады.
/Әжелер дайындап келген қолөнерлерімен таныстырады/

**Жүргізуші:** Әжелерім, ғұмырларың талмасын,
Толтырыңдар әрбір үйдің қазынасын
Міне, бүгін әжелер сыналады.
Сан сұрақтан сақтарыңыз сынбасын.
Сайысымыздың **IV кезеңі «Ата мұрасы – асыл қазына»** /Салт- дәстүрден сұрақтар/

**Сұрақтары:** «Жеті шелпек» дегеніміз не?

Өлі риза болмай, тірі баймайды деп білетін қазақ аруақтар түске кіргенде жұма күндері жеті нан пісіреді. Аруақтарға арнап пісіріп жұма күндері таратқан «Жеті шелпек».

- «Ұшықтау» мағынасын түсіндіріңіз.

Ұшықтау – нәрестеге «тіл-көз тиді-ау» деп секем алғанда не соның салдарынан ол сұлық түсіп ауырғанда қолданылатын ырым. Қазақта «Адыраспан» шөбін жағып оның түтінімен үйдің төрт бұрышын баланың басынан, үстінен жеті мәрте ұшықтап ырымын жасайды.

- «Тілашар» дәстүрін түсіндіріңіз.

«Тілашар» дегеніміз - баланың ұстаз алдын алғаш көруіне(мейлі, ол қожа, молда болсын, мұғалім болсын)арналған ізгі ниет, бата-тілек. Шаруасы барлар мен саптыаяқтық айраны бар кедейдің өзі баласын ауыл арасындағы молдаға оқуға апарған «Тілашар» дәстүрі сол кезде жасалған. Оқуға баратын баланы жуындырып, тырнақ-шашын алып, әркім жағдайына қарай балаға жаңа киим кигізіп, қолдағы барымен дастарқан жасап, үлкендерден бата алған.

Таудай болсын талабың,
Ашылсын тілің, қарағым.
Оқу сіңіп санаңа,
Жарқырай берсін қабағың.
Мақтанышы бола біл.

Ата менен анаңның!– деген секілді тілегі тұнық, ақ ниеттен шыққан батаны естіген баланың рухы көтеріліп, оқуға талпынған.

**Жүргізуші:** Сайысымыздың **V кезеңі «Ас иесімен дәмді»** деп аталады. Әжелеріміз үйден даярлап әкелген қазақтың ұлттық тағамдарын таныстырып, жасалу жолдарын айтады.

**Жүргізуші:**

Жеңістер мен жеңілістен тұратын
Өмір күрес жеткізе ме мұратын
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімейік
Қатысуда бір жеңіс, жан болайық ұғатын.

Әділқазы алқасы әділ шешімін сараптағанша бәріңізді әдемі ән таңдауға шақырамын.

Ән: «Наурыз».

**Жүргізуші:** Ендігі сөз кезегі әділқазы алқасына ұсынылады. Сайыскерлерді марапаттау.

**Жүргізуші:** Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!
Ақ мол болсын, Пәле-жала жоқ болсын!
Ұлыс күні тағы да құтты болсын!

* * * * *



**№103 жалпы орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі**
**Сегізбай Эльмира Елбасықызы**

**Ана тілі**

Сабақтың тақырыбы: **Қайдан келдің бауырсақ?**

Мақсаты: Оқушылардың оқу-жазу дағдыларын жетілдіру, заттың қимылын білдіретін сөздер туралы түсініктерін кеңейту;

Дамытушылық: Оқушылардың тіл байлық, сөздік қорларын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту

Тәрбиелілігі: Оқушыларды ана тілін сүйетін, болашаққа үлесін қоса білетін білімді, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу

Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, нақыл сөздер, суреттер.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі

**Амандасу**

**Үй тапсырмасын сұрау**

Заттың қимылын білдіретін сөздерді ата.

Шуақ (мәнерлеп оқу)

**Жаңа сабақ**

243-жаттығу. Өтебай Тұрманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.

**Қайдан келдің бауырсақ?**

Дастарханда шашылып,
Жатты аппақ бауырсақ.
Бауырсаққа қызығып,
Қарап тұрып көзін сап:
-Қайдан келдің, Бауырсақ?-
Деп сұрады қуыршақ.
-Дүкеннен келдім нан сатқан,
- Деді оған Бауырсақ.
-Дүкенге келдің қай жақтан?
- Наубайдан келдім нан жап
-Наубайға келдің қай жақтан?
- Диірменнен келдім ұн тартқ
- Диірменге келдің қай жақтан?
- Даладан келдім –жан-жақтан.
Жер анам менің көсілген,
Диқандар мені өсірген.
Арғы тегім – ақ бидай,
Тәттімін, жеп көр, бақшимай!
Жесең, өзің байқарсың,
Рахмет айтарсың.
Айырылмас дос болайық,
Адамға достық лайық!

**Мәнерлеп оқу Оқушылардың оқуы Сұрақ-жауап**

- Өлең не туралы?
- Нан дастарханға қалай келеді?
- Дүкенге қай жақтан келеді?
- Наубайханаға қайдан келеді?

**Суретпен жұмыс**



**19 Пікірталас**

Нанды қадірлей білеміз бе? Обал-сауап дегеніміз не?

- **Сахналау** автор:Ұлсана,бауырсақ: Абдурахман,қуыршақ:Жібек
- Нан туралы өлең. Кәрім Сауғабаев

**Даниял :**
О,адамдар, айтарым бар,
...Нанды баспаңдар!
Онда қол жетпейтін аспан бар,
Әлі ешкім жазбаған дастан бар.
Өтініп сұраймын,
Ана бол, дана бол, бала бол,
Нанды баспаңдар!
**Мөлдір:** Ол биіктен төгілген
Мөп-мөлдір
Зәмзәм суынан өседі,
Нан-өмір.
Нанға «пірім» деп,
Нанға «жырым» деп,
Табынам.
**Сәкен:** Даланың арынан,
Даланың таңынан,
Даланың жанынан,
Даланың қанынан
Өседі.
**Айнұр:**Нанға үлкен жүрекпен
Қараңдар!
Нанды өмір деп санаңдар.
Нан болмаса,
Қызығың , бақытың
Құр әуре, далбаса...
**Мерей:** Елімнің құдіретін асырып тұрған,
Менің де, сенің де,оның да
Мерейін үстем ғып тұрған
Дән емес пе?
Дән – ән емес пе,
Дән – нәр емес пе?
Дән – нәресте,
Дән – тіршілік тоқтамайтын...
**Әділет:** О,адамдар!
Тіршілік арнасын сақтаңдар.
Диқанның еңбегін
Тер төгіп ақтаңдар.
Әр дәнді жоғалтпай,
Өмірдей сақтаңдар!
**Рамазан:** О,адамдар! Кең пейілділер!
Бір дән жолда жатса,
Ұлылықпен еңкейіңдер!

**7)Мақал-мәтелдер:**

Еңбегің қатты болса,
Жегенің тәтті болады.

Еңбек етсең, ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Еңбек етсең, емерсің.

Еңбек ер атандырады.

Еңбектің наны тәтті.

- Дәптермен , тақтамен жұмыс.
- 244-жаттығу. Бағанның екі жағындағы сөздерден сөйлем құрап жаз.

| **не?** | **қайтеді?** |
|---|---|
| бұлбұл | қарқылдайды |
| бүркіт | ақырады |
| аю | шаңқылдайды |
| қарға | сайрайды |

Бұлбұл сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Аю ақырады. Қарға қарқылдайды.

! 245-жаттығу Оқы.

Тасбақа –ең ұзақ жасайтын бауырымен жорғалаушы. Олар жүз жылдан артық өмір сүреді.

Қолтырауын өзендерді мекендейді. Ол жүзген кезде судың бетінде оның тұмсығы мен көзі ғана көрінеді.

Акулалар екі жұма сайын тістерін жаңартады.

- **Қорытындылау**

Нені білдік?
Не үйрендің?
Нені білгің келеді?

- **Қонақтарға ізгі тілектер**
- Бағалау
- Үйге тапсырма: Қайдан келдің бауырсақ? (мәнерлеп оқу)

244-жаттығу (жазу)

* * * * *

**ОҚО және ӘББ «№7 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы»**
**КММ –сінің тәрбиешісі Зияева Малика Назаралиевна**

**Сабақтың тақырыбы**: Адамгершілік шуағы сөнбесін.
**Сабақтың мақсаты:**
**1.Білімділік мақсаты:** Тәрбиеленуші балаларға адам бойындағы асыл қасиеттерді таныту, бағалай білуге үйрету, адамгершілік туралы білімдерін арттыру.
**2. Коррекциялық мақсаты:** Тәрбиеленуші балалардың сөздік қорын молайту, сөйлем құрағанда дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету.
**3.Дамытушылық мақсаты:** Тәрбиеленушілердің ой-өрісін кеңейту, есте сақтау, топ алдында еркін сөйлеуге баулу, достық жайында балалардың сана сезімін дамыту.
**4.Тәрбиелік мақсаты:** Тәрбиеленушілерді адамгершілікке, үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға, достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
**Пәнаралық байланыс:** Көркем әдебиет, қоршаған орта.
**Сабақтың түрі:** топтық
**Әдіс-тәсілдер:** суреттермен жұмыс, сұрақ-жауап, сахналау.
**Сабақтың көрнекіліктер:** Суреттер, буклеттер, нақыл сөздер, ғажайып сандық, доп.
**Сабақтың барысы:**
**1.Ұйымдастыру кезеңі**
Педогогикалық-психологиялық дайындық.
**Шаттық шеңбері.**Балалар көңіл-күйлерің қалай? Қанекей, «Сәлем-әдеп басы» демекші, амандасып алайық.
Армысың, асыл күн!
Армысың, көк аспан!
Армысың, қонақтар!
Армысың, жан досым!
Жылуыма жылу қос,
Міне менің жүрегім!
-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
-Қыс мезгілі?
-Қыс айларын атаймыз: желтоқсан, қаңтар, ақпан.
-Бүгін қай күн?
-Ақпанның он бірі, сәрсенбі
**2. Өткен сабақты қайталау.**
-Балалар, біз өткен сабақта не туралы әңгімеледік?
-«Еңбек атасы - нан» туралы әңгімемен танис болдық.
-Қай ертегінің кейіпкерлері кейіпіне еніп сахналадыңдар?
-Кейіпкерлерді айтамыз: әтеш, тауық, мысық, тышқан.
-Еңбек, нан туралы мақалдарды айтыңдаршы?
-Нан туралы қандай өлеңдер білеміз?
**Сергіту сәті.**
Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.
**Тіл жаттығулары:** «терезе», «Арық Нұрсұлтан, семіз Нұрсұлтан», «Тілімізді тараймыз», «Айтқанға көнбейтін тілді жазалаймыз» орындалады.
**3. Жаңа сабақ.**
Балалар бүгінгі ашық сабағымыз: «Адамгершілік шуағы сөнбесін» деп аталады. Білесіңдерме балалар, таңда Қыдыр ата бізге бір «ғажайып сандық» пен адамгершілік деген күн шуақтарын, бұлт «тамшыларда тапсырма» тастап кетті.
**1-тапсырма.** Мәртебелі бір тамшыны алады.
Адамгершілік деп аталатын күннің: әдептілік, мейірімділік, қамқорлық, еңбексүйгіштік шуақтарына –достық шуағы жетпей тұр.
Бірінші тапсырмада балалардан адамгершіліктің төрт шуағы туралы суреттерді тамашалап , әңгімелейді.

| | |
|---|---|
| 1.Сымбат | 3.Мәртебелі, Ақбота |
| 2. Жайна | 4.Гүлсезім,Русалина |

Тапсырма орындалы, достық шуағы көрінді, күннің көзі күлімдейді.
**2-тапсырма.** Жайна тағы бір тамшыны алады
Адамгершіліктің шуағы-достық туралы мақал-мәтелдерді айтып беру керек.
Мәртебелі: «Досы көпті жау алмайды».
Жайна: «Жүз теңгең болғанша, жүз досың болсын».
Сымбат: «Аққуды атпа,досыңды сатпа».
Русалина: «Алтын берген дос емес, ақыл берген-дос».
Аида: «Дос болу оңай, оны сақтап қалу қиын».
**3-тапсырма.**
Гүлсезім үшінші тамшыны алады.
Балалар үшінші тапсырмада «Кім-кімнің досы екенін білейік?» тіл дамыту ойынын ойнаймыз. Кәнекей, жақсылап жайғасып алайық, мен допты лақтырып , «сенің досың кім?» деп сұрағанда, толық әдеппен жауап беру қажет. Қыздар маған допты қайта лақтырып жауап береді.
**4-тапсырма.**

Инабат соңғы тамшыны алады. Бұлттар таралып, адамгершілік шуақтары жайнайды.
Төртінші тапсырмада Ы.Алтынсариннің «Екі дос» ертегісін рөлге кіріп, сахналау екен.
1.Аю-Аида; 2.Бірінші дос-Жайна, екінші дос-Мәртебелі.
Күндердің бір күнінде екі дос орманда серуендеп жүреді. Олар гүлдер теріп жүргенде, орманнан дәу аш Аю шығып қалады. Екінші дос жүгіріп ағаштың басына шығып кетеді, ал біріншісі не істерін білмей дем алмай жерге жатып қалады. Аю келіп, иіскеп-иіскеп өз жолымен кете береді. Екінші дос ағаштан түсіп, досынан сұрайды:
-Досым ол сенің құлағыңа не деді?
-Сенің досың жақсы емес, қиын кезде сені тастап кетеді,-деді.

Балалар, біз Қыдыр атаның барлық тапсырмаларын орындадық. Қараңдар, адамгершіліктің шуақтары: әдептілік, мейірімділік, қамқорық, еңбексүйгіштік, достық әр қашан бізді әдептілікке жетелейді. Ашылған бұлттың соңында әсем кемпірқосақ, көктем жақындағанын білдріп, көңілімізді қуанышқа бөледі.

**4. Қорытынды:**
-Балалар, біз не туралы әңгімеледік?
-Адамгершілік шумақтарын айтайықшы?
-«Екі дос»ертегісіндегі тығылып қалған досының орнында сендер болғанда не істер едіңдер?

**5. Бағалау.**
Балалар, Қыдыр атамыздың «ғажайып сандығын» ашып көрейік (сандық өзінен – өзі ашылады) барлық сыйлықтар үшін атамызға әдептілікпен рахмет айтамыз.

* * * * *

**ОҚО ЖҚҰ және ӘББ «№7 Тасарық арнаулы Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ-сінің мұғалім дефектологі Таженова Жанар Ермекбайқызы**

Тақырыбы: сипап сезу арқылы қатты және жұмсақ заттарды ажырату.
Сабақтың түрі: Топтық сабақ.
1.Білімділік мақсаты:
- Баланың танымдық және психологиялық процестерін дамыту.
2. Коррекциялық мақсаты: Сипап сезу және қол буындарын дамыту.
3.Дамытушылық мақсаты: Өзіне сенімділік қабілетін, психоэмоционалдық жігерін дамыту.
4. Тәрбиелік мақсаты: Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
Көрнекіліктер: Қатты-жұмсақ кубиктер, көкөністер муляжы, ағаш ойын тақташасы, моншақтар.

- Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу. Русская пирамида құрылғысының көмегімен.
Күнделікті сөздер.
-Қалдарыңыз, көңіл-күйлеріңіз қалай?
- Балалар қазір қай жыл мезгілі?
-Күз мезгілінің қай айы?
-Бүгін қазан айының нешесі?
2.Өткен сабақты қайталау:
-Тәтті-ащы ұғымдарын дәм сезу арқылы ажырату.
-Алма, алмұрт, мандарин, лимондардың дәмін ажырату (тәтті, ащы,қышқыл т.б)
-«Тосаптарды ажырату» ойын жаттығуы.
Мақсаты: Балалардың дәм сезу қабілетін дамыту.
Шарты: Алма тосабын, долана тосабын, клюкова тосабын дәмін көру арқылы ажыратқызу.

- Сергіту сәті:

Алма алма дейсің,
Алма әкелсем жейсің.
Алма екен деме,
Алманы жумай жеме.

- Жаңа сабақ:
- Бүгінгі жаңа тақырыбымыз сипап сезу арқылы жұмсақ, қатты заттарды ажырату.

«Сиқырлы дорба» ойыны:
Мақсаты: Сипап сезу арқылы тактильді сезгіштіктерін дамыту.
Шарты: Балалар дорбаның ішінен жұмсақ ойыншықтарды алып, қатты кубиктерді, қатты жемістерді ажырату. Көздері жұмулы тапсырмаларды орындайды.
«Сыңарын тап» ойыны: Мақсаты: Қолдың ұсақ маторикасын дамыту, сипап сезгіштігін дамыту.
Шарты: Тегіс, бұдыр тақтайшалар берілген балалар сол тақтайшалардың жұбын табу керек.
Моншақтарды өткізу жаттығуы: Шарты: Балалар қолдарын жұдырыққа түйіп ортасынан моншақтарды өткізе мізу
Моншақтарды тізу ойыны: Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
Шарты: Балаларға түрлі –түсті моншақтар беріледі. Түрлі-түсті қағаздарға жазылған сандар таратылады. Сол сандарға қарап моншақтар тізіледі.
«Алақанды қыздыру» ойын жаттығуы: Шарты: Ежик құрылғысымен балалардың алақанына уқалау жүргізу.
«Көзіңді жұмып сыңарын тап» ойыны: Мақсаты: Сипап сезу арқылы бұдыр, жылтыр ұғымдарын бекіту.
Шарты: Балалар көздерін жұмып дорбадан қарындашты алып бұдыр, жылтыр екендіктерін ажырату қажет.
«Ғажайып шарлар» ойыны: Мақсаты: Қолың икемділігін арттыру.
Шарты: Шарлардың жұбын табу. Шарлардың ішіне ноқат,асбұршақ, пісте салу. Балалар сипау арқылы жұптарын, қандай бұршақ екенін анықтау.
Сабақты қорытындылау: Әуен арқылы босаңсу. «Жазғы түн» құрылғысы арқылы қоштасу.

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**Т.Рысқұлов атындағы №17 жалпы орта мектебі**
**Алменбетова Сауле  Бастауыш сынып мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы : Батырдың мінезі**.
**Сабақтың мақсаты:**Ұлы Отан соғысы кезінде батырлардың ерлігі жайында әңгімелеу.Оқушыларға мәтінді оқыту арқылы мәтіннің негізгі идеясын ашу. Оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуге, өз ойын қоса білуге мүмкіндік беру.
**Оқып үйренудің нәтижесінде**:Батырлар туралы түснікке ие болады.Көрсеткен ерліктерін атайды Оқу жазу,сурет салу арқылы сыни тұрғыдан ойлауы дамиды. Кез келген затқа күдікпен қарап, ой қорытынды жасап, көз жеткізе білуге машықтанад
**Жабдықтар**: слайдтар, флибчарт, оқулық маркер.
**Кіріктірілген модульдер:** Оқыту мен оқыудағы жаңа әдіс  тәсілдер.
Сыни тұрғыдан ойлауға үйрен
Ақпараттық коммуникациялық техналогяларды тиімді пайдалану.
Жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу.
Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
**Сабақтың әдіс –тәсілдері:**
Ассоцация
Топтық жұмыс
Сұрақ –жауап  Диалог
Бес жолды өлең
Блум түймедағы Блумның сұрақ қою өлшемін өлшемін қолданамын.
Тапсырмалар:топтық жұмыс және жеке жұмыс Шығармашылық  тапсырмалар.
**Сабақтың барысы** : Ұйымдастыру кезеңі

- Оқушыларды түгелдеу
- Психологиялық ахуалды  қалыптастастыру.Үлкенге е сіз Сәлем беріп  сіздерге ас иеміз біз
- Тренинг өткізу.

Балалар біз бүгінгі сабағымызда келген қонақтарға өзіміздің қндай қасиеттерімізді көрсете аламыз.
Сауаттылығымды
Әдептілігімізді
Ынтымақтастығымызды
Еңбек сүйгіштігімізді
Мейірімділігімізді.
**Өткен  сабақты  пысықтау**
1. Сәкен Сейфулин туралы  мәлімет?
2. Өлең кім туралы  жазылған?
3. Біржан есіміне  сал сөзі  неліктен  қосылып  айтылады?
4. Өлеңді  мәнерлеп  оқу.
«Біржан салды сипаттап » шығын әңгіме жазып  келеді .Әр топтан  бір оқушы оқып береді.
Ой шақыру : слайдта  соғысты көрсету.
Нақыл  сөздерге  түсініктеме бер?
Батыр  болмай батыл болмайың.
Өжет  адам өлімді жеңеді.
Тәуекелшіл тайынбайды.
Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізеді.
Қорқақа  қол бастамайды.
Жаңа  сабақ :
Мұғалімнің түсінігі  Нығмет  Ғабдуллин жайында ақпарат  беру.
Абдуллин Нығмет  26.12.1927 жылы Ақмола  облысы Атбасар ауданы Шыңқыркөл (1972 ), профессор (1975) .Қазақстанның еңбек  сіңген қайраткері(1998 )  атағы берілді. Қазақ  педагтгика институтын (қазіргі Алматы  мемлекеттік  университетін  ) бітірген(1950).
1950-1969 жылдар ыреспубликалық баспасөз  орындарында ,1962 жылдан  жоғарғы  оқу  орындарында  қызмет еткен. 1988-1997 жылдары Алматы  мемлекеттік университетінде  кафедра  меңгерушісі болды. «Қазіргі  қазақ әдебиетінде  жаңа адамды  бейнелеу проблемалары » деген тақырыпта  докторлық  диссертация қорғаған.
Әдебиет мәселелеріне арналған «Шығарма арқауы –шындық » (1968), «Уақыт тынысы» (1981)  зерттеулер  кітабы, «Замандас келбеті»(1972)
Сонымен  бүгінгі  тақырыбымыз «Батырдың мінезі»
**Өзара оқу :** Оқушыларға өзара  оқыту.  Әр  топқа  тапсырма  беру.
1 тапсырма  Суретте  берілген  батырларға  қысқаша  мәлімет  беру.
**2 тапсырма**
**Қызығушылығын  ояту:** «Гүл сиқырын ашу» ойыны арқылы Блум түймедағының  сұрақ қою тәсілін  қолдану.

| | |
|---|---|
| Білу | Ұлы Отан соғысы қашан басталды?Қандай қазақ батырлар ерлік көрсетті? |
| Түсіну | Мәтінді өз бетінше әңгімеле. |
| Қолдану | Соғыста қандай оқиғалар болды?Жеңіске қалай жетті? |
| Талдау | «Батыр туса –ел ырысы.»<br>«Жаңбыр жауса жер –ырысы» дененді қалай түсінесің ?Қазіргі таңдағы қандай батырлары білесің? |
| Жинақтау | Жеңістің  нәтижесінде қандай өмір сүрудеміз? |

**3 -тапсырма .Сыни ойлауға тапсырма: (дәптермен жұмыс)**
**Өлең жазу**
**Қорытынылау :** Батырдың мінезі деен сөзге қандай түсінік бере аласың?- Мәтінге басқаша қандай ат қоюға болады? Елін қорғаған батырлар жайында әңгіме.
**Сергіту сәті:** Бой жазу
**Рефлекция :** Екі жұлдыз бір тілек.
**Кері байланыс**: Бүгінгі сабақ жайында өз ойын жазады.
**Бағалау :** Оқушылардың әр- жетістіктеріне смайликтер таратып отыру
**Үйге тапсырма** : Жеңіс туралы өлеңдер мен шығармалар біліп келу.

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**Т.Рысқұлов атындағы №17 жалпы орта мектебі.**
**Архарбекова Әсел Бастауыш сынып мұғалімі**

## АНА ТІЛІ (4-СЫНЫП)

**Тақырыбы :** Р. Киплинг. Маугли
**Жалпы мақсаты:** Оқушылар мәтінің мағынасын талдай отырып, Джунгли туралы білімін молайтатын болады.
**Міндеттері:** Мазмұнға байланысты міндеттер;
Әңгімені оқып танысады.Мазмұнын ашады. Кейіпкерлерді салыстыра отырып айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.
Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға байланысты.
Оқушының оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлаудың дамыту, қиялын шарықтау және сезімін ояту.
Топтық жұмыс үрдісіне байланысты міндеті.
1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығады.
2. Тақырыптық түсініксіз жерлерін анықтайды.
3. Топтастарының сұрақтарына жауап береді.
4. Қорытынды шығарады ,өз пікірін дәлелдейді.
Тәрбиелік мәні: Өзара құрмет сезімін тудыру. Басқаның пікірін сыйлауға, сөзін бөлмеуге тәрбиелеу.
Бағалау:Эссе , мұғалімнің бақылауы.
Қажетті құралдар : бейне фильм, үн таспа
Көрнекіліктер: кестелер , үлестірмелік карточкалар, төс белгілер.
Стратегиялары: Әлемді шарлау . Топтастыру.Венн диаграммасы. Жиксо -1 Эссе . Бес жолды өлең. Автордың орындауы.
Түрі: Панорамалық сабақ.
Түһұрпаты: Жаңа материалды меңгерту сабағы.
1. Қызығушылықты ояту
Үнтаспадан үнді әуенді тыңдалды. Балаларды «Джунгли» әлеміне саяхатқа шақыру.
Стратегия : Әлемді шарлау.
Үй тапсырмасы . Оқушылар топ бойынша тапсырмаларды қабырғаға іледі. (Суреттер ,өлеңдер , жұмбақтар т.с.с)

**Топтардың аты**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Акела Бөрілер | Табаки | Багира | Шер-хан |
| | Қарсақтар | Сілеусін | Жолбарыс |

Үй тапсырмасы бойынша оқушылар өз жазғандарын ортаға салады.Әр топтың спикері жұмыстарын қорғайды.
**Стратегия :** Топтастыру Тамаша Табиғат
Жеке жұпта, топта талқыланады.Лидер айтады.
2. Мағынаны ажырату.
Жаңа сабақ . Мақсат қою
-Ендеше, бүгінгі сбақта Джунгли аңдар арасында өскен үнді баласы туралы әңгімені оқып үйренеміз .
**Кіріспе**
**Стратегия :** Ой қозғау . Осы оқиға не туралы деп ойлайсыңдар?
Жеке, топта талқыланылады.Лидерге сөз беріледі. Олар өз ойларын дәлеледейді.
Бейнефильмнен үзінді көру . Мауглидің ұрлануы. Осы сабақта Мауглидің 10-12 жастағы кезеңінен үзінді оқимыз.
Оқулықпен жұмыс.Оқушының оқуы. Оқушылар түртіп алу әдісі бойынша жұмыс жасайды.
Стратегия : Инсерт. Түртіп алу кестесі.

| |
|---|
| «V»- білемін<br>«+»-жаңалық<br>«?»- түсіндіріңіз, зерттеймін |

Мәтіннің мазмұнымен жұмыс.
**Стратегия: Джиксо-1**
Мәтін 4 логикалық бөлікке бөлінеді. Топтағы адамдар 1,2,3,4 –ке санау арқылы өзара бөлінеді. Мәтіннің 1- бөлігін1-лер, 2-бөлігін 2 санын алғандар 3, нөмерлі топтарға оқуға тапсырылды. Оқушылар тиісті бөлігімен оқып танысады..1-лер бөлек , 2,3,4 –өз алдына жұмыс тобын құрайды. Келесі кезекте ұжым мүшелері бастапқы топтарымен қайта табысып өздерінің үйіліп келген бөліктеріндегі мазмұнды ортаға салады.
**Мәтінді бөліктерге бөлу:**
1. Мауглидың Джунглида өсуі
2. Джунглидің көсем сайлау заңы.
3. Мауглидың Шер-Ханнан өш алуы
4.Мауглидың барлық аңдардан күшті бола білуі.

**Сұрақтары:**
1. Мауглиды асырап  баққан нелер еді?
2. Джунглидегі Мауглидың жақтастары нелер? Жауы ше?
3. Шер-Хан Мауглиге неген өшікті  деп ойлайсың?
4. Джунглидің көсем сайлау  заңы қандай?
5.Маугли  Шер-Хан  өшін алуға қашан мүмкіндік алады?
6. Ол неліктен  барлық аңдардан күшті  бола білді ?
7. Маугли аңдарға  қайтып оралады деп  ойлайсыңба?
**Стратегеия: Венн диаграммасы .**

**Мауглидің жаулары мен жақтастары**

Бейнефильмнен  үзінді көру. Мауглидің Шер-Ханмен  жекпе-жегі.Мәтіннің толық мазмұнымен жұмыс. Ә топтан спикерлер шығады.
**Сергіту  сәті. Қай аң  қалай дыбыстайды?**
**3. Ой  толғаныс .**
**Сабақты қорыту**
**Бес жолды өлең**

| |
|---|
| Зат  есім- |
| Сын  есім-- |
| Етістік --- |
| Сезімді  білдіретін сөздер ---- |
| Зат есім (синоним)- |

**Стартегия :** Эссе жазу
**Тақырыбы: Джунгли немесе Маугли**
**Стратегия :** Автордың  орындығы . Оқушы жазғанын автордың орындығында  отырып оқиды. Бағалау (мазмұндап) . Үйге тапсырма . Маугли жөнінде түсірілген  мультфилимді  әңгімелеу.
Әңгімені  бөліктер бойынша  мазмұндау. « Маугли аңдарға қайтып оралама?» атты әңгіме  жазу.

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы  Ынтымақ ауылы**
**Т.Рысқұлов атындағы №17 жалпы орта мектебі.**
**Жақыпбекова Зина Қылышқызы Бастауыш сынып мұғалімі**



**Сабақтың тақырыбы**:   Күн- жарық пен жылудың  көзі
**Сабақтың  мақсаты**: Күн және оның тіршілік үшін маңызы туралы мағлұмат беру. Күн, күн жүйесі туралы білімдерін толықтыру, ой ұшқырлығын арттыру. Оқушыларды жауапкершілікке, өзін-өзі тәрбиелеуге үйрету.
**Сабақтың   дамытушылығы**:Дүниетанымын кеңейту, танымдық қызығушылықтарын арттыра отырып, ойлау сын тұрғысынан айту, қабілеттерін дамыту.
**Тәрбиелілігі**: Ізденгіштікке, еңбек сүйгіштікке, табиғатты сүюге,  қорғауға,аялауға,тәрбиелеу.
**Қолданылатын стратегиялар** : <<Үш қадамды сұхбат>> Интерактивті тақта,оқулық, << Ширату >>,   "Ой қозғау", слайдтар.

**Сабақтың әдісі**:  Топпен  сұрақ-жауап.
**Сабақтың  түрі**: Сайыс.
**Барысы:**
**Кіріспе**
1) Ұйымдастыру
А)  Сабаққа әзірлік
Ә)  Назарларын сабаққа аудару
Б)  Психологиялық  дайындық.
Пазл әдісі бойынша  үш қатардағы топқа бөліп ат  қою .

| | | |
|---|---|---|
| 1 қатар | 2 қатар | 3 қатар |
| Күн шуақты | Ай жұлдыз | жер шары |

Үй тапсырмасын тексеру.

<< Үш  қадамды  сұхбат >> стратегиясы арқылы сұрау.
1)Сұрақ беруші
2)Жауап беруші
3)Оқу методикасынан сұрау
1) Ғарыш дегеніміз не?
2) Жұлдыз дегеніміз не?
3)Планета дегеніміз не?

**Ғарыш дегеніміз не?**

Ғарыш кеңістігінде шек жоқ. Оның кеңістігі        соншалық, аспан денелерінің  бір-бірінен қашықтығын Жердегі өлшеммен, айталық,километрмен  өлшеу мүмкін емес.  Бұлай  өлшеу  Жер шарындағы  қалалардың ара қашықтығын миллиметрмен  есептеумен бірдей  болар еді. Сондықтан ғарыштағы қашықтық өлшемі  үшін көп жағдайда  жарықтың таралу жылдамдығы   бірлік ретінде алынады.

Жарық секундына 300000 км жылдамдықпен таралады. Ол Жерге Айдан 1,3 секундта , Күннен 8 минуттан сәл астам уақытта жетеді . Бізгі ең жақын жұлдызға дейінгі аралықты жарық 4 жылда жүріп өтеді. Олда ештеңе емес. Әлем кеңістігімен салыстырғанда қас қағымдай дерлік. Құрамына Күн жүйесі кіретін Әлемнің шағын ғана бөлігі- Галактиканың бір шетінен екінші шетіне жарық 100мың жылда әрең жетеді. Ал алыстағы галактикалар бізден бірнеше миллиард жарық жылындай қашықтықта тұрады.

Ғарыштың құрамдас бөліктеріне: жұлдыздық жүйелер – галактикалар, олардың аралықтарындағы әлемдік бос кеңістіктер, әлемдік шаң –тозаң мен газ шоғырлары, әлемнің түкпір- түкпірінен тасқындап таралатын түрлі сәулелер жатады.

Жерді қоршаған бүкіл дүние- Әлем немесе Ғарыш деп аталады.

**Жұлдыз дегеніміз не?**

Бұлтсыз ашық түнде аспаннан жыпырлаған сансыз көп жұлдыздарды көресің. Олардың кейбірі солғын жарық нүктеге ұқсайды. Енді біреулері бірде күшейіп, бірде әлсіріген алыстағы отты елестетеді. Жұлдыздар жерден өте алыс қашықтықта орналасқан. Сондықтан олар біздің көзімізге кішкене жылтыраған ноқат сияқты болып көрінеді. Шынында, олардың әрқайсысы Күнге ұқсас жанып тұрған, орасан зор газ шарлар. Ең ірілері Күнен ондаған, тіпті жүздеген есе үлкен. Мөлшері Жермен қарайлас шағындары да бар. Жұлдыз өте күшті қызған газдан плазмадан тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан күнге ұқсас аспан денелері. Күн жерге жақын болғандықтан ғана үлкен болып көрінеді. Жерге ең жақын жұлдыз-Күн. Жай көзбен қарағанда аспан әлемінен 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал қазіргі замандағы ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны бірнеше миллион.Ғалымдардың болжауынша , жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді.

**Планета дегеніміз не?**

Жерді қоса есептегенде 9 ірі аспан денесі айналып жүреді.Олар планета деп аталады(планета-грекше адасушы деген сөз

Планеталар-өзінен жарық шығармайтын салқын денелер.Дегенмен түнгі аспанда олар да жұлдыз сияқты жылтырап көрінеді.Планетаның олай көрінуі бетіне түскен күн сәулесінің шағылысуынан.

Өз кезегінде планеталардың төңірегіне олардың серіктері айналып жүреді.Жердің серігі-Ай .Күн және оны айналып жүретін планеталар мен олардың серіктері Күн жүйесін құрайды.Күн жүйесі-Әлем кеңістігінің немесе Ғарыштың бір кішкене шағын мүйісі ғана.

Планеталар массасына, химиялық құралына, айналу жылдамдығына, серіктестестерінің санына қарай 2 топқа бөлінеді. Күн жүйесінің төрт ішкері планетасы жер тобындағы планеталар олар меркури, шолпан,жер, марс. Олар аса үлкен емес,тығыз тасты заттармен металдардан құралған. Алып планеталар-Юпитер,Сатурын, Уран,Нептун, Плутон.Олар негізінен жеңіл заттардан сутек,гелий,металдардан құралған

Оқу методикасынан сұрақтар қою:

2) **<< Ширату >>**

**Сұрақтарға жауап.**

***Жер***

Жер- тіршілік етушілері бар күн жүйесіндегі жалғыз ғаламшар.Жерді жануарлар мен адамдар мекендейді.Жер күннен қаншалық алыс болса жер бетіндегі жағдайлар өмір үшін соншалық жарамды. Күнге жақын орналасқан ғаламшарларда тым ыстық.Ал күннен алыстағыларында тым суық. Жер бірнеше қабаттан құралған. Ең жоғары қабаты жер қыртысы деп аталады. Жер қыртысының астында мантия орналасқан ғаламшардың орталығында қатты ішкі ядро және балқыған металдан тұратын сыртқы ядросы бар.

**Меркурий мен Шолпан**

Меркурий мен Шолпан- ең ыстық ғаламшарлар. Күн райы ашық болған кезде таңғы және кешкі аспанда Шолпан жақсы көрінеді. Меркурийді көру әлдеқайда қыйынрақ,өйткені ол Күнге тым жақын орналасқан. Шолпанда 167 жанартау бар деп есептелінеді . Олардың бірінің биіктігі Жер бетіндегі ең биік шың – Джомолунгманың биіктігіне тең. Меркурийде жанартаулар жоқ.

**Марс**

Күн жүйесінің барлық ғаламшарларының ішінде жерге өте ұқсасы –Марс. Марста таулар,тынышталған жанартаулар мен шөлдер бар. Марс бетінің басым бөлігін қызғылттау түсі бар тасты жазықтар алып тұр. Марыстың температурасы Жердің ең суық аймақтарындағыдай.

Бірнеше ғарыш зондтары Марсқа аттандырылған еді. Олар ғаламшар бетін суретке түсіріп,Жерге жіберді.Біз осы зондтардың арқасында Марс туралы көп жаңа нәрсе білдік.

**Юпитер**

Күн жүйесінің ең үлкен ғаламшары – Юпитер.Оның қатты беті жоқ. Ол тұтас газдардан құралған. Юпитер өзінің өсінен өте тез айналады. Сондықтан оның бетінде әрдайым күшті дауылдар тасып тұрады. Юпитердің серіктері айлар отбасымен қоршалған. Олардың ішіндегі төртеу Жер серігі Айдан айтарлықтай ірі нағыз алыптар. 1992жылы Юпитерге камета жақындады. Кейіннен ол жиырма бөлікке бөлінген. Екі жыл өткен соң қирандылар Юпитердің бетіне құлады.

**Нептун**

Нептунның Жерден алыстығы сонша, оны тіпті ең алымды телескоппен көру қиын. Бұл болып Күн жүйесінің шекарасында сегізінші ғаламшар орналасқан. Нептунның кішкентай тас ядросының айналасындағы қабықша мұзбен қатып қалған аммиак газының қоспасынан құралған.Нептунның сегіз серігі бар. Ең ірі серігі-Тритон.

**Плутон**

Плутон Күн жүйесінің шекарасында орналасқан. 1930 жылы ашылған кіп-кішкентай Плутонды басында ғаламшар деп атады. Кейінен ғалымдар оны ергежейлі ғаламшар деп атауға келісті. Плутон Жер серігі Айданда кіші.

1) Ең алғаш ғарышқа ұшқан кім?
2) Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім?
3) Екінші ұшқан қазақ жігіті кім?

Ең алғаш ғарышқа ұшқан кім?

Космативка, ғарышқа ұшу- ғарыш кеңістігіне ұшу. Жерден басқарылып ұшатын әртүрлі ғарышытық аппараттарды пайдаланып ғарыштық кеңістікті игеру. Ғарышқа жол 1957 жылы 4 қазанда ашылды. Бұл күні бұрынғы Кеңес Одағында

Жердің жасанды серігі ұшырылды. Жер спутнигімен лайка атты ит ұшырылды. Ал 1961 жылы 12 сәуірде адам баласы тарихында бірінші рет Юрий Гагарин Байқоңыр космодромынан 9 сағат 07 минутта ұшырылды. Ол жер шарын айналып ұшты. Ағаш ұстасының баласы Юри Гагарин 27 жаста екен.12 сәуір тарихқа << ғарышкерлер>> күні деген атпен енді.

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысының қарқаралы ауданында дүниеге келген. Тоқтар ұшқыш болуды жастайынан армандап аэроклубқа қатысып парашутпен секіруге жаттығады. Мектепті бітіргеннен кейін, Армавир әскери авияция училищесін 1969 жылы үздік аяқтайды. Қиыр Шығыс әскери бөлімдерінде инженер-ұшқыш мамандығы бойынша қызмет атқарды.1974 жылы ол бірінші санатты ұшқыш атанды.1988 жылы жаңа авияция техникасын сынақтан өткізуде көрсеткен ерлігімен батырлығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды.1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан < Союз ТМ-13> кемесімен ғарышқа ұшты. Қазіргі күні авияция генерал-палковнигі Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы.

Талғат Аманкелдіұлы Мұсабайев 1951 жылы 7 қаңтар Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылында дүниеге келген. Ол Қазақстан Республикасының әрі Рессей федерациясының ұшқыш –ғарышкері. Талғат Мұсабаев Рига қаласында авияция инженерлік инстеутының, кейін Ақтөбе жоғарғы ұшқыштар училищесін бітірді. 1986 жылы азаматтық авияцияның 30 жаттығу дайындығын өтіп, осы саланың ұшқышы мамандығын алды. 1990 жылдан ғарышқа ұшуға дайындалып 1991 ғарышкер сынақшы біліктілігін алып шығады. Ол 1994 жылдың 1 маусымынан 4 қарашасына дейін <Саюз ТМ> ғарыш кемесімен ғарышта болды. 126 күн ғарышта өткізген. 1998 жылы 2 рет ұшты. Онда 208 күн ғарышта болған. 2001 ғарышқа 3 рет ұшты. 8 күн ғарышта өткізген.3 рет ғарышқа ұшқан. Қазақстан Республикасының авиация гинерл-литенаты халық һахарманы.

**Сергіту сәті**: Скелет

**Жаңа сабақ** : Күн – жарық пен жылудың көзі.

**Түсіндіру:** Күн жүйесінің орталық денесі Күн- жұлдыз,яғни қызған газды шар.Ол өзінің қойнауынан үздіксіз энергия бөліп шығарады. Күн бетінен күшті сәуле тарауына қарамастан, ол өзінің жоғарғы температурасын сақтап қалады. Күн-Күн жүйесінің орталығы үлкен жұлдыз. Күн бізге жарық пен жылу береді. Ол қатты қыздырылған сутек және гелий газдарынан тұрады. Күннің жасы шамамен бес миллиард жылға тең. Күннің ішкі бөлігі-ядро, ал сыртқы қабықшасы күн тәжісі деп аталады. Күн бетіндегі қара дақтар барынша төмен температуралы аймақтар . Жұлдыздардың үлкен шоғыры галактика деп аталады. Күн жүйесі Құс жолы галактикасына жатады. Бұл галактиканың құрамында 200 миллиард жұлдыз бар. Күн –тоғыз ірі планетадан тұратын тұтас бір жүйесінің орталығы.Күн қатардағы жұлдыздардың бірі. Басқа жұлдыздар сияқты ол да лаулап жанып тұрған газды шар. Ғалымдардың болжауынша оның беткі қабатындағы қызу алты мың градус шамасында ал, терең түкпірінде 15 миллион градусқа дейін жетеді. Күн жан жағына жарық сәуле және орасан зор мөлшерде жылу таратады.Жерге күн қуатының екі миллиардтан бір бөлігі ғана жетеді,басқасы әлем кеңістігіне шашырап тарап кетеді.Дегенімен осы қуат мөлшерінің өзі жерді жылытуға әбден жетеді. Күннің сәулесі мен жылу болмаса Жер бетін қара түнек басар еді. Ғаламат суықтың салдарынан өсімдіктер,жан- жануар да тіршілік ете алмас еді. Жылудың жоқтығынан булану жүрмей, су бетінің қатып жататындығы өзінен-өзі түсінікті. Аспанда бұлт үйірілмейтіндігін жауын- шашын жаумас еді, Жер бетін өзгертетін ағын су әрекеті жүрмес еді. Бір сөзбен айтқанда, Жерде өтіп жататын санаулы құблыстары тоқтап қалар еді. Адамдар ерте кезден –ақ Күн қуатын пайдалану жолдарын іздей бастаған. Бірақ көпке дейін пайдалану амалы табылмай келді. Тек біздің заманымызда ғана әр түрлі елдерде Күн қуаты электр энергиясын өндіруге, үй жылытуға, астық және түрлі жемістерді кептіруге, түрлі ауруларды емдеуге және т.б. мақсаттарға пайдаланыла бастады. Күн батериялары мен ғарыш кемелері мен Жердің жасанды серіктерінде қуат өндірудің көзі ретінде қолданылуда. Болашақта табиғаттағы түрлі отын қорының азаюына және сарқылуына байланысты күн қуаты жан-жақты және барынша толық кәдеге жаратылатын болады.

**Сұрақтар**

**Зымыран сұрақ.**

**Әр топқа 5 сұрақтан**.

1) Ғарыш дегеніміз не? Жерді қоршаған бүкіл дүние- Әлем немесе ғарыш деп аталады.
2) Ғарыш Араб тілінде қалай аталады? Кеңістік космус деген ұғымды білдіреді.
3 ) Бүкіл әлем бойынша неше планета бар? Сатурн,Нептун, Уран, Плутон, Меркурий, Жер,Марс, Шолпан,Юпитер.
4) Кунге ең жақын орналасқан планета? Меркурий
5) Ғарышкерлер мерекесі қай күн? 12 сәуір.
6) Т. Мұсабаев ғарышқа неше рет ұшты? 3 рет
7) Планета грекше не деп аталады? Адасушы жұлдыз деп аталады.
8) Галлактика неден тұрады? Күн жүйесінен тұрады.
9) Ұлы ғалым Қ. Сатбаев қай жерде жерленген? Алматы қаласында.
10) Мыс кендерінен соғыс кезінде нелер жасады? Ұшақ, танк, мылтық ,оқ.
11) Ұлы ғалым Жезқазған қаласында қандай байлық тапты? Мыс рудасы.
12) Қаныш Сатбаев кім? Қаныш Имантайұлы Сатбаев геолог-ғалым.
13) Қаныш Сатбаев қай жерде, қай жылы туылған? Қ. Сатбаев 1899 ж 12 сәуір Павлодар облысы Баян ауыл ауданында, көшпелі қазақ отбасында дүниеге келген.
14) Қаныш қанша жасында математика оқулығын жазды? 20 жасында.
15) Жердің шар тәріздес екенін алғаш кім зерттеп білген? Арестотель .

**“Ой қозғау”**

1-Топ “ Күн “тақырыбына пастер дайында.

2- Топ Күн туралы сөйлем құрату.

3- Топ Тіршілік үшін күннің қандай пайдасы бар?

Оқушыларды бағалау . Смайлк бойынша бағалау. Жеңімпаздарды анықтау.

**Үйге тапсырма** : Мәтінді түсініп оқу.

Күннің маңызы туралы әңгімелеуге дайындық (дәрігер, дихан,саяхатшы.)

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ау**

**Далабазар негізгі орта м**

**пәнінің мұғалім**



**5 сыныпқа арналған Plan of the lesson.**

**The theme of the lesson:** "My family"

**Teaching aims :** - communicative aims:

- Understanding the way words are written in English;
- Increasing awareness about the sound-letters;
- Increasing awareness about the importance of the family.

**Learning aims** : By the end of the lesson students will have :

- Become aware of the way we spell words;
- Internalized the new vocabulary;
- Personalized English through acting.

Skills : speaking, reading, listening and writing.

Aids : the handout, the blackboard, the whiteboard, sheets of paper.



**I Organized moment.**

T-Good morning, children! I am glad to see you!

-How are you? I am fine, thank you!

-Who is on duty today? Who is absent?

-What is the date today? What is the day of the week today?

-Thank you! Seat down, please! Open your exercise-books and write down the date today.

**II Checkup home task.**

-What was your home task?

**III The main part.**

-Today we'll speak about your families. Look at the picture!

There are Tom`s family. I want to tell you about his family!

Sl/1

Phoneticcharge!

*This is my father, this is my mother, this is my brother, this is my sister,*
*Father, mother, sister, brother, hand in hand with one another.*
*I love my father, I love my mother,*
*I love my sister and my big brother.*

Learn the new vocabulary :family, mother, father, brother, sister, grandmother, grandfather.

The text.***«My family»***



*My name is Tom. I am a pupil. I am 13. My family is very friendly! I have got a mother. I have got a father. I have got a brother. I have got a little sister. I have got a grandmother and a grandfather. My father name is Jack, he is 45. My mother name is Ann, she is 43. My brother name is John, he is a student. My sister name is Jane, she is 2.*

-Answer the questions: 1.What about this text?

2. Is Tom a pupil?
3. What is his mother`s name?
4. What is his father`s name?
5. Is his brother a student?
6. What about your family?

**Physical jerks**

- Are you tired? What do you think about a pause? Let'shave a rest.

Clap, clap, clap your hands together!
Clap your hands together!
We are clapping,
We are clapping,
We are clapping our hands!
Stamp, stamp, stamp your feet!
Stamp your feet together!
We are stamping, we are stamping,
We are stamping our feet!
And now go to the Zoo!
Can we climb like a monkey?
(Yes, we can!)
Can we run like a tiger?
(Yes, we can!)
Can we jump like a hare?
(Yes, we can!)
And now sit down.

Practice inmonologue speech.

• And now I want you to tell us about your families, about your relatives. You may use these cards and the photos of your families.

***<u>My Family</u>***

*My family is…(large, not large). There are …members in our family: a father, a mother (a sister, a brother, a granny …) and me. We are a close (loving, hospitable) family. We get on well with each other.*

***<u>My mother</u>***

*My mother's name is…. She is …years old. She is … (a teacher, a doctor, a housewife, a shop-assistant). My mother is … (kind, loving, sociable, hospitable …). Her hobby is …I like her very much.*

***<u>My father</u>***

*I have got a father. His name is …. He is …years old. He is … (a driver, a worker,…). My father is …. His hobby is …. I get on well with my father.*

***<u>My sister (brother)</u>***

*I have got a sister (a brother). Her (his) name is …. She (he) is …years old. She (he) is a student (a pupil). My brother (sister) is … (naughty, obedient, responsible, sociable, friendly, serious). We get on well with my sister (brother).*

**IV Summing-up**

• Our time is over. Thank you for your work.

**V Giving marks. Home work.**

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**Т.Рысқұлов атындағы №17 жалпы орта мектебі.**
**Шаймкулова Салима Абдималиковна Бастауыш сынып мұғалімі**



**Пән аты : Ана тілі**

**Сабақтың тақырыбы:** Абай шаңырағы

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** Әңгімені оқыту арқылы, сұрақ- жауап әдісін пайдалану арқылы әңгімені алдағы кейіпкерлердің мән –мағынасын ашу. Жақсы қасиеттерін оқушы бойына сіңіру

**Дамытушылық:** Мәнерлеп оқу арқылы оқу мәнерін талдау, сұрақ-жауап,т.б.әдістерін пайдалану арқылы ой-өрісін, логикалық ойын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту.

**Тәрбиелік:** Үлкенге құрметпен кішіге ізетпен қарауға. Еңбек сүйгіштікке өз Отанын қорғауға, табиғатты аялауға. Ұлы Абайға,әңгімедегі кейіпкеріне еліктеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі:** Буклет,Абайдың суреті, сөз-жұмбақ,ойлан тап, бейне сөз Кластер, шаңырақ бейнесі, плакаттар алтын сандық.

Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру кезеңі. Өткен сабақты қайталау

а) Оқушыларды түгелдеу. ә) Сабаққа дайындығын тексеру.

ІІ. Үй тапсырмасын қайталау

1.әңгімеде кімдер туралы сөз болады.
2. Абай Әбіштің алымдылығын қалай сынамақ болады?
3. Әбіштің жауабы не болады?
4. Абай Әбішке қандай ой айтты?
5. Әбіш қандай түйін қорытынды жасады?
6. Абай Әбіш сөзін қалай бағалады?

ІІІ . Жаңа сабақ

а) Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Абай шаңырағы
- Сендерге Абай есімі таныс па? Балалар.
- Әрине
-Олай болса мына сөзжұмбақты шешу арқылы біраз мәлімет жинайық Абай атамыз туралы.

**Сөзжұмбақты шешу**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| А | Қ | Ы | Н | | |
| Ә | Б | І | Ш | | |
| Ж | А | З | | | |
| А | Й | Г | Е | Р | І |

1. Абай кім? (ақын , аудармашы ойшыл, ғұлама, ағартушы)
а) Абайдың неше жылдығы тойлануда?
ә) Абай қай жылы дүниеге келді?
2.Абайдың (баласы кім?) зерек ақылды баласының аты кім?
3. Абайдың қандай өлеңдерін білесіңдер?
4. Абайдың сүйікті жары кім?
а) Абайға жас күнінде тәлім –тәрбие бергендер кімдер еді?
ә) Үш топқа үш бөлімін оқуды тапсыру
б) Жаңа сабақтың мазмұнын оқушылардан сұрау

Абай шаңырағын өзгерпей ұстау міндетін Күнжан алды . Қыс бой ы шеберлерге киіз үйді жаңартуды тапсырды. Күнжан отырған үйге Әуез ,Кәкітай, Зекендер келді. Олар Күнжанға өз алғыстарын айтты. Шаңырақты көргенде Әуездің көз алдына Абай елестеді.

**Топтастыру стратегиясы**

в ) Күнжан анамыздың қайырымдылық қасиетін байқадық .Осы Күнжан анамыздың бойындағы асыл қасиеттерін кластер әдісі арқылы топтастырып алайық. г ) Бейне сөзді шештіру

**Шебердің қолы ортақ**
Мағынаны ашу
2) Бүгінгі шаңырағымыздың ішінде алтын сандық бар екен. Алтын сандықтың құпиясын ашайық . Ол құптяны ашу үшін мына сұрақтарға жауап бер
Шшшшшш*өрнектеп тоқылған ши.
Ызу – тігістің түрі
Алаша –қо жүнінн тоқылған төсеніш. Сүйек төсек –сүйекпен өрнектеп жасаған төсек.
ғ) Абай шаңырағы еді.Абай атамыз туралы білдік. Енді шаңырақ туралы да мәлімет алайық.
Жоғарыда орналасқан киіз үйдің қандай бөлшегі?
Шаңырақтың ішінде қандай жиһаздар орналасқан .(Сандық, киіз, түс киіз,кілем)
**Мың бір мақал , жүзбір жұмбақ ойыны**
д) Тұз астың дәмін келтіреді
Мақал сөздің дәмін келтіреді демекші мына мақал -мәтелдердің табайық Дәптерімізге жазып алайық.
1. Жақсылық еткен.....(алғыс алады)
2. ...... (Қол өнері кілемде)
Сөз өнері –өлеңде
3. Еңбек..... (ептілікті сүйеді)
4. Жақысылық қылсаң жасыр
....... (жақсылық көрсең асыр)
Осы мақал-мәтелден үлгі өнеге алайық
**IV . Сабақты қорыту.** Балалар біздің Қазақстанымыз дамушы лдер қатарына қосылады. Барлығымызда теледидардан миллион кіиге бұйырады ойынын көрміз.Ойында қатысушыға достары телефон арқылы көмек береді.Сабағымызды қорытындылау үшін ,пысықтау үшін осы ойын элементін пайдаланайық. Сендер көрерменсіңдер мен экран арқылы сұрақ беремін. Сұраққа жауаптарың дайын болса телефон шалып , жауап беріп көмектесіңдер.
1.Күнжан өзіне қандай міндет алды.
2. Ол киіз үйдің сыртқы жабдығын қалай реттетті? Ішкі жабдығын ше?
3. Оның еңбегіне Кәрім мен Кәкітай қандай баға берді ?
4.Киіз үй Әуез ақсақалға кімді елестетті. Ол қандай күйде болды?
Аяғы жер тіреп
Таяғы көк теріп тұр. (КИІЗ ҮЙ)
Қабырғасы тор көз
Төтесінде зор көз (Кереге , шаңырақ)
Келсең жолды ашады
Кетсең жолды жабады. ( Есік)

* * * * * *



**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**« №17 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі» КММ**
**бастауыш сынып мұғалімі Кулмурзаева Айнұр**

**Тақырыбы: М. Ғабдуллин «Батыр Бауыржан».**
**Мақсаты:** Қазақ халқының батыры Бауыржан Момышұлы туралы мағлұмат беру. Мәтінді оқу арқылы оқушыны көркем шығарманың мазмұнын түсінуге жетелеу.
**Міндеттері:**
1.Түсініп оқу, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.
2.Талдау қабілеттерін дамыту.
3. Отанын қорғауға жас ұрпақтар өсиетіне адал болуға, Бауыржан Момышұлының өсиет сөздері мен батасын біліп өсуге тәрбиелеу.
**Сабақ түрі:** жаңа сабақ
**Көрнекіліктер:** слайд,суреттер
**Әдіс-тәсілдер**: жұптық , талдау, сипаттау;
**Сабақ барысы** : **1.Ұйымдастыру кезеңі:**
Сабаққа дайындықтарын тексеру.
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз,
Сәлем бердік сіздерге
Құрметпенен біз.
Жоғары қарап күн көрдім
Төмен қарап жер көрдім,
Оңға ,солға бұрылып,
Егеменді ел көрдім.
**II Үй тапсырмасын тексеру:**
- ***Мәтінде ел басынан өткен қандай кезең суреттелген, оны неден аңғардың***
- ***Ақталау дегеніміз не?***
- ***Елгезек дегеніміз не?***
- ***Шамалы жар дегеніміз не?***
- ***Біртуар дегеніміз не?***

**Ойлан тап (суреттерді құрастыру)**

**III Жаңа сабақ** Мәлік Ғабдулин туралы қысқаша мәлімет.
Бауыржан Момышұлы батырдың өмірі. Оның жастық шағы, соғыста жүрген сәттері, қаттық өмірін сипаттау.

- Ой қозғау

Отан—халықтың өткені, бүгінгі келешегі. Отансыз бақыт жоқ, бұл тамыр жайған жеріміз.Отан басына қиын жағдай туғанда жанын пида қылған адамдар да аз емес.
«Сен біліесің бе?» (көрсетілім)
—Қаһарман батырымыз сұрапыл соғыста не үшін соғысқан?
Балалардың, бүлдіршін балдырғандардың бақытты болашағы үшін.
—Ол қандай адам болған?
Ол әскери адам болған.
—Балаларына немере —шөберелеріне қандай тілек айтқан?
Сабақтың ұраны: Отанды сүйер Ұлан болыңдар!
Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен батыр, аты аңызға ,сөзі нақылға айналған қаһарман тұлға – Бауыржан Момышұлының өмірінен мағұлмат аламыз.
Фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда соғыс жарияламастан, тұтқиылдан КСРО-ға шабуыл жасады. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы басталды.
Тарихта Ұлы Отан соғысындай қасіретті соғыс болған емес. Соғыста 27 миллионнан астам кеңес адамы қаза тапты. Соның ішінде 410 мыңы қазақстандықтар болатын. Бұл жеңісте қазақстандықтардың үлесі зор болды.
04.12.1910, қазіргі Жамбыл обл., Жуалы ауд., Көлбастау аулы,—10.6.1982, Алматы) - қазақ совет жазушысы. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Панфиловшы, даңқты жауынгер, гвардия полковнигі. Шымкенттегі жетіжылдық интернатты бітірген (1928 ж.) соң, бастауыш мектеп мұғалімі, ауаткомның хатшысы, милиция бастығы болды. 1932 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылды. Қызметін өтеп қайтқаннан кейін, Шымкент, Алматы өнеркәсіп банкілерінде жұмыс істеді. 1936 ж. Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты бітірген соң Қызыл Армия қатарына қайта алынып, взвод, рота, командирі, полк штабы бастығының көмекшісі.
1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады
Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Шығармалары: «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья» ,«Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы,«Генерал Панфилов»,«Ұшқан ұя», «Адам қайраты» т.б.
Бауыржанныңұрыс жүргізудегі шеберлігі, жеке басының ерлігі Ұлы Отан соғысы кезінде аңызға айналады.
«Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Ел басына күн туса» көркем фильмі-батыр рухына қойылған ескерткіш.
Режиссер Ақан Сатаев Бауыржан Момышұлы туралы фильм түсіре бастады. Көпсериялы фильмде 1941 жылы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы өзінің ұстазы генерал Панфиловпен танысады. Генерал оған тұтастай батальон тапсырып, майданға аттандырады. 30 жастағы Бауыржан Момышұлын Әуезов атындағы академиялық драма театрдың актеры 27 жастағы Еркебұлан Дайыров сомдайды.
Кеңес Одағының Батыры ,Ленин ордені және «Золотая Звезда» медалінің иесі Мәлік Ғабдулин жазған деректі әңгіме «Батыр Бауыржан» деп аталады .
**Оқулық бойынша жұмыс**: «Батыр Бауыржан»

- үлгі оқу (мұғалімнің оқуы)
- тізбек бойынша оқу

**Сөздік жұмыс:**
деректі әңгіме - нақты болған оқиға
фашизм - дүние жүзіне үстемдік орнату көксейтін басқыншы топ.
біртуар - сирек туатын,ерекше адам
шейт - қаза болу ,өлу

- мәтінде кім туралы айтылған?
- 1941жылы қандай оқиға болды?
- Полк командирлері не үшін жиналды?
- Бауыржан жігіттерге не айтты?

**Сергіту сәті**
**Сөз жұмбақ.**

a. Б.Момышұлы атамыз қай ауылда дүниге келген, (көлбастау)
b. Б. Момышұлы атамыздың мансабы қандай (жазшы)
c. Б. Момышұлы атамыз 1928 -1930 жылдары қандай мектепке қызмет атқарды. ( бастауыш)
d. Б. Момышұлы атамыз қазақ халқының кімі болды (қаһарман)
e. Б. Момышұлы екінші дүниежүзілік соғыстың қандай жауінгері болған (әскери )
f. 1942 ж қандай ордермен марапатталды (қызыл жұлдыз)
g. Б. Момышұлы жеті жылдық бітіргеннен кейін кім болып жұмыс жасады (мұғалім)
h. Б. Момышұлы 1974 жылы қандай шығармасы жарық көрді (ұшқан ұя)

**Кім жылдам** (Қанатты сөздерді құрастыру)

- Ердің туы – намыс
- Сен жаудан қашсан, өмір сенен қашады.
- Ердің Еділ тобығынан келмейді.
- Ерлік – ердің қасиеті, жүгектілік жігіттің қасиетті.
- Қырағының өзі де, көзі де батыр.
- Ерлік елеусіз қалмас

- Ерді ел үшін, жігітті жұрт үшін мақта.
- Әдісіздік - әлсіздік
- Ептілік те - ерлік
- Қорқақ қаққа шөгіп өледі.

**IY Жаңа білімді бекіту:**
- Мәтінді мәнерлеп тұтас оқу
- Мәтіндегі тірек сөздерді ата.
- Мәтіндегі мақалдарды оқы,мағынысын түсіндір.

Дәптермен жұмыс: Мақалдарды теріп жаз:
«Төртеуі түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер»
«Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді»
«Ел намысы-ер намысы»
«Қазақ баласы- ар мен намыс иесі»
**YI Үйге тапсырма**: Батыр Бауыржан әңгімесін оқып түсінік айту
**YII Бағалау**

* * * * * *

**Атырау облысы №28 орта мектебінің**
**Бастауыш сынып мұғалімі:Саналиева Жұмажан Битулиевна**

| **Пәннің аты Әдебиеттік оқу** | **Уақыты:** | **Кабинет:3** | **Мұғалім: Саналиева Жумажан Битөлеқызы** |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың атауы** | **А.Байтұрсынов Аққу,шортан һәм шаян** | | |
| **Мақсаты**<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Сабақтың жабыдығы**<br>**Түрі** | Қазақ халқының ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы шығармасының мазмұнымен таныстыра отырып, Мысал жанры туралы түсінік беру; оқушының ауызша сөйлеуін, мәнерлеп, түсініп оқуын, өз ойын жүйелі айта білуін, шығарманы талдай алу, шығармашылықпен жұмыс істей білу қабілетін дамыту; Ахмет Байтұрсынұлының тұлғасын үлгі ете отырып, мысалдың мазмұнын айқындай келе, ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелеу.<br>Сабақтың түрі: жаңа сабақ.<br>Сабақтың типі: жаңа білім игеру.<br>Көрнекілігі: 1. А. Байтұрсынұлы мен И. А. Крылов портреті<br>2. Мысал бойынша салынған сурет.<br>Әдісі: аквариум әдісі(топтық жұмыс), түсіндіру әдісі, іздендіру, өздігінен білім алу әдісі. | | |
| **Психологиялық ахуал** | Өнер де, ой да, білім де,<br>Өркендер ана тілінде.<br>Ананың тілін сүйгендер,<br>Саналы білім үйренер.<br>Оқушылар хормен:<br>Алу үшін сапа, білім,<br>Ардақтаймыз ана тілін! | | Оқушылар шеңберде жиналып, мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. |
| **Қызығушылықты ояту**<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>**Ой толғаныс**<br><br>**Үйге тапсырма**<br><br>**Бағалау** | II. Үй тапсырмасын сұрау.<br>« Қауын мен Қарбыз»<br>• мазмұнын айту,<br>• жұмбақ жазу,<br>• сурет салу Венн жүйесі бойынша қорытындылау.<br>III. Жаңа сабақ<br>.- Балалар, бүгінгі сабағымызда біз аққу, шортан, шаян жайлы мағлұмат алатын боламыз. Ол үшін олар жайлы шығарма жазған А. Байтұрсынұлының өмірбаянымен және «Аққу, шортан, һәм шаян» атты мысалмен танысамыз.<br>IV. Балалар топқа бөлінеді. Топқа бөлу шарты: Төрт бұрыш қағазға салынған Аққудың, Шортанның, Шаянның суреттері таратылады. Сол сурет бойынша аққулар бір топқа, шортандар бір топқа, шаяндар бір топқа бірігеді.<br>Оқушыларға алдын ала әр түрлі үй тапсырмалары берілген, олар әрқайсысы өз сұрақтары жөнінде ізденіп, оны тірек - сызбалары арқылы салып, соған жазып түсіндіруі керек.<br>1 - топ. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі.<br>2 - топ. Ахмет Байтұрсынұлының мысалдары.<br>3 - топ. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері.<br>Топ оқушылары бір - бірден шығып үй тапсырмаларын қорғап, Ахмет Байтұрсынұлы жайында мағлұмат береді.(кластер арқылы)<br>1873 жылы қазіргі ғалым, ақын «Тіл құралы», Торғай өңірінде «Қырық мысал» дүниеге келген.<br>1938 жылғы қаралы Тұңғыш әліппені кезеңнің құрбаны болған. Аудармашы жазған.<br>А. Байтұрсынұлы орыс халқының атақты мысалшысы И. А. Крыловтың мысалдарын аударған. Сол аударған мысалдарын «Қырық мысал» деген атпен кітап етіп шығарады. Соның бірі - бүгінгі «Аққу, Шортан һәм Шаян» мысалы.<br>Мысал деп адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, әділдік, қайырымдылық | | |

| | | |
|---|---|---|
| | сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап жазатын шығарманы атайды. Мұндай шығармада өсімдіктер, жануарлар және құстар кейіпкер етіп алынады.<br>V. «Ой қозғау» Әр топ өз тапсырмасын тақтаға шығып қорғайды. (постер)<br>1 - топ: Аққу қандай құс?<br>- Аққу – сұлу, нәзік, өте сезімтал, сақ құс. Ол көлде сырғып жүзеді. Аққу қамыстың ішіне ұя салады. Оның өзгеше сұңқылдаған дауысы бар. Аққулар табиғаттың аса ғажап, қазір сирек кездесетін туындысы. Біздің елімізде оларды аулауға тиым салынған.<br>2 - топ: Шортан қандай балық?<br>- Шортан - ірі жыртқыш балық. Қазақстанның барлық табиғи су айдындарында кездеседі. Дене пішіні жебе тәрізді, басы жалпақ, түсі тіршілік ететін ортасына байланысты құбылып отырады. Қорегін шөп арасында жасырынып тұрып, атылып барып ұстайды. Дәмі, еті үшін көп ауланады.<br>3 - топ: Шаян жайлы не білесіңдер?<br>- Шаян - қысқа құйрықты, басы кішкентай, мұрттары қысқа. 4000 - нан астам түрлері бар. Олар теңіз, тұщы су қоймаларында және құрғақта өмір сүреді. Олар өлексе және омыртқасыздармен қоректенеді.<br>VI. Оқулықпен жұмыс.<br>1. Өлеңді мәнерлеп оқу. 2. Оқушыларға оқыту<br>3. «Аққу, шортан, шаян суреттері салынған сюжет бойынша әңгімелеу.<br>Сұрақтар:<br>1 - топқа: Бұл мысалда кейіпкерлер не істемекші болды?<br>2 - топқа: Олар жүкті неге орнынан қозғалта алмады?<br>3 - топқа: Мысал бізді неге шақырады?<br>VII. Сөздік жұмысы. Ғибрат - үлгі, тәрбие, өнеге.<br>Һәм – және Дүркін - дүркін - қайта – қайта Машақат – әурешілік<br>VII. Сергіту жаттығуы<br>Ал, балалар, тұрайық,<br>Қане қанат жазайық.<br>Аққу болып ұшайық,<br>Көлде жүзген балықтай,<br>Жүзіп, жүзіп алайық.<br>Шаянға ұқсап, былпылдап,<br>Қане, айналып, қарайық.<br>VIII. Шығармашылық жұмыс.<br>I топ. «Аққулар»<br>- А. Байтұрсынұлының түйінді ойы қай жерде жазылған?<br>- Бұл мысал бізді неге шақырады?<br>(Мысалдың тәрбиелік мәні балаларды бірлікке, ынтымаққа шақыру)<br>II топ. «Шаяндар»<br>«Бірлік, ынтымақ» туралы білетін мақалдар жазу.<br>III топ. «Шортандар»<br>Осы мысалды сахналық қойылым ретінде дайындайды<br>Бұл тапсырмада балалар алдын ала мысалды диалогке айналдырады.<br>Мысалы, автор «Бір күні Аққу, Шаян, Шортан үшеуі кездесіп қалады. Олар үстіне жүк тиелген арба тауып алып, қатты қуанышқа кенеледі.<br>Аққу айтады: - Достар, келіңдер мына арбаны әуеге тартып шығарайық,<br>Шортан айтады:<br>- Мұны көлге апарайық,- дейді.<br>Шаян айтады:<br>- Жоқ онан да мұны құмға апарайық.<br>Автор:<br>- Сөйтіп үшеуі үш жаққа тартып, арбаны орнынан қозғалта алмайды<br>Осылайша балалардың әрқайсысы өз ойларын айтып, мысалды әр үрлі импровизация жасайды.<br>IX. Қорытынды:<br>- Әр топ өзінің атауына байланысты 5 жолды өлең құрайды. «Аққу», «Шортан», «Шаян».<br>- Не үйрендік? Не білдік?<br>X. Үйге тапсырма:<br>Мысалды мәнерлеп оқып, түсініп келу.<br>Кейіпкерлердіңсуреттерінсалып, әрқайсысынамінездемежазу. | |
| **Кері байланыс** | | Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады |

* * * * * *

**Атырау облысы №28 орта мектебінің**
**Бастауыш сынып мұғалімі**
**Зулхарнаева Гаухар Ғазезқызы**



| | | |
|---|---|---|
| **Математика** | Уақыты:08.02.16. | Кабинет: |
| **Сабақтың атауы** | **Қайталау** | |
| **Сілтеме** | Математика оқулығының әдістемесі, мұғалімге арналған нұсқаулық | |
| **Сабақтың жабдығы** | Сызба, деңгейлік тапсырма, карточкалар | |
| **Жалпы мақсаттар**<br>**Оқыту нәтижесі** | Білімділік: Оқушылардың білімдерін тереңдету, қайталау, пысықтау, тиянақтау.<br>Дамытушылық: Ой - өрісін, сана - сезімі мен тілін дамыту. Есте сақтау қабілетін қалыптастыру.<br>Тәрбиелік: Әр істі саналы түрде орындауға, ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Сабақтың түрі: аралас.<br>Сабақтың әдіс - тәсілі: Іздену, сұрақ - жауап. | |
| **Топқа бөлу** | Пазл құрастыру арқылы топтарға бөлу | |
| **Мұғалімнің іс-әрекеті** | | **Оқушының іс-әрекеті** |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | Балалар бір-біріне «сиқырлы таяқшаны» бере отырып, өздерінің игілікті тілектерін айтады:<br>Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Және т.б. | Осы айтқандарыңды орындауға бар күш - жігерлеріңді саласыңдар деген ойдамын, бәріңе сәттілік пен бестік баға тілеймін! |
| **Үй тапсырмасын сұрау**<br>**Қызығушылықты ояту** | Математикалық тест. Өзіңді-өзің тексер<br>Тақтадан 5тапсырма шамалардын мәнін тексереді<br>• Сиқыршы сандық<br>• Сұрақтарға жауап<br>• Тіктөртбұрыштың периметрін тап<br>• Ұзындық өлшембірліктерді ата<br>• Тіктөртбұрыштың ауданын тап<br>• Салмақ өлшембірліктерін ата<br>• Текшенің көлемін тап<br>• Уақыт өлшембірліктерін ата | |
| **Мағынаны тану** | Оқулықпен жұмыс.<br>1-топ №1,<br>2-топ №1ә<br>3-топ есеп құру | |
| **Сергіту сәті** | Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік.<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді боп жүрейік. | Оқушылар сергіп алады |
| **Ой толғаныс** | Түймедақ гүлі арқылы<br>Өрнектердің мәнін табу<br>2 тапсырманы орындау<br>Семантикалық картамен жұмыс<br>Өмірде қолданатын заттардың периметрін табу<br>Мыс планчет телеф сағат<br>Сергіту сәті балалар билейді<br>Өз саныңды таңда Ұнаған санын таңдау теңдеу шешеу<br>Логикалық тапсырма Әр топ оздерінің саны нені білдіреді айтады<br>5 , 7, 9.<br>Топқа тапсырма<br>5- Көбейткіші 5-ке тең өрнек жазыңдар<br>7- Бөлінгіші 7-ге тең өрнек жазыңдар<br>9- Мәні 9-ға тең өрнек жазу<br>Қатесін тап ойыны Бөлшектерді өсу ретімен орналастыр<br>БІРЛІК сөзі шығады | |
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықта қалған тапсырмаларды орындау | Күнделіктеріне жазады<br>5,6 тапсырма |
| **Бағалау** | Оқушылар алдымен бір бірін бағалайды. Содан соң мұғалім барлық оқушыларды бағалайды. Смайликтерді жабыстырады. | |

* * * * * *

**Шығыс Қазақстан Облысы, Көкпекті ауданы, Тассай ауылды мекені.**
**«М.Әуезов атындағы орта мектебі» КММ**
**Азимбаева Балжан Нурболатовна. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.**

**Семинар, ашық сабақтың тақырыбы "The USA" , АҚШ.**

**Plan of the English Lesson. 7th form. (Seminar open lesson)**
**Theme of the lesson: "The United States of America".**
Objectives: Enlarging general student's scope about culture and political, geographical position of The USA.
Communicative skills development in the game. Learning new words.
Developing their listening, speaking, reading and writing skills.
Spreading student's knowledge in History, Geography and County Study.
Visual aids: The active board, political map of the world, slides, photos, pictures, cards.
The type of the lesson: Mixed-lesson.

- Organization moment:

Greeting. Report of duties. Making absents.
T: Dear students, today we have got many guests.
They are from Kokpekty region.
We say them welcome to our lesson.
I wish you good luck.
II. Phonetic drill:
*I want to live and not to die!*
*I want to laugh and not to cry!*
*I want to feel the summer sun,*
*I want to sing when life is fun.*
III. Checking up the home task: What was your home task?
Look at the active board. What can you say about these famous symbols?
The bald eagle. The eagle represents freedom.
The statue of liberty is a woman who holds a torch up high. She symbolizes a welcome to a land.
The statue of liberty is a woman who holds a torch up high. She symbolizes a welcome to a land.
The American flag *"THE STARS AND STRIPES"* (50 stars 13 stripes).
IV. Presentation of the new theme: Slide show about "THE USA"
I' will divide you into two groups.
At first gave names for each group, please!
The first task: You should draw the picture of your thoughts, opinions about the USA.
The second task: You should do the presentation according these pictures.
The first group / The second group.
V. Game. "Guess these numbers".
265,50,13,9000000,45,22,2017,1,2050. What these numbers means?
Open the cards on the desks and answer the questions.

Test. What do you know about the USA?

- The national symbol of America?
- A gift from what country was the Statue of Liberty?
- The oldest university in the USA?
- What do the fifty stars represent on the American flag?
- What place is the center of the American film industry?
- American's National sport.
- The largest American sport.
- What does American bald eagle symbolize?
- Where is Hawaii?
- What is the official language of the USA?

VI. Conclusion part of the lesson: Complete the chart below. (sinc vain).
VII. Home work. To prepare a report about main cites and tows of the USA.
VIII. Giving marks.

**The lesson is over, good bye!**





* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**« №17 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік**
**мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі Қожымбетова Ажар**

**Сабақтың тақырыбы: Дауыссыз к мен г**
Сабақтың мақсаты:
1. Дауыссыз к мен г - нің жазылу емлесімен таныстыру, дауысты дыбыс қосылғанда қандай өзгеріске ұшырайтынын түсіндіре отырып, сауаттылыққа жетелеу, мысалдар арқылы дәлелдей білуге үйрету;
2. Ой шапшаңдығын дамыту, берілген сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, сөздік қорын молайту;
3. Ұлттық тәлім - тәрбиенің асыл нәрін сіңіру, бауырмалдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: дәстүрлі сабақ
Сабақтың типі: жаңа материалды игеру
Сабақтың әдіс - тәсілдері: оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлау техникасы, ой қозғау стратегиясы, тірек сөздер арқылы болжам жасау.
Сабақтың көрнекілігі: суреттер, үлестірмелер, слайд
**Сабақтың барысы: Психологиялық ахуал .**
Оқушыларды шеңберге шақыру. «Менің тілегім» Топқа жеміс суреттері арқылы бөлінеді.
**Үй тапсырмасын тексеру.** «Ыстық орындық» әдісі бойынша 105 -жаттығуды тексеріп,ережені жатқа сұрау.
**Жаңа сабақ:**
**Ой шақыру** : «Кезбе тілші» әдісі бойынша жүргізіледі.
1. К мен г дыбысы қандай дауыссыздарға жатады?
2. К –дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?
3. Г -дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?
Мағынаны тану
108 –жаттығудағы сөздерді әр топқа бөліп беріп, **«Еркін талқылау» әдісі** бойынша топта талдап, ауызша орындау
1.Сөздердегі к,ғ дыбыстарының қалай айтылатынын талқылау.
2.Қандай буында жазылатынын байқау.
3.Қатаң,ұяң дыбыстарды анықтау.
Үкі,түлкі,кеме,жүрек,көрік. Шеңгел,үзеңгі,сүргі,гүлзар,гауһар.

109-жаттығуды жеке жұмыспен орындау. Жұмбақты жатқа жазып, шешуін табу.
Өрнектеп,сәндеп,
Тігістерін бүгетін.
Солпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін. (Тігінші)
Сергіту сәті. «Балапандар» биін орындау
Сабақты бекіту
110-жаттығуды жеке жұмыспен орындау. Сөздерді і дыбысын қосып өзгертіп жазу.
Өрік-өрігі,белдік-белдігі,күрек-күрегі,серік-серігі,көк-көгі.
**«Пилот- навигатор» әдісі** бойынша жұптық жұмыспен 111-жаттығуды орындау.
Әр жұп өздеріне берілген сөйлемдерді қатыстырып сөйлем құрайды.
Мен **жидек** жедім. **Терек** ағаштың бір түрі. Атам домбыраға **тиек** жасады.
Үйдің терезесінің **әйнегі** сынып қалды. **Жүрек** адамның дене мүшесінің бірі.
**«Уақыт шеңбері» әдісі** бойынша топтық жұмыс: 113 жаттығу.
Еңбек түбі-береке» мақалына әңгіме құрау.
Бармақпен бағалау.

**Ойын. «Қай әріпті жоғалттым?»**

Шәйне....... еті...... өрі....... бөлтірі...... күре....... белді..

**Шығармашылық тапсырма**: әр топқа беріледі:
1топқа Қызық,қырық,қазақ,қалақ.кесек.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| қ | | | | қ |
| қ | | | | қ |
| қ | | | | қ |
| қ | | | | қ |
| к | | | | к |

2топқа найзағай,терезе,балапан.
Берілген буындардан сөз құрап жазу.

| | | |
|---|---|---|
| Най | зе | ре |
| ба | те | ғай |
| пан | ла | за |

**Кері байланыс: «Конверт- сұрақ»**
**Кейінгі тапсырма: 112 – жаттығу Кейінгі оқу. ереже жаттау.**

**Сабақтағы сәтті тұстарым:**
**Сәтсіз тұстарым:**
**Не өзгерткім келеді?**

* * * * * *

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Екпетал мектеп-балабақшасының кітапханашысы Китанова Акерке Кенжановна**

**Тақырыбы:** «Кітап –өмірлік азық».
**Мақсаты**: 1. Оқушылардың кітаптың шығу тарихымен таныстыру
2.Оқушылардың сахынада өзін-өзі ұстауын және өз ойын айтуға үйрету.
3. Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу.
**Әдісі:** ой-қозғау, сұрақ-жауап әдісі **Түрі:** аралас сабақ
**Көрнекілігі:** кітап туралы қанатты сөздер, мақал – мәтелдер, сөзжұмбақ,слайд.
**Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру:**
1. Сәлеметсіздерме оқушылар. Бүгінгі біздің тәрбие сағатымыздың тақырыбын білу үшін мен сендерге жұмбақ жасырамын.
Қабат, қабат, қаптама,
Ақылын болса аттама. (Кітап)
Дұрыс айтасыңдар, бұл жұмбақтың жауабы «кітап», ендеше біздің тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Кітап - өмірлік азық».
**ІІ. Кіріспе сөз.** Кітаптың шығу тарихы
105- жылы, яғни біздің заманымыздың ІІ ғасырында қарапайым Қытай шебері Цой Лунь қағазды ойлап тапты. Ескі шүберектен жасалған Самарқанның сарғыш қағазы әлемге әйгілі болды. ХІІІ ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа қарай тартады.Баспа кітап өнерінің тууы-кітаптың дамуына кең жол ашты. Алғашқы ағаш баспа қалыбы ХІ ғасырда пайда болды.1045 жылы Чин өнерпазы Би-Шен құймалы әріптерді жасап шығарды.
Қазақ жерінде кітаптың шығуы Қазақстанның Россияға қосылуымен байланысты. Бұған дейін қазақ халқының кітаптары көбінесе араб әрпімен жазылып, қолжазба түрінде тарады.1800 жылы патша үкіметі Россия халықтарының тілдерінде кітап шығаруға рұхсат етті. Осыған орай Қазақстанның: Қазан, Уфа, Орынбор, Ташекент, Семей, Омбы қалаларында кітаптар шыға бастады.
**ІІІ. Сөзжұмбақ шешу.**
1. 1800 жылы патша үкіметі Россия халықтарының тілдерінде кітап шығаруға рұхсат етті. Осыған орай Қазақстанның қай қаласында кітаптар шыға бастады? (Ташкент)
2. Қытай шебері Цой Лунь қағазды біздің заманымыздың нешінші ғасырында ойлап тапты? (Екінші)
3. Қай елдің шебері қағазды ойлап шығарды? (Қытай)
4. Ескі шүберектен жасалған Самарқанның қандай түсті қағазы әлемге әйгілі болды? (Сарғыш) 5. 1800 жылы патша үкіметі Россия халықтарының тілдерінде не шығаруға рұхсат етті? (Кітап)
**IV.Сахналық қойылым. «Ауырған кітаптар».**
**1-ші оқушы**. Дәрігерге жөтеліп қазақ тілі кітабы кіреді. Ол жөтелуінің себебін сұрайды. Дәрігер кітапті тексергеннен кейін былай жауап береді.
- Кітап атаулы тым нәзік. Сен салқын терезенің алдында ұзақ жатып қалыпсың. Беттерің бүлінген. Ендігі жерде құрғақ жерде жүруге тырыс.
**2-ші оқушы**. Дәрігерге бетіне дақ түскен математика кітабы келеді.
- Бетіне түскен даққа жұқалап сабын жағып, дымқыл шүберекпен сүртсек, сенің бетін өз қалпына келеді.
**3-ші оқушы**. Дәрігерге түшкіріп ана тілі кітабы кіреді.
- Кітапті аздырып тоздыратындардың бірі шаң-тозаң. Шаң-тозаң қолға жұмсақ болғанымен, өте зиянды. Сен шаңды көп жұтыпсың. Сондықтан сенің бетінді құрғақ шүберекпен сүртіп отырамыз.
**4-ші оқушы**. Дәрігерге бір беті жұлынып қалған музыка кітабы келеді.
- Сенің бетіңді жабыстыру үшін: қағаз, желім, скоч және қайшыны пайдаланамыз. Сөйтіп сенің де бетінді қалпына келтіреміз. Соңында кітаптар дәрігерге алғысын айтады.
**V. Кітап ұстау ережелері:**
1. Кітап - адам өмірінің таусылмас қазынасы, дүниенің айнасы, ғылым-білімнің көзі, өнер мен тәрбие құралының ең мықты қаруы болатын ақылшы екенін түсінуі керек.
2. Кітап оқыған кезде бөлменің ауасын тазартып жарықтың жеткілікті болуын қадағалау керек.
3. Кітап жатқан үстел беті мен жарықтың ара қашықтығы 1 метрден кем болмауы керек.
4. Кітапты күнделікті үзбей оқып, дағдыға айналдыру керек. Ол үшін күнде кітап оқуға 3-4 сағат бөлуді жоспарлау керек.
5. Кітап пен көздің ара қашықтығы 35-40 см және әрбір 45-50 минуттан
соң оқудан үзіліс жасап отыру керек.
6. Кітапты қалай-болса солай оқымай, оларды белгілі мақсатпен жоспар бойынша оқуға дағдылану керек.
7. Кітапты төсекте жатып, ас ішіп отырып оқымай, үстелдің үстінде оқу керек.
8. Кітапты оқығанда ойға сақтауға, керектерін жатқа айта білуге, керекті сөздерді жазып алып, өмірде пайдалануға әдеттену керек.
9.Кітаптағы түсініксіз жерлерді қайта-қайта бірнеше рет ойланып, талдау жасап оқып, оның қиындығын жеңу керек.
10. Кітаппен қоса Республикалық балаларға арналған басылымдарға: “Ұлан” газеті, “Балдырған”, “Бала би” т.б. журналдарына жазылу керек.
11. Кітапты үнемі тыстап, ұқыпты, кірлетпей ұстауымыз керек.
**VI.Кітап туралы тақпақтар.**
**1-оқушы.**
Адамның досы кітап, өмір кілті,
Тең келмесе оған жиған дүние – мүлік
Ақылшы, жанға серік жол бастаушы,
Асыл ой, қазынасы, өмір көркі.
**2-оқушы.**
Түлекті тәрбиелер кітап - мектеп,
Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.
Молайтып ақылыңды сан еселеп,

Береді білім нәрін кітап көптеп.
**3-оқушы.**
Кітаптар бейне жапырақ
Жырлайтын сырын өмірдің.
Оқисын кейде жаттап
Көтеріп күйін көңілдің.
**4-оқушы.**
Айдын шалқар кейде бір
Кітапты тұнған көл дерсің.
Ауадай қажет бейне бір
Таппасаң нәрін шөлдерсің.
**5-оқушы.**
Кітапты оқымайды сыйламаған,
Білімге жанын жанып қинамаған.
Өсірген кімнің болсың ой-өрісін
Сол кітап бек ақылшы еүнде маған.
**VII. Қорытынды**. Балалар, кітапты жыртпай, бүлдірмей, таза ұстау – бәріміздің міндетіміз, сол себепті кітаптарымызға ұқыпты қарап, кірлетпеуіміз керек.

* * * * * *

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДА ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

**Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Екпетал мектеп-балабақшасының бастауыш сынып мұғалімі Ермаганбетова Жазира Болатовна**

Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны ендіру міндеттерін шешуді талап етеді.Мұның өзі оқушының пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыруда маңызы зор екендігін айғақтайды.

Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі.Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді,өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.Бала ойынында да қоғамдық,ұжымдық сипат болады.Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп,А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала ойында қалай болса,өскен соң жұмыста да көп жағынан ұқсас болады.Сондықтан келешек қайраткер азаматты тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады.Ойынның негізгі ерекшелігі-ол балалардың қоршаған ортаны-адамдардың қимылын,іс-әрекеттерін,олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуі»болып табылады.

Ойын-бұл адамның мінез-құлқын өзі басқару мен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттің бір түрі.Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

ойын-сауық;
коммуникативтік немесе қарым-қатынастық;
диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тану);
коррекциялық(өзі-өзі түзету);
әлеуметтендіру;

Ойын-адамның өмiртанымының алғашқы қадамы.Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып,білімін жетілдіреді.Ойын жүйесінде балалар көбіне өздерінің басынан өткендерін ойын кезінде көрсетеді,сонымен бірге өздерінің бастан кешіргендегілерін түсінуге тырысады,басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді.Балалардың да ойын барысында психикалық жүйесі жетіледі және дамиды.Ойын олардың жеке тұлғасын қалыптастыруға ыңғайлы жағдайлар тудырады.Ойын барысында балалардың өмірі қуанышты сәттерде,көтеріңкі көңіл-күйге толы болады.Ойын барысында бала бірігіп әрекет жасауға үйренеді,келісіп басқа ұжымдық қызмет дағдырлары қалыптасады.Ойын балалардың сезімдерін білдіруге және қақтығыстарды шешуге мүмкіндік береді.

Ойынның басты шарты жеңіске жету болса,әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып,бір-біріне деген сенімін арттырады.

Ойынның да өзіне тән мативтері болады.Мысалы,мазмұндық,рөлдік ойындары баланың зейінін,есін,ойлауын,қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады.Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын,қандай қабілеті бар екенін байқап көреді.Ал,ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды.Ал,ойындар баланың тапқырлығын,байқағыштығын,зейінділігін арттырумен қатар,ерік сезім түрлерін де дамытады.

Ойын түрлері өте көп.Соның ішінде көбірек пайдаланатын ойын-сабақ,ойын-жаттығу,сергіту ойындары,дидактикалық мақсаттағы ойындар,сөздік ойындар,логикалық ойын есептер,ұлттық ойындар т.б.Бұндай ойында оқушының жан-жақты дамытып,білімді толық игеруіне көмектеседі.

Оқу үрдісінде-кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол-дамытушы ойындар.Дамытушы ойындардың маңыздылығы оқушылардың ынта-ықыласын есепке ала отырып,оқуды қызықты етіп,білім,білік,дағдыны қалыптастыру.Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап –оқушының танымдық әрекетін қызығушылығын дамыту.

Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

а)балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
ә)баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;
б)білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі іздендуге қамтамасыз ету;
в)ойын барысында балаға жаңа білім,білік,дағдылардың қайнар көзіне жету;
г)баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім,білік,дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Дамытушы ойындардың ішінде оқушылардың өздері қолдан жасап,құрастырып ойнайтын ойыншықтардың орны ерекше.Өйткені,өздері ойын барысында жаңа білім алып,олардың елестету,есте сақтау,ойлау,сөйлеу тілімен олардың түрлі қабілеттері,конструкциялық ,музикалық,ұйымдастырушылық т.б қасиеттері дамиды.

Сабақты бірыңғай әдістермен жүргізе беру оқушыларды жалықтырары сөзсіз.Егер арсында ойын араласып келіп отырса,оқушылар сабақ мазмұнына аса назар аударып,тез ұғып алады.С.А.Шамаеовтың анықтауы бойынша ойын 4 түрлі қырымен сипатталады.

-еркін дамытушы іс-әркет,ол әрекет белгілі бір нәтиже үшін емес,баланың қанағаттануына байланысты.

-Әрекеттің эмоцианальды жағынан көтеріңкі болуы.

-ойынның мазмұнын сипаттайтын қағидалар

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап ән салмай,өсер бала бол ма?»деген пікірінен бала өмірінде маңыздылығын көруге болады.Оқушылардың психикасының дамуына ойын әрекеті шешуіші рөль атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен:Ж.Аймауытов,М.Жұмабаев,Ш.Құдайбердіұлы,С.Торайғыров,Т.Тәжібаев. т.б.

а) шартты райлы етістікке *да (де)* шылауы жалғас келу арқылы: *Абай Дәндібай сөзінен жақсы пейілді аңғарса да,ол кезде көмектерін алмаған-ды.*
*ә)* шартты райдың болымсыз түрінен: *Таң алдында бір сағат мызғығаны болмаса,Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді.*
б) есімшеге көмектес септік (*-мен*) жалғауы қосылуы арқылы: *Ұлберген кедей болғанмен,киім-кешектерін таза ұстайтын еді.* ; есімшенің бұл түріне кейде *да,де* шылауы қосылып та қарсылкты бағыныңқы сабақтас жасалады: *Қасен байбаламдағанмен де,ойын тоқтала қоймады;*
в) есімшеге *-ша,-ше* жұрнағы жалғану арқылы: *Бір сөзді қайталай бергенше,менің комбайнды жүргізгенімді айтсаңшы.*
г) *–а,-е,-й* жұрнақтары көсемше түрінен болады: *Жастар білім жағынан артық бола тұра,тәжірибелі жұмысшылардың жәрдеміне мұқтаж болады екен.*
ғ) келер шақ есімшенің болымсыз түріне шығыс септік жалғауының (*-тан,-тен*) жалғануы арқылы жасалады: *Отыз екі жасқа келгеніне қарамстан,осы жазда капитан Енакиевтің самайына ақ кірді.*

Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары

| Бағыныңқының баяндауышы | Тұлғалық белгісі | Сұрауы | Сызбасы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Шартты рай | *-са да (-се де)* | *Қайтсе де? Не істесе де?* | */........../ шаршаса да, /- - - - - - /* |
| 2. Көсемше | *ған (-ген) {мен, ша, ше}*<br>*-ғаны (-гені) {бол-, ма-, са-}*<br>*-ғаны + ы + на (-гені +і+не) қарамастан,қарамай-* | *Қайткенмен?*<br>*Не еткенмен?*<br>*Қайткенше?*<br>*Не еткенше?*<br>*қайткені(не еткені) болмаса?*<br>*қайткеніне (не еткеніне) қарамастан? (қарамай)* | */...../ естігенмен, /- - - - /*<br>*/..../ ұрысқанша, /- - - - - /*<br>*/.........../ шаршағаны болмаса, / - - - - - - - - -/*<br>*/................/ шаршағанына қарамастан (қарамай) /- - - - - - -/* |
| 3. Есімше | *-а (-е,-й)* тұра | *Қайте (не ете) тұра?* | */........../ көре тұра, /- - - -- - - - /* |

**Жаттығумен жұмыс: 129-жаттығу.**

Әлдене қызы болғанмен, Салтанаттың өзіне Абайды кепілге бермейтін болыпты. Жасы менімен шамалас бола тұра, ақылы, мінезі, жүрегімен ел ағасына ұқсайды. Тентек төренің мына зұлымдығына жаны күйзелген Малдыбай қарт өзінің сырқаттанып жатқанына қарамастан, атқа қоныпты. Дайрабай: «Мал бағып, егін салып, әуре болғанша, сол дұғаны неге оқып отыра бермейміз?» - депті. Наурыз туса да, қыстау адырлары әлі қыстың қатаң кәрінде болатын. Ара-тұра шоқтала өскен сексеуілдерге үйірілген құм төбелер болмаса, бұл тақырда көз тоқтатарлық еш нәрсе жоқ.

**Жаңа сабақтың маңызды белгілерін ажырату.** Жаңа сабақты меңгерту барысында өзіндік жұмыс. Берілген сөздерден қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрап жазыңдар.

1. Қараңғы, дабыр;
2. Күн, жаңбыр;
3. Өзен, балық;
4. Кітапхана, кітап;
5. Қыс, мал.




**Білімді бекіту:** Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

**Венн диаграмма** арқылы қарсылықты салалас және қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың сыртай ұқсастықтарын және іштей өзгешілікте -рін табайық.

**Бағалау:** Үй тапсырмасын орындап келгеніне және жаңа сабаққа ынталы қатысып отырғандарын бағалаймын.

**Үйге тапсырма:**

130-жаттығу.

Мұстафа одан жаман кектене түскенмен, мен енді ол үйден кетпеуге бел байладым. Сексен сұлу сылаңдап тұрса дағы, Ғалияның алмаймын кірпігіне! Бұл күнде Құнанбай өлсе де, құнанбайлық құрымапты. Өзеннің суы тайыз болғанмен, жағасы тік. Жұмыс қанша бұлдыр болғанымен,маңдай алдым қанца бұлдыр болғанымен, менің сол кездегі өмірім қуанышты өмір болды.

**Семантикалық  кесте**

| № | Мысалдар | Шартты рай | Көсемше | Есімше |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ғылым таппай, мақтанба, Орын таппай. | | | |
| 2 | Егер осы  жақсылығың болмағанда , мен  жолда қалатын екенмін. | | | |
| 3 | Жақсы  ұстаздық етсең , болашақтан тірек | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | табарсың. | | | |
| 4 | Оқығандарын әбден біліп алмайынша, ол алға жылжи алмайды. | | | |
| 5 | Енді он минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз. | | | |
| 6 | Көшің көрнекті болсын десең, көлігің күтімді болсын. | | | |

**Семантикалық кесте**

| **№** | **Мысалдар** | **Шартты рай** | **Көсемше** | **Есімше** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ғылым таппай, мақтанба, Орын таппай. | | | |
| 2 | Егер осы жақсылығың болмағанда, мен жолда қалатын екенмін. | | | |
| 3 | Жақсы ұстаздық етсең , болашақтан тірек табарсың. | | | |
| 4 | Оқығандарын әбден біліп алмайынша, ол алға жылжи алмайды. | | | |
| 5 | Енді он минут кешіккенде, атқа да мініп үлгермейді екенбіз. | | | |
| 6 | Көшің көрнекті болсын десең, көлігің күтімді болсын. | | | |

**Семантикалық карта**

| № | Мысалдар | Шартты рай | Көсемше | Есімше |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жолдың алыста жатқанына қарамастан, олар кештете атқа қонды. | | | |
| 2 | Байқаудың жақын қалғанын біле тұра, оған көп мән бермеді. | | | |
| 3 | Қарақоға көз ұшында көрінгенмен, біздің ауылдан екі- үш шақырым бар. | | | |
| 4 | Ахмет жаңа үлгіге жаны құмар болса да, алдымен қажеттігіне, беріктігіне қарайтын. | | | |
| 5 | Достық сын жақындатпаса, алыстатпайды. | | | |

**Семантикалық карта**

| № | Мысалдар | Шартты рай | Көсемше | Есімше |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жолдың алыста жатқанына қарамастан, олар кештете атқа қонды. | | | |
| 2 | Байқаудың жақын қалғанын біле тұра, оған көп мән бермеді. | | | |
| 3 | Қарақоға көз ұшында көрінгенмен, біздің ауылдан екі- үш шақырым бар. | | | |
| 4 | Ахмет жаңа үлгіге жаны құмар болса да, алдымен қажеттігіне, беріктігіне қарайтын. | | | |
| 5 | Достық сын жақындатпаса, алыстатпайды. | | | |

* * * * * *

**ОҚО Шымкент қаласы №103 жалпы орта мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі Тағаева Замира**

4 "В" –сыныбы Пәні: ***Қазақ тілі***

**Тақырыбы: Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері**

**Сабақтың мақсаты:**

1. Білімділік: Окушыларға сөйлемнің дара және күрделі мүшелерін пысықтау, құрамында күрделі мүшесі бар сөйлемдер құрастыра білуге үйрету.

2. Дамытушылық: дара және күрделі мүшелерді ажырата білу дағдыларын дамыту, сауатты әрі көркем жазу дағдыларын қалыптастыру

3 Тәрбиелік: тиянақтылыққа, зейінін тұрақтылыққа тәрбиелеу.

Сабақ әдісі:

Сабактың әдісі: сұрак - жауап, қайталау, салыстыру

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, сызбалар, үлестірмелер

Сабақ кезеңдері:

1. Ұйымдастыру кезеңі 3мин

Өткенді пысықтау 8мин

Жаңа сабақ ой қозғау жұмбақ шешу 3мин

Суретпен жұмыс 3 мин

Оқулықпен жұмыс 5 мин
Дәптермен жұмыс 3мин
Сергіту сәті 2 мин
Топтық жұмыс 5мин
Сабақты қорыту
Рефлексия, бағалау, үйге тапсырма 5 мин
Шаттық шеңбері
Сәлем саған,күн нұры,
Сәлем саған жер-ана,
Сәлем саған достарым,
Сәлеметсіздер ме қонақтар!
-Балалар, біз бүгін сондай тамаша әрі қуаныш пен ізгілікке толы қоршаған ортаға сәлем бердік. Қане,мына жайдары да жарқын күзгі күнге , мына мейірімді самал желге күлімсірейікші,бір-бірімізге бұрылып,жымия қарап сәттілік тілейік.
Ұйымдастыру кезеңі
Оқушылар өздері құраған
суреттерге байланысты 4 топқа бөлінеді.
I топ. Күз
II топ. Қыс
III топ. Көктем
IV топ Жаз
Топтық жұмыстың тәртібін
хабарлау
Топтық жұмыстың тәртібін хабарлау.
а)4 топтың басшысын тағайындап, мұғалімнің сенім карточкасын тапсыру.
б)Бағалау тәртібін айту. Топтық бағалау. Берілген тапсырманы орындау деңгейіне сай
дөңгелекті мұғалім топ басшысына беріп
отырады.
Сабақ барысында топ басшысы жинаған ұпайды есептеп айтады. Жеңімпаз топты анықтайды.
Үй тапсырмасын тексеру.
Ешкі малын сипаттап жаз.
Құраған мәтініндегі сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.
***Ой ашар***
1. Жұмбақ:
Өзім сөзден тұрамын,
Біткен ойды құрамын.
2. (Сөйлем)
3. -Сөйлем мүшесі дегеніміз не?
4. -Сөйлемнің қандай мүшелері болады?
5. -Сөйлемнің дара мүшесі деген не?
6. -Сөйлемнің күрделі мүшесі деген не?
7.

- ***Сәйкестендіру тесті***
- ***Дара мүше***
- ***Күрделі мүше***
- ***Бала орманға барды***
- ***Болат қағаздан кеме жасады***
- ***Көшеттерді суаруға он бір бала бөлінді***
- ***Қызыл ала көбелек гүлге қонды***
- ***Орман желмен тербеледі***
- Жаңа материалмен жұмыс.

Ой ширату
- Балалар, тақтада берілген бағандардағы сөздерге назар аударып, оқып көрейік.. Әр бағандағы сөздердің ішінде қай сөз артық деп ойлайсыңдар?

IV. Артығын тап, неге екенін дәлелде. 4 - топқа бір қатардан беру
-
Қысқа ---- жазды ---- ұзын бойлы --- алты
-
Ұзын ---- оқыды ------ қара торы ------ тоғыз
-
Қара ----- көріп тұр ---- ала торы --- екі жүз
-
ақ сары --- естіді --------- бойшаң ----- алпыс
- *Оқулықпен жұмыс*
- 28 – жаттығу Сөйлемдерді көшіріп жаз. Сөйлем мүшелеріне талда. Олардың дара және күрделі мүше екенін айт. Күрделі мүшелер қай сөз табынан жасалған?
- 1. Талабы жоқ бала білімнен құр қалады.
- 2. Түні бойы аяз қаһарына мінді.
- 3. Мұғалім оған түсіндіре бастады.

- 4. Сәуленің атасы ұзын бойлы адам екен.
- Суретпен жұмыс

29-жаттығу. Суреттерге қарап, сөйлемдердің күрделі мүшесін тап.

- Күрделі мүшелер сөйлемнің қандай мүшесі екенін айт.
- Күрделі мүшелер қай сөз табынан жасалған?
- **Сергіту сәті**
- Орманда кірпі келеді,

Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі:
Екеуі қайың астынан.
Біреуі терек қасынан.
Қанша олар болмақ есепте,
Тоқылған салса себетке?

- 
- Топтық жұмыс
- 1 - топ:
- 30-жаттығу Берілген күрделі мүшелерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

2 - топ: Мақалды аяқтап, күрделі мүшені табыңыздар.
Білгенің бір тоғыз,
...................................
Еңбек етсең ерінбей
.................................
Жақсы бала ата - анасын
.........................................
3 - топ: 31-жаттығу графикалық модельді басшылыққа алып, ішінде күрделі мүшесі бар сөйлем құрап жаз.

4 - топ: 32-жаттығу Өлеңнен дара және күрделі мүшелерді тауып, олардың бір-бірінен өзгешелігін дәлелде. Сөйлемдерді дара және күрделі мүшелерге талдап, кестеге орналастыр.

- 
- 33-жаттығу

«Менің ойымша» мәтінді жалғастыру
Алғашқы бөлігі берілген мәтінді аяқта.

- Тасбақа мен тышқан келе жатты. Олар түлкіні көрді. Тышқан інге кіріп кетті.....
- Келесі бөлігінде етістіктен жасалған күрделі мүшесі бар сөйлемдер ойлап жаз.
- 
- Ой толғаныс

Сабақты қорытындылау. «Ия – жоқ» ойыны + -- белгілерін қою

- 1) Құрмалас сөйлем бір ғана тиянақты ойды білдіреді.

2) Сөйлем мүшесі дегеніміз – сөйлем құрамында нақты сұраққа жауап беретін мағыналы сөз.
3) Жеке сөзден жасалған сөйлем мүшесі сөйлемнің күрделі мүшесі деп аталады.
4) Дара баяндауыш күрделі етістіктен жасалады.
5) Бастауыш - сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.
6) Жалаң сөйлем тұрлаулы мүшелерден тұрады

- Дұрыс жауабын тексеру.
- 1) Құрмалас сөйлем бір ғана тиянақты ойды білдіреді.-

2) Сөйлем мүшесі дегеніміз – сөйлем құрамында нақты сұраққа жауап беретін мағыналы сөз.+
3) Жеке сөзден жасалған сөйлем мүшесі сөйлемнің күрделі мүшесі деп аталады.-
4) Дара баяндауыш күрделі етістіктен жасалады.-
5) Бастауыш - сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.-
6) Жалаң сөйлем тұрлаулы мүшелерден тұрады+

- ***Рефлексия***
- Бүгінгі сабақта нені білдіңдер? Нені үйрендіңдер?

IX Үйге тапсырма:

- 33- жаттығу
- Бағалау парағына талдау. Неше оқушы «бес», «төрт», «үш»?

Суммативті бағалау.

* * * * * *

**БАЯНДАМА**
**ОҚУШЫЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ҒЫЛЫМИ ЖОБА ЖҰМЫСТАРЫНА ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ОЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІН, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**



**Усенова Нурсулу Шералықызы**

**ЖОСПАР**

**І. КІРІСПЕ**
**ІІ. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**
**а) Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, дарынды оқушыларды таңдау.**
**ә) Тақырыпты дұрыс таңдай білу.**
**б) Ғылыми жобаның оқушыға әсері.**
**ІІІ. ҚОРЫТЫНДЫ**
**Пайдаланылған әдебиеттер**

**I КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функцияналдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды» деп нақты айтылған. Ал бүгінгі күрделі әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында оқушыларда шығармашылық қабілеттің болмауы ойландыратын мәселе деп ойлаймын. «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді» демекші, мұғалім сабақ үрдісінде материалды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай түрткі болатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар, әлеуметтенген жеке адам болып қалыптасады. Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды.

**ІІ НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**а)Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыта отырып, дарынды оқушыларды таңдау.**

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту бүгінгі-таңдағы негізгі мәселенің бірі. Мұғалімнің басты міндеті: әр оқушының бойындағы қабілетін, бейімділігін дер кезінде көре біліп, оны дамыту. Ал қабілет шығармашылық деңгейге көтереді.

**Оқушымен шығармашылық жұмыс бастамас бұрын мұғалім өзіне төмендегідей талап қойғаны дұрыс:**

1. Дарынды баланы анықтауда психологпен бірлесе жұмыс жасау;
2. Ата-анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;
3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;
4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
5. Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
6. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылық пен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән құбылыс. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез. Біз біріншіден дарынды оқушыны таңдап алуымыз қажет. Дарынды оқушыны таңдауда сабақтан тыс жұмыс жүргізудің әсері мол. Мысалы дарынды оқушылар арасында ашық пікірталас, яғни дебат сабақтар өткізу арқылы баланың Қазақстандық қоғамдағы өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеп, ашық талқыға салу арқылы оқушылардың шығармашылық және қоғамдық белсенділігін, жастардың ғылымға қызығушылығын туғыза отырып, мемлекетшілдік сананы дамыта отырып, дарынды шәкіртіңізді табуыңызға болады.

Психологтар «зерттеу тәртібін» тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамытуда маңызды деп көрсетеді. Шынында да ізденушілік белсенділігі төмендеген сайын адам қолынан еш нәрсе келмейтін сияқты үрей туғызатын жағдайға тап болуы мүмкін. Сөйтіп, білімге деген ынтасы басылып, нәтижесінде өзінің қабілетін, мүмкіндігін әлдеқайда төмендетіп алуы ғажап емес.

Зерттеу ісі қазіргі кезде ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай-ақ бүгінгі заман адамының өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып табылады.

“Қашан бала ғылым-білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты Адам болады”-деген Абай.

Бұл пікірді Абайдың жетінші қара сөзіндегі « Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біріншісі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі – көрсем, білсем деп, ер жетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, «ол неге өйтеді?», « бұл неге бүйтеді?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді», - деген ой-тұжырымы растайды. Биік танымдық қабілет, тұрмыс-тіршіліктің сырын ұғуға талпыныс баланың ерте жасынан туындайды екен. Сондықтан оқушыны ізденушілікке баулу бастауыш сыныптан басталуы тиіс.

Қазіргі уақытта мұғалімнің басты міндеттерінің бірі – әрбір оқушының өз мүмкіндігін, қабілетін және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау. Себебі, оқушы шамасына қарай өз ісіне бейім болады, ал бейімділік – адамның белгілі бір әрекетпен айналысуға бетбұрысы, оған көңіл ауыуы, оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі. Шын мәніндегі бейімділік әрекеті құштарлықпен ғана емес, оны нәтижелі орындаумен ерекшеленеді.

Елбасынын дарынды балаларға айткан бес ғибраты:
1. Алдыңа мақсат қоя біл. Талмай ұмтыл. Мақсатыңа қолың бірден жете қоймаса да мойыма, алған бетіңнен кайтпа.
2. «Қолымнан келмейді» деген ұғымды санаңнан біржола өшіріп таста. Ылғи да «Қолымнан келмейтін іс жоқ, мен аспайтын асу жок!» деген сенімде бол! Бұл сенім жігеріңді жанып, жеңіске бастайтын бірден-бір жол.
3. Санаңда үрей, корқыныш, өшпенділік пен күншілдік сезімдері үстемдік кұрып жүрсе, олардан тез арыл. Үрей мен коркыныш алға басуыңа бөгет болып, аяғыңды тұсайды. Біреуге деген өшпенділігің оның да саған деген өшпенділігін қоздатады. Ешкімді күндеме, күншілдік — дерт, айықпас ауру.
4. Қанша білімді болсаң да, ешкашан білімдімін деп мақтанба.
5. Әрқашан денсаулығыңды сақтап, нығайтып отыру -парызың. Тәніңді таза ұста. Бейауыз болма, былапыт сөз айтудан — аузыңды, тыңдаудан — кұлағыңды сақта.

Мектебімізде дарынды баламен жұмыс жүргізуге ерекше назар аударылуда. Балаларды ғылыми-ізденіске, ғылыми жоба қорғауға баулу арқылы білімдерін тереңдету ісі жүріп жатыр. Оны - әлемдік білім кеңістігіне ену жолындағы тұлғаны дамыту аймағына кіргізу мақсатындағы бір қадам деп есептеуге болады.
Мектебімізде 2011-2012 оқу жылында 22 оқушы ғылыми жобамен айналысса қазіргі таңда ғылыми жобамен 35 оқушы айналысады. 2012-2013 оқу жылында мектебімізде ғылыми конференция 2 рет өтті. 6 оқушы өз жобасын қорғады. Биылғы жылы 4 оқушы ІІ орын, І оқушы ІІІ орын, бір номинация, 2 оқушы Облыстан І рын алып келді, 4 оқушы Облысқа жолдама алды.

**Зерттеуші оқушы келесі жұмыстарды жасай алуға тиісті:**
-зерттеу проблемасын танымдық есеп түрінде қисынға келтіру;
-зерттеу мақсатын анықтау;
-қажетті мәліметтерді жинақтау;
-басты бағытты айқындау;
-зерттеу объектісінің үлгісін жасау;
-зерттеу әдістемесін жасау;
-зерттеу жұмыстарын өткізу;
-алған нәтижелерді сипаттап түсіндіру;
-алған білімдерді қолдану туралы ұсыныс жасау;
-өз зерттеуінің нәтижелерін жұрт алдында қорғау.

**ә) Тақырыпты дұрыс таңдай білу.**
Ғылыми жұмыстың табысты жазылуына тақырыпты дұрыс таңдаудың тигізетін әсері мол. Тақырыпты таңдаған кезде оқушылардың ғылыми үйірмедегі жұмысындағы, арнайы әдебиеттерді оқудағы, бұрынғы жұмыс тәжірибесіндегі, семинар сабақтардағы, баяндамалардағы, сабақтас пәндер бойынша ғылыми жұмыстағы ғылыми және практикалық мүдделерді оқушының ескеруі қажет. Тақырыпты таңдағанда «мені не қызықтырады?»-деген сұраққа жауап беру керек.
Тек мұғалім оқушыға жоба жаза алатынын және жақсы идеялардың барлығы да жазу кезінде болатынын түсіндіріп, оқушының жазуға деген қызығушылығын арттырса сонда бала зерттеу жұмысын жазуға талпынады. Мұндай жағдайда оқушы алған білімін тереңдете отырып, проблеманы жан-жақты зерттеп, өз мүддесіне жақын тақырыпта орындауға алдында мақсат қояды.

**Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау ережесі:**
Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек.
Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.
Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек.
Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтері болу керек.
Тақырып жұмыс ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалатындай болу керек.
Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келу керек.
Тілегі мен мүмкіндігінің ұштасуы.

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру керек. Яғни оқушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ең алдымен оқушыны өздігінен шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге үйрету қажет.
Оқушылардың ғылыми қоғамы мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың ынтасы, қабілеттерін ескеріп, өз қалауларына жол ашып, іздену, зерттеу тақырыптарын алуды ұйымдастыру, ғалымдармен тікелей байланыса отырып, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуі керек.
Оқушыларды ғылыми ізденіске баулу мақсатында «Мен-зерттеушімін» , «Мен - жобалаушымын» деген дәптер арнату. Дәптерге оқушылар ғылым әлеміне енудің түрлі жолдарын жазады, ұлы ғалымдар еңбегі, өмірінен мәліметтер береді. Оның маңызы оқушыларға практикалық та, теориялық та көмек бере алатынында. Ол әр баланың алдында жатады. «Мен-зерттеушімін» тақырыбында оқушылармен «дөңгелек стол», әңгімелер өткізуге болады. Алғашқы әңгімелерде «ғылыми жұмыстардың түрлері» сөз болады. Бұл жұмыстың тиімділігі оқушылардың ғылым туралы ұғымдарын кеңейтуге ықпал етіп, іздену, зерттеу жұмыстарының түрлерімен таныстырады.
Ғылыми жобамен айналысуға сіз уақытым жоқ және оған үлгермеймін дерсіз. Онда сізге мынадай көмек, сіз оған уақытыңызды көп бөлмей-ақ дарынды оқушыларды таңдаңыз, сосын дарынды оқушылармен жұмыс істеңіз.Әр оқушыға жобаңыздың тақырыпшаларын әр оқушыға реферат немесе баяндама ретінде бөліп беріңіз.
Оқушы ізденеді, сол тақырыпты ізденуде кімдер көмек көрсете алатынына, қалай практикада қолдануды пікірталастар, интервью, сұрақ-жауап түрінде және т.б. түрде қолдануға болатынына жол көрсетсеңіз болғаны. Ол ізденіп, жазып қорытындылап, пайдаланылған әдебиеттерді жаза келеді. Сіз мәліметтерді жинақтап, өз таңдаған дарынды оқушыңызбен бірге сараптауыңызға болады. Ол оқушы мәліметтерді оқи отырып, ол оқушыда жаңа идеялар тууы мүмкін және жобаны әрі қарай жетілдіре түседі. Сізде мынадай жансақ пікір пайда болуы мүмкін. Ол оқушы Интернеттен дайын мәліметті тартып әкелді немесе көпшілігі дайын жобаларды тартып авторын өзгертіп өз меншігіне айналдырып жатыр деген сияқты. Дұрыс біз Интернеттен көптеген мәліметтер аламыз. Егер де сізді Интернеттегі жобалардың бірі қызықтырса немесе журналдардағы кез келген мақала болсын пайдаланғыңыз келсе пайдаланыңыз онда тұрған ештеңе жоқ. Сіз оны өзіңіздің жаңа идеяларыңызбен, тәжірибелеріңізбен толықтырыңызда одан әрі кең көлемде қалағаныңызша дамыта түсіңіз. Бірақ

міндетті түрде кімнің еңбегін пайдалансаңызда, Интернеттен алсаңызда, газет-журналдан алсаңызда «пайдаланылған әдебиеттерде» қандай сайттарды пайдаланғаныңызды, кімнің еңбегі, нешінші бет екенін міндетті түрде көрсетіңіз. Сонда бұл ұрлыққа жатпайды және қайта авторы көріп мақтан тұтады. Сонда сіз өз жұмысыңызды арланбастан кез келген жерде қорғай аласыз.

**б) Ғылыми жобаның оқушыға әсері.**

Зерттеу жұмысымен айналысу, шығармашылық жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу қабілетін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға көмектеседі.

**Ғылыми жобада оқушы:**

Оқушының жеке қабілеті айқындалады;
Оқушының оқуға деген ынтасы артады;
Білімді өздігімен меңгеруге үйренеді;
Өзін-өзі бағалай алады;
Оқушы өз күшіне сенімді болады;
Өз жетістігін көре алады;
Оқушыны ізденіске, шығармашылыққа бағыттайды;
Өзін таниды, шыңдалады.
Өзінің жобасы үшін күреседі десек те болады.

**Ғылыми жұмыста сарапшылар төмендегідей өлшемдер бойынша төрелік етіп, сараптама жасайды:**

Тақырыпты мақсаты мен өзектілігіне сай аша білуі. Болжам қоя білуі.
Ғылыми ізденісі, жаңалығы, шығармашылығы.
Талдай білуі, көрнекілік қолдануы.
Сөйлеу мәдениеті және шешендік қабілеті.

Шығармашылық қабілет әр баланың бойында болуы мүмкін. Мұғалімнің міндеті-оқушы бойындағы жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсете отырып, қабілеттің дамуына түрткі бола білу. Жалпы айтқанда, педагогикалық ұжым дербес ойлап, кез келген жағдайда шешім қабылдай алатын, дүниетанымы терең, жан-жақты дамыған шәкірттер тәрбиелеуді көздейді.

## III Қорытынды.

**Қорыта айтқанда,** қабілетті, дарынды оқушыларды дәл таба біліп, әрқайсысына
жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімдерін және пәнге деген қызығушылығын арттыра білуіміз керек. Ең бастысы, оқушының табиғи талантын
одан әрі дамытып, ерекше қабілеті бар баланы дарындыға айналдыра білуіміз қажет. Сонда ғана өз қабілетінің арқасында бәсекелестікке, көшбасшылыққа, түрлі байқаулар мен конференцияларға қатысуға ұмтылысы жоғары дарынды балалар саны көбейеді.

Егер сіз
ГДарынды оқушыны дұрыс таңдасаңыз
Г тақырыпты дұрыс таңдасаңыз
Г қазіргі өзекті мәселе көтерілсе
Г мақсатын анықтап, зерттесеңіз
Г нәтижені жұрт алдында қорғаса
Онда сіздің шәкіртіңіздің биік белестерден көрінетінін нық сеніммен айта аламын.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.http://45minut.kz/?p=63056
2.Әдіснамалық-педагогикалық журнал «Өрлеу Шымкент» №1- 2013 жыл Г.Е.Қуанышбек «Оқушыларды әлеуметтендіру-Кембридж бағдарламасының басты міндеттерінің бірі»
(9 бет).
3. «Информатика негіздері» журналы №2-2013 жыл, Батима Килыбаева «Қабілетті оқушыны анықтау және жүргізілетін жұмыс түрлері» (13 бет).
4. http://kzdocs.docdat.com/docs/index-31623.html?page=4http://kzdocs.docdat.com/docs/index-31623.html?page=4
5. http://bilim.idhost.kz/ustaz/2564-1mugalim-men-okushynyn-karym
6.http://bilim.idhost.kz/informatika/2456-kashyktan-okytu.html

* * * * * *

**Атырау қаласы, № 9 Әлия балабақшасы**
**Тәрбиеші: Назымбаева Айжан Сәбитқызы**

**Технологиялық карта Екінші кіші топ**

**Тақырыбы:** «Ойыншықтыр әлемі» _ «Ойыншықтыр» өлеңін жаттау
**Білім беру салалары:**___ «Қатынас» _ «Таным»___________
**Бөлімі:** _______Көркем әдебиет________________________
**Мақсаты:** Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, олардың атын атау арқылы тақпақтар айтуға,сипаттауға баулу. Балалардың тілін, ой-өрісін, сөйлеу мәнерін дамыту. Ойыншықтар қандай материалдан жасалғанын ұғындыру.Ұқыптылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.______
**Алдын – ала жүргізілетін жұмыстар:** _Сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелесу, тақпақтар жаттау.
**Әдіс – тәсілдер:**_Көрсету, түсіндіру, үйрету, әңгімелеу, баяндау,сұрақ – жауап,ойын.____
**Қажетті көрнекі құралдар:** __Проектор,слайд, ойыншықтыр, қораптар,үнтаспа, компьютер.____
**Билингвальді компонент:** _Ойыншық – Игрушка._

| **Іс – әрекет кезеңдері** | **Тәрбиешінің іс – әрекеті** | **Балалардың іс – әрекеті** |
|---|---|---|
| Себептік қызығушылығын ояту кезеңі | Осы жерде отырған қонақтармен амандасып алайық:<br>Сәлеметсіздерме, қо<br>**Жылулық шеңбері.**<br>Балалар бүгінгі күнге тілегімізді айтайық:<br>• Аспанымыз ашық болсын<br>• Еліміз аман болсын<br>• Ата-анамыз аман болсын<br>• Досымыз көп болсын<br>• Әрқашан күн сөнбесін | Балалар тәрбиешілермен амандасады.<br><br>Балалар шеңбер бойына тұрып жылы сөздер айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық ізденіс** | **Кіріспе әңгіме.**<br>Балалар, айналаға қараңдаршы, бұл жер ғажайып бір ойыншықтар әлемі ғой.<br>Мына әдемі қораптарда не бер екен?<br>-Қане, ашып көрейік. Бұл не?<br>Дұрыс айтасыңдар. Бұл машина.<br>Машина туралы тақпақ білесіңдерме?<br>Ал мынада не бар екен?Бұл не?<br>Допқа қатысты тақпақ білесіңдерме?<br>Үшінші қорапты ашайын енді. Бұл не?<br>Мына қуыршақтың беті қолын қараңдаршы, қандай лас. Үстінде киімі де жоқ.<br>Қуыршақпен кімдер ойнайды?<br>Қане, қыздар мына қуыршаққа қамқорлық жасайық мына қорапшада көмекші құралдар да бар екен.<br>Балалар, ойыншықтар алуан түрлі болады, және олар әр түрлі материалдан жасалынады. Яғни, ағаштан, темірден, резеңкеден, пластмассадан, матадан.<br>Темірден, ағаштан, пластмассадан жасалған ойыншықтар қатты, ал резеңкеден, матадан жасалғандары жұмсақ болады. Олармен өте ұқыпты ойнауымыз керек.Тәрбиеші көрнекі ойыншықтарды көрсете отырып түсіндіреді.<br>Ал қазір мен сендермен **«Сипаттап бер»** деген ойын ойнағым келіп тұр.<br>Ойын **«Сипаттап бер»**<br>Сендердің қолдарыңда да ойыншықтарды көріп тұрмын, сүйікті ойыншықтарың туралы әңгімелеп беріңдерші. Жарайсыңдар, өте ұқыпты, қамқор екенсіңдер.<br>Ой, балалар тағы бір қорапты байқамай қалыппыз ғой. Қане, ашып көрейік. Бұл қорапта не тығылып жатыр екен? Ал қазір қоянмен байланысты сергіту сәтін жасап жіберейік бойымызды жазып.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ, сұр қоян.<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы, қырлы жерлермен,<br>Ытқып,ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына<br>Қиығын сап көзінің,<br>Келе жатқан томпаңдап<br>Көжегі екен өзінің.<br>Бүгін біз «Ойыншықтар» атты жаңа тақпақ жаттаймыз:<br>**«Ойыншықтар»**<br>Ойыншықтар көп екен,<br>Бірге ойнайық, балақай.<br>Көгорай шалғын көк екен,<br>Жарысайық, алақай!<br>**Сұрақ – жауап арқылы әңгімелеу.**<br>-Осы өлең жолдарында не жайлы айтылған?<br>-Сендерге өлең ұнады ма?<br>-Сендерде ойыншықтар көппе?<br>Ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?<br>Ендеше мен іс-әрекеттерді айтамын, ал сендер «Болады, болмайды!»-деп жауапココересіңдер.<br>-Ойыншықтарды шашуға...<br>-Орындарына жинауға...<br>-Қуыршақтың киімін жыртуға... | Жан-жақтарына қарайды.<br><br>-Машина. Балалар тақпақ айтады.<br><br>-Доп.<br>Тақпақ айтады.<br>-Қуыршақ.<br>Таңырқап қарайды.<br>-Қыздар ойнайды.<br><br>Қыздар беті, қолын сүртіп киіндіреді.<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар көздерін жұмып дорбаға қолын салып қандай ойыншық ұстап тұрғанын атап айтады.<br>Әр бала ала келген ойыншығы туралы әңгіме айтады.<br><br>-Қоян.<br><br>Сөздерін қайталап тұрып қимылдар жасайды.<br><br>Қайталап айтады.<br><br>Ойнауға дайынбыз.<br><br>Көңілді ойнайды.<br><br>Қайталап айтады.<br><br>Балалар тақтаға шығып,ойынды ойнайды. |

| | | |
|---|---|---|
| **Іс – әрекеттің бағалау кезеңі** | **Қорытындылау:**<br>-Бүгін біздер не туралы айттық?<br>-Ойыншықтармен қалай ойнау керек?<br>-Ойнап болған соң оларды шашып кете беруге болама?<br>-Ойыншықтар қандай материалдардан жасалады дедік?<br>-Бүгінгі тақпақты маған кім айтып бере алады? | Тәрбиешінің сұрақтарына жауап беріп, қорытындылайды. |

**Күтілетін нәтиже:**
**Орындайды:** өзіне қойылған талаптарды орындайды.
**Түсінеді:** ұқыптылықпен, мейірімділікпен қарау керектігін түсінеді
**Қолданады:** жаңа тақпақты жаттайды.

* * * * * *

| | |
|---|---|
| **Сыныбы: 4 «а»** | **Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный № 1 ЖОББМ**<br>**Бастауыш сынып мұғалімі: Диярова Ш.Т.** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Әскербектің этеші** |
| **Пәні:** | **Әдебиеттік оқу** |
| **Мақсаты:** | Мәтіннің мазмұнын түсініп оқу. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру. Тапсырмалар орындату. Автордың негізгі ойын ұқтыру. Тіл байлықтарын дамыту. Қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. |
| **Күтілетін нәтижелер:** | *Оқушылар мәтінің мазмұнын аша біледі.<br>*Тақырып бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлеседі. |
| **Керекті жабдықтар:** | Мәтіннің басты кейіпкерлерінің суреттері |
| **Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар** | "Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру", "Оқушыларға сұрақ қою және олардың жауаптарына қарай әрекет ету", "Түсіну дәрежесін бағалау", "Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған сұрақтар", "Бірлескен оқу: дарынды және талантты оқушылар" |
| **Сабақ барысы:** | |

| **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті** |
|---|---|
| **Кіріспе** | **Психологиялық дайындық**<br>Үй жануарларына қарай топқа бөліну<br>«Стикердегі диалог» әдісі арқылы үй тапсырмасы бойынша сұрақтар беріледі.<br>Оқушылардың жазған хаттарын тыңдау.<br>• Әңгімеден не ұқтық? |
| **Тұсаукесер** | Табиғат суретін көрсетіледі. Сурет бойынша «Табиғатты қорғау» тақырыбында оқушыларға сыни ой қозғату. |
| **Негізгі бөлім** | **Оқулықпен жұмыс**<br>Мәтінді іштей оқу.<br>*Сөздікпен жұмыс:* қиқым - киімнен кесіп алынған кішкентай қиынды.<br>Әр топ әңгіме бойынша бір-біріне 3 сұрақ дайындайды.<br>Әңгімедегі кейіпкерлерді атау.<br>*Топтық жұмыс*<br>1-топ Әскербектің әкесі Көпіштің алғашқы сөзін әңгімеден тауып оқы.<br>2-топ. Амангелді мен Әскербек әтешке емді қалай қолданғанын өз сөздеріңмен айтып бер<br>3-топ Егер Әскербектің орнында болсаң, әтешті қалай емдер едің?<br>Жауаптарын бағалау<br>*Дәптермен жұмыс.*<br>Әскербектің әкесінің соңғы сөзін көшіріп жаз. Бұл сөйлемнен нені түсіндің? |
| **Қорытынды** | Автордың негізгі ойын анықтау.<br>1-топ. Өзіңнен кішілерге осы тақырыпты негізге ала отырып топ болып тілек жаз.<br>2-топ. Әтештің атынан сөйлеу.<br>3-топ. Табиғатты қорғаушылардың атынан сөйлеу.<br>«Баспалдақ» арқылы рефлексия.<br>Үйге тапсырма 1) әңгімені оқып, түсінгенін айту.<br>2) Әскербектің әкесіне өз ойыңды айтып хат жаз. |

* * * * * *

**Западно-Казахстанская область  Теректинский район**
**Подстепновская № 1 ОСОШ**
**Учитель информатики и математики Пасмурцева Раиса Владимировна**

Урок по теме: **«Арифметические действия с обыкновенными дробями».**

Математика-это язык, на котором написано книга природы.   (Г.Галилей)

**Цель урока:**

1)систематизировать и обобщить знания, умения и навыки выполнения арифметических действий   с обыкновенными дробями и смешанными числами

2)  формирование навыков нахождения дроби от числа и числа по его дроби

**Обучающие:**

1)  учить осознанно, умножать и делить дробь на дробь, умножать дробь на число или число на дробь, умножать и делить смешанные числа;

2) формировать умение приводить дроби к общему знаменателю и выполнение действий над смешанными числами, нахождение дроби от числа и числа по его дроби;

3) воспринимать информацию на слух и понимать математическую терминологию;

4) применять изученный материал при выполнении разнообразных видов заданий;

5) наблюдать, анализировать, делать выводы, осмысливать и обобщать учебный материал;

6) объективно оценивать свою деятельность и деятельность других;

7) закреплять и повторять ранее пройденный материал.

**Развивающие:**

- развивать познавательную и творческую деятельность учащихся;
- развивать у учащихся умение работать в группе и индивидуально;
- прививать интерес к математике и математическим наукам;
- развивать культуру вычисления;
- развивать память, логическое мышление, эрудицию, математически и литературно грамотную речь (устную и письменную).

**Воспитывающие:**

- развивать усидчивость, самостоятельность, навыки контроля и самоконтроля, наблюдательность;
- воспитывать аккуратность, дисциплинированность, пробудить любознательность учащихся

**Тип урока:** урок – практикум.

**Формы работы:** задания подобраны так, чтобы работа на уроке имела:

- отработку понимания на слух математической речи;
- самостоятельная проверочная работа, проверка учащимися своих работ;

**Виды учебной деятельности:**

-слушание (понимание на слух научной речи);
-индивидуальная работа - практические задания;
-говорение;
-мыслительный анализ;
-самопроверка;

**Оборудование к уроку:**

Учебники, тетради, ПО (презентационный материал.), на отдельных листах задания, ноутбуки.

**План урока:**

1. Вводно- мотивационная часть

2.Устная работа с классом

2.1. (все ли ты знаешь об обыкновенных дробях)

2.2. назовите известных ученых математиков

2.3.найти ошибку(слайд 8,9)

$$10-\frac{5}{9}=10\frac{9}{9}-\frac{5}{9}=9\frac{4}{9}$$

$$4\frac{2}{3}\cdot 1\frac{2}{7}=\frac{15\cdot 9}{3\cdot 7}=\frac{15\cdot 3}{1\cdot 7}=\frac{45}{7}=6\frac{3}{7}$$

$$6\frac{2}{3}+4\frac{1}{3}=10\frac{3}{3}=10$$

$$\frac{4}{5}:\frac{4}{7}=\frac{4\cdot 4}{5\cdot 7}=\frac{16}{35}$$

$$3\frac{2}{3}+5\frac{7}{10}=8\frac{9}{13}$$

2.4.заполните пропущенные клетки (слайд 10)

1. $\frac{31}{5}=\square\frac{1}{5}$; $\frac{\square}{5}=1\frac{2}{5}$ $\frac{\square}{4}=10\frac{3}{4}$; $\frac{23}{\square}=\square\frac{5}{6}$

$\frac{29}{\square}=9\frac{\square}{3}$; $\frac{5}{6}+\frac{1}{6}=\square$ $\frac{17}{5}=\square\frac{\square}{5}$, $\frac{3}{7}+\frac{4}{7}=\square$

2.5.Выбери лишнее, объясни почему. (слайд 11)

1. $\frac{5}{6};\frac{8}{3};\frac{1}{2}$ лишняя 8/3 т.к она неправильная

2. $\frac{2}{4};\frac{1}{3};\frac{4}{6}$ лишняя 1/3 т.к она несократима.

3. $\frac{5}{9};\frac{1}{9};\frac{9}{5}$ лишняя 1/9 т.к 5/9 и 9/5 взаимообратные

4. $\frac{25}{100};\frac{1}{4};\frac{1}{5}$ лишняя 1/5 т.к 25/100 и ¼ это равные дроби

3.Задания на отработку понимания на слух математической речи (лестница успеха)

3.1. Решение с комментариями стр 55 №1110,1111

*Физминутка*

3.2.Работа с учебником стр 56 №1115 (1,3,5)

$\frac{2}{9}x=\frac{5}{12}$
$x=\frac{5}{12}:\frac{2}{9}$
$x=\frac{5}{12}*\frac{9}{2}$
$x=\frac{15}{8}=1\frac{7}{8}$

$\frac{3}{5}x=6$
$x=6:\frac{3}{5}$
$x=6*\frac{5}{3}$
$x=10$

$\frac{3}{7}x=1\frac{4}{5}$
$x=1\frac{4}{5}:\frac{3}{7}$
$x=\frac{9}{5}*\frac{7}{3}$
$x=\frac{21}{5}=4\frac{1}{5}$

4. Сами умеем: Самостоятельная работа (слайд 12 и взаимопроверка слайд 13).

Выставляют оценки согласно критерия оценивания. слайд19

Без ошибок- «5»

Одна, две ошибки- «4»

Три ошибки- «3»

Все остальное- «2»

5.Тестирование. Из 20 вопросов случайным методом выбираются 5 вопросов. Время 4 минуты. На парте по одному ноутбуку. Один учащийся отвечает на тесты, другой в это время придумывает мат.термины на буквы слова. Через 4 минуты. меняются формой работы.

6.Дом задание: стр 56 №1115 (четные номера) всем, для отличников №1123(четные)

7.Рефлексия.

8.Подведение итогов урока.

* * * * * *

**Западно-Казахстанская область Теректинский район**
**Подстепновская № 1 ОСОШ**
**учитель начальных классов Колесова Светлана Михайловна**

## Речевые ошибки и пути их устранения.

В устной и письменной речи младших школьников встречается много недочетов, неправильностей. Неудачно выбранное слово, неверно – построенное предложение, искаженная морфологическая форма – все эти ошибки называются речевыми.

Бороться с ними трудно, так как невозможно бывает использовать какие-либо правила. Учитель следит за устной речью школьников, исправляет ошибки, проверяет тетради. Но нельзя удовлетворяться всего лишь исправлением допущенных ошибок, нужно их предупреждать . Необходима планомерная работа, система совершенствования речи детей. Задача состоит в том, чтобы привлечь самих школьников к исправлению допущенных ошибок, научить их предупреждать ошибки, совершенствовать культуру своей речи.

Методика исправления и предупреждения речевых ошибок используется в опыте многих учителей, хотя дело это сравнительно новое. В чем же трудности? Во-первых, в исправлении речевых ошибок школьник не может опереться на такую четкую систему определений и правил, как, например, в работе над орфографией, а «чувство языка» у него развито еще слабо; во-вторых, уровень грамматических и других теоретических знаний по языку у младших школьников еще невысок; в-третьих, речевые ошибки учащихся в своем большинстве индивидуальны, что почти полностью исключает привычные общеклассные формы работы.

### Исправление речевых ошибок.

Зная основные типы ошибок, умея определять их основные причины, учитель может разработать методику их исправления и предупреждения. Она складывается из следующих элементов: исправление речевых ошибок учителем в тетрадях учащихся; записи и замечания учителя в тетрадях учащихся (в том числе условные знаки на полях ); классная работа над ошибками общими, типичными – на тематических 15-25 –минимум фрагментах уроков анализа проверенных сочинений изложений (цель- подготовка школьников к самостоятельному обнаружению и устранению ошибок определенного типа); индивидуальная и групповая внеурочная работа над отдельными ошибками: их обнаружения, уяснения и исправления;

Система стилистических упражнений , языкового анализа текстов на уроках чтения и грамматики , что служит общей основой для конкретной работы над ошибками, допущенными учениками данного класса; языковые упражнения перед

каждым сочинением или изложением с целью подготовки школьников к использованию лексики предстоящего текста, его фразеологии, некоторых синтаксических конструкций; стилистические замечания, где это возможно, при изучении грамматического курса; специальное обучение школьников самостоятельному редактированию (совершенствованию) собственного сочинения и изложения.

Все допущенное в тетрадях ошибки должны быть так или иначе исправлены либо учителем, либо самим учеником (последнее предпочтительнее!). При проверке тетрадей ошибки исправляются дифференцированно. Те из них, которые, по мнению учителя, дети самостоятельно исправить не смогут, он исправляет сам: перечеркивает лишнее. Затем при разборе ошибок ( лучше всего в индивидуальной беседе) учитель убедится, понял ли школьник свою ошибку, не допустит ли он подобной ошибки в дальнейшем.

Но цель состоит в том, чтобы повысить самостоятельность учащихся. Нужно искать такие способы исправления ошибки, которые обеспечили бы максимальную активность ученика.

Велика роль уроков анализа проверенных изложений и сочинений. На этих уроках зачитываются лучшие образцы, разбираются недочеты содержания , полнота раскрытия темы, последовательность изложения материала речевые и орфографические ошибки. Иногда учитель так строит свою работу, что на одном уроке разбирают речевые ошибки , на другом заменяются неудачно выбранные слова и т.д. Такие тематические уроки позволяют сосредоточить внимание учащихся на конкретном виде ошибок, это помогает в дальнейшем при самопроверке и редактировании собственного текста. В тех случаях, когда ученик сам не может найти свою ошибку, несмотря на помощь учителя, и последнему приходится прямо указать на нее, нужно все-таки добиваться, чтобы вторая половина задачи была выполнена самим учеником. Учитель ни на минутку не должен забывать, что исправление не самоцель, а обучение редактированию текста, самостоятельному нахождению своих ( а возможно, и чужих) ошибок.

Взаимопроверка сочинений и изложений в начальных классах мало распространена из-за ее трудоемкости. Но в тех случаях, когда она все же проводится, учителем добиваются успехов в самопроверке и в редактировании сочинений.

**Предупреждение речевых ошибок.**

Многие речевые ошибки могут быть предупреждены в ходе изучения грамматических тем. Для этого нужно уяснить, какие возможности открывает изучаемая грамматическая форма для выражения оттенков мысли, для краткости и точности высказывания, для устранения возможных недочетов речи. Соответствующие моменты включаются в урок: школьники учатся исправлять ошибки речи ( своей или чужой) на основе изучаемого грамматического материала.

Устранение речевых ошибок в связи с усвоением грамматического материала, не требуя дополнительного времени, не только повышает культуру речи учащихся, но и помогает им глубже усвоить грамматические понятия, подводит к осознанию роли изучаемых грамматических единиц в речи, в живом общении между людьми.

Одно из умений учащихся, которому обучает школа,- это умение совершенствовать написанный текст. Необходимо обучать детей самопроверке и простейшему редактированию.

**Предупреждение орфографических и пунктуационных ошибок.**

Существенные трудности в работе учащихся над сочинениями и изложениями создает орфография и пунктуация. Дети употребляют слова, правописания которых не изучили, строят предложения, в которых расставить знаки препинания еще не умеют. В результате много ошибок, низкая оценка за работу в целом. Это разочаровывает детей: они с увлечением работали над сочинением, старались написать живо, содержательно, образно, самостоятельно – и получили низкую оценку!

Боязнь ошибок отвлекает внимание учителя от главного в работе над детским сочинением – от формирования умений учащихся самостоятельно составлять связный текст, выражать свои мысли, свои знания.

* * * * * *

**Батыс Қазақстан облысыТеректі ауданы Подстепный № 1 ЖОББМ**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Нагимова Бағдар Жанузаковна**

**Сабақтың тақырыбы:** Жаңа сөздер.
**Сабақтың мақсаты:**

1.Білімділік: оқушыларға жаңа сөздер туралы түсінік бере отырып, білімдерін кеңейту.

2.Дамытушылық: Сөз құдіретін таныта отырып,тіліміздің көркем әрі бай тіл екенін түсіндіру, оқушылардың тіл байлығын , шығармашылық қабілетін дамыту, көркем әдеби тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

3. Тәрбиелік: Оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, туған жерін, туған тілін сүюге тәрбиелеу, топта жұмыс істей білуге, өзгенің пікірін сыйлай білуге үйрету.

**Сабақтың түрі**: жаңа білімді меңгерту.
**Сабақтың әдіс-тәсілі:** сұрақ- жауап, түсіндіру, ой қозғау, венн диаграммасы, 5 жолды өлең.
**Сабақтың көрнекілігі:** үлестірмелі қағаздар, слайд, тапсырмалар, кестелер.
**Пәнаралық байланыс**: әдебиет, тарих, орыс тілі.
**Сабақтың барысы:**
**Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Оқушылармен амандасу. 2. Оқушыларды түгендеу.

II. **Үй тапсырмасын тексеру:**

Үй тапсырмасын слайд бойынша тексеру.Сұрақ-жауап әдісі бойынша және интерактивті тақта арқылы жауап береді.

- Көнерген сөздер дегеніміз не? 2.Көнерген сөздер нешеге бөлінеді?

3.Тарихи сөздер дегеніміз не? 4.Архаизмдер дегеніміз не?

Үй тапсырмасын «Даналық ағашы»арқылы арқылы қорытындылап, жаңа сабаққа кірісеміз.
Жаңа сабақтың алдында оқушыларды мақал- мәтелдердің тақырыбына қарай топқа бөлу.
1-топ Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
2-топ Өнер алды- қызыл тіл.
3-топ Ел үмітін ер ақтар

**Жаңа сабақ** III . Жаңа сабақты «Сурет» стратегиясымен түсіндру

Өткен сабаққа тоқтала отырып жаңа сабақты суретпен ашып, оқушыларға ережені өздеріне шығарту, кітаппен салыстыру.

| Көнерген сөздер | Жаңа сөздер, неологизмдер |
|---|---|
| Уәзір,дүрия,кебеже,адырна,отарба | Ұялы байланыс, ғаламтор, жылыжай |
| Қолданыстан шығып қалып, тарихи шығармаларда ғана кездесетін көнерген сөздер немесе әр дәуіріне өзгеріп, басқа сөзбен ауысқып отырған ескірген сөздер. | Тілге алғаш енген сөздер жаңа сөздер болады. Кейін тілге сіңісіп Халыққа әбден танылып жаңа сөз болудан қалады. |

**IV. Жаңа тақырыпты түсіндіру:** Сөздік қорға жаңадан енген сөздер жаңа сөздер деп аталады. Жаңа сөздердің тууының екі түрлі себебі бар: 1)қоғамның дамуымен бірге енген жаңа ұғымдарға сай жаңа сөздер пайда болады; 2)тілдің қолданыс аясының кеңеюіне байланысты тілімізде бұрыннан қалыптасқан кірме сөздердің орнына жаңа аталымдар қолданылады. Олар тілге алғаш енген кезде ғана жаңа болады. Кейін тілге сіңісіп , халыққа әбден таңылып жаппай қолданылған кезде жаңа сөз болудан қалады. Мысалы: компас, космонавт, спутник деген сөздер алғаш пайда болған кезде жаңа сөздер болатын. Кейін бұлар қолданыла келе жаңа сөз болудан қалды. Жиі қолданылатын сөздердің қатарына енген бұл сөздер соңғы жылдары ғарыш, ғарышкер, жер серігі деген қазақтың төл сөздерімен беріліп, жаңа сөздер болып есептеліп жүр. Осы тектес жаңа сөздердің қатарына жолсерік, үнтаспа жеделхат , саяжай, ермексаз, теңге, құжат, отбасы,кеден, зейнетақы, зейнеткер, сынып, үнқағаз және т.б. сөздер жатады.

Соңғы жылдары қазақ тілінің мәртебесі өсіп, қолданылу аясы кеңеюіне байланысты өсімдік, бау-бақша саласына қатысты тілімізге көптеген жаңа сөздер енді: жылыжай
( жарық жақсы түсу үшін төбесі мен қабырғалары шыныдан жасалған көкөністер өсіретін орын), қызанақ, орамжапырақ, қаудан, дернәсіл, үлескі, өскін, жасуша, ағза және т.б.

**Оқулықпен, тақтамен, дәптермен жұмыс.** 165- жаттығу.

1- топтан. 1 оқушы шығып, бастауыш сыныптарда оқып үйренген пәндерінен білетін атау мәніндегі сөздерді сала-салаға топтап жазып, олардың ішінен жаңа сөздердің астын сызу.

166-жаттығу.

2- топтан. 1 оқушы шығып, ауыл шаруашылығына қатысты қайта жаңғырып жүрген сөздерді жазу.

3- топтан . Жеделхат, дернәсіл, ермексаз, зейнеткер сөздерімен сөйлем құрау.

167-жаттығу. Мәтінді оқып, мазмұнын әңгімелеу. Мәтіндегі неологизм сөздердің қалай жасалып тұрғанын айту.

**Топтарға тапсырмалар:**

1- топ: Бірінші бағандағы сөздерді екінші бағандағы сөздермен мағынасына қарай сәйкестендіру

| | |
|---|---|
| жеделхат | тапсыру |
| құжат | апай |
| жолсерік | жіберу |
| орамжапырақ | орнату |
| жылыжай | өсіру |

2- топ : Берілген сөйлемнен жаңа сөздерді тауып,мағынасын түсіндіру.

Әжем бір айлық зейнетақысын қайырымдылық қорына аударды.

Көше бойында шашылып жатқан үнқағаздар ....

Саяжай тұрғындары күнделікті жұмыстарына кірісіпті.

3-топ: Семантикалық картаны толтырады.

| Сөздер | Еңбек | Музыка | Информ | Жаратылыстану |
|---|---|---|---|---|
| Перне тақта | | | | |
| Ермексаз | | | | |
| Ән ұран | | | | |
| Желім | | | | |
| Жасуша | | | | |

**Сыныпқа тапсырма**

Зейнетақы, үнтаспа, теледидар,қызанақ, аялдама, кеден, ғарыш, әмбебап, мамыр айы, сынып, орамжапырақ, жолсерік, ұстаз, орындық,ұшақ, жасуша, ағза, желім,құжат. ( Сөздерді орыс тіліне аудару. )

**V. Сабақты бекіту: «Иә, жоқ» стратегиясы**

Айтылған сөздердің ішінен неологизмдер кездессе «иә», жоқ болса «жоқ» деп айту.

Парта, кеден, тоңазытқыш, ұстаз, зейнеткер, жылыжай, дәптер, тау, ғаламтор, төбе, жол серік.

**Әр топ қалаған жаңа сөздеріне 5 жолды өлең құрастырады.**

1. Жылыжай 2.Жылы, жарық 3. Өсіреді, сақтайды, шығарады 4.Орын
5.Жылыжайда көкөністерді өсіреді

- Жаңа сөздер дегеніміз не?
- Қандай мысалдар айта аласыңдар?
- Жаңа сөздердің неше жасалу жолы бар ?

- Жаңа сөздер мен көнерген сөздердің ұқсастығы?
- Жаңа сөздер мен көнерген сөздердің айырмашылығы?(венн диаграммасы)

**VI . Үйге тапсырма**: 169– жаттығу.

**VII . Бағалау.**

* * * * * *

**Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепный ЖОББМ –нің биология пәнінің мұғалімі Наурызбаева Гүлмира Елеусінқызы**

**Сабақтың тақырыбы:** Бейімделушілік-эволюция факторларының өзара әрекетінің нәтижесі
**Мақсаты:** ***а) білімділік***: Биология пәні бойынша алған білімдерін түрлі дидактикалық ойындар арқылы қайталап, еске түсіру, «бейімделгіштік», «адаптация» ұғымдарына түсінік беру, нақты мысалдар арқылы беймделгіштікке сипаттама беру, беймделгіштіктің түрлерін және бейімделгіштіктің салыстырмалылығын тірі организмдер тіршілігіндегі түрлі мысалдар арқылы түсіндіру.
***ә) Дамытушылық***: Ойлау, есте сақтау, жүйелеу, салыстыру қабілеттерін дамыту, тілдік қорларын жетілдіру,дүниетанымдарын кеңейту,білгендерін өмірде пайдалана алуға баулу.
***б) Тәрбиелік***: Пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтына баулу, шапшаңдыққа, белсенділікке, тапқырлыққа, халықтың салт-дәстүрін сыйлай білуге үйрету, экологиялық мәселеге көңіл аудару.
***Сабақта қолданылатын педагогикалық технология:*** Оқушылардың іс-әрекетін белсендіру және күшейту негізіндегі технологиялар: ойын, тірек-сигналдар арқылы оқыту, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту.
***Сабақтың түрі***: дәстүрлі емес, ойын сабақ
***Сабақтың типі:*** Білім мен дағдыны қолдану, өткенді қайталау, жаңа сабақты меңгеру
***Сабақтың әдісі:*** сөздік, көрнекілік, практикалық түсіндірмелі- иллюстративті.
***Пәнаралық байланыс***: Химия, қазақ тілі, математика, медицина, халықтық педагогика,тарих
***Сабақтың көрнекілігі***: Интерактивтік тақта, слаидтар, тірек-сызбалар, дидактикалық материалдар.
***Сабақтың барысы:***
Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз **«Уақыт және біз»** деп аталатын ойын түрінде өткелі отыр. Өздеріңізге белгілі, уақыт көші бір орында тұрмайды, ол ұдайы қозғалыста, өзгерісте болады. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан дәуірде біз өмір сүріп жатқан және сендердің ата-аналарың көрген, солардан естіп білген **кеңестік кезең,** одан кейін 90-шы жылдарға таманғы хақымыздың тілін-дінін салт- дәстүріне мойын бұра бастаған, яғни еліміздің егемендік алған **қайта-құру кезеңі** және сіздер мен біздер өмір сүріп отырған**, жаңа технологияның небір ғажайыптары** салтанат құрған қазіргі кезең, яғни осындай негізгі **3**-кезеңді айқын бөліп қарауға болады. Біз бүгінгі сабағымызда осы кезеңдерде ойналған ойын түрлерін пайдаланамыз. Біздің бүгінгі сабағымыз да **3 кезеңнен** тұрады яғни ***1-кезең*** **биология пәні бойынша қыркүйектің басынан бері алған білімімізді кеңестік дәуірде жиі ойналған ойындар арқылы еске түсіріп пысықтаймыз, сабағымыздың *2-ші кезеңі* үйге берілген «Эвлюциялық ілім негіздері » тарауы бойынша алған білімдеріңді ұлттық ойындар арқылы көрсетесіңдер. Ал сабақтың *3-ші кезеңі* «Бейімделушілік-эволюция факторларының өзара әрекетінің нәтижесі» деп аталатын жаңа тақырыпты жаңа ақпараттық технологияның құралдарын пайдалана отырып, заманауи ойындар арқылы бекітесіңдер.**
**Алдымен, бүгінгі сабақта ойналған ойындарды сараптап, оқушылардың білімін бағалап отыратын орталарыңнан әділ, байқампаз біреуді төреші етіп сайлап алайық, алайда сабақтың соңында сіздер төрешінің өзіне сұрақтар қойып, оны сіздер бағалайсыздар.**
Сонымен, іске сәт деп ойын сабағымызды бастаймыз.
1 –ші «Май ұту» ойыны. Бұл ойында еске түсіреттін болсақ шамамен 10 – 15 қадам арақашықтықта 2 адам бір – біріне доп лақтырады. Ал ортадағы 1 - топ адамның міндеті допты жібермей май ұтып алу. Қазір староста екеуміз екі жақтан кезек – кезек қайталау сұрақтарын қоямыз, ал сендердің міндеттерің сол сұрақтарға жауап беру арқылы май ұту. Кім көп сұраққа жауап берсе сол көп май ұтқан болып есептеледі.

**1-ойын «Май ұту»**

1.Биология ғылымы нені зерттейді?
2.Жасуша туралы ғылым.
3.Жасуша теориясының негізін қалаған кімдер?
7.Жасушаның бейорганикалық заттарын ата.
8.Жасушаның органикалық заттарын ата.
9.Ақуыздың мономері
10. Нуклеин қышқылдарының мономері
11Ұрықтанған жұмыртқажасуша қалай аталады?
12Құрамына С,Н,О кіретін заттар?
13.Жасушаның 3 құрамдас бөлігі?
14. Жасушаның құрамына кіретін негізгі элементтерді ата?
15 Рибосоманың негізгі қызметі.
16.Ағзалардың жеке дамуы?
17Тек өсімдік жасушасында кездесетін органоид?
18.Овогенез деген не?
19Сперматогенз деген не?
20Митоздың және мейоздың нәтижесінде не пайда болады?

**2-ойын «Мак ойыны»**

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|
| **0,02** | **80** | **17,6** | **38,9** | **98** | **20** |

Осы сандарға қатысты өткен тақырыптар бойынша сөйлем құрастыру
**3-ойын «Жасырынбақ»**
1. Генетика, Мендель, асбұршақ
2 Бркелкілік заңы
3. Ажырау заңы

4.Моногибридті шағылыстыру,дигибридті шағылыстыру
5. Генотип,фенотип
6 Тұқымқуалаушылық, өзгергіштік
7. Доминантты белгі, рецесивті белгі
8. Дауна
9. Клайнфельтер
10. Шерешевский-тернер
11. аутосома, жыныс хромосомасы
12. 46, Р, Х, Г, Ғ
14.АА, Аа, аа
15 .Морган

**4-ойын «Химиялық жұмбақ»**

**1-жұмбақ**.
Тарам-тарам боп келеді
Айналады денені
Бостан-босқа айналмай
Тірлік нәрін береді *(қан-гемоглобин)*

**2-жұмбақ**
Ұлыңда да, қызыңда
Қысқа да болар ұзында
Бояуға оны болады
Сарыға қара қызылға (*шаш-кератин)*

**3-жұмбақ**
Айдалада ақ отау
Аузы мұрны жоқ отау (*жұмыртқа-альбумин*)

**4-жұмбақ**
Түлкінің тезегін теріс оқы (*сүт-казеин)*

**5-жұмбақ**
Сүйекпен бірге
Айрылмас ірге
Жан біткен, онымен
Қозғалған жүрген (*бұлшықет-миозин)*

**2-кезең. Ұлттық ойындар. Ойыншылар ұраны: «Үй тапсырмасы-үлкен жауапкершілік»**

**1-ойын «Арқан тартыс»**

1.Эволюция деген не?
2.Алғашқы эволюциялық идеялар қай елдерде пайда болды?
3.Метафизикалық көзқарас деген не?
4. «Табиғат жүйесі кімнің еңбегі?
5. «Зоология философиясы» кімнің еңбегі?
6.Дарвин эволюцияның қозғаушы күштері деп нелерді атады?
7. Тіршілік үшін күрестің қандай 3 түрі бар?
8.Түрішілік күреске мысал
9.Түраралық күреске мысал
10.Дарвин ілімінің пайда болуының алғышарттары
11.Түр деген не?
12.Түр критерийлері деген не?
13. Морфологиялық критерий деген не?
14.Генетикалық критерий деген не?
15Физиологиялық критерий деген не?
16.биохимиялық критерий деген не?
17.Географиялық критерий деген не?
18. Эклолгиялық критерий деген не?

**2 ойын «Көрші»**

Қазақ көршілерімен ынтымақтастықта, тату-тәтті өмір сүрген. Қазіргі ойынымыз «Ең тату көршілер» деп аталады.
Бірге отырған 2 оқушыға «Ол кім, бұл не?» деп аталатын екі жақты карточка беріледі, карточканың біржағында қазақ ұлтына қатысты тұлғаның суреті және салт-дәстүрге қарсы сурет, ал екінші жағында «Эволюция» тарауына қатысты сұрақ болады, екі көршінің міндеті карточканың екі жағына да ұйымшылдықпен, кезектесіп, айқын, нақты жауап беру, осылайша ең тату көршілерді анықтаймыз

**3-ойын «Қыз қуу»**

Бұл ойын "Эволюциялық ілім" тарауындағы қарама-қарсы терминдерге арналады."
Табиғи сұрыпталу-қолдан сұрыптау
Гомологиялық мүшелер-аналогиялық мүшелер
Модификациялық өзгергіштік- мутациялық өзгергіштік
Қозғаушы сұрыптау-тұрақтандырушы сұрыптау

**3-кезең. Заманауй ойындар. Ойыншылардың ұраны: «Жаңа тақырып-жаңа тыныс»**

**Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы: «Бейімделушілік-эволюция факторларының өзара әрекетінің нәтижесі»**

Организмдер эволюция барысында өзін қоршаған орта жағдайына бейімделеді.**Бейімделгіштік** немесе **адаптация** дегеніміз организмдердің нақтылы орта жағдайларында тіршілік етіп, тірі қалып, ұрпақ қалдыруын қамтамасыз ететін жаңа қасиеттердің пайда болуын айтады.Кезінде Ламарк тірі ағзалардың өздері өмір сүретін ортаға бейімделуге мәжбүр

болатынын байқады.Бейімделушіліктің қалыптасуы тұқым қуалайтын өзгергіштік пен табиғи сұрыпталуға тікелей байланысты. Мысалы, құстардың ұшуға кейбіреулерінің суда жүзуге, топырақ астында тіршілік ететін көртышқанның алдыңғы аяқтары мен күрек тістерінің қуатты болуы, түйенің шөлге бейімділігі, өсімдіктердің қуаңшылыққа немесе ылғалы мол ортаға , қосмекеділерлдің әрі құрлыққа ,әрі суда тіршілік етуге бейімділігі, айқас тозаңданатын өсімдіктердің жел арқылы немесе бунақденелілер арқылы тозаңдануға бейімделгіштігі т,б.
Жануарлардың жүндеріне жабысып таралу үшін кейбір өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының сырты тегіс болмай, кедір-бұдырлы, тікенекті болады, кейбір тұқымдар мен жемістер желмен ұшып таралу үшін өте жеңіл, үлпекті болуы, алайда бейімделушілік дайын күйінде бірден пайда болмайды, ол ұзақ жылдар бойы қалыптасады.
**Беимделгіштіктің түрлері өте көп:**
**1.Қорек талғауға бейімделу**.
Көптеген жануарлар, қорек тапшылығынан және тіршілік үшін күрестің түр ішінде шиеленісуінен дарақтардың бір бөлігі қоректенудің жаңа түріне ауысты, мысалы, үлкен шымшық ірі бунақденелілермен, көкшіл шымшық ағаш қабығы астындағы ұсақ бунақденелілермен, ал айдарлы шымшық қылқанжапырақтылардың тұқымын қорек етеді. Сөйтіп, шымшықтардың әр түрі орманың әр түрлі белдеуқабатында тіршілік етеді.
**Климаттық бейімделу. (мысалдар келтіру)**
**Бүркеніш рең** жауы тез байқайтын ашық жерде тіршілік ететін организмдердің жауынан қорғануға бейімділігі.Жерге ұя жасап, балапан басатын (шіл,құр, бөдене) құстардың мекен ететін ортасына өте ұқсас,тіпті жұмыртқаларының қабығында да секпілді дақтары болады. Көбелектердің жапырақтағы жұлдызқұрттары, су түбіндегі балықтар (скат, камбала) құм түсіне ұқсас, шөлде тіршілік ететін жануарлар құм түсіне ұқсас сарғыш, жыл маусымдарына байланысты жануарлардың түстерінің өзгеруі, көбелектің бұтаққа жабысып тұрған қуыршағы бүршікке ұқсас т.б. (жасырушы реңге мысалдар айту)
**Көрнекілеу рені), қауіп төндіруші рең**, қарсыласын абдырату немесе үркіту жолы. Кейбір жануарлар қеуіп төнген кезде айбат шегіп, денесін әр түрлі пішінге келтіре алады. Мысалы кеңалқымды кобра, дәуіттің қанатын жазғанда көрінетін көзге ұқсаған 2 дағы, қарақоңыздың жағымсыз иіс шығаруы т.б.
**Сақтандырушы рең** –улы, шағатын,күйдіретін жәндіктерге тән. Реңдері бірден көзге түсетін,есте сақталатындай, өте ашық, түрлі-түсті бояулы. Мысалы, ханқыз қоңызына улы, ащы, сары түсті түсті күйдіргіш сұйық бөлетіндіктен ешбір құс жоламайды.(Балара, улы жылан, соналар, тасбақаның сауыты, кірпінің инелері т,б.)
**Қызықтырушы рең.** Бұл рең, әсіресе көбейер кезде пайдалы.Қызыл орденді көбелектер, көгілдір қанатты шегірткелер, құстардың аталықтарының әдемі реңдері өз дараларына көбейер кезде айқын көрінеді.
**Еліктеуші рең (мимикрия) қорғаныш рең** , өсімдіктер мен жануарлардың табиғаттың белгілі бір өлі затына және тірі организмдерге ұқсауы, немесе
Кейбір қауіпсіз жәндіктер пішіні, реңі және мінез-құлқы тұрғысынан улы, шағатын, қауіпті жәндіктерге ұқсайды.Мысалы, ақ көбелек жағымсыз иісті ,ащы дәмді, ашық реңді жеуге жарамайтын геликонида тұқымдасына жататын көбелекке, гүл көбелегі жабайы араға, усыз жыландардың улы жыландарға ұқсауы.
Өсімдіктердегі еліктеуші реңнің мысалдары. Өсімдіктердегі еліктеуші рең- жануарларды қызықтырып тарту немесе үркіту үшін қажет.
Әдетте, белозор өсімдігінің нектар шырыны болмайды, алайда сыртқы түрі балды өсімдіктерге өте ұқсас болып келетіндіктен, оларға жәндіктер қонып, тозаңдандырады.
Жәндікқоректі өсімдіктердің гүлдері өте ашық реңді, сондықтан жәндіктер оларға қонып, өзінің қақпанға қалай түскенін білмей қалады, орхидея өсімдігінің иісі мен пішіні кейбір жәндіктердің аналығына ұқсас болғандықтан, аталық жәндіктер еріксіз гүлге қонып, тозаңдандырады.
Алайда, бейімделудің барлығы да салыстырмалы сипатта, яғни бейімделу тек нақ осы жағдайда ғана пайдалы, егер жағдай өзгерсе, бейімділік пайдасыз болып қалады, тіпті зиянды да болуы мүмкін. Мысалы, сары шекшекке қарағанда жасыл шекшек шөп сарғайғанға дейін ғана тіршілігін сақтап қалады, бұдан соң оларды құстар оңай байқайды.Сөйтіп, мамырдағы жақсы жағдай, маусым –тамызда жаман жағдайға айналады. Ауа райының ылғалдылығы жеткілікті болғанда ғаламшарда қосмекенділер үстемдік етті,климат құрғақ және жылы ауа райында оларды жорғалаушылар алмастырды, ал климат суытқан кезде, олардың бейімділігі жарамсыз болып құстар мен сүтқоректілерге орын берді.
**Заманауи ойындар. №1-ойын «Озон»**
Қазіргі таңдағы дүние жүзін алаңдатып отырған маңызды экологиялық мәселелердің бірі жер бетіндегі тіршілік иелерін күннің зиянды ультракүлгін сәулелерінен қорғайтын озон қабатының бүлінуі, яғни лас химиялық қосылыстардың әсерінен тесіктердің пайда болуы.
Алдарыңдағы экранды озон қабаты деп есептейміз, онда жаңа тақырыпқа қатысты сөйлемдер жазылған, бірақ сөйлемнің кейбір жерлері бос, сол бос жерлерді толтыру арқылы біз озон қабатының қалпына келуіне ат салысамыз.
1. Организмдердің нақтылы орта жағдайларында тіршілік етіп, тірі қалып, ұрпақ қалдыруын қамтамасыз ететін жаңа қасиеттердің пайда болуын **0** деп атайды
1. Бейімделушіліктің қалыптасуы **0** пен **0** тікелей байланысты.
2.Бейімделушіліктің мынадай түрлері бар: **0, 0, 0, 0,0, 0,0**
3.Айналадағы ортамен түсінің, дене пішінінің сәйкес келіп, жауынан қорғану 0 рең деп аталады.
4. Қарсыласын абдырату немесе үркіту жолы **0** деп аталады
5 Улы, шағатын,күйдіретін жәндіктерге тән бейімделгіштік -0 рең.
6. Көбейген кезде пайдалы болатын **0** рең.
7. Кейбір қауіпсіз жәндіктер пішіні, реңі және мінез-құлқы тұрғысынан улы, шағатын, қауіпті жәндіктерге ұқсауы **0** реңге жатады.
**№ 2 –ойын. Бес жолды тұжырым**.
**1. Зат есім**. **2. Антонимдер**. **3. Сын есім**. **4. Етістік 5. Синонимдер**
**№3-ойын. «Белсенді шеңбер»**
Мұнда оқушылар шеңбер бойынша орналаса отырып, барлығы беімделушіліктің түрлеріне мысалдар келтіреді.
Төрешіге сөз және төрешіге сұрақ.
**Қорытынды. Оқушыларды бағалау. Үйге тапсырма беру.**
* * * * * *

**Неталиева Ф.С. – магистр математики, учитель математики высшей категории Подстепновской ОСОШ №1 Теректинский район, Западно-Казахстанская область**



**Тема доклада:** Об одном приеме быстрого запоминания табличных значений тригонометрических функций учащимися 9-10-х классов.

**Предмет математики столь серьезен, что не следует упускать ни одной возможности сделать его более занимательным. (Блез Паскаль, французский математики 17 века)**

**Многие учащиеся сталкиваются с такой проблемой, что они не могут никак запомнить значения синусов, косинусов, тангенсов, котангенсов основных углов. В данном докладе я хочу поделиться с тем, как можно эту проблему решить и научить учащихся 9-10 классов быстро запомнить табличные значения тригонометрических функций.**

Еще в 1905 г. читатели могли прочесть в книге американского философа и психолога 20 века Уильяма Джеймса "Психология" его рассуждения о том, "почему зубрение представляет такой дурной способ учения?

"Знания, приобретенные путем простого зубрения, почти неизбежно забываются совершенно бесследно. Наоборот, умственный материал, набираемый памятью постепенно, день за днем, в связи с различными контекстами, связанный ассоциативно с другими внешними событиями и неоднократно подвергший обсуждению, образует такую систему, вступает в такую связь с остальными сторонами нашего интеллекта, легко возобновляется в памяти массою внешних поводов, что остается надолго прочным приобретением".

С тех пор прошло более 100 лет, а слова эти поразительно остаются злободневными. В этом каждодневно убеждаешься, занимаясь со школьниками. Массовые пробелы в знаниях настолько велики, что можно утверждать: школьный курс математики в дидактическом и психологическом отношениях – не система, а некое устройство, поощряющее кратковременную память и нисколько не заботиться о памяти долговременной.

Знать школьный курс математики – значит владеть материалом каждого из направлений математики, быть в состоянии актуализировать любое из них в любое время. Чтобы достичь этого, нужно систематически обращаться каждому из них, что порой не всегда возможно из-за сильной загруженности на уроке.

Есть другой путь долговременного запоминания фактов и формул – это опорные сигналы.

Тригонометрия – один из больших разделов школьной математики, изучаемой в курсе геометрии **8, 9 классов и в курсе алгебры 9 класса, алгебры и начал анализа в 10 классе.**

В изучении тригонометрических функций в школе можно выделить два основных этапа:

Первоначальное знакомство с тригонометрическими функциями углового аргумента в курсе геометрии и алгебры (8-9 класс).

Систематизация и расширение знаний о тригонометрических функциях в курсе алгебры и начал анализа (10-11 класс ).

На первом этапе не доказывается и не уточняется, что изучаемые зависимости являются функциями. Изменение синуса и косинуса при изменении угла доказываются на основе свойств наклонной. Эти понятия достаточно абстрактны для курса геометрии, поэтому усваиваются довольно плохо. Но еще большие трудности вызывает переход к аргументу, большему $90^0$. Ведь мы определяли тригонометрические функции через отношение сторон прямоугольного треугольника, а, как известно, в прямоугольном треугольнике не может быть угла с градусной мерой, большей $90^0$. Для объяснения этого факта уже на этом этапе приходится рассматривать окружность, и это является своеобразной пропедевтической работой для введения тригонометрических функций числового аргумента с помощью окружности в курсе алгебры и начал анализа.

На втором этапе происходит переход от углового аргумента к числовому. С самого начала курса мы должны рассматривать тригонометрические функции углов любой величины – значит предварительно нужно познакомить учеников с углом как с величиной, способной изменятся от $-\infty$ до $+\infty$. В курсе геометрии такое понятие не фигурировало, следовательно, это необходимо восполнить на втором этапе. Таким образом, возникает необходимость введения числовой окружности, работу с которой целесообразно провести также на втором этапе.

Самый большой объем изучаемого материала по тригонометрии приходится на долю 9-10 классов. Большую часть этого материала из тригонометрии можно изучить и запомнить на тригонометрическом круге (окружность единичного радиуса с центром в начале прямоугольной системы координат).

1) Радианное измерение углов на тригонометрическом круге.

После введения радианной меры угла (1 радиан – это центральный угол, которому соответствует длина дуги, равная длине радиуса окружности), учащиеся делают вывод, что радианное измерение угла – это числовое значение угла поворота на окружности, равное длине соответствующей дуги при повороте начального радиуса на заданный угол.

Виды числовой окружности

















***Тригонометрическая окружность***






По этим наглядным рисункам учащимся будет более понятно следующий принцип: косинус угла – это абсцисса точки на*тригонометрической окружности*, которая соответствует данному углу; синус угла – это ордината точки на тригонометрической окружности, которая соответствует данному углу.

Например по представленному рисунку видно, что косинус нуля градусов равен 1, косинус 120 градусов равен -0,5 и так далее.

Все понятия и формулы тригонометрии получают сами ученики под четким руководством учителя с помощью тригонометрического круга. В дальнейшем этот "круг" будет служить для них *опорным сигналом* или внешним фактором для воспроизведения в памяти понятий и формул тригонометрии.

Изучение тригонометрии на тригонометрическом круге способствует:

выбору оптимального для данного урока стиль общения, организации учебного сотрудничества;

целевые ориентиры урока становятся личностно значимыми для каждого ученика;

новой материал опирается на личный опыт действия, мышления, ощущения учащегося;

урок включает в себя различные формы работы и способы получения и усвоения знаний; присутствуют элементы взаимо- и самообучения; само- и взаимоконтроля;

имеет место быстрое реагирование на непонимание и ошибку (совместное обсуждение, опоры-подсказки, взаимоконсультации)

Определение синуса, косинуса, тангенса и котангенса. После введения понятия тригонометрического круга (окружность единичного радиуса с центром в начале координат), начального радиуса (радиус окружности по направлению оси Ox), угла

поворота, учащиеся самостоятельно получают определения для синуса, косинуса, тангенса и котангенса на тригонометрическом круге, используя определения из курса геометрии, то есть, рассматривая прямоугольный треугольник с гипотенузой, равной 1. (Косинусом угла называется абсцисса точки на окружности при повороте начального радиуса на данный угол. Синусом угла называется ордината точки на окружности при повороте начального радиуса на данный угол.)
Понятия тангенса и котангенса можно вводить двояко: как отношение синуса к косинусу (косинуса к синусу) и как ординату (абсциссу) точки пересечения касательной к окружности в точке (1;0) ((0;1)) и прямой $OP_\alpha$.



Рис.

Значения тригонометрических функций
Предлагаю вам алгоритм, благодаря которому учащиеся легко и быстро, за короткое время смогут восстановить в памяти все значения тригонометрических функций:
1. Записываем в строчку углы от 0 до 90 градусов. Слева в столбик запишем сначала синус, затем косинус аргумента:

| | $0°$ | $30°$ | $45°$ | $60°$ | $90°$ |
|---|---|---|---|---|---|
| $\sin\alpha$ | | | | | |
| $\cos\alpha$ | | | | | |

2. Напротив синуса пишем числа от нуля до четырёх (под значениями углов). Напротив косинуса от 4 до 0:

| | $0°$ | $30°$ | $45°$ | $60°$ | $90°$ |
|---|---|---|---|---|---|
| $\sin\alpha$ | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 |
| $\cos\alpha$ | 4 | 3 | 2 | 1 | 0 |

3. Далее извлекаем корень:

| | $0°$ | $30°$ | $45°$ | $60°$ | $90°$ |
|---|---|---|---|---|---|
| $\sin\alpha$ | $\sqrt{0}$ | $\sqrt{1}$ | $\sqrt{2}$ | $\sqrt{3}$ | $\sqrt{4}$ |
| $\cos\alpha$ | $\sqrt{4}$ | $\sqrt{3}$ | $\sqrt{2}$ | $\sqrt{1}$ | $\sqrt{0}$ |

4. Делим на 2:

| | $0°$ | $30°$ | $45°$ | $60°$ | $90°$ |
|---|---|---|---|---|---|
| $\sin\alpha$ | $\frac{\sqrt{0}}{2}$ | $\frac{\sqrt{1}}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $\frac{\sqrt{4}}{2}$ |
| $\cos\alpha$ | $\frac{\sqrt{4}}{2}$ | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{\sqrt{1}}{2}$ | $\frac{\sqrt{0}}{2}$ |

5.Вычисляем:

| | $0°$ | $30°$ | $45°$ | $60°$ | $90°$ |
|---|---|---|---|---|---|
| $\sin\alpha$ | 0 | $\frac{1}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | 1 |
| $\cos\alpha$ | 1 | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{1}{2}$ | 0 |

Мы получили значения синуса и косинуса углов от 0 до 90 градусов. Далее, зная формулы тангенса и котангенса:

$$\operatorname{tg}\alpha = \frac{\sin\alpha}{\cos\alpha} \qquad \operatorname{ctg}\alpha = \frac{\cos\alpha}{\sin\alpha}$$

вы сможете найти значения для указанных углов.

Например:

$$\operatorname{tg} 30^\circ = \frac{\sin 30^\circ}{\cos 30^\circ} = \frac{\frac{1}{2}}{\frac{\sqrt{3}}{2}} = \frac{1}{\sqrt{3}}$$

$$\operatorname{ctg} 30^\circ = \frac{\cos 30^\circ}{\sin 30^\circ} = \frac{\frac{\sqrt{3}}{2}}{\frac{1}{2}} = \sqrt{3}$$

$tg0^0$ =0/1=0, а $ctg0^0$ =1/0 на ноль делить нельзя, поэтому не определен и ставим прочерк «-» или в некоторых литературах ставят знак бесконечности «∞». И таким образом, для тангенса и котангенса любого угла получим следующую таблицу:

| Функция | Аргумент | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 0 (0°) | (30°) | (45°) | (60°) |
| sin α | 0 | | | |
| cos α | 1 | | | |
| tg α | 0 | | 1 | |
| ctg α | - | | 1 | |

Можно расширить диапазон углов и записать углы от 0 до 180 градусов, но тогда нужно учитывать знаки тригонометрических функции во 2 четверти, и затем также учитывая знаки тригонометрических функции в 3 и 4 четвертях заполнить таблицу от 180 до 360 градусов.

Знаки тригонометрических функции

Таким образом вместе с учащимися мы получим следующую заполненную таблицу:

| Функция | Аргумент $t$ | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 0 | $\frac{\pi}{6}$ 30° | $\frac{\pi}{4}$ 45° | $\frac{\pi}{3}$ 60° | $\frac{\pi}{2}$ 90° | $\frac{2\pi}{3}$ 120° | $\frac{3\pi}{4}$ 135° | $\frac{5\pi}{6}$ 150° | $\pi$ 180° | $\frac{7\pi}{6}$ 210° | $\frac{5\pi}{4}$ 225° | $\frac{4\pi}{3}$ 240° | $\frac{3\pi}{2}$ 270° | $\frac{5\pi}{3}$ 300° | $\frac{7\pi}{4}$ 315° | $\frac{11\pi}{6}$ 330° | $2\pi$ 360° |
| $\sin t$ | 0 | $\frac{1}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | 1 | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{1}{2}$ | 0 | $-\frac{1}{2}$ | $-\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $-\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $-1$ | $-\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $-\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $-\frac{1}{2}$ | 0 |
| $\cos t$ | 1 | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{1}{2}$ | 0 | $-\frac{1}{2}$ | $-\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $-\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $-1$ | $-\frac{\sqrt{3}}{2}$ | $-\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $-\frac{1}{2}$ | 0 | $\frac{1}{2}$ | $\frac{\sqrt{2}}{2}$ | $\frac{\sqrt{3}}{2}$ | 1 |
| $tg\, t$ | 0 | $\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 1 | $\sqrt{3}$ | – | $-\sqrt{3}$ | $-1$ | $-\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 0 | $\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 1 | $\sqrt{3}$ | – | $-\sqrt{3}$ | $-1$ | $-\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 0 |
| $ctg\, t$ | – | $\sqrt{3}$ | 1 | $\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 0 | $-\frac{\sqrt{3}}{3}$ | $-1$ | $-\sqrt{3}$ | – | $\sqrt{3}$ | 1 | $\frac{\sqrt{3}}{3}$ | 0 | $-\frac{\sqrt{3}}{3}$ | $-1$ | $-\sqrt{3}$ | – |

Изучение тригонометрических функций будет более эффективным, в том случае когда:

38 перед введением тригонометрических функций проведена достаточно широкая пропедевтическая работа с тригонометрической окружностью;

39 тригонометрическая окружность рассматривается не только как самостоятельный объект, но и как элемент декартовой системы координат;

40 каждое свойство функций четко обосновано и все они сведены в систему.

Приобретая вышеперечисленные навыки, учащиеся тем самым получают арсенал средств, достаточный для более основательного исследования и построения графиков тригонометрических функций, для решения тригонометрических уравнений и неравенств.

Материалы данного доклада имеют практическую и методическую значимость и могут быть использованы учителями при изложении темы «Тригонометрические функции» в курсе алгебры и математического анализа в 9-10 классах и при подготовке с учащимися к ЕНТ.

**Список литературы:**


- Выгодский М.Я.Справочник по элементарной математике. - М.: АСТ Астрель, 2013. - 509с.
- Денищева Л.О. Теория и методика математике в школе М., БИНОМ Лаборатория знаний, 2011
- . Шыныбеков А.Н. Алгебра. Учебник для 9 класса общеобразовательной школы. «Атамура», 2013.


* * * * * *

## АШЫҚ САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ: «АВСТРАЛИЯ»

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы, Подстепный № 1 ЖОББМ**
**География пәні мұғалімі Мұхамбеталиева Ж.С**

**Пәні:География Сынып:**7а **Уақыты:**9.12.15
**Тақырыбы:**Австралияның географиялық -физикалық орны.
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік мақсаты:**Оқушыларға жаңа сабақты мазмұндау. Австралияның географиялық орнын, зерттелуін, жер бедері мен пайдалы қазбаларының даму ерекшеліктерін ғылыми деректерді пайдаланып ,тереңдете меңгерту.
**Дамытушылық мақсаты:**Білімге құштарлығын, дүние танымдылық көзқарасын, картамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра отырып және өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту.
**Тәрбиелік мақсаты:**Ғылыми деректерге сүйене отырып, халықтық тәрбие үлгілерін қолдану, өсіп-өркендеу тұрғысынан дұрыс қабылдауға, ұлтаралық сыйластыққа, шындыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.
**Сабақ көрнекілігі:**Дүниежүзінің физикалық картасы, саяси картасы, атлас, кескін карта, оқулық, қосымша оқулықтар, интерактивті тақта, плакаттар.
**Сабақтың әдісі: СТО,**топпен жұмыс, картамен жұмыс
**Сабақтың барысы: І.**Ұйымдастыру бөлімі. Оқушыларды сабаққа дайындау.
Топтарға бөлу.Материк,Карта,Глобус
Өткен материктер бойынша сұрақтар қою. «Білім бәйгесі»
**І- топ.Материк**

- Африкадағы ең ұзын көл
- Солтүстік Америка даласы
- Жер шарындағы 2-ші орындағы материк
- Ең үлкен арал
- Мұз басу әсерінен қалыптасқан тік жағалы, терең тар шығанақты не дейміз?
- Ең кішкентай құс
- Африканың шөптесін өсімдіктер мен бұталы ағаштар өсетін даласы
- Дүние жүзіндегі ең терең шұңғыма қалай аталады?

**ІІ- топ.Карта**

- Африканың ең биік нүктесі
- Бразилия Саваннасы қалай аталады?
- Дүниежүзінде ең биікте жатқан көл
- Дүние жүзіндегі әйгілі цейлон шайы мен үнді шайы өсірілетін ел
- Евразиядағы ең биік жанартау
- Вельвичия өсімдігі қайда өседі?
- Африкадағы кеуіп қалған өзен арнасы қалай аталады?

**ІІІ-топ.Глобус**

- Бразилия Саваннасы
- Ең ылғалды жасыл материк
- Суккулент дегеніміз не?
- Анд тауының символы болған жануар?
- Атакама шөлі қай тауда орналасқан?
- Гуано дегеніміз не?
- Табиғи каучук алынатын ағаш

**ІІ. Үй тапсырмасын бағалау**

**І. Қызығушылықты ояту**

Ертеде ренжіп мен аралдарға
Кетіп ем жылжып өзге жағалауға
Оңтүстік жарты шарды мекен еттім
Талайлар көшіп келді паналауға
    Сондайлық аспан тірер тауларым жоқ
    Ойпат көп, шығысымда жоталар көп
    Шағыл мен құм бадасады баурайымды
    Сөнбеген өзгелердей жанартау жоқ
Тұрсамда ортасында мұхиттардың
Суына жауын-шашын қанықпадым
Оңтүстік тропигі кесіп өтіп,
Шудаларын бұлттардың кептірмей жүр
    Менде бар жануарлар өзгеде жоқ
    Қалталы аю, қалталы кенгуру көп
    Мен өзім кіп-кішкентай болғанменен
    Материктің сыры мен жұмбағы көп

**ІІІ Жаңа сабақ**./слайд1/

«Есте сақтау үшін» стратегиясы бойынша қажетті мәліметтерді дәптерге түсіріп алу.
Ауданы. 7,7млн.км² халық саны. 19,2 млн /2000/ мем.тіл – ағылшын.
Астанасы — Канберра

Австралияның жабайы табиғаты, оның тамаша жағажайлары жақсы демалуға спортпен шұғылдануға мол мүмкіндік береді. Мұнда күнге қыздырынуға және шомылуға, еліне саяхат жасауға және тау шаңғысымен жүзе аласыздар.
Австралия халқының саны 19 млн. Негізгі халқы – аборигендер шамамен — 228 мыңдай. Халықтың көбі материк пен аралдардың шығыс жағалауында тұрады. Ағылшын тілінде сөйлейді. Аустралия тек қана –аустраля одағынан тұрады. Оңтүстік жартышарда орналасқан. Қыс айлары: маусым, шілде, тамыз. Матерктің шығысында тынық мұхиты, батысында үнді мұхиты жатады. Аустралияның көп бөлігі тропиктік және субтропиктік белдеуде орналасқан. Орта есеппен шілдеде -12 -20 С болса, қаңтарда +20 +30 С болады.
Аустраляға бара қалсаңыз ол жақтың асханаларына соқпай кеткен жөн болмас. Ол жақта сізге қолтырауын, кенгуру еті және қоңыздар мен құрттар, теңіз жәндіктері мен жемітерден ас дайындап береді.
Аутралияда мерекелік күндер аса көп емес. 1-қаңтар жаңа жыл, 26- қаңтар тәуелсіздік күні, 14-маусымда королева Елизаветаның туған күні, 25-28 желтоқсан рождество.

**1.Жаңа материкпен танысу**

І-топ. Материктің географиялық орнын анықтау.
ІІ-топ Қандай климаттық белдеулерде орналасқан?
ІІІ-топ. Жер бедері мен пайдалы қазбалары.

**2. Кескін картамен жұмыс**

- тапсырма. Материктің шеткі нүктелерінің координатын анықтау
- тапсырма. С-О-нің Б-Ш-ның арақашықтығын есептеу.

тапсырма.Шектесетін мұхиттар мен теңіздерін анықтау.

**3.Адасқан объектіні табу**

- Тынық арал
- Тасмания шыбын
- Цеце көл
- Таньганика мұхит
- Анхель шөл
- Гималай сарқырама
- Панама өзен
- Амазонка тау
- Сахара канал

**4.Семантикалық карта**

| Қ/с | Атауы | Арал | Астана | Биік нүкте | Тау | Өсімдік | Жануар | Көл | Өзен |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Эйр | | | | | | | | |
| 2 | Тасмания | | | | | | | | |
| 3 | Кенгуру | | | | | | | | |
| 4 | Эвкалипт | | | | | | | | |
| 5 | Муррей | | | | | | | | |
| 6 | Мыс, никель | | | | | | | | |
| 7 | Эму түйеқұсы | | | | | | | | |
| 8 | Косцюшко | | | | | | | | |
| 9 | Канберра | | | | | | | | |
| 10 | Ж.Гвинея | | | | | | | | |

**5. Кім жылдам?**

В А Л П И Э К Т - Эвкалипт
Н С А А Н В А - Саванна
Е Г У К У Р Н - Кенгуру
О Ц К О С К Ш Ю - Косцюшко
Х Д А Е И Н - Ехидна
А Л А К О - Коала
Н О Г Д И - Динго
И В И К - Киви
М Э У – Эму

**6.. «Бұл не?»** Төменде берілген сөздердің қандай нысана екенін, не мағына білдіретінін тауып айту.
Эйр
Муррей
Жаңа Гвинея
Үлкен Тосқауыл Рифі
Динго
Эму
Крик
Дарлинг
Эвкалипт
Коала
Конберра

**7.Картадан мына нысандарды көрсету:**

1-топ.1.Костцюшко тауы
2-топ.2.Виктория шөлі
3-топ.3.Сейдней қаласы
**IV Бекіту**

.Оқушылардың білімін жинақтап бекіту мақсатында «тақырыптық сөзжұмбақ» шешу.
Сұрақтары:
1.Пайдалы қазба /алтын/
2.Ірі маржандық құрылым /Үлкен Тосқауыл/
3.Биік тау /Косцюшко/
4. Аустралияның оңтүстігінде орналасқан материк /Антарктида/
5. Ежелгі халқы /аборигендер/
6.Материктің оңтүстік шығысында орналасқан арал /Тасмания/
7.Мемлекеттік тілі /ағылшын/
8.Аустралиядағы өзен /Дарлинг/
9.Жер туралы оқытатын оқулық/География/
**V Қортынды**.Оқушыларға бүгінгі сабақты бағдаршам бойынша бағалату.
Қызыл-өте жақсы 5ке бағалаймын.
Сары-жақсы,түсінбегендерім бар 4
Жасыл-түсінбедім,ұнамады 3 .Өз ойларын стикерге жазып,бағдаршамға жапсырады.
Бағалау
Үйге тапсырма:§ Австралия

* * * * * *

## ТАҚЫРЫБЫ: ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕ

**Батыс Қазақстан облысыТеректі ауданыПодстепный № 1 ЖОББМ**
**Аскарова Нургуль Сансызбаевна Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

**Мақсаты:** халықтық педагогиканы негізге ала отырып, оқушыларды ұлттық салт –дәстүр, әдет-ғұрпын үйренуге және сыйлап құрметтеуге шақыру; ата-дәстүр үрдісін ұстанғысы келетін кез – келген оқушының күнделікті танымдық қоржынын қомақтандыру, ой – өрістерін ұштау; ұлтына жанашыр ұрпақ тәрбиелеу.
***Түрі:*** танымдық жарыс
***Әдісі:*** сұрақ- жауап, сайыс, топтық жарыс
***Көрнекілігі:*** компьютер, тасымалдағыш құрылғы, слайдтар, әріптер
жазылған қиықшалар, эмблемалар
***Пән аралық байланыс:*** әдеп, тарих, әдебиет
**Эпиграфы:** «Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды» Ғ.Мұстафин
**Ұйымдастыру кезеңі.**
1. 1918 жылдан бері қарай 14-наурызда көрісу дәстүрі қолданылып келеді. Көрісу дәстүрі бойынша келген қонақтармен көрісіп шығамыз.
**Кіріспе.** Қазақ халқының көнеден келе жатқан салт – дәстүрлері, ырымдары өте көп. Қазақ «қазақ» деген атын осы кезге дейін қазақи салт - дәстүрлерімен, ырымдарымен, той – мереке, тағы басқа да жол – жоралғыларымен талай елді таң қалдырып келеді. Ата- бабамыздың қалдырған асыл мұрасын қадірлеп, жоғалғанды жаңғыртып, қайта жаңартатын ендігі болашақ ұрпақтың өз қолында.
Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдында тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпағын тәрбиелеу. Жан – жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт – дәстүрінен дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады.
Қазақтың салт- дәстүрінде көп мән – мағына бар. « Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен» дегендей, көп әдепті де, тәртіпті де, тәрбиені де қазақтың салтынан үйренуге болады. Себебі, салт-дәстүр тұнып тұрған тәрбие. Бүгінгі тәрбие сағатымыз негізгі тақырыбы сол әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты болады.
Ендеше салт-дәстүріміздің бастамасында шашумен бастауға рұқсат етіңіздер.
Шашу, шашу шашайық,
Ақ сандықты ашайық.
Бұл мереке, бұл тойда,
Керемет рәсім жасайық.
Шашу – қуаныш айғағы ретінде жасалатын салтанатты дәстүр.
Шашу кезінде оқушылар мен сіздерге шын жүректен ақ тілектер жолдадым.
Ендеше балалар, алдарыңыздағы тәтті кәмпиттеріңізге салынған тілектерді бір - біріңізге оқып, сіздерде тілек жолдаңыздар.

**Қара жорға биі (4 сынып оқушылары)**

Тәрбие сағатымыз жарыс түрінде ұйымдастырылатын болғандықтан, алдымен әділқазы мүшелерімен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.
Әділқазылар мүшелері: _______________________________________________--
**I кезең** *Ат қою - жаңа туған сәбиге ат қою ерекше салтанатты ғұрыптардың бірі. Ат қоюға қазақ халқы ерекше көңіл бөлген.(топ атымен таныстыру)*
v**Топтың аты «Тұмар» Тұмар**- молдаларға оқытып ,үшбұрыштап матаға немесе теріге тігіп кішкентай баланың мойнына тағып қоятын нәрсе. Бұл пәле-жаладан, тіл, көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген ұғымнан туған.
Сол заттың атауын ырым етіп біз өзіміздің топтың атына қойдық.
v**Топтың аты «Тұлым» Тұлым** –баланың кішкентай кезінде шашын өсірмей екі шекесіне екі шоқ шаш қояды.

Мұны**«тұлым»**деп атайды. Тұлым көбінесе қыз балаға қойылады және ол сәбиге лайықты ғұрып. Біз өз тобымызды сол әдет-ғұрып атауымен атауды жөн көрдік.
**ІІ кезең Дыбыстар сөйлейді:** Алдымен дыбыстарды таңдап алады. Оқушылар өздеріне тиісті дыбыстан басталатын сөзбен жауап беру керек. Ол нақты және тапқырлықпен берілген жауап болу керек
**Д:** 1. Киіз үйдің пішіні қандай?
2. Қазақтың ұлттық аспабы?
3. Болашақта кім боласың?
**Ә:** 1. Алфавит қазақша қалай аталады?
2. Киіз басушы кімдер?
3. Әнді кімнен үйренесің?
**С:** 1.Қуанышты хабар жеткізуші адам не сұрап келеді?
2.Сен жақсы көретін мамандық?
3. Қыз баланың ұлттық бас киімі?
**Т:**1. Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып?
2.Бала мектепке барарда қандай той жасайды?
3. Ұлттық киімдер білесің бе?
**Ү**: 1.Жақсы оқисың ба?
2. Музыка тыңдайсың ба?
3. Білімді кім береді?
**Р:**1. Аспаздың жұмысы ұнай ма?
2. Сен қате жазасың ба?
3. Жаңа жылды қайда тойлайсың?
Бауырласқан жанымыз,
Бұзылмасын антымыз.
Кең даланың ежелгі
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де
Бар дәстүр мен салтымыз.
Балалар адам дүниеге келген күннен бастап орындалатын қандай салт - дәстүрлерді білеміз?
-Шілдехана;
-Бесікке салу;
-Қырқынан шығару;
- Тұсау кесер;
-Сүндет тойы;
- Тілашар, т.б.
**ІІІ кезең. Ойлан тап. «Шілдехана»** сөзі екі топқа беріледі. Екі топ белгіленген
уақыт ішінде сөздер құрап шығару керек. Нәтижесінде мағынасына, сөз санына қарай ұпай беріледі.

**Қазақ биі «Бипыл»**

**ІV кезең. «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салты бойынша сахналық қойылым.**

**(алғашқы ұстазы мен қазіргі ұстазы көмек көрсетеді)**

**V кезең. Базарлық (дәстүр)-** алыс сапарға шыққан адамдардың жақындарына әкелген сыйлығы. (әділ қазылардың сауалдары)
1. Мал сүйегін пайдаланып ойналатын ұлттық ойын түрлерін ата.
2. Қойшылар ойлап тапқан ұлттық ойын?
3. Үйленген ұлға ата-анасы не береді?
4. Қазақ халқының үйлену тойында қандай ән айтылады?
5. Бала дүниеге келгенде болатын той?
6. Әшекей бұйымдар жасайтын адамдарды кім деп атайды?
7. Ұлттық діни мейрам қалай аталады?
8. Бала алғаш рет қадам басқанда жасалатын рәсім?
9. Ата-ана, әке- шешенің үйін қазақ халқында қалай атайды?
10. Бір бұйымтай сұрау қандай салт?

**VІ кезең. Қолқа салу**- екі топ бір -біріне бейнеролик бойынша сұрақтарын
қояды? Сұрақ қою реті кезекпен болады. (3-5 сұрақ)
**VІІ кезең. Постер қорғау.**
Балалар, сендердің ойларыңша, салт – дәстүрлер бүгінгі қоғамға керек пе? Неге?
**VІІІ кезең. Сыбаға**– құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап сақталған кәделі ет мүшелері, тағам.
-Ораза айты кезінде айтылатын ән. (Жарапазан)
- Ауыл ортасына жаңа үй көшіп келсе, қоныстанса, сол ауылдың адамдары жаңа үйге ас пісіріп, табақ тартады. Бұл – жаңа адамдарды бөтенсіретпей өз ортасына тартудың, сыйласудың үлкен белгісі.Бұл қандай салт? (Ерулік)
Кездейсоқ қақпанға түскен аңды көріп, аңды алған адам аңшыға алғыс ретінде бір затты ұсынуы керек. Бұл не деп аталады? (баубағар)
**Қорытынды 1.Сүйінші.** Әділқазылар ұпайларды есептеп, жалпы нәтижесін хабарлайды. Марапаттау.
**2.Бата беру**
**Сөз соңы:** Дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сақтап жүре беріңіздер!
Рахмет! Сау болыңыздар.

* * * * * *

**Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Подстепный № 1 ЖОББМ**
**Муканова Г.Н. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы:Тұрлаусыз мүшелер. Толықтауыш**
**Сабақтың мақсаты**: Толықтауыш туралы түсініктерін кеңейту, түрлерін таныту; тұрлаулы мүшеден айырмашылығын ажырату, АКТ- ны тиімді пайдалану.
**Сілтеме:**1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық
2. Қазақ тілін оқыту әдістемесі
3. 8-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы
4. Портал материалдары
**Оқу нәтижесі:**Толықтауышты ажырата алады.Толықтауыш сұрағын қоя біледі. АКТ-ны пайдаланады.
**Негізгі идеялар:**Тұрлаусыз мүше толықтауышты түсіну.
**Сабақта қолданылатын материалдар:**интерактивті тақта,флипчарт,оқулық.
**Оқыту әдістері: Жаңа әдістер:**сұрақ- жауап, диалог. **АКТ, СТО**
**Бағалау Жеке, жұптық, топтық жұмыс**
**Түртіп алу, екі жақты күнделік**
**Дерек көздері:** 8 сынып оқулығы, интернет желісі,
**Тапсырмалар:** Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:
**I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу**(3 мин) 8.30-8.33 Мұғалімнің іс-әрекеті. Оқушының іс-әрекеті.
Топқа бөлу. Қағазға тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер жазылған. Оқушылар сол бойынша топқа бөлініп отырады**.**
**II. Үй тапсырмасын сұрау**( 5 мин )
41 33-8.38 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті. Екі топтың оқушылары бөлініп жаттығуды оқып шығады.
**III. Жаңа тақырып**(10 мин) 8.38-8.48 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті
Power Point таныстырылымы арқылы сабақты түсіндіру
**Қызығушылықты ояту**
(10 мин) 8.48-8.58 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті
Диалогқа түсу /сыныпқа сұрақ қою/
Тұрлаусыз мүшелер. Толықтауыш дегенде ойларыңызға не келеді? (жеке, топта, жариялау)
**Мағынаны ажырату**. Топқа нұсқау беріледі.
I топ.1. Сөйлемді сөйлем мүшесіне талдай отырып, толықтауыш қызметінде тұрған сөздің мағынасын анықтаңдар. Құлыншақ Абайға қарай түсіп, үлкен сары шақшасын тырнағымен сыртылдата қағып отырып, бір кезде көк бұйра насыбайын танауына құшырлана тартып қойды.
23 Толықтауыш қатынастағы сөз тіркестеріне талдау жасап, оларға тән белгілерді атаңдар. Қазіргі оқығаннан сіз ойлаған адамды таппадым.
II топ. Морфологиялық талдау жасай отырып, толықтауыш қызметіндегі сөздер қай сөз табынан жасалатынын анықтаңдар. Жаман сыйлағанды білмес. Татулықта табыс мол. Жүз-жиырма беске бөлінеді.
22. Толықтауыштық қатынастағы сөз тіркестеріне талдау жасап, толықтауышқа тән белгілерді анықтаңдар.
Өз мамандықтарың туралы батыл қиялдай беріңдер. Бұл мәселе жөнінде бес адам сөйледі. (жеке, топта, жариялау)
Power Point таныстырылымы арқылы көрсетіледі.
**Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері мыналар:**

- Толықтауыш атау жіне ілік септіктерден басқа септіктерде тұрып, затты нұсқайды. Кейде толық мағыналы сөзден кейін туралы, жөнінде, жайында деген септеулік шылаулардың бірі қосақталып тұрады.
- толықтауыш болатын сөз заттық мағынаны білдіреді. (көбінесе баяндауышпен байланысқа түседі)
- сұраулары аталған септіктердің Кім? Не? түбірлес болады.
- Байланысу түрі –меңгеру, жанасу. (ереже шығартылады)

**Жаттығу жұмыстарын орындатамын.** Екі топқа екі жаттығу беремін
I топқа 65- жаттығу.Берілген баяндауыш бойынша сұрақ орнына тиісті толықтауыш қойып, сөйлем құраңдар.
II топқа 66-жаттығу. Берілген сөйлемдерден тура және жанама толықтауыштарды тауып жазыңдар.
Оқушылар бағалау критерийлері бойынша бағаланады.Алдарыңа бағалау парақшалары беріледі әр тапсырманы оқушылар критерий бойынша балл қойып отырады, сабақ соңында қорытындыланады.
Постер жасату.Тұрлаусыз мүше. Толықтауыш
Постерді құрып,топтан бір адам шығып қорғау
**IV.Қорытындылау**(5 мин) 8.58-9.05 Мұғалімнің іс-әрекеті. Оқушының іс-әрекеті.
Венн диаграммасы :
Тұрлаулы мүше мен тұрлаусыз мүше. Салыстырмалы түрде ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жазу. Өзін-өзі критериалды бағалау.

- **Үйге тапсырмасын беру**(2 мин) 9.05-9.07 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті

ереже 60 бет. 67-жаттығу. «Толықтауыштың өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

- **Бағалау**(5 мин) 9.07-9.12 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті

Формативті бағалау
/шапалақ ұру арқылы оқушыларды бағалау/ Өзін өзі бағалау
**VII. Рефлексия**
(3 мин ) 9.12-9.15 Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті
Екі жақты күнделік жүргізу Сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын екі жақты күнделік арқылы жеткізу
Бағалау критерийлері:
**Үй тапсырмасы бойынша:**
1.Үй тапсырмасын дұрыс орындаған, ережені жаттап алған- 5 балл
2.Үй тапсырмасының жартысы ғана дұрыс, ережені дұрыс жаттамаған- 4балл

3.Үй тапсырмасын мүлдем дұрыс орындамаған- 3балл.
**Топтық жұмыс бойынша:**
1.Сөйлемдерді талдай алады, толықтауышты анықтайды- 5балл
2.Сөйлемдерді дұрыс талдай алмайды,толықтауышты ажыратуда қиыншылықтар кездеседі- 4балл
3.Сөйлемдерді талдай алмайды, толықтауышты мұғалімнің көмегінсіз ажырата алмайды- 3 балл.
**Жаттығу жұмыстары бойынша:**
- Жаттығуды қатесіз орындай алды, берілген баяндауыш бойынша сұрақ орнына тиісті толықтауыш қойып, сөйлем құрады.Тура және жанама толықтауыштарды ажырата алды- 5балл
- Жаттығуды жартылай дұрыс орындады, сұрақ орнына толықтауыш қояды,бірақ сөйлем құрай алмайды.Тура және жанама толықтауыштарды шатастырады- 4балл
- Жаттығуды орындай алмады, сұрақ орнына толықтауыш қоя алмады, сөйлем құрай алмады. Тура және жанама толықтауыштарды ажырата алмады- 3балл

**Постер қорғау жұмысы бойынша:**
1.Тақырыпты аша алған-5балл
2.Тақырыпты кең көлемде аша алмаған- 4балл
3.Тақырыпты мөлдем аша алмаған- 3балл
**Венн диаграммасы бойынша:**
1.Тұрлаулы мүше мен тұрлаусыз мүшені ажырата алады- 5 балл
2.Екеуінің ортақ және айырмашылықтарын ажыратуда аздап шатасады- 4 балл
- тұрлаулы мен тұрлаусыз мүшені ажырата алмайды- 3 балл

* * * * * *

**Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қайыңды ауылы**
**«Шапағат» балабақшасының тәрбиешісі Шарафиева Динара Равхатовна**

**Білім беру саласы:** Таным **Білім беру бөлімі:** Экология **Тақырыбы:** Үй құстары
**Мақсаты:**
**1.** Балаларға үй құстарын таныстыру, олардың тіршілігі мен пайдасын айтып, білімдерін, танымын жетілдіру.
**2.** Суреттер, үнтаспа, дид. ойындар арқылы сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
**3.** Үй құстарына қамқорлықпен қарауға, адамгершілікке тәрбиелеу.
**Әдіс - тәсілі:** Көрсету, сұрақ - жауап, дид. ойындар т. б
**Керекті құралдар:** Суреттер, үнтаспа, дидактикалық материалдар.
**Әрекет кезеңдері**
Балалардың оқу іс - әрекетіне әзірлеу.
**Тәрбиеші:** Балалар қараңдаршы бүгін біздерге көп қонақтар келіпті ,қане келген қонақтармен амандасайық.
**Амандасу:**

Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз.
Құрметпенен сіздерге,
Бас иеміз біз.

Саламатсыздар ма қонақтар.
**Тәрбиеші:**
-Балалар ,қазір жылдың қай мезгілі?
-Қазір көктем мезгілі.
-Айналамыздан қандай өзгерістер байқадыңдар?
-Күн жылынды,қар еріді,жылы жақтан құстар ұшып келе бастады.
-Жарайсыңдар балалар бүгін біздер осы құстар жайында әңгімелесеміз.
-Балалар құстардың екі түрі болады,оны біз білеміз.Дала және үй құстары болады.
-Сол құстардың ішінде бүгін біздер үй құстары жайында айтамыз.
-Қане құстарды бәріміз бірге атай қояйық .
(Суреттер бойынша құстарды атымен атау.)
-Балалар біздер неге осы құстарды үй құстары деп атаймыз.Қане бірге айта қояйықшы.
-Себебі бұл құстарды біздер үйде бағамыз,жем ,су,береміз.
-Дұрыс айтасыңдар балалар,біздер бұл құстарды қолдан тамақтандырымыз екен сол себепті үй құстары деп атайды екенбіз.
-Балалар бізге осы үй құстарының пайдасы өте көп екен қане,бірге атай қояйықшы.
-Жұмыртқасын жейміз,етін жейміз,жүнінен көпшік ,көрпе жасайды.
-Жарайсыңдар балалар енді біздер «Ненің дауысы?» ойынын ойнап жіберейік.
**Ойын:** «Ненің дауысы?»
**Мақсаты:**Үй құстарының дыбысын ажырата білу.Есту қабілеттерін дамыту.
**Ойын шарты:** Үнтаспадан үй құстарының дыбысын тыңдатып,қай құстың дауысы екенін тапқызу.
-Жарайсыңдар балалар сіздер құстардың дыбысын өте жақсы біледі екенсіздер,енді біздер осы құстардың балапандарын білеміз бе екен соны байқап көрейік.Ол үшін «Балапандарын тап» ойынын ойнап жіберейік.
**Ойын :** «Балапандарын тап»
**Мақсаты:**Үй құстарының балапандарын ажырата білу.
**Ойын шарты:** Үй құстарының балапандарын тауып, қарындашпен аналарына қарай сызу.
-Жарайсыңдар балалар.Енді шаршағанымызды басым денемізді сергітіп алайық.
**Сергіту сәті:** «Шөжелерім» әніне билеу.
**Тосын сәт:** Есік қағылып топқа тауық келеді.Ол балалармен амандасады. Ол өзінің балапандарын жоғалтып алғанын айтады.Көмектесулерін сұрайды.
Балалар тауықпен амандасады.

-Балалар біз тауыққа көмектесеміз бе?Тауық балапандарын жоғалтып алыпты.
-Иә көмектесеміз.
-Тауық бізбен бірге жүріңіз біздің балалар қазір сіздің балапандырыңызды тауып береді.
**Триз әдісі:**
Тәрбиеші біз тауыққа балапандарын табуға көмектесеміз дедік. Олай болса балалар біз мақтаны пайдаланып ,балапан суреті салынған қағаз бетіне балапанды жапсырамыз
(балалар мақтадан балапан бейнесін жапсырады.)
Балалардың жасаған жұмыстарын марапаттау арқылы көрмеге ілу.
**Саусақ жаттығуы:**
Бір саусағым тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ.
Қала салсақ жол салсақ.
**Тауық :** Балалар сіздерге рахмет ,мен енді балапандарымды алып үйіме қайтайын,сау болыңыздар.
(Тауық балапандарын алып шығып кетеді.)
Тауықпен қоштасу.
**Қорытынды:**
**Тәрбиеші:**
Балалар бүгін біздер не үйрендік?
Бізге қонаққа не келді?
Нені жапсырдық?
**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** Үй құстары туралы білу керек.
**Болу керек:**Үй құстарына қамқор болу керек.
**Жасай алуы:**Балалар тәрбиеші берген тапсырмаларды жасай ала білу керек.

* * * * * *

**Бабасова Гульжахан Кулболдиновна**
**КГУ «ОШ №132» пос. Атасу Жанааркинского района**
**учитель русского языка и литературы высшая категория / 1 уровень**

| **План коуч-сессии**<br>Тема: **Критериальное оценивание**<br>**Категория слушателей** учителя гуманитарного цикла | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Цель** | Изучение оценивания, как один из способов нахождения новых путей в обучении. | | | |
| **Ключевые идеи** | Формативное оценивание, суммативное оценивание, критериальное оценивание | | | |
| **Результаты обучения** | Применение различных способов оценивания в процессе обучения. | | | |
| **Время** | **Содержание коуч-сессии** | **Деятельность коуча (техника ведения вопросов)** | **Деятельность слушателей** | |
| 1 мин. | Организационный этап<br>Цель: создание коллаборативной среды для погружения в процесс обучения.<br>Коуч раздает участникам смайлики 3 цветов и просит присутствующих разделиться на 3 группы: 1 группа – розовые смайлики, 2 группа – желтые смайлики, 3 группа – зеленые смайлики. | | | |
| 3 мин. | Разминка | Коуч называет своё имя и просит участников назвать качество человека, начинающееся с той буквы, которая была последней в имени коуча. | Участники называют качество человека, начинающееся с той буквы, которая была последней в имени коуча. Затем свое имя называет тот, кто стоит рядом с коучем. И так по цепочке. | Разминка немного оживила первоначаль ную скованность участников сессии. |
| 4 мин. | Работа в группах | - Нарисуйте на постерах домик.<br>- Оцените свою работу.<br><br>- Проведите взаимооценку рисунков между группами. | - Рисуют домик<br>- Каждая группа оценивает свою работу.<br>- Проводят взаимооценку рисунков, | Знакомясь с рисунками других групп, каждая группа уже более |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | - Довольны ли вы полученной вами оценкой?<br>- Скажите, пожалуйста, совпала ли оценка вашей группы с оценкой ваших коллег? | используя стратегию «Большой палец» | критически отнеслась к собственным рисункам и старалась объективно оценить работу своих коллег. |
| 3 мин. | Рефлексия | - Вам понятно, почему у вас оценка ..?<br>- А вам поставили … почему?<br>- Когда вы ставили оценку, на что вы обращали внимание?<br>- Трудно было оценивать работу?<br>- Создаёт ли неудобства наша система оценивания?<br>- А какие они?<br>- Какие аспекты охватывает наша система оценивания?<br>- Всегда ли наши дети понимают, за что и почему им ставят ту или иную оценку? | Участники выдвигают идеи, делятся мнениями, предлагают свою точку зрения по предложенным вопросам. | Рефлексия помогла участникам согласиться с теми оценками, которые были выставлены их работам коллегами, хотя по некоторым аспектам 3 группа не была согласна с оценкой 2 группы. |
| 2 мин. | Задание: «Оцените домик согласно данным критериям» | Даются критерии оценивания домика на интерактивной доске. | Каждая группа сама оценивает свой домик по данным критериям согласно предложенным баллам. | Это задание помогло группам понять свои ошибки и сравнить полученные баллы с теми оценками, которые они поставили себе и которые они получили. |
| 3 мин. | Рефлексия | - Скажите, пожалуйста, изменилась ли ваша оценка?<br>- Как вы думаете, о каком оценивании идёт речь?<br>- Было ли оценивание понятным?<br>- Как можно назвать оценивание, которое вы провели? | Участники рефлексируют по предложенным вопросам. | Почти вся присутствующая аудитория говорила о том, что первоначальная оценка у многих изменилась. |
| 3 мин. | Презентация | Для того, чтобы способствовать пониманию «критериальное оценивание» предлагаем презентацию: «Что такое оценивание? Виды оценивания. Цели оценивания» | Участники смотрят презентацию. | |
| 2 мин. | Физминутка | Флэш-моб | Участники исполняют флэш-моб под музыку. | Никто не остался в стороне. |
| 8 мин. | Видео с урока | Применение критериального оценивания на практике. | Участники смотрят предложенное видео. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 мин. | Работа в группах | Составить критерии оценивания:<br>1 группа: Пересказ текста<br>2 группа: Чтение стихотворения наизусть<br>3 группа: Изложение с элементами сочинения на морально-нравственную тему | Участники составляют критерии оценивания по предложенным работам на постерах. | Работают дружно. |
| 5 мин. | Защита своих работ | Спикеры от каждой группы защищают свои постеры. | Спикеры от каждой группы защищали свои работы. | Каждая группа выставила свои работы, постеры были содержательные и красочные. Особенно отличилась 3 группа, предложив критерии оценивания изложения. Присутствующие записывали предложенные критерии в свои записные книжки. |
| 3 мин. | Рефлексия | Метод «Две звезды, одно предложение» относительно работы другой группы | Участники отмечают лучшие моменты в работах других групп и вносят свои предложения. | Эта рефлексия оживила аудиторию, каждый старался высказать свое мнение. |
| 1 мин. | Подведение итогов встречи | Для того, чтобы участники подвели главные итоги встречи коуч предлагает на стикерах написать свое мнение о проведенном коуч-сессии. | Участники на стикерах делятся своими впечатлениями о коуч-сессии. | Участники сами предложили разместить свои стикеры на постерах. |

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы**
**№89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектебі бастауыш сынып ІІІ деңгей мұғалімі**
**Шаисмаилова Севара Кадиркуловна**



| **Математика** | **4 сынып** |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Заттарды санау. Разрядтар мен кластарды құру.<br>Тура сұрағы болатын («...бірлік артық», «...есе артық») есептерді салыстыру |
| **Сілтеме** | Математика оқулығының әдістемесі,ғаламтор |
| **Сабақтың жабдығы** | суретті кестелер, қосымша тапсырмалар жазылған үлестірмелер. |
| **Жалпы мақсаттар**<br>**Оқыту нәти-жесі** | ***Тақырыбы:***Заттарды санау. Разрядтар және кластар.<br>Тура және жанама түрде тұжырымдалған есептер.<br>***Мақсаты:***Заттарды санау, разрядтар және кластар ұғымын кеңейту, тура және жанама түрде тұжырымдалған есептерді шеше білуді үйрету.<br>***Білімділігі:***Разрядтар және кластар ұғымы туралы білмдерін кеңейте отырып, білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;<br>***Дамытушылығы:*** Ойлау қабілеттерін, танымдық қабілеттерін дамыту;<br>***Тәрбиелігі:***Зейінділікке, белсенділікке, пәнге қызығушылыққа тәрбиелеу, белсенділігін арттыру; |

| | Мұғалімнің әрекеті | Оқушының әрекеті |
|---|---|---|
| **Бағалау парақшасымен таныстыру** | | |
| **Топқа бөлу** | Оқушыларға кесілген суреттер үлестіріледі. | Қолдарына алған қиындыларды құрастырып,сол бойынша топқа бөлінеді. Суреттерді тақтаға іледі. |
| **Ынтымақтастық атмосферасы** | Балалар, бір – біріңе қарап жымиыңдар, жайланып отырып, көздеріңді жұмыңдар. Менің айтқанымды іштеріңнен қайталаңдар.<br>Мен бақытты баламын,<br>Жан дүниемде күн нұрлы<br>Жылуым мол бойымда. | Оқушылар бір-біріне жақсы тілек тілеп, сыныпта жақсы ахуал қалыптастырады. |
| **Үй тапсырмасын пысықтау** | Көбейту кестесін еске түсіру<br>**Ауызша жұмыс.** *Зейінділік ойыны:*<br>Балалар карточкаға 5 секунд қарап, жатқа математикалық символдарды ретімен жазып шығу керек.<br>●<br><br>Метрмен нені өлшейміз? 1 дм неше см бар? 1 м неше дм бар? 1 м неше см бар?<br>**1. *түсіндіру, еске түсіру, қайталау.***<br>1). – Мына сандар қатарының қандай рет тәртібін енгізу керек? Мұндағы «артық» сандар қайсысы және олар неге «артық»?<br>10, 20, 30, 40, 55, 60. (55 – дөңгелек сан емес)<br>1, 7, 14,21,27. (1саны 7-ге бөлінбейді)<br>12, 23, 341, 48, 55, 67, 76. (341 – үш таңбалы сан)<br>24, 11, 13, 15, 17, 19, 19, 12. (24 – екі ондық бар)<br>№ 1. *карточка*<br>750 + 10= 760 900 – 130= 770 110 + 55 = 165<br>230 + 20= 250 800 – 450= 350 250 + 550 = 800 т.с.с.<br>№ 2. карточка<br>а). 256 : 4 – 15 3 = 64 – 45 = 19<br>ә). 500 – (693 – 446) = 500 – 247 = 253 б).(176 + 412) : 6 = 98 | Оқушылар тапсырмаларды ауызша және жазбаша түрде орындайды. |
| **Жаңа сабақ** | Оқулықтағы тапсырмаларды топтарда бөліп орындау.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Қосымша тапсырма:<br>1-ден 10-ға дейін санау.<br>10-10-нан санау, 100-100-ден санау.<br>ә) 10бірлік= 10; 10*10=100; 10*100=1000.<br>2-ші кластың бірлігі:<br>б) 1000, 2000, 3000, 4000, 5000, 6000.<br>1000*10=10000-1ондық мың деген сөз.<br>10000*10=1000000<br>бірлік, ондық, жүздік, бірлік класы<br>3 разрядтың бірлігі болады.<br>Бірлік мыңдық, ондық мыңдық, жүздік мыңдық мыңдар класын құрайды.<br>Кесте бойынша жұмыс жасау.<br>Оқулықта берілген тапсырмаларды топтарға бөліп орындату<br>**Қосымша тапсырмалар**<br>42 Газет 15 теңге тұрады. Осындай 4 газет қанша тұрады? (60)<br>43 Бақтиярдың 100 теңгесі болды. Ол 55 теңгеге журнал сатып алды. Бақтиярда қанша теңге қалды? (45)<br>44 Кітаптың 100 беті, журналдың 25 беті бар. Журналда кітапқа қарағанда қанша бет кем? (75)<br>45 Марат 65 теңгеге альбом және 70 теңгеге қарындаш сатып алды. Марат барлығы неше ақша жұмсады? (135) | |
| **Сергіту сәті** | 1.Атадан 10 боламыз,<br>Бір-бір жастан арамыз.<br>Қосылып кейде басымыз,<br>Азайып кейде қаламыз.<br>Бөлініп кейде арамыз,<br>Көбейіп те аламыз.(цифрлар)<br>2.Бүтін, бөлшек бөліктерден<br>Үтір айырып тұрады, | |

| | | |
|---|---|---|
| | Осы санның кім біледі<br>Аты қандай болады? (ондық бөлшектер)<br>3.Түзудің бір бөлігі<br>Екі шеткі нүкте көрігі<br>Ұзындығы және бар<br>Айтшы сыйлық сенікі (кесінді)<br>4.Нәрселерді санағанда<br>Керек ол бізге ауадай<br>Айтыңдаршы бұл қандай сан<br>Жаң-жағына қарамай? (натурал сандар)<br>5.Санасаң сан жетпейтін нүктелерден,<br>Құралған фигура бар қарапайым.<br>Салу үшін сен оны сызғыш ізде,<br>Бұл не өзі, бар ма, сірә, дара пайым. (түзу)<br>6.Дүниеде бүтін нәрсе бола бермейді<br>Көңілге армандаған қана бермейді.<br>Бүтін нәрсе бөлігін көрсететін,<br>Қандай сан бар, достарым, пікір демейді (жай бөлшектер) | |
| **Ой толғаныс** | **Екі таңбалы санға толық ондықты қосу. Екі таңбалы саннан толық ондықтарды азайту.**<br>**1-топ**<br>1) 23+10 43-10 60+35 92-60<br>17+30 65-30 42+40 83-50<br>40+54 94-60 39+20 48-30<br>20+72 85-40 48+30 72-60<br>2) 24+30-20 47+50-7 75-50+40<br>60+31-50 29+70-9 26-20+90<br>49-20-20 67-40+50 34+30-60<br>**2-топ**<br>1) 49*69 91*81 25*25+10<br>73*43 56*66 37*37-20<br>ә)45-40*6 72-40*35 49+20*30<br>22+70*91 63-50*15 95-40*52 | |
| **Сабақты бекіту** | Бүгінгі сабақта біз не істедік? | Саған қайсы тапсырма қиын болды? |
| **Үй тапсырмасы** | Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау | Оқушылар күнделіктеріне жазады |
| **Бағалау**<br>**Кері байланыс** | Бүгінгі сабақ ұнады ма?<br>Өз көңіл күйлерін стикерге жазу. | Бағалау парақшасын толтырады |

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылы**
**№ 7 «Бабыр» атындағы жалпы орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі**
**Хажиметова Хилала Фархадқызы**

| | |
|---|---|
| **Пәннің аты** | **Математика 2 сынып** |
| **Сабақтың атауы** | **Қосу және азайту. 45+23, 68-23** |
| **Мақсаты**<br>**Күтілетін нәтиже** | Мақсаттары: 45+23 және 68 - 23 жағдайларындағы қосу және азайту тәсілдерін меңгерту.<br>Оқушылардың танымдық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, табиғатқа қамқорлықпен тәрбиелеу.<br>Көрнекілігі: жазбаша қосу слайд, карточкалар, кесте<br>Әдісі: сұрақ - жауап, талдау<br>Түрі: жаңа сабақ |
| **+Психологиялық ахуал** | Психологиялық дайындық<br>Біз балдырған баламыз,<br>Құстай қанат қағамыз.<br>Дүниені аралап,<br>Оқып білім аламыз. |
| **Қызығушылықты ояту** | Қазір біз математика сабағы. Күндегіден ерекше сабақ. Сабаққа барлығымыз дайынбыз ба? Көңіл күйлерің қалай?<br>**Психологиялық дайындық**<br>**«Жүректен - жүрекке» шеңбері**<br>– Әрбір еркелетіп айтатын есім гүлге ұқсайды. Гүлдердің бәрі әдемі: раушан да, қызғалдақ та, бәйшешек те – бәрі де өзінше керемет, бәрі де адамға қуаныш сыйлайды. Біздің есіміміз де осындай керемет!<br>Онда жақсы көңіл күймен сабағымызды бастайық. |

| | |
|---|---|
| | **Бүгінгі біздің тақырыбымыз. 45+23 және 68 - 23 жағдайларындағы қосу және азайту.**<br>Сабағымызда жазбаша қосу және азайту тәсілдермен танысып, әртүрлі тәсілдермен есептер шығарамыз.<br>ІІІ. Үй тапсырмасын тексеру.<br>5 - есеп. Санды кестеге цифрлармен жаз<br>3 2 6<br>3 5 2<br>4 5 7:<br><br>Барлығымыз дәптерімізді ашып бүгінгі күн ретін, тақырыпты жазып алайық.<br>Ү. Математикалық диктант: Оқушыларға сандарды ондықтардың және бірліктердің қосындысы түрінде жазып көрсету:<br>18, 28, 37, 72, 45, 53, 67, 76, 81, 93.<br>5 - слайдтан /тексеру/<br>10+8------20+8<br>30+7------40+5<br>50+3------60+7<br>70+6------80+1<br>90+3------70+2<br>**Топтарға тапсырма:**<br>**1-топ**<br>Жанұяда 7 ер баланың бір-бірден қарындасы бар. Жанұяда қанша бала бар? (8 бала:7 ұл,1 қыз)<br>**2-топ**<br>Самат,Марат,Қанатты орындыққа әртүрлі ретпен қалай отырғызуға болады? ( а)Самат, Марат, Қанат. ә)Самат,Қанат,Марат. б)Марат,Самат,Қанат. в) Марат,Қанат, Самат. г)Қанат,Самат,Марат. ғ)Қанат,Марат,Самат.) |
| **Мағынаны тану** | **Оқулықпен жұмыс.**<br>№ 1. Оқулықтағы өрнектердің мәндерін табуға оқушыларға ұсынамын, одан кейін тақтаға 45+23 өрнегін жазамын.<br>40+20= 60<br>5+3= 8<br>60+8=68<br>45+23= (40+5)+(20+3) = 68<br>- Қосындының мәнін табу үшін алғашқы үш өрнекті пайдалануға бола ма?<br>Оқушылар қорытынды жасайды: осы қосындының мәні 1 және 2 - өрнектер:<br>40+20 және 5+3 мәндерінің қосындысына тең.<br><br>**№ 2. Ауызша орындалады**. Оқушылар алгоритмді қолданып, өрнек мәнін табуды өздері түсіндіреді және екі таңбалы сандарды қосу әдісі туралы қорытынды жасайды:<br>Екі таңбалы сандарға қосу амалын қолданғанда бірліктерді<br>бірліктерге және ондықтарды ондықтарға қосады.<br><br>№ 3, 4. Осы тапсырма бойынша жұмыс ауызша жүргізіледі. Қандай өрнектердің көмегімен 68 - 23 мысалын шығаруға болатынын анықтауды оқушыларға ұсынамын.<br>Оқушылар №3, 4 - шешу алгоритмдерін пайдаланып, екі таңбалы сандарды азайту әдісі туралы қорытынды жасайды:<br>Екі таңбалы сандармен азайту амалын орындағанда бірліктерден турады. |
| **Сергіту сәті** | Орманда кірпі келеді,<br>Саңырауқұлақ тереді.<br>Кездесті, міне, керегі:<br>Екеуі қайың астынан.<br>Біреуі терек қасынан.<br>Қанша олар болмақ есепте,<br>Тоқылған салса себетке? |
| **Ой толғаныс** | Шығармашылық тапсырма:<br>№ 5 Түсіндіре отырып тақтада шығарады.<br>76 - 34= (70 - 30) + (6 - 4) = 42<br>42+35= (40+30) + (2+5) = 77<br>85 - 32= (80 - 30) + (5 - 2) = 53<br>37+41= (30+40) + (7+1) = 78<br>94 - 52= (90 - 50) + (4 - 2) = 42<br>31+42= (30+40) + (1+2) = 73<br>56 - 24= (50 - 20) + (6 - 4) = 32<br>81+17= (80+10) + (1+7) = 98<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Мүйізі бар – ешкі емес,<br>Жүгіргенде жеткізбес (киік)<br>**Математикалық диктант (слайд №2 )** |

| | |
|---|---|
| | **1.**Көлікте 8 адам келе жатты.Жолда 5 адам түсіп қалды.Көлікте неше адам қалды?<br>**2.**Қораптан 5 қарындашты алғанда 4 қарындаш қалды. Қорапта барлығы неше қарындаш болған?<br>**3**. Айдос 7 жаста, ал Қанат одан 4 жас үлкен. Қанаттың жасы нешеде?<br>**4.**9 бен 5 сандарының қосындысын тап.<br>**5**. 10 нан 9 ды кеміт |
| **Үйге тапсырма** | Дәптермен жұмыс |
| **Бағалау** | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау<br>Өзін-өзі бағалау парағы____________________ |

| Тапсырма | Баға |
|---|---|
| Математикалық диктант | |
| №3(мұғалімнің бағасы) | |
| Карточкамен жұмыс | |
| №5 | |
| №6 | |
| Жиынтық баға | |

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы**
**№27 «Мәртөбе» жалпы орта мектебі бастауыш сынып мұғалімі**
**Сапакова Рабия Кусановна**

| | |
|---|---|
| **Пәннің аты** | **Математика 1 сынып** |
| **Сабақтың атауы** | Есеп (Қанша қысқа?) |
| **Мақсаты**<br>**Күтілетін нәтиже** | **Білімділігі:**оқушыларды есеп және оның құрамды бөліктері,қанша қысқа ұғымына байланысты амалдар таңдау тәсілдерімен таныстыру. Сандар құрамы туралы білімдерін кеңейту.Есеп шығаруда еркін пайдалануға үйрету,<br>білімдерін қалыптастыру.<br>**Дамытушылығы:**оқушылардың білім, іскерлік,білік дағдыларын қалыптастыру.<br>Қабылдау,түйісу процестерін,есте сақтау қабілеттерін,қосу және азайту амалдарының<br>өзара байланысы негізінде логикалық ойларын дамыту.<br>**Тәрбиелігі:**оқушыларды сауаттылыққа,ұқыпты,әдемі,көркем етіп жазуға жетелеу.<br>Сандарды дұрыс айтуға,орынды сөйлеуге,адамгершілікке,топтық жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Сабақтың түрі:**дәстүрден тыс ертегі ,кіріктірілген сабақ. |
| **+Психологиялық ахуал** | Қол алысып, қәне, біз,<br>Достасайық бәріміз.<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу! |
| **Қызығушылықты ояту** | **ІІ.Үй тапсырмасын тексеру:** Өткен сабақты қайталау,пысықтау.Бүгін біз математика сабағымызды ертегімен байланыстырып өтеміз.Біз бәріміз ертегіні ұнатамыз ба?Ендеше «Мақта қыз бен мысық »ертегісін білеміз бе? Олай болса «Мақта қыз бен мысықтың » үйін құрастыруға көмектесейік. |

| | |
|---|---|
| | <br><br>**Ауызша тапсырмалар орындау.**<br>Әр топқа тапсырмалар беру:<br>**1-топ:** 5+5= **2-топ:** 7+3= **3-топ:** 4+6=<br>13-3= 11-1= 15-5=<br>Сандарды құрастырыпа отырып, үй құрастыру.<br>Біз тапсырманы тез әрі жылдам есептей отырып,үйді жылдам соқтық. Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып,ерекше ынтамен кіріседі. |
| **Мағынаны тану** | **ІІІ.Жаңа сабақ:**Олай болса,біз бүгін сабақта есеп және қанша қысқа ұғымына<br>байланысты есептер шығару арқылы «Мақта қыз бен мысық»ертегісін<br>тамашалаймыз.Үш топтан бір-бір мүшелері шығып,ертегіні үзіп-үзіп айтады.<br>-Ал,енді балалар,бәріміз бірге мысықтың құйрығын қайтып алуына<br>көмектесейік.Ол үшін алдымен 1- топ сиырдың тапсырмасын орындайды.<br>Тақтамен жұмыс: Есептерді салыстыру және шығару.<br>Қызыл лента-10 см<br>Көк лента-? 5 см қысқа<br>Шешуі:10 см-5см=5 см<br>Жауабы:көк лента 5 см қысқа.<br><br><br>-Балалар,мысық сиырдан кейін тағы неге барады?Талға барады.Бірақ, балалар, талдың<br>да сендерге арналған тапсырмасы бар екен.Қане оны 2-топтың оқушыларына арнап отыр.<br>Тапсырма:Сатып алғаны-10 см |

<table>
<tr><td></td><td>Қиып алғаны-5 см<br>Қалғаны- ?см<br>Шешуі:10см-5см=5см<br>Жауабы:5 см лента қалды.<br>-Дұрыс балалар,тапсырманы дұрыс орындадыңдар.Енді мысық көмек сұрап тағы<br>кімге барды?<br>-Иә ,су әкеле жатқан қыздарға жолығады.Ол қыздардың да мысыққа және сендерге<br>3-топ деп дайындаған тапсырмасы бар екен.<br>Есептерді салыстырады,ұқсастығы мен айырмашылығын табады.<br>Есептің шартында 10см және 5см ленталар жайында айтылған,шешуі азайту амалымен орындалады(ұқсастығы).<br>Есептің айырмашылығы:шарттары әр түрлі,1-ші есептің сұрағы неше сантиметр лентаның қысқа екендігі айтылған,2-ші есепте неше сантиметр лента қалғаны жайында айтып отыр.Жауаптары әр түрлі.<br>Кестені толтыр.
<table>
<tr><td>a</td><td>5</td><td>3</td><td>8</td><td>7</td><td>4</td><td>6</td></tr>
<tr><td>a+2</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>a-2</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Мадақтау әдісін қолдана отырып,оқушыларды мадақтау.</td></tr>
<tr><td>Сергіту сәті</td><td>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді болып жүрейік.<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік!</td></tr>
<tr><td>Ой толғаныс</td><td>V.Ойын ойнау: Көбелектердің гүлдерге қонуына көмектес!<br>Көп көмек берген топты мадақтау.<br>2+3+1 4+2-3 5-5+4 2+5+3<br>6+1-4 10-7+2 7-4+3 3+2+5<br>-Балалар,дүкенші апай мысыққа жұмыртқа алып кел,- деді.Ал жұмыртқаны неге барып сұрады?(тауыққа)Сонымен тауық мысыққа қандай тапсырма дайындаған екен,көрелік.<br>4- тапсырма: Азайтудың компоненттерін атау.Азайғышы 5 болатын айырмаларды ата.Айырмалардың мәндерін өсу ретімен жаз.<br>5-5=0 5-3=2 5-1=4<br>5-4=1 5-2=3 5-0=5<br>Балалар,сендер білесіңдер тауық жұмыртқа беру үшін оған керек?(тары,бидай).<br>Мысық бидай іздеп келе жатқанда алдынан не шығады?Тышқан қандай тапсырма берер екен.<br>V.Сабақты қорыту: Шығармашылық тапсырма:<br>Торда жоғалған мысық табу.Мысық отырған тордың түсі әр түрлі.Қай түстің<br>торындағы мысық жоқ.<br>Осыдан кейін Мақта қыз мысыққа біреудің еңбегіне қол сұқпа, үлкендердің тілін ал, әдепті болып жүр, - деп ақылын айтып, екеуі дос болыпты.<br>- Ал біз қандай болуымыз керек?<br>- Біз де әдепті, алған затымызды уақытында қайтаратын, үлкенді сыйлайтын адал болайық!</td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма</td><td>Дәптермен жұмыс</td></tr>
<tr><td>Бағалау</td><td>Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау</td></tr>
<tr><td>Кері байланыс</td><td></td></tr>
</table>

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы**
**№89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта география пәні мұғалімі**
**Касымова Мухаббат Нематуллаевна**

**Сыныбы: 7**
**Сабақтың тақырыбы : Африканың аймақтарына шолу**
**<u>Оқып-үйренудің негізгі мақсаты:</u>** Оқушыларға Африка аймақтарымен таныстыра отырып, ерекшеліктері мен маңызына тоқталу, халқының байланысын анықтау.Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, танымдық қабілетін танытa отырып, тез ойлауды және картамен жұмысты дамыту.
**<u>Күтілетін нәтиже</u>**:Оқушыларға Африка аймақтарымен таныса отырып, ерекшеліктері мен маңызына білетін болады, Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, танымдық қабілетін танытa отырып, тез ойлауды және картамен жұмыс істеу қабілеттін артады.
**<u>Түйінді идеясы:</u>** Африкада жер шарындағы негізгі үш нәсілдің өкілдері кездеседі
**<u>Сабақтың әдіс-тәсілдері,жұмыс түрі:</u>**Дайындал,назар сал,түсінік бер,Білім шеңбері,Егер де мен
**<u>Ресурстар :</u>**Интерактивті тақта,атлас карта,ұялы телефон, оқулық, маркер шығу парағы,үлестірме қағазы т.б.
**Бағалау**:Жұптардың өзара бағалауы,топтық бағалау.
**Сабақтың барысы:**

| **Бөлім** | **Мұғалім іс-әрекеті** | **Оқушылар іс-әрекеті** |
|---|---|---|
| **Кіріспе** | **1**.Мұғалім амандасады оқушыларды түгендеп, гүл сыйлау тренингін жүргізеді, Карта қиындыларынан құраған Африка аймақтары бойынша топқа бөледі,бағалау парағын береді<br>2 Үйге берілген рефераттарын тексереді.Қызықты Африка айдары.<br>3 Білім шеңбері тапсырмасы | 1.Оқушылар амандасады, сабаққа назарын аударады,үйден дайындап әкелген гүл стикерге жазылған тілекті бір-біріне сілайды,топқа бөлініп,топтық міндеттерді бөліседі,бағалау парағын топхатшысы толтырып отырады.<br>2 Оқушылар рефераттарынан Африка жайында тың және қызықты мәліметтер береді.<br>3Оқушылар ортаға шығып "Білім шеңберінде"үй тапсырмасын сұрақтар қою арқылы талқылайды. |
| **Тұсаукесер** | Бенебаян көрсетіп,тақырыпты ашуға,мағынасын нақтылауға көмектеседі. | Бейнебаянды тамашалап,сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты ашып,мағынасын нақтылайды. |
| **Негізгі бөлім** | **1Дайындал...Назар сал…Түсінік бер!** тапсырмасы арқылы жаңа сабақты бөліп береді<br>**2.**Геосұрақ деңгейлік тапсырмасын орындатады<br>.**3.**Түсінікке жеңіл тірек-сызба тапсырмасы<br>**Сергіту сәті** | **1.**Әр оқушы берілген тақырыптағы түсіндіруге көмектесетін заттар жинағын дәптерге жазып алады. Топта талқылап,ортаға 2 оқушы шығып жаңа тақырып бойынша түсінік береді Оқушылар қосымша мұғалімнің сұрақтарына жауап береді<br>**2** Геосұрақтар тапсырмасын жеке орындап ,интерактивті тақтадан тексереді,мұғалімге тексеруге береді<br>**3.**Топтарға тірек -сызба бөлініп беріледі,тақтадағы картадан қарай отырып толтырады.Қарсы топтар тексереді |
| Қорытынды | Мұғалім сабақты қорытындылайды.Крюгер паркі бейнебаян көрсетеді<br>Оңтүстік Африка Республикасындағы қорғауға алынған жерлерде сақталып қалған. Елдегі ең ірі Крюгер ұлттық паркінде материктегі жануарлардың барлығы дерлік жинақталған. Ұлттық парктерді туристер арнаулы жабдықталған көліктермен жүріп аралайды<br>**Үйге тапсырма береді :**<br>Өтілген тақырыпты оқуға, Африка мемлекеттері және Қазақстан арасындағы байланыс тақырыптыарына мәлімет іздеу және "Егер де мен Африкаға саяхаттасам" ойтолғаныс жазуға береді. | Оқушылар сабақтан ұққандарын айтып бірге қорытынадылайды.<br>Кері байланыс блоб ағашы |

Тірек-сызба арқылы Африканың жекелеген аймақтарының елдерін толтырады

**Бағалау парағы(0-3 балл аралығы) Бағалаушының аты-жөні**

| Оқушының аты-жөні | Топтық жұмысы | Геосұрақ | Тірек-сызба | Дайындал...Назар сал… Түсінік бер! | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |

**Гео тапсырмасы**

1. Африканың ең ірі аралы.
2. Солтүстігіндегі суық ағыс.
3. Виктория сарқырамасын ашқан зерттеуші.
4. Африканың ең терең көлі.
5. Орталық Шығыс Африканы зерттеген орыс саяхатшы ғалымы.
6. Қатты бидайдың отаны.
7. Тік жарлы әрі жақпарлы таулы қыраттар.
8. Мұнай мен газ қорының мол жері.
9. Тропиктік белдеудегі құмды дауыл.
10. 20 о с.е пен о.е аралығымен Мадагаскар аралын алып жатқан белдеу.
11. Африканың ең биік нүктесі.
12. Материктің ең төмен орналасқан нүктесі.
13. Материк аумағының 40 % алып жатқан зона.
14. Материктің экваторлық орманындағы ең аласа халық.
15. Экономикасы жоғары дамыған мемлекет.

**Жауаптың нұсқалары:**

1. Эфиопия
2. Ахаггар, Тибести
3. Мадагаскар
4. Самум
5. Канар
6. Давид Ливингстон
7. Танганьика
8. Субэкваторлық белдеу
9. Ассаль көлі (-153 м)
10. В. В Юнкер
11. Саванналар мен сирек ормандар
12. Гвинея шығанағы, Жерорта теңізі жағалаулары
13. Оңтүстік Африка Республикасы (ОАР)
14. Килиманджаро жанартауы (5895м)
15. Пигмейлер

**Дұрыс жауабы: 1-3; 2-5; 3-6; 4-7; 5-10; 6-1; 7-2; 8-12; 9-4; 10-8; 11-14 ; 12-9; 13- 11; 14-15; 15- 13.**

* * * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы
Далабазар негізгі орта мектеп қазақ тілі және қазақ әдебиеті
пәні мұғалімі Рашидов Откиржан Құдратулла ұлы**

**Сабақтың тақырыбы**: «Қыз Жібек» жыры

**Мақсаты:**

**1. Жырдың тақырыбын, идеясын анықтай отырып, басты кейіпкерлер Төлеген мен Жібек бейнесін жан - жақты ашу. Жыр желісі туралы білімдерін ортаға салып, қорытындылау.**

**2. Махаббатты, достықты қадірлеуге, сөзге тұрақты, сезімге берік болуға, салт - дәстүрімізді дәріптеуге тәрбиелеу.**

**3. Сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік пікірлерін ортаға салуға, талдай білу дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін ашатын сөз оралымдарын тауып айту.**

**Типі: СТО**

**Түрі: қорытынды сабақ**

**Әдісі: ой шақыру, топтастыру, талқылау кестесі, соңғы сөзді мен айтайын стратегиясы, эссе.**

**Көрнекілігі: кейіпкерлер суреті, слайдтар, кітаптар көрмесі, «Қыз Жібек» фильмі.**

**Барысы:**

І. Ұйымдастыру

Сабақтың мақсатымен таныстырып, үй тапсырмасы, шығарма мазмұнына құрылған тест жұмысы. (интерактивті тақтамен тексеріс өткізу)

15 сұрақтың 13 дұрыс болса -«5» деген баға
10 дұрыс болса – «4»
8 дұрыс болса - «3»
5 дұрыс болса «2» деген баға қойылады.

1. Базарбайдың Төлегеннен бұрын қанша ұлы болды?

А. 6.
Ә. 7.
Б. 8.

В. 9.
2. Базарбайдың ұлдары қалай опат болды?
А. Жол апатына ұшырады.
Ә. Жау қолында қалды.
Б. Оба ауруына ұшырады.
В. Шетінеп кетті.
3. Төлеген мен Сансызбайдың арасы неше жас?
А. 9.
Ә. 5.
Б. 3.
В. 7.
4. Төлеген қай жасында қалыңдық іздеуге шықты?
А. 10.
Ә. 11.
Б. 12.
В. 13.
5. Төлеген өзіне лайық қалыңдық барын кімнен естиді?
А. Көршісінен
Ә. Анасынан
Б. Досынан
В. саудагерден
6. Төлеген елден қанша жорға алып шығады?
А. 40
Ә. 100
Б. 200
В. 250
7. Төлеген мен Жібекті таныстыруға кім себепші болады?
А. Шеге Ә. Қаршыға Б. Қасындағы қосшылары В. Жібектің жеңгесі
8. Жібектің әкесі кім?
А. Сырлыбай
Ә. Тоқтарбай
Б. Қарабай
В. Сарыбай
9. Жібектің қанша ағасы бар?
А. 3
Ә. 6
Б. 7
В. 5
10. Төлеген кімнің қолынан қаза табады?
А. Қаршыға
Ә. Бекежан
Б. Қалмақ
В. Қарақшы
11. Төлеген өлген соң, Жібекті кім айттырады?
А. Бекежан
Ә. Қорен
Б. Шеге
В. Сансызбай
12. «Қыз-Жібек» фильмі қай жылы шыққан?
А. 1980ж.
Ә. 1960ж.
Б. 1970ж.
В. 1990ж
13. Сценарийдің авторы кім?
А. А. Құнанбаев.
Ә. Ғ. Мүсірепов
Б. С. Мұқанов
14. Жібектің рөлін сомдаған актриса?
А. Айгүл Иманбаева
Ә. Меруерт Өтекешова
Б. Фарида Шәріпова
15. Жырдың сюжеті қандай?
А. жігіттің елін қорғауы
Ә. жігіттің егін салуы
Б жігіттің үйленуі

II. Негізгі бөлім: Қызығушылықты ояту
Ит - ның көмегімен «Қазақтың қызы» атты әнді қойып, әрі қарай әңгімеміздің жалғасы қандай болмақ деген сұрақ қоямын (оқушылардың жауабы).
Әрине, бүгін «Қыз Жібек» жыры бойынша білімдеріңізді толық көрсетіп, сарапқа саласыздар. Топтастыру:
І топ  Топтастыру арқылы «Қыз Жібек» жырының мазмұнын айту.
ІІ топ  «Қыз Жібек» жырының кейіпкерлеріне топтастыру жасау.
ІІІ топ  «Қыз Жібек» жырындағы салт - дәстүрлерді топтастыру.
Иә, дұрыс айтады. Ендеше сіздерге менің де бүгін шашу шашқым келіп тұр. Бұл шашудың ішінде сіздерге талқылау кестесінің сұрақтары жасырынып жатыр. Әр топ өз сұрақтарының жауаптарын алдарындағы флипчартқа түсіреді.
Талқылау кестесі:
І топ   Не болды
1. Төлегеннің дүниеге келуі, ер жетуі.
2. Төлегенді Ақжайық сұлуларын кім ынтық етеді, Ақжайыққа жөнелуі.
3. Қыз Жібекті Төлегенге кім жолықтырды?
Дәлел. ІІ топ
1. Жібек Төлегенді неге менсінбейді?
2. Жібектің Төлегенді еліне неге жібергісі келмеді?
3. Төлеген қандай уәде берді, уәдесін орындады ма? Неге орындамады?
Дәлел. ІІІ топ
1. Жібек Төлегеннен айырылғаннан кейін басына қандай пәле тап болды?
2. Жібек Хорен қалмақтан құтылудың жолын қалай табады?
3. Сансызбай деген кім? Жібек неге оған тұрмысқа шығады?
**Дәлел. Фото жұмбақ:** Мына үзіндіде Төлеген мен Жібектің бір - бірімен әңгімелесіп отырғаны берілген. Бірақ дыбысы шықпай тұр. Сіздер Төлеген мен Жібектің не туралы сөйлесіп отырғанын болжап, диалог құрайсыздар. Диалог құру барысында кейіпкерлердің бет - ажарына, бет қимылындағы өзгерістерге назар салып отырыңыздар (диалог тыңдалады).
ІІІ. Қорытынды бөлім: Ал енді соңғы сөзді мен айтайын деп, үш топ өз ойларын қорытындылайды.
І топ. Төлегеннің әкесі Базарбайдың баласына қойған талабы дұрыс па? Теріс бата туралы не айтасыз?
ІІ топ. Төлегеннің жырдың басынан жасаған іс - әрекеті дұрыс па? Қазіргі қоғамда ондай ер азаматтар бар ма?
ІІІ топ. Жібектің Сансызбайға тұрмысқа шығуы дұрыс па?

**IV. Бағалау**
**V. Үй тапсырмасы: «Махаббат деген....» тақырыпқа жырдан алған әсерлерің бойынша эссе жазып келу.**

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы**
**Т.Рысқұлов атындағы №17 жалпы орта мектебі.**
**Абильдаева Айнұр қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі**

**Сабақтың тақырыбы: Құрмалас сөйлем**
Сабақтың мақсаттары:
Білімділік: оқушыларға құрмалас сөйлемнен теориялық білім беріп, олардың практикалық дағдыларын қалыптастыру; берілген тілдік материалды талдата білу;
Дамытушылық: оқушыларды өз бетінше ойландыруға төселдіру, сөздік қорларын көбейту, шығармашылық жұмыс арқылы қиялдарын ұштау.
Тәрбиелік: оқушыларды қазақ тілін қастерлеуге, сөйлеу мәдениетін көтеруге тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
Сабақтың түрі: аралас сабақ
Сабақтың әдіс - тәсілдері: түсіндіру, талдау, сұрақ - жауап, салыстыру
Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, тарих
Сабақтың көрнекілігі: тақырыпқа байланысты кесте
Сабақтың барысы
1. Ұйымдастыру бөлімі.
**Қызығушылықты ояту кезеңі.**
Өткен сабақты еске түсіру. Үй тапсырмасын сұрау.
**2. «Мағынаны тану» кезеңі**. Жаңа сабақ
«Құрмалас» деген сөз «құра, құрау» сөздерінен алынып, грамматикалық термин ретінде ғана қолданылады. Жай сөйлем жай бір ғана ойды білдірсе, құрмалас сөйлем - екі немесе одан да көп ойды, күрделі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер бір - бірімен қосымша шылау, орын тәртібі, өзіндік интонация арқылы байланысады.
Мысалы:
Жай сөйлем Құрмалас сөйлем Құрмаласу тәсілі
Жаңбыр жауды. Жер көгерді. Күн шықты. Мал өріске кетті.
Жаңбыр жауды да, жер көгерді. Күн шыққан соң, мал өріске кетті. Баяндауыштары тиянақты. Шылаулар арқылы байланысып тұр.
Бет қаратпайтын болды. Қапан далаға бармады.
Бет қаратпайтын боран болғандықтан, Қапан далаға бара алмады.
Қосымша арқылы байланысқан, біріншісінің баяндауышы тиянақсыз.
Іс бітті. Қу кетті.
Іс бітті - қу кетті.
Орын тәртібі - интонация арқылы байланысқан.
Сонымен құрмалас сөйлем екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіреді. Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір - бірімен салаласа және сабақтаса байланысады. Салалас байланысқан құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып келіп, бір - біріне тәуелді болмай, тең дәрежеде байланысады. Ал сабақтаса байланысқан құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақсыз келіп, бірі екіншісіне бағына, сабақтас байланысады.
3. Оқулықпен жұмыс. 93 - жаттығу. Мәтінді оқушыларға оқытып, сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратқызу.
Жай сөйлемдер:
Мінезі жақсы төрге озар. Ыстық асқа үрме. Кісі айыбын ашқаннан жапқан жақсы. Дос адам артық сұрамайды.
Құрмалас сөйлемдер:
Досыңды барда сына, жоқта да сына. Сыйлағанды сыйла, илегенді иле. Құлағанның сұрағанын өтесең, өтеуін Құдай береді. Қорқақ - махаббатқа қабілетсіз, махаббат - ержүректің еншісі.
94 - жаттығу. «Достық деген не?» Мәтіндегі жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жаздырту.
4. Мына сызбаны оқушыларға толтыртып, осы сызба бойынша оқушыларды сөйлету.
Мысалдар Құрмалас сөйлемнің қай түрі?
5. Үлестірме қағаздармен жұмыс.
1. Күлдей күңгірт шашы бар,.......(М. Жұмабаев)
2. Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,.....(Қ. Аманжолов)
3. Ереуіл атқа ер салмай,......(Махамбет)
4. Өзіңмен бірге өлмесін өлеңім деп,.... (Қ. Аманжолов)
5. Ақылды сөзге тоқтайды,....... (Мақал)
1.........., білім - өнер қазығы(Мақал)
2........., шешеннің сөзі ортақ
3.........., шеше көрген тон пішер
4..........., білімді мыңды жығар
5.........., жалқаудың жаны тәтті.
6. Сабақты бекіту.
**Венн диаграммасы**

| **Жай сөйлем** | **Құрмалас сөйлем** | |
|---|---|---|
| **Айырмашылығы** | **Ұқсастығы** | **Айырмашылығы** |
| 24 Құрамы жағынан-жеке сөздерден құралатыны<br>25 Мағыналық өзгешілігі-жеке, дербес | 23. Екеуі де ойды (жалаң не күрделі) білдіреді.<br>24. Пікірді жарыққа шығаруға, | • Құрамы жағынан-жай сөйлемдерден құралатындығы.<br>• Мағыналық өзгешілігі- |

| | | |
|---|---|---|
| ойды білдіреді.<br>26 Дауыс ырғағы тиянақты, аяқтал,ған ойды білдіреді, бүтін болып есептеледі. | түсінуге қызмет етеді.<br>25. Айтылар ой дауыс ырғағымен беріледі. | күрделі ойды білдіруінде.<br>• Құрамындағы жай сөйлемдерінің дауыс ырғағы тиянақсыз, аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі боп табылады. |

**Сабақты қорытындылау.**

| Не білдік? | Нені білуіміз керек? |
|---|---|
| | |

**Балама тест.**

1. Құрмалас сөйлемнің құрамыны кемінде 2 жай сөйлемнен тұра ма? Иә. жоқ
2.Сабақатас құрмаластардың баяндауыштары тең дәрежеде байланыса ма? иә. Жоқ
3. Аралас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер дің баяндауыштары бәрі бірдей тиянақты бола ма? Иә. Жоқ.
4. Салалас құрмалас сөйлемнің баяндауыштары тиянақсыз бола ма? Иә. Жоқ
5. Сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқысының баяндауыштары шартты райдың**–са,-се**жұрнақтары арқылы жасала ма? Иә жоқ.
6.
7. Оқушыларды бағалау. Белсенділік танытқан оқушылар білімдеріне қарай бағаланады.
8. Үй тапсырмасы. 95 - жаттығу. Мәтін бойынша бірнеше сұрақтар дайындап келу. «Біздің ауыл»тақырыбында құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, шағын мәтін құрау.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылы « №17 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі Набатова Гүлжан**

**Сабақтың тақырыбы: Етістік**

**Сабақтың мақсаты:** Білімділігі: Етістік туралы түсініктерін бекіту, етістікті мәтіннен таба білуге, оның қай сөз табымен байланысып тұрғанын таба білуге үйрету.

Дамытушылығы: Оқушылардың ой-өрістерін танымдық қабілеттерін, сөздік қорын, шығармашылық қабілетін дамыту.

Тәрбиелігі: сыйластыққа, адамгершілікке, сауатты жазуға тәрбиелеу.

**Әдісі:** сұрақ - жауап, талдау - жинақтау, көрнекілік.

Сабақтың барысы:




Ұйымдастыру кезеңі
Оқушыларды топқа бөлу
І топ: етістік
ІІ топ: сын есім
ІІІ топ: сан есім

**Өткенді пысықтау**

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Негізгі зат есім дегеніміз не?
3. Туынды зат есім дегеніміз не?
4. Тәуелдік жалғау дегеніміз не?
5. “Әке” сөзін үш жақта тәуелде
6. Сөз таптарына нелер жатады?
7. Бастауыш дегеніміз не?
8. Баяндауыш дегеніміз не?
9. Сан есім дегеніміз не?

**Мағынаны тану**




**2 –жаттығу**

**Жұмбақты оқып, шешуін тап. Ішінен етістікті теріп жаз.**

Көл бетінде қалқиды,
Мақта сынды үйілген.
Үні әсем сан қилы,
Мойны да әсем иілген.
Мамығын ол тарайды,
Маңғаздана қарайды.

**3 –жаттығу**

**Ойлан-жұптас-талқыла**

| **І топ** | **ІІ топ** | **ІІІ топ** |
|---|---|---|
| **Зат есім** | **Етістік** | **Күрделі етістікке айналыру** |

**Сергіту сәті "Кім жылдам?" ойыны**
**1.** Биледі, байлады,түзетті.
2. Тырнады, тұсады, көшті.
3. Береді, салды, дамыды
**ІІІ топ "Бес жолды өлең" стратегиясы**
Жануар
- Зат есім-1
- Сын есім-2
- Етістік -3
- Мағыналас сөз-1
- Түйінді ой

V Қорытындылау: «INSERT» әдісі
Білемін, білдім, білгім келеді. Оқушы білімін бағалау.
Үйге тапсырма 4-жаттығу

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы**
**Далабазар негізгі орта мектеп бастауыш сынып мұғалімі**
**Гуламова Барно Абдимажит қызы**

| | |
|---|---|
| **Пәннің аты** | **Дүниетану. 4 сынып** |
| **Сабақтың атауы** | **Пайдалы қазбалар** |
| **Мақсаты**<br>**Күтілетін нәтиже** | **Білімділігі:** Пайдалы қазбалардың түрлерімен таныстыру, олардың адамға тигізетін пайдасы мен зиянын түсіндіру. Пайдалы қазбалардың кен орындары, шартты белгілері, өндіру әдісі жайлы түсінік беру. Қазақстанда жер қойнауын зерттеген ғалым, академик Қ. И. Сәтбаев туралы әңгімелеу, Алматыдағы геологиялық мұражайлар туралы мағлұмат беру;<br>**Дамытушылығы:** Оқушыларды пайдалы қазбалар түрлерін ажырата білуге баулу, логикалық ой - өрісін дамыту, ізденушілік қабілеттерін арттыру.<br>**Тәрбиелілігі:** Еліміздің қазба - байлықтарын мақтан ете отырып, оны үнемдеп жұмсауға, қорғап, сақтай білуге баулу, өз еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.<br>**Сабақтың көрнекілігі**: Жұмыс тәртібі жазылған нұсқау, сабақтың ұраны, түрлі фигуралар (ұпай жинауға қажетті), «Ұяшық таңдау»ойыны (цифрлар), сызба – нұсқалар, түрлі суреттер және көмір, саз, құм, ас тұзы, мыс, алюминий, темір, әктас, Қ. И. Сәтбаевтың суреті, шартты белгілер, өлең шумағы «Бақытты ұлы Отан», Қазақстанның физикалық картасы<br>**Техникалық құрал:** слайд<br>Сабақтың әдіс - тәсілдері: сұрақ - жауап, түсіндірмелі, әңгімелеу, көрнекілік, ой қозғау, тест<br>**Пәнаралық байланыс:** ана тілі, музыка, математика |
| **Психологиялық ахуал** | Бүгінгі сабақта қолданатын ұранымыз:<br>Дүниетану сөзі<br>Жер - Ана, кен - байлық, табиғатты сүйетін<br>Әрбір сабақ<br>Үйрену, ұғу, іздену, көп ғибрат алатын<br>Әрбір ісім<br>Тірлік, бірлік, адалдық пен шыншылдық<br>Әрбір күнім<br>Білімге зейін салатын,- дей отырып, сабақта үнемі есте боларлық ережені еске салып өтейін<br>1. Бір - бірімізді тыңдау, қатысу<br>2. Уақытты үнемдеу<br>3. Ойымызды еркін айту<br>4. Тақырыптан ауытқымау<br>5. Анық, нақты сөйлеу |
| **Топқа бөлу** | Геометриялық фигуралар үлестіріледі |
| **Қызығушылықты ояту** | «Ұяшық таңдау» ойыны арқылы ұпайларды жинай отырып, өз білімімізді көрсетеміз және бүгінгі танысатын тақырыбымызды білетін боламыз.<br>10 20 30 40 50<br>10 20 30 40 50 60 70<br>10 - Тау жыныстары дегеніміз не?<br>10 - Тығыз тау жыныстарына нелер жатады?<br>20 - Тау жыныстары қалай пайда болды?<br>20 - Бос тау жыныстарына нелер жатады? Құмның түсі қандай?<br>30 - Табиғатта тау жыныстары неше күйде кездеседі?<br>30 - Пайдалы қазбалар дегеніміз не?<br>40 - Гранит сөзі қазақшаға аударғанда қалай аталады? Гранит Қазақстанның қай жерлерінде көбірек кездеседі?<br>40 - Құмтас қалай пайда болады? Құм түйіршіктері бірігіп қатуы үшін нелердің ертіндісін араластыруы керек?<br>50 - Тамақ пісіру, үй жылыту, фабрика, зауыт, электр станциялары жұмыс істеуі үшін |

| | |
|---|---|
| | жұмсалатын қандай отын түрлерін білесіңдер?<br>50 - Үй жиһаздары, түрлі машиналар, ұшақ, кеме, темір жол, көпір салу үшін қандай пайдалы қазбалар пайдаланылады?<br>60 - Адамдардың үй салғанын бақыладың ба? Қандай құрылыс материалдарын пайдаланылғанын көрдіңдер?<br>70 - Ең алғаш көмірдің табылуына өз үлесін қосқан, оны жылыну үшін жағып көрген кім еді?<br>**«Қазба түрлері» деген сөз шықты.** |
| **Сергіту сәті** | «Халықтар» биі |
| **Жаңа сабақ** | Мақсатымыз: Пайдалы қазбалардың түрлерін бірнеше топқа бөле отырып, олар туралы білім түсініктерімізді кеңейтеміз<br>«Ой қозғау»<br>- Көмір қандай зат? Оның қасиеті (жанады)<br>- Темір нелерден жасалады, қалай аталады? (металлдан)<br>- Ас тұзы не үшін қажет? Жерді тыңайту үшін қандай қазбаның түрін қолданамыз?<br>Оқушылардың ойларын тыңдай отырып, осы әрбір айтылған қазбаның түрлі топтарға бөлінетіндігін айту.<br>Ү. Жаңа сабақ<br>Мұғалім түсіндірмесі<br>Пайдалы қазбалар қолдануына қарай үшке бөлінеді<br>(жанғыш пайдалы қазба, кенді пайдалы қазба, кенге жатпайтын пайдалы қазба)<br>Жанғыш - тас көмір, қоңыр көмір, мұнай, газ.<br>Кенді - алюминий, мыс, қорғасын, күміс, мырыш<br>Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар - ас тұзы, фосфор, құм, саз, цемент<br>- Пайдалы қазбаларды кімдер зерттейді?<br>- Геологтар<br>- Қазақтың тұңғыш геологі кім еді?<br>- Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (түсіндіру)<br>Жанғыш пайдалы қазбалар<br>Тас көмір - ең көп өндірілетін пайда қазба. Біздің елімізде тас көмірдің қоры өте мол. Тас көмірдің аса ірі кен орны - Қарағанды.<br>Екібастұзда ашық әдіспен арзан көмір өндіріледі.<br>Мұнай - өте қызулы отын. Ол күл қалдырмай түгел жанып кетеді. Мұнайды айыру арқылы бензин, керосин, машина майы және басқа көптеген заттар бөлініп алынады.<br>Каспий маңы ойпаты мен Маңғыстау түбегінде мұнай мен газдың аса бай кен орындары бар.<br>Кенді пайдалы қазбалар<br>Бұларға құрамында металл кездесетін тау жыныстары жатады. Оларды өңдеу арқылы темір, мыс, қорғасын, алюминий сияқты металдар алынады. кенді пайдалы қазбалар орталық Қазақстанда өте көптеп кездеседі. Әсіресе, Жезқазған және Қоңырат мыс кен орындары әлемге әйгілі.<br>Кенге жатпайтын пайдалы қазбалар<br>Олар қышқыл алуға, тыңайтқыштар өндіруге, құрылыс материалдары үшін өте қажетті. Қаратаудағы фосфорит кен орны қоры жөнінен дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы орындардың бірін алады. Фосфоритті ұнтақтап, фосфорит ұны тыңайтқышын өндіреді. Мәрмәрдан әртүрлі ескерткіштер, үй баспалдақтары жасалады. Әктас, құм, саз құрылыс салу үшін өте қажетті.<br>Қазақстанның физикалық картасынан пайдалы қазбалар қоры көп өндірілетін орындарды көрсету.<br>Тас көмір - Қарағанды, Екібастұз<br>Мұнай - Атырау, Ақтау, Орал өңірінде<br>Газ - Ақтау, Орал облыстарында<br>Алюминий – Арқалықта<br>Мыс кені – Жезқазғанда<br>Ас тұзы - Қызылорда, Павлодар, Алматы өңірінде<br>Темір кені - Қостанай өңірінде<br>Фосфорит - Ақтөбе, Тараз өңірлерінде<br>Біз осындай тамаша пайдалы қазбаларымыз арқылы мақтана аламыз және мақтаныш сезіммен<br>« Менделеев кестесіндегі 105 элементтің 99 - ы біздің еліміздің кен қойнауында бар. 70 элементтің қоры барланып зерттелген. Ал өндіріске 60 - тан астам элемент тартылған. Бүгінгі күнге дейін минерал шикізатының 1225 түрі бар 493 кен орыны белгілі.<br>Пайдалы қазындылар қорының көлемі жағынан Қазақстан ТМД елдерінің алдыңғы қатарында: күміс, хромит, қорғасын, мырыш өндіруден бірінші орында, мұнай көмір, мыс, никель, фосфат шикізатын өндіруі бойынша – екінші, ал алтын өндіру жағынан үшінші орында тұр. Қазақстанда мұнай мен газдың елеулі қоры бар, жыл сайын мұнда 32 млн. тонна мұнай өндіріліп отырады екен»<br>«Бақытты ұлы Отан» әнін шырқаймыз.<br>Пайдалы қазбалардың шартты белгісімен таныстыру<br>Тас көмір -<br>Мұнай -<br>Газ - |

| | |
|---|---|
| | Темір -<br>Алтын -<br>Мыс -<br>Тұз -<br>Әктас -<br>Саз -<br>Алюминий -<br>Оқулықпен жұмыс<br>1. Іштей оқыту<br>2. Мәтіндегі оқығаны бойынша әңгімелету<br>3. Сурет бойынша жұмыс<br>Оқулықтағы суреттер арқылы жұмыс жүргізу(суретті толықтыру арқылы қандай қазбадан жасалғанын айтқызу)<br>Дәптермен жұмыс<br>Пайдалы қазбалардың түрлерін жаздырту |
| **Ой толғаныс** | Шығармашылық тапсырма<br>Пайдалы қазбалардың қажеттілігі туралы өз ойларынан өлең шығару<br>Көзге сергіту (планета) Планетамызда қанша пайдалы қазбалар болса, соның бәрін біздің жерімізден, яғни жер қойнауынан табуға болады екен.<br>Сабақты бекіту<br>Тест тапсырмалары бойынша оқушылардың алған білімдерін тиянақтау, тексеру<br>Пайдалы қазбаларға................ жатады.<br>1. Темір кенінен алынған металл<br>2. Жер қыртысының қатты бөлігі<br>3. Тау жынысы<br>Пайдалы қазбалар 3 негізгі топқа бөлінеді.<br>1. Пайдалы, пайдасыз, жарамсыз.<br>2. Бағалы, құнсыз, жанатын.<br>3. Жанғыш, кенді, кенге жатпайтын.<br>Кенге жатпайтын пайдалы қазба.<br>1. Мұнай, газ.<br>2. Алтын, күміс.<br>3. Құм және саз. |
| **Үйге тапсырма** | Мәтінді оқу, мазмұндау. іздену. Қазақстанның физикалық картасынан пайдалы қазбалар өндірілетін жерлерді көрсетуге дайындалу. Шартты белгілерін жатқа жаза білуге дайындық жасау. |
| **Бағалау** | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау |
| **Кері байланыс** | |


**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Ақсукент ауылы**
**№ 61 Г.С. Титова толықсыз орта мектебі нің**
**өзбек тілі және өзбек әдебиеті пәні**
**мұғалімі Бегмантаева Нигора Жовлан қызы**




**Сабақтың тақырыбы:**
***«Ы.Алтынсарин. Жалқы және жалпы зат есімдер»***
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік:** Зат есім туралы түсініктерін қайталап, жалпы және жалқы зат есімдерге тоқталу. Жалпы және жалқы есімдерге тапсырмалар орындау арқылы бекіту.
**Дамытушылық:** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;жаңа технологияны пайдалана отырып білім сапасын арттыру.
**Тәрбиелік:** Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесі арқылы еңбектенуге тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** қайталау сабақ.
**Сабақтың әдісі:** түсіндіру, сұрақ – жауап, СТО әдісі («Миға шабуыл» стратегиясы, топтастыру әдісі,ой шақыру, инсерт әдісі),СКТТ (фонетикалық,морфологиялық әдіс).
**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта, мақал – мәтелдер, семантикалық карта,ватман,қарындаш
**Сабақтың барысы:**
**І. Ұйымдастыру бөлімі.**
1) амандасу
2) кезекшімен сұхбаттасу, сыныпты түгелдеу
**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру.**
**ІІІ. Психологиялық дайындық.**
- Сабағымызды бастамас бұрын екі топқа бөлінейік. Үстелден ұнаған смайликтерді таңдап алыңдар. (Смайликтер бойынша топқа бөлінеді.)

**IV. Жаңа сабақ.**
**1-слайд.**



-Балалар, біз Ыбырай Алтынсарин туралы өткен сыныптарда таныстық. Енді Ыбырай кім, қандай адам болған, қандай игілікті істер атқарды? Осы туралы ойымызды жинақтайық .

**Топтастыру әдісі.** Ы.Алтынсарин кім?

- Қазақ балалар әдебиетінің атасы
- Ақын
- Жазушы
- Аудармашы
- Ұстаз
- Оқулық авторы

**2-слайд. «Миға шабуыл» стратегиясы**

*Ы.Алтынсарин туралы сұрақтар қойылады.*

27 Ы.Алтынсарин қай жылы, қай жерде өмірге келді?
28 Атасы Ыбырайды неліктен бауырына басып тәрбиеледі?
29 Ы.Алтынсарин қазақ балалары үшін қандай еңбек сіңірді?
30 Ең алғашқы оқулығы қалай аталады?
31 Ақынның қандай шығармаларымен таныстыңдар?

***3-слайд.***



*Торғай қаласында ашылған алғашқы мектеп*

***4-слайд.***




***Ы.Алтынсариннің алғашқы оқулығы***

***5-слайд.***




***Ы.Алтынсарин мұражайы***

***6-слайд.***



***Ы.Алтынсарин ескерткіші***

Дәптерлеріне күнді, тақырыпты жаздырту.

***7-слайд.***(Қаңтардың жиырма сегізі
Сынып жұмысы
Ы.Алтынсарин. Жалқы есім мен жалпы есім)
***8-слайд.*** *Берілген сөздерді бір бағанға жалқы есімдерді, бір бағанға жалпы зат есімдерді көшіріп жазыңдар.*
***Жалқы есім*** ***жалпы есім***
Қостанай*, мектеп, әңгіме,ақын*, «Әке мен бала», Ыбырай Алтынсарин, «Өзен»*, балалар.*

- *Жалқы,жалпы есім болып қай сөз табы бөлінеді?*
- *Зат есім дегеніміз не?*
- *Жалпы есім деген не?*
- ***Жалпы есімдер*** – бірыңғай заттардың, құбылыстардың аттары, мысалы адам, өзен, қала, бала, т.б.
- *Жалқы есім деген не?*
- ***Жалқы есімдер*** – жеке кісілердің аттары, тегі, жер, су атаулары, басылымдардың аттары, шығарма аттары, мысалы Алматы қаласы, Мойнақ, «Орал өңірі» газеті, т.б.

***7-слайд.****Мәтінмен жұмыс. Ы.Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесін оқып шығып,әңгіменің атын табу, төмендегі тапсырмаларды орындау:*1-топқа тапсырма
26. Мәтінді орыс тіліне аудару. Жаңа сөздерді теріп жазып, аудармасын табу.
2-топқа тапсырма
27. Мәтін мазмұнын қағаз бетіне түсіру.Тақырыбына байланысты мақал-мәтел ойластырыңдар.

- Кең болсаң- кем болмайсың.
- Байлықтың атасы – еңбек, анасы – жер.

Атымтай Жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

- Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

- Төрт түрлі себеп бар.Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне-бойы әдет етсең көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екен біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: құдай тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, - деді.

***(Ы.Алтынсарин)***

***8-слайд.***
-Әңгімені бекітуге арналған мақал-мәтелдермен жұмыс. Интерактивті тақтада мақалдың алғашқы жолы жазылып тұрады, келесі жолын оқушылар табады.
1. Еңбек етсең ерінбей, ... (Тояды қарның тіленбей)
2. Досы көпті жау алмайды ... (Ақылы көпті дау алмайды)
3. Еңбек түбі – береке ...(Көптің түбі – мереке)
4. Еңбекпен табылған тамақ тәтті...( әрі сіңімді болады).
5.Еңбек –қуаныш, жалқаулық ...(айырылмас азап)

***9-слайд.*** **Жазбаша топтық жұмыс**
**1 – топ:** Еңбекпен сөзіне СКТТ бойынша математикалық тәсілмен фонетикалық талдау
**2 – топ:** Дәулетіңіз сөзіне СКТТ бойынша сөз құрамына талдау

**Еңбекпен**

- Берілгені: еңбекпен = =?
- шешуі: 80=3 (3е )/5 (ң,б,к,п,н)

- Тілдің қатысына қарай:

а)3 =(3е) жіңішке
0жуан
жақтың қатысына қарай:
ә) 3 =(3е) ашық
0 қысаң
еріннің қатысына қарай:
б) 3 =(3е) езулік
0 еріндік

- 5 = 2 (к,п)қатаң+1 (б) ұяң

2 (ң,н)
Жауабы: 80=3 (3е )/5 (ң,б,к,п,н)

**Дәулетіңіз**

- Бұл сөз құрамына қарай 2 құрамды сөз.
- Бұл сөз тұлғасына қарай негізгі сөз.Себебі , дәулет-негізгі түбір
- Бұл сөз құрылысына қарай – дара.Себебі, 1 түбірден түбір.
- Бұл сөзде1 лексикалық, 2 грамматикалық мағына бар.
- Лексикалық мағынасы:
- Грамматикалық мағынасы:
  - Жалпы грамматикалық мағына: дәулет- атау тұлғалы зат есім
  - Грамматикалық мағынасы – іңіз – тәуелдік жалғауының 2 жағы сыпайы түрі
- Дәулетіңіз – неңіз? Деген сұраққа жауап береді.Ендеше бұл зат есім.(зат есімнің ережесі)
- Мағынасына қарай:

1.жалпы
2. дерексіз
3.жансыз

***10-слайд.*** *Семантикалық картаны толтыру*

| № | Мысал | негізгі зат есім | туынды зат есім | Дара зат есім | Күрделі зат есім | Жалқы зат есім | Жалпы зат есім |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәрбие | * | | * | | | * |
| 2 | Орынбор | | * | | * | * | |
| 3 | Оқулық | | * | * | | | * |
| 4 | Жазушы | | * | * | | | * |
| 5 | Білім | | * | * | | | * |
| 6 | Қарабұтақ | | * | | * | * | |
| 7 | Ибраһим | * | | * | | * | |

**V. Бекіту: "Бес жолды өлең" стратегиясы.**
«Жазушы» сөзіне бес жолды талдау жаса.

- Зат есім. Не? ***жазушы***
- Сын есім. Қандай? ***Ұлы,дана***
- Етістік. Не істейді? ***жинақтайды,оқиды ,жазады***
- Сөйлем. ***Оқушылар жазушының өмірбаянымен танысты.***
- Синоним. **Қаламгер**

**тест**

- **Туынды зат есімді көрсет.**

а. Қойшы, айтыс ә. Бәйтерек, белбеу, тасбақа б. Ел, қала, ауыл

- ***Жалқы есімді тап.***

а. Өзен ә. Тау б. Алатау

- ***Жалпы есімді көрсет.***

а. Тау ә. Алатау б. Балқаш

- **Зат есім мағыналық жағынан қалай бөлінеді?**

а. Жалпы, жалқы ә. Дара, күрделі б. Туынды, негізгі

- **Күрделі зат есімді көрсет.**

а. Қарақат, белбеу, қолғанат ә. Тау, өзен, теңіз б. Жақсылық, қуаныш, білім

- ***Арман мектептен ерте келді.*** **Сөйлемінен жалқы есімді тап.**

а. Мектептен ә. Арман б. Ерте

- **Ы. Алтынсарин кім?**

а. Ғалым, зерттеуші, суретші ә. Педагог, суретші,әнші б. Педагог, жазушы, ақын

- **Ы. Алтынсариннің еңбегі.**

а. " Қазақ хрестоматиясы" ә." Диуани лұғат - ат - түрік" б." Есеп құралы"

- **Ыбырайдың өлеңін көрсет.**

а. " Өзен" ә. " Жазғытұры" б. " Ыстықкөл сапарының күнделігі"

**10. Зат есім қатарын тап.**
а. Келеді,оқиды ә. Әдемі,көк б. Оқулық, мектеп

**VI.Қорытынды: INSERT әдісі бойынша**
**Білемін Білгім келеді Үйрендім**

**VII. Үйге тапсырма:**
*Даланың дара ұстазы" атты тақырып бойынша шығарма жазу*
**VIII. Бағалау.**

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Карабұлақ ауылы**
**№89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектебі ағылшын тілі пәні мұғалімі**
**Юлчиева Маъмура Мирзахан қызы**

**Theme: Clothes** Class: 3
Aims:
● Introducing and practicing new vocabulary.
● Developing pupils speaking, writing, reading skills.
● Bringing up children to be tidy, polite and friendly.
Visual aids: pictures, ball, colourful pencils, cards.

Procedure of the lesson
I. Organization moment.
Greeting.
Teacher: Good afternoon, children?
Pupils: Good afternoon, teacher.
Teacher: How are you?
Pupils: We are fine.
Teacher: Who is on duty today?
− What date is it today?
− What day is it today?
− Who is absent today?

II. Teacher: Last lesson you have learnt "Colours". Let's repeat these colours by playing the game.
Teacher: I will ask questions. For example: I say the colour in Kazakh language and you must say it in English





.
Сары - yellow ------------ жасыл - green --------- ақ - white
Қоңыр - brown ---------- қызыл - red ------------ қызғылт сары - orange
Қара - black -------------- көк – blue
**Сергіту сәті:**
Ten little fingers
Ten little toes
Two little ears
One little nose
Teacher: We have a new theme about "Clothes". There are a lot of clothes, but we will stop in some clothes, which we must know.
Open your vocabulary and write down the date and new words.





English ------------ transcription --------- Kazakh
Trousers ---------- [ trauzəz] ----------- шалбар
Skirt --------------- [ skз: t] ------------- белдемше
Sweater ---------- [‘swetə] -------------- жемпір
Dress -------------- [dres] --------------- көйлек
Shirt --------------- [ ] ------------------- жиде
T - shirt ------------ [‘ti: ----------------- футболка
Shorts ------------- [sc: ts] ------------- шорты
Socks -------------- [soks] -------------- носки, шұлық
Shoes -------------- [ z] ----------------- туфли
Jeans -------------- [dзi: nz] ------------ джинсы
Hat ----------------- [hæt] --------------- бас киім
Exercice 3a These words have got three syllables. Listen. Say the sentences.

- Dif – fi – cult
- In –terest –ing
- Ex – cit - ing

Teacher: Have you finished? Look at the blackboard and repeat after me all together.
Teacher: Ok. Thank you. Let’s answer the questions which I ask you. I have a picture. We see the clothes in the picture. And I’ll ask you a question and you have to give full answer. Let’s start.




Teacher: What is it? What colour is the skirt?
Pupil: It is a skirt. It is red.
Teacher: What is it? What colour is the jeans?
Pupil: It is jeans. They are blue.
Teacher: What is it? What colour is the dress?
Pupil: It is dress. It is yellow.

III. Play game.
Teacher: Now. We play the game. Look at the blackboard. And you see the wrong words. You must make the right words.
I ----------------------------------- II ----------------------------------------- III
TRIKS – SKIRT ----------- CKOSS – SOCKS --------------------- HESOS – SHOES
AHT – HAT --------------- RESDS – DRESS ---------------------- WEARETS – SWEATER
IRTHS – SHIRT ----------- RESSOURT – TROUSERS ----------- THIRS - T – T - SHIRT

IV. Speaking.
I have cards. We see the picture on the cards. Your task is to make up sentences.
V. Conclusion.
a) Giving marks.
b) Giving home task: Read the text and exercise 4
Reflection:

* * * * *

**ЕЛ БОЛАШАҒЫ КЕЛЕШЕК ҰРПАҚ ҚОЛЫНДА**

**Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы**
**№ 89 «Қайнарбұлақ» жалпы орта мектеп химия пәні мұғалімі**
**Абдуллаева Раъна Маккамбаевна**

Ел болашағы және келешегіміз жастар қолында. Ол дегенім ел болашағы ғылым мен білімде. Сондықтан да оқушылардың сапалы білім алып, ғылым негіздерін игеру үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Пән олимпиадасы, ғылыми жоба жарыстарды әр оқушының білімге деген өз бейім- қабілетін, талант-дарынын айқындауға және дамытуға мүмкіндік жасайтын білім сайысы. Бұл сайыстарда оқушылардың біртұтас интелектуалды құрылымының бір-бірімен ажырамас екі бөлігі іріленіп, айрықша қуатымен айқын көрінуі тиіс. Біріншісі, оқушының жан-жақты да, терең білімі, ал екіншісі, сол білімді қолданып,жетілдіріп дамыта алатын табиғи шығармашылық, ғылыми жоба жарыстары,ғылыми ақыл- парасат. Түрлі пән олимпиадалары,ғылми жоба жарыстары тек білім талас емес, сонымен қатар шығармашылық ой мен ақыл –парасат талас десек дәлілрек болар. Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең, мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу – бүгінгі алға қойылған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы.

Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып,арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік –саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып,биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу - мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

«Бұлақ көрсең— көзін аш»— демекші оқушы дарындылығы мен шығармашылық қабілетін дамытуда мұғалімнің рөлі ерекше. Мұғалім оқушыға бағыт-бағдар беру арқылы ізденімпаздығын арттырып, өз бетінше жұмыс жүргізуге дағдыландырады. Шығармашыл оқушының білім шыңына жету, мұғалімнің талмай еңбек етуінің жемісі болмақ.

Ұлы ойшыл Плутарх : «Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай ,құрытып тынады» дегендей , ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеу керек. Біздің мақсатымыз тек пәндік білімді меңгерген оқушы емес , жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға дайындау.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру қызметіне жаңаша қолдауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда ,мұғалім іс-әрекетін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді. Сондықтан қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағылуматтарды , инновациялық әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап,дұрыс пайдалана білу керек.

Химия, биалогия пәнін оқытуда осы тиімді әдістерді пайдалану арқылы оқушының білімге деген қызығушылығын арттыруға , терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастыруға болады. Сабақ оқушыларды жалықтырмауы тиіс. Ол үшін сабақтың құрылымы көп түрлі болуы қажет. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру— мұғалімнің өз еңбегін жаңаша ұйымдастырып , шығармашылыққа дамытуға бағыттау болып табылады. Сондықтан жаңашыл ұстаздардың тәжірибесін оқып, үйреніп оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін сабақта тиімді пайдалана білудің маңызы зор. Электронды оқыту жүйесінде техникалық қолдау көрсету мен АКТ пайдалануда оқушы мүмкіндігін арттыратыны сөзсіз. Компьютер және интерактивті құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға бағыттап , нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Интерактив тақтаны қолдану негізінде мектепте химия , биология пәндерінің оқытылу сапасы артып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асырылады деуге болады. Осы орайда электрондық оқулықтарды әр сыныпқа сапалы дайындап таратылуы қарастырылған жағдайда бұл дәрежеге жетуге қажетті білім алуына жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенім мол. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында, білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлыттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға , дамытуға және шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдай жасау қажет делінген. Мектептерде материалдық- техникалық базаны нығайта отырып, теория мен практиканы ұштасқан жағдайда оқушылардың білім сапасының артары анық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «әр баланың жеке қабілетіне интеллектуалдық дамуыны , жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер еңгізіліп отырғаны белгілі. Қазіргі таңда мұғалімдер біліктілігін арттыруда Назарбаев интеллектуалды мектептерінің қасындағы педагогикалық шеберлік орталықтарында және педагогикалық біліктілігін көтеру бойынша Ұлттық орталықтарда әлемдік тәжірибеге сай арнайы 3 айлық қайта дайындаулардан өту үстінде. Олар мұғалімдер біліктілігінің жаңа (бірінші, екінші, үшінші) деңгейлері бойынша білімін жетілдіруде.

Қазіргі заман мұғалімінен қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруін көздейтін, жаңашылдыққа жаны құмар, әр ісіне гуманистік сезіммен қарайтын, педагогикалық күрделі құбылыстарды идеялық адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, жаңашыл ойлау дағдыларын меңгерген, шығармашылықпен еңбек ететін маман болуы талап етіледі.

Елбасының қолдауының нәтижесінде қазақстандық білім беру жүйесі жаңа даму деңгейіне өтуде. Бүкіл әлемдегі сияқты Қазақстанның мектепке дейінгі білім берудің әдістеріне көшуі, «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін жалғастырылуы, «онлайн» жүйесін, инженерлік білім беруді дамытуды, балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100% қамту үкімет пен әкімдерге міндеттелді. Жылдан жылға білім беру саласына бөлінетін қаржы көлемі өсіп келеді. Бұл орайда ел Президентінің «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа білім мен ғылымды игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндікті жасап, ең қолайды жағдайлармен қастамасыз етуіміз керек» деген қанатты сөзін басшылыққа алып, еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етуіміз, XXI ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасырына» айналуына ат салысуымыз қажет деп білеміз. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Сондықтан, «мәңгілік ел» болу жолындағы игі істеріміз арта берсін.

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №92 "Ақсу" жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Тажиметова Саяра Халматовна**

**Тақырыбы:** Сан есім
**Мақсаты:** Оқушылардың сан есім туралы алған білімдерін пысықтау, сөйлем ішінен сан есімді табуды, оның басқа сөзбен байланысын анықтауды, сұрақ қоя білуге үйрету, өткен сабақтан алған ұғымдарын кеңейту.
Оқушылардың сөздерді дұрыс қолдана білу аясын кеңейту, сөз таптарын ажырата білуқабілетін дамыту
Ұжымшылдыққа, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.
**Сабақтың түрі:** пысықтау сабағы. **Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу.
**Пәнаралық байланыс**: математика, дүниетану, әдебиеттік оқу.
**Көрнекілігі**: интерактивті тақта, электронды оқулық, суреттер, үлестірмелі парақтар.
Сабақтың барысы:
І.Ұйымдастыру бөлімі
Психологиялық дайындық.
Қайырлы күн достым, қайырлы күн болсын.
Дүйсенбінің күні сәттілікке толсын!
Кезекшінің мәліметі.
-Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Сабаққа дайынбыз ба?
Біз екі топқа, яғни, «Алғырлар», «Тапқырлар» болып бөлініп отырмыз. Әр топтың топ басшысы бағалау парақтары бойынша ұпай сандарын есептеп отырады.
ІІ.Үй тапсырмасын тексеру. Берілген сын есімдердің қарама-қарсы сыңарын тауып жазу. Қандай айырмашылық бар, -дай, -дей, -дау, -деу жұрнақтары арқылы жасалып тұр.
ІІІ.Өткен сабақты еске түсіру үшін тест жұмыстарын орындаймыз.
ІҮ.Тест жұмысы.
1.неше сөз табын білеміз? А) 4 ә) 2 б)3
2.Сын есім дегеніміз не? А) заттың атын ә) Заттың қимылын, іс-әрекетін б) Заттың түрін, түсін
3. Етістікті табыңыз. А)тоғай ә) ойнап жүр б) сары
4. Күрделі етістік қайсысы? А) отыз алты ә) тасу б) барып кел
5. Қарсы мәндес сын есімді тап. А) кішкене-кішкене ә) жап-жасыл б) биік-аласа
7. Негізгі сын есімді көрсетіңіз а) ағаш ә) адалдық б) таза
8. Заттың сынын білдіретін сөз таптары а) етістік ә) зат есім б) сын есім
9. Сын есімнің сұрақтарын көрсетіңіз. А) Не істеді? Ә) неше? Б) қандай?
10. Зат есімді табыңыз. А) биік ә) кітап б) он
11. Туынды сын есімді табыңыз. А) отыз алты ә) ажарлы б) жүріп кетті
12.. Етістіктің сұрақтарын табыңыз. А) не? Ә) неше? Б) не істеді
13. Негізгі сын есімді көрсетіңіз а) білімді ә) гүл б) таза
Ү. Ой қозғау.
Елу метр есіктен
Еңкеюмен шақ кірдім
Жүз қасқырды өшіккен
Бір қозыға бақтырдым.
-Осы өлеңдегі сан есімдерге сұрақ қоямыз.
ҮІ. Жаңа сабақ. Сан есім.(Электронды оқулықпен жұмыс)
-Балалар, математика сабағында біз сандармен берілген әр алуан тапсырмаларды орындай аламыз, бірақ біз санды қосу, азайту, бөлу, көбейту амалдарының объектілері ретінде санау таңбасы деп ұғынамыз. Ал қазақ тілінде сан есімдер негізгі есім сөздердің бірі ретінде саналады.
-Қай сыныпта оқисың? -Сенің жасың нешеде? -Сенің туған күнің қашан? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін санды пайдаланамыз. Мысалы, -біз ауылға дейін 3 сағат жүрдік.
-Сыныпта он бала оқиды. Бұл сөйлемдердегі 10,3, деген белгілі бір заттың санын, ретін, мөлшерін білдіреді.
-Қандай киелі сандады білесіңдер?
-7 нан, 7 ата, 7 күн, 7 байлық деген не? (Оқушылардың жауабын тыңдау)
2-жаттығу. Ерекше жазылған сөздерді қандай сандармен ауыстырып айтуға болады?
ҮІІ. Дәптермен жұмыс. Әр топтың мүшесі тапсырманы тақтаға жазады.
ҮІІІ.Сергіту сәті.
ІХ. «Мозайка құрастыру» ойыны. Құрастырған суреттері бойынша сан есімі бар сөйлем құрап жазып, сан есімдердің астын сыз.
Х.Оқулықпен жұмыс. 4-жаттығу. Сөйлемдерден сан есімдерді тауып, олар қай сөз табымен байланысып тұрғанын сұрақ қою арқылы анықтау.
ХІ. «Сыңарын тап» ойыны. Плакаттағы құрамында сан есімі бар мақалдардың жалғасын табамыз.
-Тағы қандай мақал білесіңдер?
Болар бала жетісінде бас болар, Болмас бала қырқында жас болар.
ХІІ.Математикалық сөзжұмбақ. Бір буыны саннан құралған сөздер білеміз бе? Ендеше, математикалық сөзжұмбақ шешу.
100ік, 100ім, к2лік, 3ем
ХІІІ.Жаңа сабақты қорытындылау.
-Бүгін қандай сөз табын есімізге түсірдік?
-Оның қандай түрлерін білеміз?
-Бүгінгі сабақ ұнады ма?
ХІҮ. Семантикалық карта. Осы кестеде тек қана сан есімдерді табамыз.
ХҮ.Бағалау парағы бойынша мадақтау.

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №101 жалпы орта мектебінің өзбек тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Абдираимова Махбуба Абдирашитовна**

Ұстаз алдындағы басты мақсат ─ сапалы білім мен саналы тәрбие беру, тұлғаның заман талабы мен ағымына сай қалыптасуына ықпал ету. Тұлғаны **ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №101 жалпы орта мектебінің өзбек тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Абдираимова Махбуба Абдирашитовна**

Педагогикалық – әдістемелік ізденістер әлеміжан-жақты жетілдіруде таным баспалдақтарына жетелер дағды-машықтарды қалыптастыруға жол ашатын оқыту мен тәрбие технологиясын жете білу, меңгеру, біліктілігін арттыру, әлемдік даму үрдісіне қатысар тұлға даярлау - мұғалім мақсатының бастау көздері.

Қазақстан Республикасының Президентінің: «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айкындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» - деген бағдарлы сөзі педагогтардың алдына қойылар міндеттерді де саралайды. Бәсекеге барынша қабілетті қоғамға ену мақсатын алға койып отырған еліміздің білім беру саласында нәтижелі ізденістер бастау алуда. «Білім туралы заңда» оқытудың жаңа технологияларын ендіру, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу міндеті айкын көрсетілген. Осы міндеттер тұрғысынан қарағанда пәнді оқыту барысында технологиялардың қолданысқа тиімді, ұтымды нұсқаларын таңдап-талғау алдыңғы кезекте тұрады.

Жалпы өз пәнінің шебер маманы педагогикалық технологиялардың өзіндік болмысы мен тарихи бастауларын жете білгені жөн. Осы тұрғыдан педагогикалық технологиялар жөнінде қажетті деп тапқан мәліметтерді ұсынуды жөн көрдім.

Зерттеушілер американдық және еуропалық мектептердегі оқытуды технологиялық тұрғыдан құруды бастау қозғалысын 50-жылдар ортасымен байланыстырады. Бастапқы кезде педагогикалық технология ұғымы оқытуды техникаландыру деген түсінік ретінде негізге алынып, бүгінгі күнде көріп отырғанымыздай кемел ізденістерге жол ашты, түрлі педагогтар мен әдіскерлердің анықтамалары негізінде кеңейе түсті. В.Беспалько, Б.Блум, М.Кларина, В.Монахов және басқалардың пікірлеріне сүйенсек, педагогикалық технология (нақты - оқыту технологиясы) дегеніміз оқытудың ұйымдастыру формалары, құралы және дидактикалық үрдісімен байланысты білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Алыс және жақын шетелдік ғалымдар мен педагогтардың жаңашыл ізденістерімен танысып, білім беру технологияларын өз тәжірибесінде қолданумен қатар қазақстандық ұстаздар ұлттық дүниетаным ерекшеліктеріне бейімделген өздерінің авторлық технологияларын да қалыптастырды. Бұл жаңашыл ізденістер оқу материалын ұйымдастыру жолдары мен құралдарының ерекшелігі, қағидалық құрылымы және оқыту жүйесінің белгілі бір әдістемелік жақтарымен айқындалады.

Қазақстандық технологияларға тоқталар болсам, кеңінен қолданылатын танымал технология түрлері: «Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі» (Ж.Қараев, Ж.Кобдикова) және «Модульдік окыту технологиясы» (М.Жанпейісова) туралы сөз саптай кеткенді жөн көрдім.

* * * * *

**ОКО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы "№100 жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Халкулова Унсинай Базартаевна**

Сабақтың тақырыбы: ***Сан есімнен өткенді қайталау***

Сабақтың мақсаты: Сан есімнен өткенді қайталай отыра, сөз қолданыста пайдалана білуге, емле- ережелерін дұрыс қолдануға қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:
1. Сан есімдерді мәтін ішінен тауып, мағынасына, құрамына қарай талдай алады.
2. Талдау барысында ой еркіндігіне, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа көңіл бөле отырып, сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.
3. Туған еліне, тарихына ондағы ұлағатты адамдар өміріне баға

Не арқылы бағаланады?1. Көрнекілік стратегиясы
2. Ассоциоция құру
3. Бес жолды өлең
4. «Кластер» стратегиясы
5.

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Циолковский атындағы №84 жалпы орта мектеп**
**Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Каумбаева Шарифа Алмурзаевна**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | 1-10-ға дейін санау |
| **Сабақтың мақсаты:** | 1-10-ға дейін тура және кері санауды үйрету.<br>Пәнге қызығушылығын арттыру |
| **Дамытушылығы:** | есте сақтау қабілетін, логикалық ойлау қабілетін дамыту |
| **Тәрбиелігі:** | ұқыптылыққа, тазаллыққа, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу |
| **Әдіс-тәсілі:** | сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын |
| **Көрнекілігі:** | кеспе сандар, слайд |
| **Сабақтың барысы:** | I. Ұйымдастыру кезеңі<br>1. Сәлемдесу<br>2. Жыл мезгілі<br>3. Апта күндерін ата<br>4. Топқа бөлу<br>II.Негізгі бөлім:<br>Сабақтың тақырыбын хабарлау: 1-10-ға дейін санау<br>1-тапсырма: «Адасқан сандар» ойыны |
| | Мына сандарды ретімен қойып шығамыз |
| | Әр топтан бір баладан санату<br>2-тапсырма: «Ормандағы туған күн»<br>Балалар, мына жануарлармен бірге қонаққа барайық?<br>Олар қайда барады екен? |
| | - Балалар, мыналар қандай жануарлар?<br>- Олар қайда өмір сүреді?<br>- Балалар, қараңдашы қандай сыйлық алып келіпті?<br>- Аң патшасы не? |
| **1-қонақ: Қоян** | Қандай сыйлық алып келіпті?<br>Балалар Арыстан сәбіз жейма?<br>Олай болса Қоянды Арыстаннан<br>құтқарып алайық?<br>Ол үшін Қоянның тапсырмасын<br>орындауға көмектесейік.<br>Қоян мынандай тапсырма алып келді:<br>мысал: 3 + 2 4 – 1 |
| **2-қонақ: Аю** | Аю сыйлыққа бал алып келіпті.<br>Арыстан бал жейма?<br>Олай болса Аюғада көмектесейік.<br>Аюдың тапсырмасы:<br>Сауат ашудан алып келіпті<br>БАЛ НАН |
| **3-қонақ: Қасқыр** | Ал енді Қасқырдың сыйлығын көрейік.<br>Ол не алып келіпті?<br>Әрине Арыстанға бұл сыйлық ұнайды. |
| **4-қонақ: Түлкі** | Түлкі қандай сыйлық алып<br>келіпті?<br>Балалар қараңдаршы, мына не<br>қылған сыйлық?<br>«0» саны қандай мағынаны<br>білдіреді?<br>Демек, түлкігеде көмекке келейік?<br>Түлкінің тапсырмасы:<br>Мына геометриялық пішіндер қалай аталады?<br>Олай болса, мына фигураларды атап шығайық? |
| **Сергіту сәті:** | Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ,<br>Алақанды ашамыз<br>Бесті-беске қосамыз.<br>Қане санап көрейік<br>Неше болды барлығы? |
| **Балаларды бағалау:** | Жарайсындар балалар.<br>Барлық аңдарды Арыстанның ашуынан құтқарып қалдындар. |
| **Қорытынды:** | Қане қанша ұпай жинадық?<br>Ұпай көп топқа қошемет көрсету. |

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Циолковский атындағы №84 жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Жасек Оңлагүл Әмзеқызы**

**Сабақтың тақырыбы:** 2 санын көбейту және бөлу кестесін құрастыру.
**Сабақтың мақсаты:**
**Білімділік:** Оқушыларды деңгейлеп оқыту арқылы 2-ге көбейту кестесін құру, түсіну, меңгерту және есте сақтауға жаттықтыру.
**Дамытушылық**:Оқушылардың ой өрісін дамыту.Өздігінен түсініп орындау дағдысын жетілдіру.Жұппен оқытуға дағдыландыру.Зерек болуға тәрбиелеу.
**Сабақтың типі** : аралас сабақ
**Оқыту әдісі**: жұппен оқыту
**Көрнекіліктер:** интер белсенді тақта кітапхана ресурстары
2.Оқушылардың жылдам ойлау,есептеу қабілетін,ауызша сөйлеу мәнерін дамыту,есептер шығаруда өз бетінше іздеп шешімін табуға, пікір айтуға қалыптастыру
3.Оқушыларды шапшаңдыққа,білгірлікке, ұтымды ой айтуға тәрбиелеу.
Сабақтың типі: білімді пысықтау
Сабақтың түрі: ойын сабақ
Сабақтың көрнекілігі:оқулық,слайдта жазылған есептер,қима қағаздар
Сабақтың барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық.
Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де.
Қуанайық бәріміз
Арайлап атқан күнге
2.Үй тапсырмасын тексеру.
3.Өткенді қайталау
**«Кім нәтижеге бірінші жетеді? ойыны.** Тізбек бойынша есептер шығару




Пысықтау» сөзі шығады.
-Балалар, біз бүгінгі сабақта нені пысықтаймыз?
- Білімімізді
-Дұрыс айтасыңдар, бүгін білімді пысықтау сабағы. Сабағымызды әртүрлі ойындар арқылы жүргізетін боламыз.
Оқулықтағы 1-тапсырманы орындау.
**«Белгісіз санды тап» ойыны** кесте бойынша бөліндінің мәнін табу Топпен орындалады.
**Ітоп**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Көбейткіш | 3 | 5 | 8 |
| Көбейткіш | 2 | 4 | 3 |
| Көбейтіндінің мәні | | | |

**ІІ топ**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бөлінгіш | 10 | 18 | 15 |
| Бөлгіш | 5 | 9 | 3 |
| Бөліндінің мәні | | | |

**«Жаңылмай тап» ойыны**. «+», «-»таңбасының тиістісін қойып жазу.
60…15…5=80 60…(15…5) = 40
60…15…5=70 60…(15…5) = 50

№2 Қосуды көбейтумен алмастыр.
4+4+4+4=4x4 50+50+50=50x3
9+9+9+9=9x4 17+17+17=17x3
14+14+14=14x3
Барлығын вуыстыруға бола ма?
**Сергіту сәті.**
**Өзіндік жұмыс.** Оқулықтағы №6 тапсырманы орындайды
**«Ойлы болсаң,озып көр» ойыны Оқулықтағы** №7 тапсырмаға ауызша жауап беру
**«Иә» немесе «Жоқ» ойыны Топпен жұмыс.**
- 18 санын 6-ға арттыратын болса, 25 шығады;
- 7 саны 20 санынан 17-ге кем;
- 100-ден 30-ды азайтқанда 70 шығады
- егер 35 санын 10-ға кемітсе, 25 шығады;
- 26 мен 7 сандарының айырмасы 18-ге тең;
- 4 дм-де 40 см бар
- азайғыш - 24, азайткыш - 8. Айырманың мәні 16-ға тең;
- 15 саны 7 санынан 9-ға артық.

18. 1кг-да 1000 г бар
**YI. Сабақты қорыту.** Ауызша жаттығулар орындау
**Үйге тапсырма:**

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Бөген ауылы**

**Бейсенбай Кенжебаев атындағы жалпы орта мектебінің**
**бастауыш сынып мұғалімі Маябас Нұржамал Әліпбекқызы**

**Тақырыбы:** Б дыбысы мен әрпі
**Мақсаты:**
Оқушыларды жаңа б дыбысымен таныстыра отырып, тілін дамыту,
өз ойын айтуға үйрету, суретке қарап әңгімелеуге дағдыландыру. Дыбыстау кезіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буыннан сөз , сөзден сөйлем құрауға дағдыландыру.
**Түрі:** жаңа сабақ
**Әдістері:** сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру.
**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, кеспе әріптер, буындар.
**Сабақтың барысы:**
І.Алғашқы ұйымдастыру
**ІІ. Психологиялық дайындық**
Біз көңілді баламыз,
Сәлемдесіп аламыз.
Мақсатымыз-білім алу,
Міндетіміз-еңбектену
Еңбектену арқылы білімге қол жеткізу.
ІІІ. Өткен сабақты еске түсіру.
а) «Е» дыбысын қайталату мақсатында «е» дыбысы кездесетін адам аттарын айтқызу. Ерік, елемес, Әселім, Еркебұлан, Көркем, Сержан Елемес, Берік
Үй тапсырмасын сұрау. «Асқар» мәтінін оқыту
**Ойын:** Буыным қайда?
**Ой қозғау.**
Шеп-шеп, шөжелерім
Сары алтындай балапаным
Тез жетіңдер, жем берейін,
Дәнге толы алақаным
-Өлең не туралы?
**-Балапан** сөзі қай дыбыстан басталып тұр?
-Балапан сөзін буынға бөліңдер, неше буын бар? Ба-ла-пан
-Балапан сөзі қай дыбыстан басталып тұр?
-Айтып көрейік, б б б
**Жаңа сабақ** –Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы Б дыбысы мен әрпі.
Оқулықтағы берілген сызба арқылы сөздерді оқытып, жаттықтыру, сөздік жұмысын жүргізу.
Интербелсенді тақтамен жұмыс.
**Бақа** ол суда тіршілік етеді
**Балық-** өзендерде тіршілік етеді.
**Бота** түйенің баласы
**Болат**-берік, қатты деген сөз,
**бөрік-**бас киім
**көрік**-келбет, яғни адамның әдемілігіне қатысты айтылады.
**Дәптермен жұмыс.** Б дыбысының баспа және жазба түрімен таныстырып, б дыбысының бас және кіші әрпінің салу ережесін түсіндіру.
Үлкен жолдың ортасынан сәл төмен қаламамымызды қоямыз. Төмен қарай сәл көлбеу сызықты астыңғы сызыққа жетпей жоғары қарай жарты доға жасай отырып иеміз. Енді сәл имегі бар түзу сызықтан тұратын қалпағын кигіземіз. Кіші әрпін салу үшін жазу жолының ортасынан сәл жоғары қаламымызды қойып, оңнан солға қарай иіп, үлкен жолдың ортасына дейін созып оңға қарай сәл сызамыз.
**Мазмұнды суретпен жұмыс.**
-Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?
-Олар қай жерде жүр?
-Қолдарында не бар?
-Қандай тақырып қоюға болады?
« Көл жағасында»
**Мәтінмен жұмыс.** Интербелсенді тақтадан мәтінді оқу.
–Қазір жылдың қай мезгілі?
-Көкөністер мен жемістер қай мезгілде піседі?
-Ендеше, күз болды, бақта өсіп тұрған алмаларымызды жинап алмасақ не істейді? Үсіп кетеді, слндықтан үсіп кетпей тұрғанда жинап алайық.
**«Алма жинау» ойыны.**
-Қане, кім еңбекқор екен, ол үшін әрбір алманың артында сөздер бар, соны оқыған бала алманы мына себетке салады. (көрік, қағаз, шелек, тарақ)
Суретпен жұмыс. «Бақшада» тақырыбына сөйлем құраймыз.
**Қорытындылау.** –Сонымен, бүгін қандай дыбыспен таныстық?
-Б дыбысы қандай дыбыс?
-Ол сөздің қай жерлерінде кездеседі?
**«Сөз ойла, тез ойла»** ойыны.
**Мадақтау.** Қызыл гүл, сары гүл, көкөністер.

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы Циолковский атындағы №84 жалпы орта мектеп Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Жумабаева Динара Куркембаевна Сабақтың тақырыбы: «Хх» дыбысы және әрпі.**

**Сабақтың мақсаттары:**

**1) Білімділік:** «Хх» дыбысы мен әрпін таныстыру, дыбыс пен әріпті ажырата білуге үйрету.Кеспе әріптерден буын , сөз, сөйлем құрату. Хх дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.

**2) Дамытушылық:** Ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын молайту, қызығушылығын, белсенділігін дамыту , сауатты жазуға баулу.

**3) Тәрбиелік:** Әдептілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** Жаңа сабақ

**Сабақтың әдісі:** Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, ойын, қол жаттықтыру жұмысы.

**Сабақтың көрнекіліктері:** кеспе әріптер, суреттер, Хх әрпінің баспа және жазба түрі.

**Сабақтың барысы:**

**1.Ұйымдастыру кезеңі.**

1. Оқушылармен сәлемдесу;
2. Керек заттарын дайындату;
3. Назарларын сабаққа аудару.
4. Ережелерді еске түсіру.
5. Психологиялық дайындық.




**Шаттық шеңбері.** Балалар қол ұстасып шеңбер құрап, мынадай өлең жолдарын айтады.

***Арайлап таң атты***
***Алтын сәуле таратты.***
***Жарқырайды даламыз,***
***Қайырлы күн, достарым!***
***Қайырлы күн, Ұстазым!***
***Психологиялық дайындық.***
***Бір, екі, үш,***
***Сынып іші тып-тыныш***
***Жалқаулықты тастаймыз***
***Сабақты біз бастаймыз.***

**2. Өтілген сабақты еске түсіру**

1.- Балалар өткен сабақтағы әріптерді еске түсірейік:

***Аа, Тт, Пп, Нн, Ғғ, Рр, Лл, Уу, Шш, Йй, Ққ, Дд, Мм, Бб, Сс, Ыы, Жж, Ұұ, ң, Ее, Кк, Іі, Әә, Ии, Зз, Өө, Үү, Гг, Яя, Юю.***

- Бір жылда қанша мезгіл бар?
- Қазір қай мезгіл?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- Балалар дыбысты не істейміз?
- Өткен сабақта қандай әріппен таныстық?
- "Юю"-қандай дыбыс?
- "Юю"-дыбысынан келетін сөздер айт

**3. Жаңа сабақ.**

Ой шақыру

**Жұмбақтар шешу**

*Аяғы жоқ, қолы жоқ.*
*Жүрмейтұғын жолы жоқ.*
***(Хат)***

*Сәлем алып алыстан*
*Туысынан таныстан,*
*Келетұғын хат, хабар*
*Қай әріптен басталар?*
***(Х)***

- Хат сөзінің басында қандай әріпті естіп тұрсыңдар?
- Енді бізге "Хх" әрпі қонаққа келіпті.
- "Хх" әрпін хормен айтқызу.
- "Хх" әрпі дауыссыз дыбыс екенін түсіндіру.
- "Хх" әрпінің баспа, жазба түрлерімен таныстыру.
- "Хх" әрпі бар сөздер айтқызу.

***Сөздің басында:*** *Хат, хабар, халат, хор, Хамит, хоккей.*

***Сөздің ортасында:*** *Шахмат, саяхат, дәріхана, кітапхана, шеберхана, асхана.*

***1-тапсырма.*** Сөздерге дыбыстық талдау жаса.

***2-тапсырма.*** "Қай дыбыстан басталады?" Сызып көрсет.

***3- тапсырма.*** Сөздерді буынға бөл. Сызып көрсет.

***4-тапсырма.*** Буындардан сөз құра.

**Сергіту сәті**

**Жазу жұмысы.**

Қолға қалам алайық,

Әдемі етіп жазайық.
1. Ауада жазу.
2. "Хх" дыбысын үлгі дәптерге жазу.
***Сабақты қорыта келіп, жаңылтпашты жаттау.***
*Хабиба сумка көтерген,*
*Хат-хабар күнде әкелген.*
**4. Жаңа сабақты бекіту.**
**Ой қорыту.**
**1**. Балалар бүгін сабақта қандай әріппен таныстық?
**2**. "Хх" әрпінен басталатын қандай сөздер талдадық?
**3**. Қандай буындардан сөз құрастырдық?

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы № 3 Хамза атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Талипова Саяра Каримжановна**

**Тақырыбы: Абай «Ескендір» поэмасы**
**Шығармашылық жоба тақырыбы:** «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?»
**Жобаның қысқаша мазмұны:** Жобамен жұмыс жасау барысында оқушылар поэмаға талдау жасайды , онда көтерілген әділдік пен жауыздық арасындағы тартысты ұғынып, идеясын ашу және автордың көзқарасын таныту мақсатында проблемалық сұрақтарға жауап іздей отырып ақпаратты алу, талдау, салыстыру арқылы өз ойларын айтуға, дәлелдеуге қалыптасады. Топтық жұмыс жасай отырып коммуникативті, проблеманы шешу құзыреттіліктері дамиды.
**Жобаның ұзақтығы:** 1 апта 2 сағат

***Жоба кезеңдері***

**I. Дайындық кезеңі**
«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?»
(“Ескендір” поэмасы Абай поэмаларының ішіндегі елеулісі, ақынның гуманистік ой-пікірлерін тереңірек танытатыны жөнінде пікір алмасу).
**II. Негізгі кезең**
Оқушылар үш топқа бөлінеді: «Тарихшылар», «Зерттеушілер», «Журналистер».
«Тарихшылар». Еліміздегі Ескендірге қатысты жер атаулары.
4. Ақпарат көздерінен Ескендірге қатысты жер атаулары туралы мәлімет жинайды.
5. Ақын-жазушылардың шығармаларынан Ескендірге қатысты жер атаулары туралы мәлімет жинайды.
6. Мәліметтерді қолдана отырып карта әзірлейді.
«Зерттеушілер». Абай шығыс аңызын өмір шындығына жақындата жырлады
11- Шығыс ақындары Низами, Фердауси шығармаларын оқи отыра ондағы Ескендір мен Абай жырлаған Ескендірді салыстыра отырып, мінездеме дайындайды.
«Журналистер». Александр Македонский сіз үшін қандай тұлға.
2- Мұғалім, ата-ана және жоғары класс оқушыларына сауалнама қоя отырып, интервью алады.
3- Интервью нәтижесін кесте түрінде ұсынады.
**III. Жобаны қорғайды.**
**Ескендір Зұлқарнайынның Орта Азиядағы жаулап алған жерлері**

| Шығыс ақындары жырлаған Ескендір | Абай жырлаған Ескендір |
|---|---|
| 1. Қолбасшы<br>2. Империя құрушы<br>3. Айлалы әскербасы<br>4. Аристотель шәкірті<br>5. Өз саясатын жүргізуші | 1. Ел жаулағыш<br>2.Зұлым патша<br>3. Баққұмар<br>4. Көзі тар<br>5. Көрсеқызар<br>6. Тойымсыз |

**1. Александр Македонский сіз үшін қандай тарихи тұлға?**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Әлемді жаулап алып, өз саясатын жүргізуді мақсат еткен тарихи тұлға. | 55% | Қоғамдық пікір |
| 2. | Тарихта қанқұмар, қанішер атымен қалған, ақындар жырлаған тұлға | 45% | |

**2. Македонский жорықтарының қазақ даласымен, қазақ тарихымен қандай байланысы бар?**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Байланысы бар екенін білемін | 13% | Қоғамдық пікір |
| 2. | Ешқандай байланысы жоқ | 37% | |
| 3. | Ол жөнінде білмеппін | 50% | |

**3. Александр Македонскийдің әлем тарихынан ерекше орын алып, даңққа бөлінуінің сыры неде?**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Жер жүзін жаулап аламын деген саясатында | 15% | Қоғамдық пікір |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | Өз заманынан озып туған тұлға екендігінде | 20% | |
| 3. | Ол – қолбасшы, айлалы әскербасы, империя құрушы | 75% | |

**4. Александр Македонский тұлғасына қатысты қандай жайттар сізді ерекше қызықтырады?**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Ескендірдің қолбасшылық дарыны | 55% | Қоғамдық пікір |
| 2. | Македонскийдің ұстазы Аристотель болуы | 40% | |
| 3. | Ескендірдің «Қос мүйізді» аталуы | 5% | |

* * * * *

## ТҰҚЫМ ҚУАЛАУШЫЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ӨЗГЕРГІШТІГІ

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы мектеп-гимназиясы биология пәні мұғалімі Тохтарова Саодат Равшанбековна**

Өзгергіштік деп — бір топқа жататын даралар арасындағы айырмашылықтарды, сонымен қатар тіршілік циклінің кезеңі, өрісі және жасындағы айырмашылық жазылмайтын даранып сол түрдің дараларынан ерекшелігін айтады.

Өзгергіштіктің екі түрі бар: тұқым қуалайтын және тұқым қуаламайтын. Біріншісі тұқым қуалаушылық материалының өзгергіштігіне қатысты болса, екіншісі организмнің қоршаған орта жағдайына жауап қайтару нәтижесі болып табылады.

Тұқым қуалайтын өзгергіштік мутациялық және комбинативтік болып бөлінеді.

Мутациялық өзгергіштіктің алғашқы себебі мутация болып табылады. Оларға генетикалық материалдың тұқым қуалайтын өзгерісі деп анықтама беруге болады. Ыдырау мен мутацияның алмасуы, және гендердің әркелкі аллельді күйде болуына негізделген өзгергішті комбинативті деп атайды.

Мутациялық теория ХХ ғасырдың басында Г. Де Фриздің еңбектерінде туындаған. Оның мәні қазіргі күнде қызығушылық тудыратын келесі негізгі жағдайларға байланысты:

1. Мутация ауысымсыз, секірмелі түрде пайда болады.
2. Түзілген жаңа формалар тұрақты
3. Мутация сапалы өзгергіштік болып табылады.
4. Мутация әркелкі бағытталған ( жағымды және жағымсыз )
5. Мутациялардың көрінісі зерттелетін организмдердің көлеміне байланысты.
6. Бір мутация қайта пайда болуы мүмкін.

Мутациялық өзгерістер әр түрлі болады. Олар организмнің морфологиялық, физиологиялық және биохимиялық белгілерін қозғауы, және қалыптан өте тез немесе әлсіз көрінерлік фенотиптік ауытқу- ларды тудыруы мүмкін. Мутацияның жіктеудің бірнеше принциптері белгілі. Авторлардың айтуынша мутацияның тиімді жіктелуін жасау өте қиын, және қазіргі жіктелулер өте жүйелі түрде жасалған.

I. Генотиптің өзгеруі бойынша:

1. Гендік мутация.
2. Хромосома құрылымының өзгеруі немесе хромосомалық қайта құрылымдар.
3. Хромосома санының өзгеруі.

II. Фенотиптің өзгеруі бойынша:

1. Летальді.
2. Морфологиялық.
3. Физиологиялық.
4. Биохимиялық.
5. Мінез-қылықтың.

III. Гетерозиготадағы көрінісі бойынша.

1. Доминантты.
2. Рецессивті.

IV. Пайда болу жағдайына байланысты:

1. Тәжірибе жасаушы жағынан еш себепсіз және жағдайсыз пайда болатын өзгергіштік. Негізінен спонтанды мутация деп, пайда болу себептері белгісіз болған жағдайда айтады.
2. Индуцияланған, яғни белгілі бір іс – әрекет нәтижесінде пайда болған.

V. Нормалы фенотиптен ауытқу дәрежесі бойынша:

1932 жылы Г. Меллер мутацияны мынадай категориямен жіктеуді ұсынды:

Гипоморфты, аморфты, антиморфты, неоморфты және гиперморфты.

VI. Клеткадағы орналасуы бойынша:

1. Ядролы. 2. Цитоплазмалы.

VII. Тұқым қуалау мүмкіншілігіне қарай:

1. Генеративті, яғни жыныс клеткаларында болатын
2. **Соматикалық, соматикалық клеткаларды болатын мутациялар.**

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №100 жалпы орта мектептің**

**тарих пәні мұғалімі Сайфуллаева Раъно Эшонқуловна**

**Сабақтың тақырыбы:XIX ғасырдың 50 жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресі**
**Сабақтың мақсаты**:
**Білімділік.**
Оқушыларды XIX ғасырдың 50 жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресінің негізгі алғышарттары, себептері, мақсаты, көтеріліс барысы, жеңілу себептерімен таныстыра отырып, XIX ғасырдың 50 жылдарындағы қазақ шаруаларының азаттық күресінің Қазақстандағы саяси оқиғалардың дамуына тигізген ықпалын ашып көрсету.
**Дамытушылық:**
Оқушылардың ойлау қабілетін үнемі жетілдіру мақсатында жаңа сабақ мазмұнын түсіндіре отырып, тарихи оқиғаларды, фактілерді салыстырып, талдауға үйрету, білім алуға құштарлығын дамыту, тарихи деректер бойынша тұжырым жасау білу дағдысына үйрету. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту.
**Тәрбиелік:**
Бабалардың ерлік рухын сезіндіру арқылы азаматтық тәрбие беру. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру, ұлттық қадір-қасиеттерді үлгі ету, ерлікке, батырлыққа, отаншылдыққа тәрбиелеу.
Сабақтың көрнекілігі:оқулық,кесте,тест,мултимедиа,слайдтар,карта
Сабақтың түрі:Жаңа сабақты меңгеру
Сабақтың әдісі:проблемалық ізденіс,материалды құрылымдау
Сабақтың барысы:
1.Ұйымдастыру
2.Үй тапсырмасымен жұмыс
3.Жаңа сабақты түсіндіру
Жоспары:
1.Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған шаруалар көтерілісінің алғышарттары,басталуы
2.Есет Көтібарұлы бастаған көтеріліс,басталуы,барысы
3.1858 жылы Оңтүстік Қазақстандағы қазақ шаруаларының күресі
**1858 ж. қазақ шаруалары көтерілісінің барысы**
1858 ж. наурыз - Әулиеата маңында көтеріліс басталды.
1858 ж. - Әулиеата, Шымкент, Тоқмақтағы Қоқан горнизиондарын қоршады.
1858 ж. – Пішпек түбінде қоқандықтарға соққы берді.
1858 ж. - Ташкент билеушісі Мырза Ахмет 3000қолмен Әулиета бекінісін қоршап, көтерілісшілерді жеңе алмады.
1858 ж. – Қоқан ханы Кенесарұлы Тайшық сұлтанды Ахмет ханға көмекке жібереді, қазақтар шегінді.
1858 ж. мамыр – Көтерілісшілер Созақ, Мерке, Шолаққорған қамалдарын алды, Жаңақорған мен Түркістанды қоршайды.
1858 ж. - қазақ билеушілері Қоқан билеушілерімен ымыраға барады(жеңілдіктер береді) Көтеріліс аяусыз басып жаншылады.Ташкент билеушісі Мұрат Аталық болады.
1868 ж. - Қоқан хандығы, 1873ж. Хиуа хандығы, 1867ж. Бұхар хандағы Ресей құрамына кірді.
**Толықтыру тесті.**
Жанқожа Нұрмұхамедұлы ................... руынан шықты.
Хиуа ханының ұлы ............... Жаңадария мен Қуаңдария аудандарында көптеген қамал тұрғызды.
1856 жылы жазда ..................... ауданы көтерілісшілердің ошағы болды.
................ жылы Қазалы порты қоршауға алынады.
Жанқожа бастаған көтерілісшілер саны ............. адамға жетті.
Есет Көтібарұлы көтерілісі ................... жүзді қамтыды.
1855 жылы 8 шілдеде Есет тобы .........................лагеріне шабуыл жасап сұлтанды сыбайластарынмен қырып салды.
1858 жылы қыркүйекте .......................көтерілісті тоқтатып, патша билігін лажсыз мойындауға мәжбүр болды.
1858 жылы наурызда .....................маңында Қоқан езгісіне қарсы ең ірі көтеріліс басталды.
1858 жылы көтеріліс ...................халықтары тізе қосып, бірігіп қимылдады.

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №81 Ұлықбек атындағы негізгі орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Атаниязов Нематжон Мирзаханович**

**Сабақтың тақырыбы**: ***Сәкен Сейфуллин (1894-1938)***
***Сабақтың мақсаты:***
а) С.Сейфуллиннің өмір жолын,шығармашылығын, қоғам қайраткері екенін таныту;
ә) адамгершілік қасиеттерге баулу,үлгі-өнеге ету;
б) шығармашылық ізденіске бағыттау,ой бөлісу, өз ойын көркемдеп еркін айтуға баулу,мәнерлеп оқуға дағдыландыру,ізденімпаздыққа төселу;
**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ
**Сабақтың әдісі**: сұрақ-жауап,талдау,іздену т.б
**Сабақтың көрнекілігі:** сызбалары, портреті,шығармалар жинағы т.б
**Пәнаралық байланыс**: тарих
**Сабақтың барысы:**
**а) Ұйымдастыру кезеңі:**
Оқушылармен амандасу,түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.
**ә) Үй тапсырмасын пысықтау:**
Үйге берілген тапсырманы сұраймын.Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын.
**б) Жаңа сабақты түсіндіру:**

С.Сейфуллин Ақмола облысы,Нілді болысында туған. Ауыл молдасынан арбша хат таныған Сәкенді ата-анасы Нілдідегі орысша оқуға береді. Бұнда екі жыл оқыған Сәкен 1908-1913 жылдары Ақмолада Прихордская школады, қалалық училищеде білім алады.

**Тірек сызба арқылы шығармаларымен таныстырамын.**

***Кітаппен жұмыс:*** Сәкенің өлеңдерін мәнерлеп оқиды

***Білімді бекіту***: Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

Сәкен неге жазықсыз жалаға ұшырады?

Үш бәйтерекке тағы кімдерді жатқызамыз?

Қандай газетте еңбек етті?

***Білімді бағалау:*** Оқушылырдың жауаптарына ,сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

***Үйге тапсырма:*** С.Сейфуллиннің өмірбаянын оқып келу.

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектебінің жоғары санатты физика пәні мұғалімі Халаев Миркурбан Хасантаевич**

**Күш және масса**
**Тақырыптары бойынша берілген есептердің**
**1 нұсқасының «А» деңгейі**

55. Массасы 45 кг бала су бетіндегі массасы 1,5 тонна қайықтан 1,5 м/с жылдамдықпен жағаға қарай секірді.Қайық қандай жылдамдыққа ие болды?

56. Шойын шардың V=125 $см^3$ көлемдегі массасы m=800 кг.Бұл шар тұтас па әлде қуыс па?

57. Серіппе 150 Н күштің әсерінен 23 мм ұзарады.Серіппенің қатаңдығы қандай?

**«В» деңгейі**

58. Көлемі 2 $см^3$ заттың массасы 27,2 г, ондағы атомдар саны $8{,}2\cdot10^{22}$ болса, заттың бір атомының массасы қандай?

59. Жүк көтергіштігі 5 т болатын машинаға өлшемі V=0,003$м^3$ кірпіштің қаншасын тиеуге болады? ρк=1800 кг/$м^3$;

60. Телемұнараның биіктігі 108 м, ал массасы 305 т. Осы телемұнараның макетінің биіктігі 108 см болса, оның массасы қандай болар еді?

**«С» деңгейі**

61. Массасы 860 г шыныдан жасалған текшенің толық бетінің ауданы 300 $см^2$ болса, шынының тығыздығы қандай болғаны?

62. Сумен толтырылған ыдыстың массасы 70 г.Осы ыдысқа массасы 15 г металл кесегін салғанда жалпы оның массасы 83,5 г болды.Металдың тығыздығы қандай?

63. Көлемі 5,4 $м^3$ бакты керосинмен толтыру үшін өнімділігі минутына 20 кг болатын насосты пайдаланса осы бакты қанша уақытта толтыруға болады? ρк=0,8 г/$см^3$;

**Күш және масса**
**тақырыбы бойынша берілген есептердің**
**11 нұсқасының «А» деңгейі**

64. Көлемі 2 л өсімдік майының массасы m=1840 г.Майдың тығыздығы қандай?

65. 3 Н күш әсер еткен кезде 6 см ұзарған серіппенің қатаңдығын табыңдар.

66. Массасы 2 кг ыдысқа көлемі 6 л бензин құйылған.Ыдысты көтеру үшін қандай күш жұмсау керек?

67.

**«В» деңгейі**

67. Көлемі 15·10 $м^3$ заттың массасы 110-ға тең болса, осы заттың 1 $м^3$-нің массасы қандай?

68. Гипстен жасалған плитаның іші қуыс болады, массасы 5 кг, көлемі 0,0042 $м^3$ плитаның ішіндегі қуыстың көлемі қандай?

69. Мензуркадағы көлемі $V_1$=110 мл суға шыны тығын салғаннан кейін судың көлемі $V_2$=180 мл болған.Тығынның массасы қандай? ρш=$2{,}5\cdot10^3$ кг/$м^3$.

**«С» деңгейі**

70.Массасы 3кг ағаш білеушені қатаңдығы 100 Н/м серіппенің көмегімен ағаш тақтайдың бетімен бір қалыпты сүйрегендегі үйкеліс коэффициенті 0,3 ке тең болса, серіппе қаншаға ұзарады?

71.Темірден және алюминийден жасалған заттардың көлемдері бірдей. Егер темірдің массасы алюминийдің массасынан 12,75 г артық болса, осы заттардың массалары қандай?

$\rho_1$=7,8 г/см $^3$; $\rho_2$=2,7 г/$см^3$;

72.Қабырғаға сүйеулі тұрған сүймеге әсер ететін күштерді атаңдар және оны салып көрсетіңдер.

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №10 "Қарабұлақ" жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ақназарова Ёқутой Мадрахимовна**

**Сабақтың тақырыбы**: ***І. Жансүгіров «Жетісу суреттері»***

**Сабақтың мақсаты:**

а) І. Жансүгіровтің ақындық шеберлігін таныту,жер жаннаты Жетісудың көркем табиғаты туралы әңгімелесу;

ә) оқушылардың сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін ,ой-өрістерін дамыту;

б) Іляс шығармаларын талдау арқылы эстетикалық тәрбие қалыптастыру,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу;

**Сабақтың түрі:** лекция сабақ

**Сабақтың әдісі**: сұрақ-жауап,талдау,іздену т.б

**Сабақтың көрнекілігі:** шығармалар жинағы, портреті ,пейзаждық сурет т.б

**Пәнаралық байланыс**: тарих

**Сабақтың барысы:** **а) Ұйымдастыру кезеңі:**

Оқушылармен амандасу,түгелдеу, оқу құралдарын тексеру, сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**ә) Үй тапсырмасын пысықтау:**

Үйге берілген І.Жансүгіровтің өмірбаянын сұраймын.Оқушыларға бірнеше сұрақтар қоямын.

**б) Жаңа сабақты түсіндіру:**

І.Жансүгіровтың «Жетісу суреттері» өлеңі пейзаждық лирика жанрына жатады. Өлең 1925 жылы жазылған. «Жетісу суреттері» 5 тараудан тұрады.

1. Жалпы сын 2. Тау суреті 3. Жетісуда су суреті
4. Жетісу жәндігі 5. Жер түгі

Өлеңді мәнерлеп оқу

Өлеңде туған жері мен елінің тау-тасын,өзен –көлін беріле сүйген ақынның өзін қоршаған ортадан нәр алған шабытты шалқар сезімі беріледі. Ақын табиғат көрінісін айшықты бояулармен кестелейді.

Енді оқушылар назарымызды мына бейне сөзге аударайық.

Жетісу-жер жаннаты. Қазақстанның ең сұлу өңірі төрт түлікке құт болған,тарихы мол,қазыналы өңір.

**Кітаппен жұмыс:** 3оқушы өлеңді мәнерлеп оқиды.

**Өзіндік жұмыс:** (Өлеңнен эпитет,теңеу, метофораларды табу)

**Эпитеттер:** меңіреу күз, ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құм, әсем жер, ақ бура, қоңыр самал, меруерт астау, ерке су, сары бала , қалың құм, қара қазан.

**Теңеулер:** көшкен керуендей, бурадай, айдағардай, шалдуар шалдай

**Метафора:** кеудең –асқар, аяғың-көл, Ыстықкөл-жер айнасы.

**Пәнаралық байланыс:** әсем жер (сын есім-з.е).
Меңіреу құз (сын есім-з.е)

**Білімді бекіту**: Өтілген тақырыпқа байланысты бірнеше сұрақтар қоямын. Түсінбеген сұрақтарына жауап беремін.

1.Іліяс қандай ақын?
2. «Жетісу суреттері» неше тараудан тұрады?
3. Өлең қандай лирикаға жатады?

**Білімді бағалау:** Оқушылырдың жауаптарына ,сабаққа белсене қатысып отырғандарына қарай білімдері бағаланады.

**Үйге тапсырма: І.Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңін мәнерлеп оқып келу.**

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы**
**мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пәні мұғалімі**
**Ахмадқулова Шохида Абдулакимовна**

Тақырыбы:Игерілген әдіспен баскетбол ойыны

Мақсаты: Білімділігі: Оқушыларға баскетбол ойынының ережесін үйретіп,техникаларын меңгерту. Тәрбиелігі: Шапшаңдылыққа,ептілікке, икемділікке тәрбиелеу.

Дамытушылығы: Спортқа деген ынтасын арттырып,күш-жігерлерін дамыту.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ Сабақтың өтетін орны: Спорт зал Сабақта пайдаланылатын құрал: Себет, баскетбол добы, ысқырық және көрнекі құралдар

. І.Ұйымдастыру бөлімі

1.Бірқатарға сапқа тұрғызу. Мәлімдеме қабылдау.
2.Жүгіру жаттығулары.
3.Сапта орындалатын жаттығулар.Сапта тұрып,аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту жаттығуларын орындау. Жалпы дамыту жаттығулары.

ІІ. Негізгі бөлім Жаңа сабақтың тақырыбы:"Игерілген әдіспен баскетбол ойыны" 1.Баскетбол ойынының ережесін түсіндіру.
2.Қауіпсіздік ережелерін сақтау.
3.Ойын техникаларын үйрету.
4.Екі жақты ойын баскетбол.

1-жаттығу Баскетбол добын ұстау әдісі, допты бір қалыппен алып жүру
2 –жаттығу Допты екі қолмен иықтан лақтыру және допты жоғарыдан лақтыру әдісі 3-жаттығу Допты екі қолмен кезек-кезек алып жүру

ІІІ. Қорытынды бөлім Сыныпты сапқа тұрғызу.
1.Оқушылардың кемшіліктері мен жетістіктерін айтып өту.
2. Бағалау.

**3.Үйге тапсырма беру. Баскетбол добымен жаттығулар орындау**

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Арыс ауылы №12 Т.Рустемов атындағы**
**мектеп-гимназиясы бастауыш сынып мұғалімі**
**Хасантаева Надира Халматовна**

**Тақырыбы:** Б дыбысы мен әрпі

**Мақсаты:**

Оқушыларды жаңа б дыбысымен таныстыра отырып, тілін дамыту, өз ойын айтуға үйрету, суретке қарап әңгімелеуге дағдыландыру. Дыбыстау кезіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буыннан сөз , сөзден сөйлем құрауға дағдыландыру.

**Түрі:** жаңа сабақ **Әдістері:** сұрақ-жауап, ойын, түсіндіру.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, кеспе әріптер, буындар.

**Сабақтың барысы:** І.Алғашқы ұйымдастыру

**ІІ. Психологиялық дайындық**

III. Өткен сабақты еске түсіру.
а) «Е» дыбысын қайталату мақсатында «е» дыбысы кездесетін адам аттарын айтқызу. Ерік, елемес, Әселім, Еркебұлан, Көркем, Сержан Елемес, Берік
Үй тапсырмасын сұрау. «Асқар» мәтінін оқыту
**Ойын:** Буыным қайда?
**Ой қозғау.**
Шеп-шеп, шөжелерім
Сары алтындай балапаным
Тез жетіңдер, жем берейін,
Дәнге толы алақаным
-Өлең не туралы?
**-Балапан** сөзі қай дыбыстан басталып тұр?
-Балапан сөзін буынға бөліңдер, неше буын бар? Ба-ла-пан
-Балапан сөзі қай дыбыстан басталып тұр?
-Айтып көрейік, б б б
**Жаңа сабақ** –Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы Б дыбысы мен әрпі.
Оқулықтағы берілген сызба арқылы сөздерді оқытып, жаттықтыру, сөздік жұмысын жүргізу.
Интербелсенді тақтамен жұмыс.
**Бақа** ол суда тіршілік етеді
**Балық-** өзендерде тіршілік етеді.
**Бота** түйенің баласы
**Болат**-берік, қатты деген сөз,
**бөрік-**бас киім
**көрік**-келбет, яғни адамның әдемілігіне қатысты айтылады.
**Дәптермен жұмыс.** Б дыбысының баспа және жазба түрімен таныстырып, б дыбысының бас және кіші әрпінің салу ережесін түсіндіру.
Үлкен жолдың ортасынан сәл төмен қаламамымызды қоямыз. Төмен қарай сәл көлбеу сызықты астыңғы сызыққа жетпей жоғары қарай жарты доға жасай отырып иеміз. Енді сәл имегі бар түзу сызықтан тұратын қалпағын кигіземіз. Кіші әрпін салу үшін жазу жолының ортасынан сәл жоғары қаламымызды қойып, оңнан солға қарай иіп, үлкен жолдың ортасына дейін созып оңға қарай сәл сызамыз.
**Мазмұнды суретпен жұмыс.**
-Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?
-Олар қай жерде жүр?
-Қолдарында не бар?
-Қандай тақырып қоюға болады?
« Көл жағасында»
**Мәтінмен жұмыс.** Интербелсенді тақтадан мәтінді оқу.
–Қазір жылдың қай мезгілі?
-Көкөністер мен жемістер қай мезгілде піседі?
-Ендеше, күз болды, бақта өсіп тұрған алмаларымызды жинап алмасақ не істейді? Үсіп кетеді, слндықтан үсіп кетпей тұрғанда жинап алайық.
**«Алма жинау» ойыны.**
-Қане, кім еңбекқор екен, ол үшін әрбір алманың артында сөздер бар, соны оқыған бала алманы мына себетке салады.
(көрік, қағаз, шелек, тарақ)
Суретпен жұмыс. «Бақшада» тақырыбына сөйлем құраймыз.
**Қорытындылау.** –Сонымен, бүгін қандай дыбыспен таныстық?
-Б дыбысы қандай дыбыс?
-Ол сөздің қай жерлерінде кездеседі?
**«Сөз ойла, тез ойла»** ойыны.
**Мадақтау. Қызыл гүл, сары гүл, көкөністер.**

* * * * *

**ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі**
**Сайдиганиева Шохиста Абдуллаевна**

**Тақырыбы:** 6 санын қосу және азайту.
**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларды 6 санын қосу және азайту тәсілдерімен таныстыру. Оқушылардың ауызша және жазбаша есептеу дағдыларын арттыру, ойлауын, танымдық қабілетін, белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін арттыру.
Оқушыларды мақсатқа жетуге, ұйымшыл болуға, әдептілікке тәрбиелеу.
**Түрі**: «Мақта қыз бен мысық» ертегісі желісіндегі саяхат сабақ.
**Әдіс-тәсілдері**: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, өзіндік және ұжымдық жұмыс, салыстыру, талдау, жинақтау.
**Көрнекілігі:** Слайд, диск, сандар қатары, үлестірмелі материалдар.
**Сабақтың барысы:** І.Ұйымдастыру кезеңі.
**Психологиялық дайындық**.
Біз кішкентай балдырған,
Сескенбейміз ешқашан
Талап, жігер бойымда
Білім алу ойымда.

Қызығушылықты ояту. Үнтаспадан «Ертегілер» әнін тыңдатып, қосылып айтқызу.
-Балалар, бүгінгі сабағымыз күндегі сабағымыздан өзгеше. Өйткені біздер ертегілер еліне саяхатқа шығамыз. Ертегі тыңдауға қалай қарайсыңдар.
-Бүгінгі сабағымыз басынан аяғына дейін «Мақта қыз бен мысық» ертегісінің желісінде болмақ.
-Ендеше, кім осы ертегіні баяндап береді?
II.Үй тапсырмасын тексеру. 1.Мақта қыздың тапсырмасы.
Оқулықтағы №4 тапсырманың орындалуын тексер! Бұл тапсырманы оқушылар үйден орындап келген еді, ендеше мақта қыздың айтуы бойынша есепті оқып тексерейік.
2.Сиырдың тапсырмасы. «Өткенге көз жүгіртпей, жаңаға ұмтылма!»
-Ендеше, сиырдың бұйрығы бойынша өткенге көз жүгіртіп, еске түсірейік.
Өткенді еске түсіруге тапсырмалар орындатылады.
III.Жаңа сабақ. Ағаштың тапсырмасы. «Білгеніңнен көп екен білмейтінің,
Анық оны білмесең, жүрмейтінің».
-Ағаштың тапсырмасына мысыққа енді мен көмектесейін. Көрнекі құралдың көмегімен 6 санын қосу және азайту тәсілін түсіндіру.
3. Қыздардың тапсырмасы. №2 тапсырманы орында. Кестені жаз және жатта.
**Сергіту.**
**4.Дүкеншінің тапсырмасы. Есепті толықтыр және шығар.**
**Бұтақта 7 құс қонып отыр. 2 құс -------------? Неше құс ---------?**
**Ш: Бұтақта-7 құс**
**Ұшты-2 құс**
**С: Қалды-? Құс**
**Ш: 7-2=5**
**Ж: 5 құс қалды.**
**5.Тауықтың тапсырмасы:** математикалық диктант. Топтық жұмыс.

| I-топ | | II-топ | |
|---|---|---|---|
| 10+0 | 10-5 | 7+2 | 9-3 |
| 5+4 | 8-2 | 5+0 | 6-2 |
| 1+5 | 6-4 | 4+3 | 5-3 |

**Сергіту сәті:** Кім тез есептейді? Ойыны. Логикалық есеп.
10 асықтың үшеуін
Досың сұрап алады.
Айтшы сонда нешеуі
Өз қолыңда қалады?

Бесбайда бар 5 іні
Естайда бар 2 іні
Қоссаң 5 пен 2-ні
Неше болар шешуі?

6.Тышқанның тапсырмасы. Артық па, кем бе, әлде айтшы тең бе?
Тапсырманы орындағанда «Спорт» сөзі шығады.
IҮ. Сабақты бекіту. Допты лақтыру арқылы 6 санын қосу мен азайту туралы білімдері тиянақталады.
-Енді балалар мысық келген жолымен кері қайтып келе жатса, алдынан доп лақтырып ойнаған бір топ балалар кездесіпті. Олар бүгінгі білген-түйгендерін ортаға салып жатыр екен. Мысық балаларға біраз қызыға қарап тұрып, тауыққа қарай бет бұрыпты. Әрі қарай жалғастырылады.
Ү. Қорытындылау.
-Бүгінгі саяхат сабақ ұнады ма?
-Саяхат сабағымызда санға нешені қосу мен азайтуды үйрендік?
ҮI. Бағалау
***Үй тапсырмасы***

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №122 Ақжар жалпы орта мектебі I санатты бастауыш сынып мұғалімі Асилбекова Рахима Саулебековна.**

**Сабақтың тақырыбы:** Сөйлем мүшелері
**Сабақтың мақсаты:** а) Сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер туралы алған білімдерін пысықтау.
ә) Сөйлем ішінен тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерді сұрақ қою арқылы таба білу дағдыларын арттыру.
б) Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу.
**Сабақтың әдісі:** жаттығу, практикалық.
**Сабақтың түрі:** Сыни ойлау
**Сабақтың көрнекілігі:** белсенді тақта, топшама
**Сабақтың барысы:**
**I. Ұйымдастыру бөлімі.**
Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау.
Бүгінгі сабақтың бағалау шкаласымен таныстыру.
**II. Қызығушылықты ояту «ой қозғау».**
Өтілген материалды тексеру, қорыту.

Дыбыс үндестігі дегеніміз не ?
Буын үндестігі дегеніміз не ?
Сөз тіркесі қалай жасалады ?
Жай сөйлеммен құрмалас сөйлемді қалай ажыратамыз ?
**III. Мағынаны тану.**
**- I –ші слайд.**
-Жалаң сөйлем дегеніміз не?
(Тек тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлемді ***жалаң сөйлем*** деп атайды. )
-Жайылма сөйлем дегеніміз не?
(Тұрлаулы мүшелерден басқа, тұрлаусыз мүшелердің қатысуымен жасалған жай сөйлемнің түрі ***жайылма сөйлем*** деп аталады.)
Сөйлем мүшелерінің өзіндік белгілерін еске түсіру:
1.Сөйлем мүшесі белгілі бір сұраққа жауап береді.
2.Толық мағыналы сөз немесе күрделі сөз сөйлем мүшесі болады.
3.Сөйлем мүшесі бір сөзден де, бірнеше сөзден де жасалады.
***2.Оқулықпен жұмыс.***
1-жаттығу.
Сөйлемді көшіріп жазу.
Бастауыш пен баяндауышты тауып, астын сызу.
-Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышын алып тастап, оқып көрейікші. Не байқадыңдар?
-Тұрлаусыз мүшелердің өздері сөйлем бола алмайды. Сөйлемдегі ой әр уақытта тұрлаулы мүшелер, яғни бастауыш пен баяндауыш арқылы білінеді.
2-жаттығу.
Жұмбақты көшіріп жазу. Тұрлаусыз мүшелерді тауып, сұрақ қою.
Мейіріммен сүйеді ол бар адамды,
Өзіне жаратпайды қарағанды. (күн)
Көкшіл айна үйдегі
Көрсетеді киноны. (теледидар)
**Топпен жұмыс**
3-жаттығу
**I –топ** Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазу. Сөйлемдерден тұрлаулы мүшелерді белгілеу.
**II – топ** Сурет бойынша өлең құрастырып жазу. Сөйлемдерден тұрлаулы мүшелерді белгілеу.
5-жаттығу. Өлеңді мәнерлеп оқыту.
Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді атату.
-Ол сөздер сөйлемнің қандай мүшесі болады?
**IV. Сабақты бекіту. Ой толғаныс.**
**Семантикалық карта**

| Сөйлем | бастауыш | баяндауыш |
|---|---|---|
| | | |

**V. Бағалау.**
**8 – 9 балл «5»**
**6 - 7 балл «4»**
**4 – 5 балл «3»**

| Аты, жөні | Жаңа сабақты түсінуі 1 2 3 | Топтық жұмыс<br><br>1 2 3 | Жаңа сабақты талдау 1 2 3 | Жалпы балл |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

***VI. Үйге тапсырма.***

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №122 Ақжар жалпы орта мектебі II санатты бастауыш сынып мұғалімі Тасыбекова Зульфия Абдиманаповна**

**Сабақтың тақырыбы: «Тұрлаусыз мүшелер»**
Сабақтың мақсаттары: Тұрлаусыз мүшелерді ажырату, сөйлемде атқаратын қызметіне түсінік беру, бастауыш пен баяндауыштың байланысын меңгеру. Оқушылардың сөз, сөйлем, сөйлем мүшелері туралы білімдерін кеңейте түсу таза, сауатты жазу дағдысын жетілдіру. Пән аралық және өмірмен байланысты іске асыру, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру. Оқушылардың ой - өрісін дамыту, өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру. Оқушыларды өз ана тілін сүюге, халқымыздың ұлағатты, ғибратты сөздерінен үлгі - өнеге алуға, сол арқылы кішіпейілділік, қайырымдылық, кеңпейілдік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ету.
Сабақтың әдіс - тәсілі: Топтық жұмыс, сұрақ - жауап, ой қозғау.
Сабақтың көрнекілігі: суреттер (төрт түлік), слайд.

Сабақтың барысы:
1. Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық дайындық.
Оқушыларды тыныштатып, зейіндерін сабаққа аудару.
2. Үй тапсырмасын тексеру: 65 - жаттығу. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.
3. Өткен сабақты қайталау
1. Сөйлем дегеніміз не?
2. Сөйлемнің қандай мүшелерін білесіңдер?
3. Сөйлемнің қандай түрлері болады?
4. Сұраулы сөйлем дегеніміз не?
5. Хабарлы сөйлем дегеніміз не№
6. Лепті сөйлем дегеніміз не?
4. Қызығушылықты ояту: «Ой қозғау» Суретпен жұмыс.
Төрт түлк туралы сөйлемдер құрастыру.
5. Жаңа сабақ: «Тұрлаусыз мүшелер»
ЕРЕЖЕ: Сөйлемдегі бастауыш, баяндауыштардан басқа сөйлем мүшелерін тұрлаусыз мүшелер деп атайды. Оларға қандай? Кімге? Неге? Нені? Қашан? қайда? т. б. сұрақтар қойылады.
Мысалы: Айгүл гүлді суарды.
Қонақтар төрге отырды.
Біз ұшаққа міндік.
Арман жұмысқа кірісті.
66 - жаттығу "Ой қозғау"Ауызша орындалады.
Екі бағанадағы сөйлемдерді салыстырып оқу.
1 - топ: Жадыра келді. / Жадыра қалаға келді.
2 - топ: Қоңырау соғылды. / Қоңырау қайта - қайта соғылды.
3 - топ: Мал өседі. / Мал төлден өседі.
Су ақты. / Су арықпен ақты.
67 - жаттығу "Ой шақыру"Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қою.

Қарамен жазылған сөздер бастауышқа қатысты ма,
баяндауышқа қатысты ма?
6. Сергіту сәті «Айгөлек» әніне билеу.
7.«Өз бетімен жұмыс» 68 – жаттығу.
Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.
8.«Шығармашылық жұмыс»
1 - топ: Өтірік сөз жанға қас
2 - топ: Ашу – ақылдың дұшпаны
3 - топ: талапты ерге нұр жауар
Әр топ өздерінің мақал - мәтелдерін оқып, мазмұнын ашады.
9. Қорытынды. Семантикалық карта толтыру.
Сөздер ----------------- Тұрлаулы мүшелер --------------------- Тұрлаусыз мүшелер
қызық
таза
жүгірді
жақсы
күз
гүлді
10. Бағалау
11. Үйге тапсырма

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №122 Ақжар жалпы орта мектебі II санатты ағылшын тілі пәнінің мұғалімі**
**Қали Майра Бекәділқызы**

**The theme of the lesson: A day of my life**
**The aims of the lesson**:
**Objectives:**
**Educational**
**1.** to be able to speak about the family, clothes, time, colour, job. To check up their knowledge on this theme
**Practical aims**
**1.** to develop listening, writing and speaking abilities
2. to check up the knowledge of lexic
**Developing aims:**
**1.** to improve students' motivation and participation in classroom activities
**2.** to stimulate students' to a learning foreign language
**Type of the lesson**: untraditional lesson, travel lesson
**Visual aids**: a computer, projector
**Visual materials**: cards, wallpaper, pictures

**The procedure of the lesson.**

**Organization moment:**
**Greeting.**

| Teacher's activity | Pupils' activity |
|---|---|
| - Good afternoon, children! | - Good afternoon, good afternoon<br>Good afternoon too you<br>Good afternoon and teacher<br>How are you? |
| - I'm very well, thank you! And you? | - We are fine. |
| - Sit down, please | |
| - Who is on duty today? | - I'm on duty today. |
| - Who is absent? | - All are present. |
| -What day is it today? | - Today is…wednesday |
| -What date is it today? | - Today is the 15th of december |

2**. Warm-up**

Before to start our lesson you must choose one figures, that you like.
You are not so bad, but lazy, rude, sometimes clever
You are lader, you are very active, kind
You are beautiful, active, sometimes naughty

Well, Laura begin

**Begining of lesson**
Well, let's begin our lesson. Today, we will revise our last material and speak about week.
Today we have unusual lesson, we have a travel lesson. Before to travel we must buy a ticket. If you answer the questions you can buy a ticket, well who wants to answer?
Arailum …………….
**Practise**
**1st station is called "Family''**
In this station there are some tasks, you must do it,
Task #1 Describe the picture, this is my mother, this is my father…
Task #2 Complete the family tree
Now, children we know names of our family and we can say a rhyme, do you know a poem about family? Yes, this is my mother, this is my father This is my brother Paul
This is my sister, this is my uncle
How I love them all!!!
***Oh good job!***

* * * * *

**Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы №122 Ақжар жалпы орта мектебі ағылшын тілі пәнінің мұғалімі**
**Мубаракова Фарида Жумажановна**

**The theme: Unit 2 Step 3. The most interesting book.**
The aims:
Educational: Describing a state of affairs.
Салыстырудағдысынқалыптастыраотырып, жүйелісөйлеудідамыту.
Hearing to read adjectives of quality.
Developing: To develop creativily doing exercises.
Bringing up: To get a new information.
The view of the lesson: Question and answer lesson.
Visual lesson: Placards and things: an interactive board, pictures. booklets, toys.
The procedure of the lesson.
I. Organization moment.
Greeting, checking the absentees, checking the preparation. Introducing the students with the aims.
II. Warming up.
III. Betty Bottle bought a bit of butter.
But she bought a bit of bitter butter.
Then she bought better butter.
But where's the bit of bitter butter Betty Bottle bought?

IV. Checking up the homework: was to learn exercise 5.
To make examples
V. Introduction of the new material.
A). To discuss these questions in groups:
1st degree: Do you like shopping?
Are there any shops near your house?
2nd degree: Where do you usually go shopping?
Who often does shopping in your family?

3rd degree: Do you prefer small supermarkets? Why?
Reading the text: "Corner store and supermarkets"
Work with new words.
Grocery store ------------------employ
Corner store --------------------variety
Supermarket -------------------amount
Dying ---------------------------------miss
Neighbourhood -------------compete

The teacher reads the text.
Pupils read the text.
Brainstorming.
Find comparatives in the text.
Most, corner, stores, bigger, more modern, longer, greater, larger, lower, smaller, friendlier,, closer
Play game.
Find a missing word. The group divided in two teams.
1st team
far Less farthest beautiful
beautiful most taller tallest
ескі older oldest

2nd team
тез faster
difficult қиынырақ The most difficult
big биігірек The biggest
much more
hot hottest

Home task: to do exercise 6 p. 60.
Evaluation for the work at the lesson.
Saying good bye.

* * * * *

**ЮКО г.Шымкент осш №84 им. Циолковского**
**учитель начальных классов I категория Дубро Галина Владимировна**

Бүгінгі таңда оқытудың негізгі мақсаты: «Оқушының өз бетімен дамуын өзі басқаруына қолайлы жағдай туғызу». Нәтижесінде оқушы өзіне қажетті білімді өзі біліп,табуға және оқу,тұрмыс, кәсіптік мәселелерді шешуде іс-әрекет жасай алатындай етіп,болашақ жастарды заман талабына сай қалыптастыру болып табылады.

Дәстүрлі оқыту әдістері арқылы бұл мақсатқа толық жету мүмкіндіктері аз болғандықтан, білім беру жүйелерін технологияландыру қажеттілігі туындады.

Еліміздің даму деңгейі бастауыш сыныпта берілетін білім сапасымен айқындалатыны белгілі. Сондықтан да қазіргі таңда оқытудың жаңа технологиясы тек сипаттама түрде ғана емес, шынайы проблемалық негізде болуға тиіс. Сондықтан да жаңа ақпараттық технологияларды игерген бастауыш сынып мұғалімдерінің өткен әрбір сабағы сапалы болады.

Бастауыш мектепте оқу үрдісінде ақпараттық қатынастық технология құралдарын қолданудағы мақсатымыз:оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.Оқушыларда танымдық қызығушылықтың болуы-олардың сабақта белсенді, білімінің сапалы болуына,оқуға жағымды түрткісін қалыптастыруға,оқыту үрдісінің тиімділігін арттыруға,белсенді өміршең жолды ұстауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар,жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі-бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға,ізденуге,өз жұмысының нәтижесін көріп,өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік береді.

Өз іс тәжірибемде өткізген сабақтарымның бірін мысалға алайын.

**Сабақтың тақырыбы:** Топырақ

**Сабақтың мақсаты:**

7. Топырақтың құрамы,оның түрлері және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру.
8. Баяндау,түсінігін айта білу,ойлау қабілетін арттыру,дәлелдеу.

Оқушылардың байқағыштығын,пәнге деген қызығушылығын дамыту.

9. Табиғатты аялауға,ұқыптылыққа тәрбиелеу.Өз елін,жерін, табиғатын аялай білуге, экологиялық тәрбие беру.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақты меңгерту

**Әдісі-тәсілдер:** Сөздік, көрнекілік, топтық, жеке жұмыстар

**Көрнекілігі:** Топырақтың және оның түрлерінің суреттері, слайд-суреттер, сызбалар, құпиясөз, кестесөз, карта.

**Сабақтың барысы**

**I.Ұйымдастыру**

Психологиялық дайындық

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

I топ Пайдалы қазбалар (топтастыру)
II топ «Венн» диаграммасы. Пайдалы қазба.
III топ. (эссе). Пайдалы қазбалардың пайдасы.
2. Пайдалы қазба, байлық туралы мақал-мәтел айту.

3. Қорытынды. Жұмбақ жасыру, шешу.
**ІІІ. Негізгі бөлім**
1.Қызығушылығын ояту.
«Мен тапқыр» ойыны
Сол жақтағы дауыссыз дыбыстардың ортасына, не алдына дауысты дыбыстарды қосып оқыңдар. Сонда бір шумақ өлең шығады.

| | |
|---|---|
| Қршғнмрлм | оааөіәеі, |
| Ндгнкркм,дм | ееееөеәеі. |
| Слсллқтсқтйк, | Оұуыыааы |
| Мдқтйк,мқтйк | ааауыааы |

-Ненің арқасында жеріміз көркейіп тұр?
-Олай болса 2 кластағы топырақ туралы алған білімдерімізді еске түсірейік.
*Сызықтық диктант* аламын.Жауап дұрыс болса,түзу сызық,ал бұрыс болса,бұрышпен белгілейді.
-Стақандағы суға құрғақ топырақты салғанда, көпіршік пайда болды.Ол топырақ арасындағы ауа.
-Топырақты отқа қыздырғанда, одан ауа бөлініп шықты.
-Топырақты одан әрі қыздырғанда одан бу шықты.
-Топырақтың құрамында су, ауа, саз, құм, шірінді бар.
-Суға салып араластырған сұр топырақ тұнғанда, астына саз, үстіне құм тұнады.
Соңында жауаптарын өздері тексерін, бағалайды.
*Жауабы:* _vv_v
2. Мағынаны тану.
а) Мәтінмен толық танысу.
ә) Мәтінді талдау.
Оқып білгендерін слайдтағы сызба бойынша әңгімелейді. І топ.
**ІY. Қорытынды**
Дәптерге жазу
*«Кестесөз»* шешу. Танысқан жаңа сөздерді тауып жазады.
қ а р а л а қ о ң ы р ы с о р с у м и к р о б

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Шешуі: **қара**ла**қоңыр**ы**сор**су**микроб**
«Бәйге» ойыны арқылы жаңа сабақты қорыту. Әр қатар бір-біріне сұрақ беріп, жауабын айтады.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 | | 10 | | 10 |
| | | | | |
| 20 | | 20 | | 20 |
| | | | | |
| 30 | | 30 | | 30 |

**Y. Бекіту.**
Экологиялық тұжырым.Картадан көрсету.Қазақстан картасын пайдаланып,Қазақстанның кең байтақ жерінде асқар тау да,ұшы қиыры жоқ жазық дала да,тұзы шығып жатқан сортаң да бар. Осының бәрі біздің табиғатымыздың сан алуандығы.Ендеше,Отанымызды,атамекен жерімізді аялай білейік,қадір тұтайық!
**YІ. Үйге тапсырма беру.**
**YІІ. Бағалау**

* * * * *

**ЮКО г.Шымкент осш №84 им. Циолковского учитель физической культуры**
**І категория Галиева Рамиля Насатовна**

## Дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, білім сапасын арттыру

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруі жөнінде мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыруда халықтың денсаулығы ең маңызды мәселе болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзақтығының төмендеуі және адам экологиясының қолайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейтесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен
«Қазақстан – 2030» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Өмір салты мен денсаулық арасындағы өзара байланыс салауатты өмір салты ұғымын құрастырады. Салауатты өмір салтын насихаттауда, салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру мәселелерін жетілдіретін, осы саладағы басымдылықтарды анықтайтын ғылым да, өскелең ұрпақты оқыту, тәрбиелеу формалары мен жаңа әдістерді ұстанатын білім де қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру туралы алған білімдері болашақ азаматтардың денсаулығын сақтап қалуға берік тірек болады.
Мектеп оқушыларының салауатты өмір сүру мәдениетін қалыптастыру дегеніміз:
І. Жеке тұлғаның өзін қоршаған жансыз және жанды табиғи ортамен жан – жақты үйлесім тауып, өз ғұмырын Отаны, елі, отбасы және өзі үшін барынша пайдалы өткізу дағдысын қалыптастыру;
ІІ. Салауатты өмір салты – ол денсаулықтың үйлесімді дамып, сақталуы мен орнығуын қамтамасыз ету мақсатында денсаулықты нығайтуға бағытталған іс – шараларды жүргізу.
Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қандай жағдайларға назар аудару керек? Өмір салты дегеніміз не?
Бұл жеке адамның тіршілік етуге бағытталған мүмкіндіктерін қалыптастыру. Біздіңше, адамның әлеуметтік – психологиялық және биологиялық жақтан салауатты өмір салтын қалыптастыруға мына жағдайлар негіз бола алады:
- белсенді қозғалыс нәтижесінде организмді шынықтыру дене тәрбиесі немесе спортпен шұғылдану;

- физикалық еңбектің гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- жеке және әлеуметтік гигиеналық талаптарын жүзеге асыру;
- қарым – қатынас және экологиялық мәдениетке жету;
- дұрыс жыныстық тәрбие алу;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

Сондықтан балаларды жасынан салауатты өмір салтына қалыптастыруға күш салып, зиянды әдеттерден сақтандыруымыз керек. Денсаулық тәрбиесі – ортақ мәселе. Халық санының өсуі, оның сапасы, деннің саулығы мемлекет әл – ауқатының дамуына мұрындық болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде соның 4 негізгі күшін атап көрсетті. Оның бірі – жер үстіндегі байлық деп отырғанымыз – адам, оның білімі мен іскерлігі, таланты мен мәдениеті, денсаулығы деген еді.

Дене тәрбиесі сабағында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі жоғары. Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Қолда бар мүмкіндікті пайдаланып оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану, жаңа технологияны әркімнің өз сабағында пайдалану арқылы оқушы жастарды халықтың дәстүр үрдісінде адамгершілікке, салауатты өмір сүруге баулу дені сау ұрпақ тәрбиелеу дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің басты міндеті. Олай болса, оқыту мен тәрбиелеудің ой елегінен өтетін әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың тапқан әдістемелерін біліп қана қою жеткіліксіз, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет.

Дене шынықтыру пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы керек. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, спортқа деген қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылықтарын арттыру, сабақта тақырыпқа байланысты спорт түрлерінің шығу тарихын, спорт түрлері дамыған елдерді спорттың әр саласындағы белгілі спортшылар өмірін алуға болады.

Сол себептен мұғалім сабақты тартымды етіп теория мен практиканы ұштастыруында жаңа инновациялық технологиялардың тиімділігі баса назарда болуы қажет. Бұл мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сабақты жақсы оқитын, спортқа бейім оқушылармен белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жақсы ойлар туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуін ойластыру тиіс. Барлық оқушылар өз қабілетін ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі жаттығуларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасындағы бәсекелестікті және әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне толық жағдай жасалады.

Жаңаша әдістерді сабақтарда үнемі қолданысқа енгізуде теория мен практиканың ұштасуына мән бергенде ғана жұмыстың мазмұндылығы көріне алады. Осы бағыттарда сын тұрғысынан ойлау және деңгейлеп оқыту технологияларының тиімді әдістерін дене шынықтыру пәнінде қолдануды ұсынамын. Алдымен «Дене шынықтыру пәні не береді?» –деген сұраққа:» Қимыл қозғалысты береді. Машықтандыру. Дене мәдениетін қалыптастыру. Денені шынықтыру, тәрбиелеу. Жалпы дамыту жаттығуларын меңгертеді. Мемлекеттік стандарттық бағдарламаны жоспарлай білуді, нормативтік тест жаттығуларды игертуді береді.

Дене тәрбиесі сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалануға да болады. Осы технологияның шығармашылық бөлігін басшылыққа ала отырып, ой толғау жасауға болады (мысалы, дене шынықтыру сабағын ойын түрінде ұйымдастыру), сол арқылы, оқушылардың бейімділігін арттыруға болады.

Күтілетін нәтиже - дене тәрбиесі пәніне деген қызығушылықтарының артуы. Оқушы шығармашылығы, өзін-өзі басқаруы, құрметі, эстетикалық талғамы да артып келеді. Мысалы, дене шынықтыру сабағында 5-6 сыныптарына сергіту сәтін алатын болсақ, өз тәжірибемде 5-сыныптарға өткізген «Эстафеталық жарыстар» атты сабағымда, алдымен оқушыларға ой толғау жасау мақсатында, қазақтың ұлттық ойын түрлеріне тоқталдым, ұлттық ойындар туралы өз түсініктерін сұрай отырып, сабақ барысы кезінде орындатуды жоспарладым. Міне, осы арқылы оқушылар сабақтың жарыс түрінде топтық ойын әдісінде болатына көз жеткізеді. Ойлау қабілетін дамыту тұрғысында 6 сыныптар арасында «Көңілді мәре» сайысы оқушылардың ой-қабілетін, жылдамдық ерекшелігін, тез шешім қабылдауына және топтық әрекет жасауына пәндерді байланыстыра отыра кіріктірілген сабақ көрермендердің көңілінен шықты, сабақта биология, химия, математика, сурет, алғашқы әскери дайындық пен дене шынықтыру пәндерінен құралған ойындар пайдаланылды. Сабақты қызықты өткізу үшін мультимедиалық проектор арқылы қазақтың ұлттық ойындарының тарихын таныстырып өтіп, жасырылған сұрақтарды табуға машықтандыру, әр топқа белгіленген ұпай сандарына қарай бағалап отырдым. Кейін сабақ барысын: «Кім шапшаң?» бөлімі деп алып, бұл бөлімінде оқушылар белгіленген жерге дейін эстафеталық таяқшамен жүгіріп барып, белгілі жеріне жеткен кезде, тақтаға жазылып берілген есептерді шапшаң орындап шығып кейін қайтып келу талабы қойылды. Оқушылардың бұл бөлімде сабаққа деген қызығушылығының артуымен бірге машықтанады, логикалық ойлау қабілеттері артады, қимыл-қозғалыс әрекеті дамиды. Таңертеңгілік бой жазу және сергіту жаттығулары мен бірге мектебімізде ұлттық өнеріміз «Қара жорға» биін жаңғырту үстіндеміз, биді сергіту, таңертеңгі бой жазу жаттығуларының орнына да пайдалануға болатынына көз жеткіздік. Сондай-ақ «Спорт әлеміне саяхат» тақырыбында мультимедиалық проектор арқылы 5«А» сынып оқушылармен зияткерлік ойын сабағын өткізіп оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырдық. Бұл сабақта Қазақстан спортының алғашқы шыққан, атақты да данықты чемпиондарынан бастап қазіргі таңдағы олимпиада чемпиондары туралы викторина сайысы оқушылардың көңілінен шығып, оқушыларымыз өз елінің патриоты екендерін сабақ барысында дәлелдеп, мүдірместен жауап беруге тырысты. Сондай-ақ қатарынан үшінші жыл мемлекеттік тілдегі мектептердің 5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық ойын және спорттық ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып жеңіпаздарды анықтап оқушылардың кішкене кезінен бастап спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында тынымды еңбектер атқару үстіндеміз. Қала көлемінде Наурыз айында ұлттық мерекемізді насихаттау барысында «Төрт түлікке ен салу», «Арқан тарту», «Қол күрес», «Асық ату» ойын түрлерінен жарыстар ұйымдастырып, ұлттық ойын өнерімізді өзге ұлт өкілдеріне насихаттау басты міндетіміз. Екінші жыл аталып өтіп жатқан облыстық ұлттық ойындар фестиваліне қатысып асық ойынының «Шыр» түрінен топтық есепте жүлделі II орынға ие болып қаламыздың қоржынына ұпай әкелдім.

Бұл ұлттық ойындар фестивалінің ұйымдастырылуы, тұсауы кесілуі ұлтымыз үшін үлкен жетістік деп білемін.

Ұлттық теле арнада салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өтіп жатқан жаңашыл әдістегі бағдарламалардың желісінде «Намыс дода», «Толағай» «Асық ату» атты спорттық, ұлттық ойындар сайысын сынып аралық топтық сайыс түрінде өткіздім. Әр тоқсан сайын қала қазақ мектептері арасында ұлттық және спорттық ойындардан жарыстар өткізіліп ,

әсіресе «Асық ату» ойыны оқушылардың арасында қызығушылығын арттырды. Себебі дене тәрбиесімен айналысатын адам өзін әрқашан сергек сезінеді. Ал сергек адамның өмірге көзқарасы ерекше.Спорт қайратты қажет етіп, өмірге құштарлықты арттырады.
Жоғарыда аталған ұлттық спорттық ойындардың өтілу нәтижесінде оқушының:
- Салт - дәстүрді құрметтеуі;
- Ұйымшылдығы,ізденімпаздығы;
- Намысқойлығы;
- Жүйке жүйесінің шынығуы;
- Ойлау қабілетінің дамуы;
- Білім алуға құштарлығы;
Ал деңгейлеп саралап оқыту технологиясын қолдануда қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады? Сабақ барысында: Алдымен оқушының «Не?» деген сұрағына: Сабақта шынайылық, оқыту бар екенін көрсету.Оқушының «Қашан?» деген сұрағына: Сабақтан кейін болатын жағдайды толық анықтатуға көз жеткізу қажет.Оқушының «Қайда?» деген сұрағына: Оқушының және ұстаз арасындағы серіктесін анықтап, нәтижеге қол жеткізу қажет.
Өзімнің 6-сыныптарға өткізген «Акробатикалық жаттығулар» атты сабағымда алдымен оқушыларға өткен тақырыптарға байланысты сұрақтар бере отырып, бүгінгі жаңа сабақтың қандай тақырыпта өткелі тұрғанын ашып алдым. Сабақ барысында оқушыларға жеңілдетілген логикалық сұрақтар беріп, кейін күрделі сұрақтарды тапсырма ретінде бердім. Сұрақтарға байланысты жауабын тапқан оқушы, сол жерде практикалық түрде орындап көрсетеді. Сабақ кезінде оқушының ішкі позициялық көз қарасы мен бағыты айқын көрініс бере алады. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып, білім сапасы артады.
Осы бағыттарда әрбір мұғалімнің оқытуға, үйретуге өз тұғырнамасы болуы қажет. Олар мыналар:
- Әр оқушының білім деңгейін, қабілетін, мүмкіншілігін түсіну;
- Оқушының бойындағы жетістіктері мен кемшіліктерін қабылдау;
- Оқушыларға қиындықтарды жеңуге, кемшіліктерден арылуға көмектесу;
Осылай ойын элементтерін, әдістерін деңгейлеп орындату арқылы оқушылардың тапсырмаларды орындауда жинаған ұпайларын «даму мониторингі» кестесіне белгілей отырып, оқушы біліміне талдау жасап отыру қажет. Өтілетін тақырыптарға байланысты қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ барысының сапасын арттыруға ықпалы көп. Атап айтсам: «Кім шапшаң?», «Көңілді ойындар!», «Мен чемпион!», «Санамақ» сонымен қатар қозғалмалы ойындар және ұлттық ойындарды сабақта түрлендіріп өткізуге машықтандыру.
Сонымен, дене шынықтыру пәнінде жаңа инновациялық технологияларды қолданудың орны орасан болары хақ. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын көтеруге сыныптан тыс спорттық шаралардың да маңызы зор. Соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары мен қозғалмалы ойындарын, әр түрлі жарыстарын, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, асық ату, аударыспақ сынды ойын түрлерін өткізіп отыру керек. Осындай жұмыстарды жүргізу нәтижесінде оқушылардың белсенділігі артып, спортқа деген бейімділігі қалыптасады. Оқушылардың танымдық қабілеттерін артырып, салауатты өмір сүру, адам денсаулығы осы спортқа байланысты екендігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылардың білім сапасы артып, оқу тоқсандарында жоғары сапаға қол жеткізуге болады.
Қорыта айтқанда, мен алдымен жеке тұлғаның әлеуметтік құзыреттілігін дамытуды керек еттім. Сол арқылы ұжымдық зерттеуге қол жеткіздім, яғни оқушының өзін-өзі басқарудағы әлеуеті артты. Жаңа идеяларды еңгізу барысындағы орындалатын міндеттер:
1. Оқушымен қарым-қатынасты қалыптастыру.
2. Оқушының логикалық ойлау қабілетін дамыту.
3. Әр оқушының әрекетін, ұлттық болмысын пайдалануға жұмыстану.
4. Оқушының ұлттық моралының орындалуын қамтамасыз ету.
5. Оқушының санасын, сенімін, көзқарасын,білімін арттыру.
6. Оқушының парасатын, ойлауын қалыптастыра отырып машықтандыру.
Ең бастысы, оқу үрдісінде міндетті пәндерде оқушылардың теориялық білімін әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруға мән беру керек.
Жұмысымның нәтижесі:
1) Әр оқушының білімі, қабілеті қалыптасады.
2) Оқушының бойындағы жетістіктері көрінеді.
3) Оқушылар қиындықтарды жеңеді, әлеуеті артады.
4) Жан-жақты дамуға қол жеткізеді.

* * * * *

**ОҚО Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы**
**жалпы орта мектеп ағылшын пәні мұғалімі Сайдиганиев Дилмурад Абдиганиевич**

**The theme of the lesson: «Good Health is Above Wealth».**
The aims of the lesson: 1) To improve skills of use in speech of lexicon on a
Theme of « Health», to promote formation of knowledge about various trades, to develop speech skills;
2) To develop logic thinking, memory, speech, attention, imagination, culture of thinking and behavior;
3) To create favorable conditions for comprehension both realization of the personal and social importance of process of mastering by foreign language, for education of the multilingual polycultural person.
Kind: the integrated lesson
The forms of organization of job at a lesson: frontal, individual, group.
Organization moment.
T.: Good morning, my dear friends! I'm glad to see you! Sit down, please.
How are you today?
What is the day today?
What's do you think about today's weather?
Do you like it?

Phonetic drill.
T.: Look at the blackboard. You can see these some English proverbs. They are connected with the theme of our lesson. Pronounce these sounds and proverbs after me.
[ p ] [k ] [ d] [ ei] An apple a day keeps a doctor away.
[θ] [w] [e] Good health is above wealth.
[ ɜ:] [ r ] [h ] [ θ] Early to bed,
Early to rise -
Makes a man healthy, wealthy and wise.
T.: Read and translate these proverbs. At the end of the lesson, you'll choose the one that could be the title of our lesson.
T.: Boys and girls, today we have a guest, a reporter from a famous TV programme "Health". She would like you to answer some of her questions about health and health habits.
- How often do you brush your teeth?
- Do you go to the swimming pool? How often?
- How often do you wash you hands?
- How often do you visit a dentist?
- Do you like to visit doctors?
R.: Thank you very much. Don't forget to watch our programme.
T.: I see that you don't like doctors at all. But sometimes it is necessary to visit them. Today we'll go to the British hospital. First we should revise our vocabulary on the topic. Look at the human body. Come to the board, name and write the parts of the body.
T.: I see that you are tired. Let's have a rest and remember a wonderful English song "Head and Shoulders"
Head and shoulders,
Knees and toes, knees and toes, knees and toes!
Head and shoulders,
Knees and toes,, knees and toes, knees and toes!
Eyes and ears, and mouth and nose!
Head and shoulders,
Knees and toes, knees and toes,
Knees and toes!
Arms and legs, feet and hands,
Feet and hands!
Arms and legs, feet and hands,
Feet and hands!
Eyes and ears, and mouth and nose!
Arms and legs, feet and hands,
Feet and hands.
T.: Thank you. Clap you hands.

T.: When do people go to the doctor? Right. When they have some problems with their health. Now, have a look at some children. Say what problems they have and give them some pieces of advice.
T.: What problems does Ruth have?
P1: She has a headache. I think she should visit a doctor. She shouldn't take any tablets without his advice. She should stay in bed.
T.: Do you remember a song about children who had many problems with their health? Let's sing this song!
Ruth has a toothache,
Teddy has a cold.
Fred has a headache.
Eddie's getting old.
Sam has a stomachache.
Frankie has the flu.
Jack has a backache.
Tony has one, too.
Ruth has a toothache,
Teddy has a cold.
Fred has a headache.
Eddie's getting old.

T.: Great! How beautifully you sing! Clap you hands!
T.: We are in the hospital at last. But, look, there are a lot of different doctors. What doctors should we choose? Match the photos and the doctors?
T.: Well done! Will you answer my questions about doctors?
- What doctors will you visit?
▪ if you have a broken leg?
▪ if you have a toothache?
▪ if your pet doesn't feel well?
- What doctors usually help children?
T.: Very good! And now it's time to speak about health. Take the card and make up a dialogue according to the situation.

Pupil card 1
Your friend has a cold. Give advice.
You begin a conversation.

Pupil card 2
You have a cold. Describe your condition. Listen to you friend.

Pupil card 1
You are a dentist.
Your patient has a terrible toothache.
Examine him/her. Give advice. You begin a conversation.
- Express hope Pupil card 2
You have a terrible toothache.
Describe your condition. Listen to you doctor.
T.: Thank you very much. Now I think you can tell me which proverb you have chosen as a title of our lesson.
Thank you.
Our lesson is over. I wish you good health and happiness. And don’ forget that “Good Health is Above Wealth”! Good bye!

* * * * *

**ОҚО Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №77 Хамза атындағы жалпы орта мектеп дене шынықтыру пәні мұғалімі Юлдашев Ёркинжан Ирисдавлатович**

Сабақтың тақырыбы:Төменгі сөреден шығу тәсілдері. 100 м-ге жүгіру
Оқушыларды сапқа тұрғызу, кезекші мәліметі, сәлемдесу.
Сабақтың мақсатын, міндетін түсіндіру.
Назар аударатын зейін жаттығулары.
1. Оң - ға 1 - 2
2. Сол - ға 1 - 2
3. Ай - нал 1 - 2
4. Секіріп айнал
Жүру үстінде орындалатын жаттығулар.
Жүгіріп жасалатын жаттығулар.
Жалпы дене - қимыл жаттығуларды орында тұрып немесе қозғалыста жүріп орындау.

Спорттық киімге назар аудару.
Бұйрықты бірдей орындау.
Дұрыс бұрылуын қадағалау.
Жаттығулардың дұрыс орындалуына назар аудару.

Негізгі бөлім----------20 - 28 минут
Тақырып: 100м жүгіру тәсілдерін түсіндіру. Орындалуын көрсету.
100 метрге жүгіру төрт кезеңнен тұрады.
1. Төменгі сөреде тұру.
2. Төменгі сөреден шығу.
3. Ара қашықтық бойы жүгіру.
4. Мәреден өту.

Жүгірер алдында жерге бір тізерлеп екі қолын сөре сызығына тіреп отырады. Осы жағдайды төменгі сөрелік қалып деп атайды.
Дайындал деген бұйрық берілгенде жүгіруші артқы тізесі мен денесін сәл көтеріп, ауыз арқылы тез әрі терең тыныс алады.
Осы қалыпта ол жүгірудің соңғы бұйрығын күтіп тұрады.
Сөреден шыққанда денеміз бірте-бірте тіктеледі
Қашықтықтың бастапқы кезінде 15 - 25м жерде аяқты жерге қатты тірей басып жүгіру арқылы орындалады.
Серпілу қуатын арттыру үшін санды шапшаң әрі ілгері көтеру маңызды рөл атқарады.
Өзге қашықтықтарға қарағанда адым кеңірек болады.

Жүгірудің соңында шапшаңдықты төмендетпестен мәреден өту керек.
Қашықтықтың ең соңғы адымдарында қатты ұмтылып жеткен дұрыс.
Жүгіруді тек мәреден өткеннен кейін ғана баяулату керек.
Төменгі сөрелік қалыпта тұруды орындау.
Төменгі сөреден шығу тәсілін орындау.
Екі топқа бөліп екі оқушыдан төменгі сөреден 100 метрге жүгіруді орындау.

Эстафеталық ойындар ж. л. элементтерімен
Оқушылардың мұқият тыңдауына назар аудару.
Күшті деп есептеген аяғын артқа қоюын қадағалау.
Жамбас бастан сәл көтеріліп тұрады.
Салмақ екі қолға түсіп тұрады.
Сөреден дұрыс шығуына назар аудару.
Аяқ тік алға,
Бір бағытта басылуын қадағалау.
Әр оқушы өз жолымен жүгіруін қадағалау.
Аяқтарын алшақ басуын қадағалау.

Оқушылар мәреге жақындағанда секірмеуін қадағалау.

Шапшаңдықты төмендетпеуін қадағалау.
Жүгірудің жеңіл дұрыс орындалуы аяқты жерге жұмсақ тіреу, жүгірген кезде денені шалқайтпай ұстау тез жүгіру мен төзімділіктің кепілі.
Төменгі сөреде дұрыс орналасуын қадағалау.
Төменгі сөреден дұрыс шығуына назар аудару.
Қауіпсіздікті сақтау.
Ережеге сәйкес екі топқа бөліп, эстафеталық ойындар өткізу.
Қорытынды бөлімі-------3 - 5 минут
Жалпы сапқа тұрғызу, ескертулер, бағалау, қорытындылау.
Үйге тапсырма
Тынысты қалыпқа келтіру.
Қатысуына қарай бағалау, мадақтау.
Үйге тапсырма

* * * * *

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

**ОҚО ,Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы №42 Фурқат атындағы жалпы орта мектеп қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Шатемирова Назира Даврановна**

